


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ атындағы ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ  
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚазҰУ ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**

**Белгілі шығыстанушы ғалым Вениамин Петрович Юдинді еске  
алуға арналған республикалық ғылыми конференциясы – Жас  
ғалымдардың XIII ғылыми оқулары**

**«ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ: ТАРИХЫ МЕН  
БҮГІНІ»**

**ЮДИН ОҚУЛАРЫ- 2012 ж. 30 наурыз**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  **МАТЕРИАЛЫ**

**Республиканской научной конференции – XIII Научные чтения  
молодых ученых, посвященные памяти известного востоковеда  
Вениамина Петровича Юдина**

**«КАЗАХСТАН И СТРАНЫ ВОСТОКА: ИСТОРИЯ И  
СОВРЕМЕННОСТЬ»**

**ЮДИНСКИЕ ЧТЕНИЯ - 30 марта 2012 г.**

**Алматы**

УДК 94 (574)  
ББК 63.3 (5 Каз)  
К14

**К14** «Казахстан и страны Востока: история и современность». Материалы Республиканской научной конференции – XIII Научные чтения молодых ученых, посвященные памяти известного востоковеда Вениамина Петровича Юдина (Казахстан: г. Алматы, 30 марта 2012 г.). Отв. ред.: Д.Т. Коптилеуова. – Алматы: -----, 2012. -4 с.

## **ISBN**

В сборник вошли научные статьи молодых ученых Казахстана, подготовленные на основе докладов, заслушанных на республиканской научной конференции «Казахстан и страны Востока: история и современность» (Казахстан, Алматы, 30 марта 2012 года). Конференция организована Институтом востоковедения им. Р.Б. Сулейменова Комитета науки МОН РК и факультетом востоковедения КазНУ им. аль-Фараби и посвящена памяти известного востоковеда Вениамина Петровича Юдина. В статьях освещены актуальные проблемы востоковедения, истории, этнографии, культурологии, восточного языкознания, литературоведения, философии, экономике и политологии. Книга рассчитана на научных работников, преподавателей ВУЗов, студентов, магистрантов, докторантов, а также всех, кто интересуется вопросами востоковедения.

### **Редакционная коллегия:**

д.и.н. Абусейтова М.Х., д.филол.н Джубатова Б.Н., д.филол.н. Надирова Г.Е., д.э.н. Дуйсен Г.М., к.и.н. Каримова З.К., к.и.н. Актаулова Б.Ж.

### **Ответственный редактор:**

к.филол.н. Коптилеуова Д.Т.

## **ISBN**

## Құттықтау сөз

### Құрметті әріптестер, қонақтар!

Белгілі шығыстанушы ғалым Вениамин Петрович Юдинді еске алуға арналған **«Қазақстан және Шығыс елдері: тарихы мен бүгіні»** атты республикалық ғылыми конференциясы – Жас ғалымдардың XIII ғылыми оқуларына жетекші және жас ғалымдардың келіп, қатысып отырғанына алғысымды білдіремін.

В.П. Юдин Волгоград қаласында 1928 жылғы 1 ақпанында туған. 1945 жылы Н.Н. Нариманов атындағы Мәскеу шығыстану институтының Шыңжаң бөлімінің студенті атанып, содан кейін аспирантурасын ұйғыр филологиясы бойынша тәмамдап, ұйғыр тілінен сабақ берді. 1955 жылдың күзінен бастап Алматы қаласында тұрып, Қазақ КСР Ғылым академиясында ғылыми-зерттеу жұмысымен, Абай атындағы КазПИ-де, КазМУ-да оқытушылық қызметпен айналысты. Оның көптеген қызығушылық танытқан ғылыми мәселелері ішінде негізгілері – шығыс қолжазбаларын зерделеу болатын. Парсы мен түркі тілдерінде деректемелерді анықтау негізінде орта ғасырдағы қазақ пен ұйғыр халықтарының саяси, этникалық және діни тарихын, олардың мәдени мұрасын қалпына келтіріп, әзірлеу Ю.П. Юдин өмірінің мақсаты мен мүддесінің жарқын көрінісі еді. Ол ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ халқының тарихы бойынша парсы мен түркі нарративті деректемелердің жинақталған жіктемесін ұсынды, ғылыми айналымға біртұтас діни-дүние танымдық жүйе ретінде чингизизм ұғымын енгізді, даланың ауыз тарихын зерттеу туралы ұстанымды негіздеді, Моғолия шығыс түркістандық мемлекетін, Жошының бесінші ұлы Шайбан мен оның ұрпақтарының Сұр Ордасын және т.б. «ашты».

В.П. Юдиннің еңбектері қазақ, орыс, ұйғыр және ағылшын тілдерінде басылып шыққан. Олардың жалпы көлемі 90-н асады. Оның Қазақстан шығыстанушыларының «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ хандықтары тарихы бойынша материалдар» (1969) атты күрделі еңбегін, ХҮІ, ХІХ ғғ. ұйғыр көркем өлеңдерін айқындау мен басып шығаруға (ұйғыр тілінде 1963, 1969) үлесі қомақты. Ол Өтеміш-қажының «Шыңғыс-наме» (1992) атты ХҮІ ғасырдағы түркітілді шығарманы аударып өзінің түсіндірмесін жасады. 2002 жылы «Шығыстанушы көзімен ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы Орталық Азия» деген таңдамалы еңбектер жинағы Иранда парсы тілінде басылды. Мұның барлығы В.П. Юдиннің Қазақстанның шығыстану ғылымына сіңірген сүбелі еңбегін айғақтап отыр.

Қазақстанның шығыстану ғылымындағы көптеген өзекті мәселелер жас ғалымдардың дәстүрлі «Юдин оқулары» шеңберінде талқыланып, қарас-

тырылады. Биылғы 2012 жыл Қазақстан Республикасы үшін Шығыс әлемімен арадағы орнатылған дипломатиялық қатынастардың 20 жылдығымен айшықталып отыр. Осы орайда аталмыш жылдары орын алған тарихи, саяси, экономикалық және мәдени үрдістерді сараптау, жан-жақты қарастыру және оған баға беру өте маңызды болып табылады.

XIII Юдин оқулары тұңғыш рет әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесіп өткізілуде. Бұл Шығыстану институты мен университет арасындағы жасалған ынтымақтастық туралы келісімінің жүзеге асуының айқын дәлелі. Конференция негізгі бес секция бойынша жұмыс жасайды: Қазақстанның шығыс әлеміндегі елдермен арадағы саяси-экономикалық және этникалық байланыстары; Тәуелсіз Қазақстанның Шығыс елдерімен өзара қарым-қатынасы: дипломатия, саясат, экономика; Қазақстанның шығыс елдерімен арадағы мәдени-өркениеттік өзара қарым-қатынасы: өткені мен бүгіні; Еуразиядағы шығыстану мектептерінің өзара қарым-қатынастары мәселелері, жаңа қазақстандық исламтану.

Конференция шеңберінде шығыстанушы-ғалым Дина Нұркенқызы Вильковскийді (Нұртазинованы) еске алуға арналған дөңгелек үстел өткізу жоспарланған.

Дәстүрлі түрде өтетін Юдин оқуларында жасалынатын баяндамалар мен жарыс сөздер жалпы Шығыс елдері мен Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге қомақты үлесін қосатынына кәміл сенемін.

Барлық конференция қатысушыларына сәттілік, жаңа ғылыми жетістіктер мен табыс тілеймін!

**М.Қ. Әбусейітова,**  
ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы  
Шығыстану институтының директоры,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ӘЛЕМІНДЕГІ ЕЛДЕРМЕН САЯСИ-  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ  
ТАРИХЫ

\*\*\*

ИСТОРИЯ ПОЛИТИКО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ И ЭТНИЧЕСКИХ  
КОНТАКТОВ КАЗАХСТАНА С ГОСУДАРСТВАМИ ВОСТОЧНОГО  
МИРА

\*\*\*

**Ғ.Ә. Қамбарбекова**

**СЕФЕВИДТЕР БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ  
ХАТ АЛМАСУЛАР**

Үстіміздегі жылы Қазақстан республикасының шығыс елдерімен дипломатиялық қарам-қатынас орнатқанына 20 жыл толады. Еліміздің жиырма жылдық дипломатиялық қарым-қатынасы бізге не берді, ғылымға қандай өзгеріс әкелді деген сұрақтарға осы мақаламызда жауап беруге тырысамыз. Мақаламыздың басты мақсаты белгілі бір кезеңдегі шығыс дипломатиясын қарастыра отырып, сол кезеңдегі шығыс дипломатиясының бір бөлігі болып табылатын қазақ хандарының дипломатиясын қарастыру. Қазақ дипломатиясы ресми түрде жиырма жылдық тарихты қамтығанымен, қазақ хандарының шығыс және батыс елдерімен орнатқан дипломатиялық қарым-қатынасы бірнеше ғасырлық тарихты қамтитыны тарих беттерінен белгілі. Тәуелсіздігімізді алған күннен бастап тарихымыздың ақтандақ тұстарын зерттей бастаған зерттеушілердің қызығушылығын арттырған тақырыптардың бірі - қазақ дипломатиясының тарихы. Дипломатия тарихына аса қатты мән беретін себебіміз, мемлекет болған жерде дипломатия болады деген тұжырымнан туындайды. Яғни әрбір жеке-дара мемлекет өзінің көршілес немесе алыс-жақын елдермен қарым-қатынас жасау барысында өзінің тәуелсіз, белгілі бір ұстанымы бар, шекарасы бар, тілі мен терең тамыры бар екендігін аңғартады. Қазақ дипломатиясының тарихы кешегі күннен басталмайды, тым тереңнен бастау алады.

Қазақ дипломатиясы тарихы мен мәдениеті бай шығыс елдерінің дипломатиясымен тығыз байланыста болған. Сондықтан қазақ дипломатиясын шығыс дипломатиясының бір бөлігі ретінде қарастыра аламыз. Шығыс елдеріндегі дипломатия тарихы көне замандардан бастау алады және шығыс мәдениеті өзге елдерді қалай таңқалдырып келсе, тура солай таң

қалдыратыны белгілі. Шығысқа қатысты дүниелердің барлығы қызықты, таң қаларлық және сыр мен құпияға тола болып келеді. Олай болса, сыры мен құпиясы мол шығыс дипломатиясының тарихын қарастыра отырып, төл тарихымызға қатысты мәліметтерді дереккөздеге сүйене отырып баяндайтын боламыз. Тақырыбыз нақты бір кезеңді қамтиды, яғни Иранда Сефевидтер әулеті билікте болған кезеңдегі (1501-1736 ж.) дипломатиялық хат алмасулар тақырыбына арналады.

Қазақ дипломатиясы тақырыбына алғаш рет шығыстанушы ғалым М.Қ. Әбусейітова қалам тартқан болатын [1]. Алғашқыда «қазақ дипломатиясының тарихы қазақ хандығы құрылған кезден басталады» деп батыл пікір білдірген ғалымның сөзіне үрке қараған адамдар болған. Бірақ бұл күнде орта ғасырлардан бастау алатын қазақ дипломатиясының тарихы тіпті одан арғы ғасырлардан басталатынын дәлелдейтін құжаттар табылып отыр. Тарихи құжаттар тәуелсіздігімізді алғаннан бері шетел қорларынын табылып, елімізге оралуда. Шетел қорларында сақталған қолжазбалар мен құжаттарды зерттеуге соңғы жиырма жылда қол жеткізгенімізді ерекше атап көрсетеміз. Яғни айтқанда, қазақ дипломатиясының тарихын зерттеу үшін шетел қорларына архиографиялық экспедицияларды ұйымдастыруға дәнекер әрі себепкер болып отырған Қазақстан республикасының шығыс және батыс елдерімен орнатқан дипломатиялық қарым-қатынасының нәтижесі деп қарастыруға болады. Демек өткен ғасырлардағы дипломатияның тарихы жиырма жылдық дипломатияның жетістіктерімен тығыз байланысты. Сефевидтер әулеті тұсындағы дипломатиялық хат алмасулар - ауқымды тақырып. Сондықтан біз зерттеу жұмысымызды төмендегідей бірнеше бөлімге бөліп қарастыратын боламыз:

1. Иранда Сефевидтер әулеті билік құрған кездегі шығыс дипломатиясы және оның ерекшеліктері;
2. Сефевидтер әулеті тұсындағы Иран шахтарының сарайына шығыс және батыс елдерінен келген елшілер (қазақ хандығының елшісі);
3. Орта ғасырлардағы елшілік қызмет: қызығы мен қиыншылығы;

Иранда Сефевидтер әулеті билікке келген кез (1501-1736 ж.) Таяу және Орта шығыс елдері мен Орта Азия елдеріндегі үлкен өзгерістерге тура келеді. Бұл дәуірдің маңыздылығын әлемде жаңадан мемлекеттер, хандықтар тіпті жаңа құрлықтар пайда болған кез деп қарастыруға болады. Сефевидтер әулеті билікке 1501 жылы келсе, Қазақ хандығы осыдан біраз бұрын 1456 жылы іргесін қалаған болатын. Сонымен қатар, осы аралықтағы уақытты тарихи маңызды оқиғаларға тола дәуір ретінде қарастырамыз. Біз қарастырып отырған кездегі шығыс дипломатиясының ролі қандай болғандығын аталмыш дәуірде орын алған тарихи оқиғаларға қарап саралауға болады. Бұл кезде Иран солтүстік шығысында Шайбанилер әулетімен, Үндістанда билік құрған моғол патшаларымен, батысында Осман

императорлығымен шектесетін. Сефевидтер әулетінің негізін қалаушы I шах Исмаил өз елін ресми түрде шиғалар елі деп жариялаған кезден бастап (1501 ж.), көршілес сүнни бағытын ұстанатын елдермен қарым-қатынасы нашарлай түседі. Мұсылмандардың көз-қарасы екіге жарылғандықтан, шиғалықты ұстанатын Иран патшаларына Хорасанда Шайбани билеушілері, батысында Осман императорлығы билеушілері шиғалықтан бас тартуын талап еткендігі тарихи құжаттардан белгілі [2, 79; 123; 134]. Сефевидтер әулеті мен оның үлкен қарсыластары Шайбани әулеті мен Осман императорлығымен арадағы келіспеушіліктер тек жерге қатысты дау емес, бәлкім діни көзқарасқа да қатысты болатын. Ол кезде әлемде ешбір ел ресми түрде шиғалықты ұстанбайтын. Сондықтан Сефевидтер әулетінің алып келген жаңалығы көршілес мұсылман елдері таң қалдырып, ислам дінінің екі үлкен бағытқа бөлінуіне алып келді. Бірақ соған қарамастан Сефевидтер әулетінің билеушілері дипломатиялық қарым-қатынасты дамытуға барынша күш жұмсайды. Көршілес елдерімен шекара мәселесіне байланысты дауласқанымен, тынымсыз дипломатиялық хат алмасулар орын алады. Бір қызығы сол кездегі Шайбанилер әулетінің билеушілеріне жазған хаттарында шығыс дипломатиясына сай, оларды мақтап, Шыңғыс ханның ұрпағы деп көтермелеп, мапаздап хат жазғандарына куә боламыз [2, 6-7]. Мұндай хаттардың мәтіндерін «Ахсан ат-таварих», «Тарих-и алам ара-ий Аббаси», «Раузат ас-сафа», «Аббас-нама» және т.б. маңызды дереккөздер мен дипломатиялық хаттардан кездестіре аламыз [3, 37; 54; 89]. Сонымен қатар Иран шахтары бұл кезде өздеріне одақтас іздеу мақсатында Еуропа елдерінің билеушілеріне дипломатиялық хат жазуды мықтап қолға алады. Бұл үрдіс әсіресе I шах Аббас билікке келген кезде жандана түседі [4, 1333-1359]. Иран шахтарының көздеген мақсаты еуропалық елдердің күшімен Осман императорлығын әлсірету және сондай-ақ олармен шайқасу үшін қажетті оқ-дәрімен әскерін қамтамасыз ету болатын. Сефевидтер әулетінің экономикалық жағдайы сол кездегі Үндістан патшалары мен Осман императорлығының билеушілерімен салыстырғанда әлдеқайда төмен болатын. Иранның қауқары әскердің шығынын өтеуге әрең жететін жағдайда еді. Сондықтан Осман императорлығының көзін құртуға мүдделі Еуропа елдерімен дипломатиялық тығыз қарым-қатынас орната отырып, оларды жеңуді көздейді. Сефевидтер әулетінің бірінші патшасы шах Исмаилдың тұсында шығыс елдерімен дипломатиялық хат алмасулар орын алады, бірақ батыс елдерімен дипломатиялық байланыс орнай қоймайды. Алдымен батыс елдермен арадағы дипломатиялық байланысқа тоқталатын боламыз. Шах Тахмасптың тұсында бірінші рет Еуропадан 1558-59 жылы ағылшын елшісі келеді. Ол ағылшын саудагері, әрі дипломаты Антони Дженкинсон (туған жылы белгісіз, 1611 ж. дүние салған) болатын. Антони Дженкинсон Азия, Африка және Еуропа

елдеріне көп рет саяхаттаған болатын. Ол 1558-58, 1562-64 жылдары Ресейге жіберілген Англияның арнайы елшісі қызметін атқарады. Сонымен қатар ол Ресейге жіберілген Англияның екінші елшісі ретінде қызмет атқарады. Ресейге келген соң, Англия патшайымы Елизаветаның арнайы хатымен бірге, Иван Грозныйдың грамотасын алып, Персияға аттанады. Антони Дженкинсон Каспий теңізінің жағалауын аралаған және осы теңіздің жағалаудары туралы жазған тұңғыш еуропалық саяхатшы болатын [5, 1358] Дженкинсон бұдан кейін тағы да бір рет Персияға сапарлайды. Бұл сапарында көптеген адам шығынына ұшырап, аз ғана адаммен азып-тозып Қазвин қаласына келіп жетеді. Дженкинсон алғаш рет Иранға келгенде, шах Тахмаспты кездестіре алмайды. Себебі тура сол кезде Иран патшасы Хорасанда Шайбанилермен соғысып жатқан болатын. Екінші сапарында Иран шахымен кездеседі, бірақ шах Тахмасп өзге діннің өкілі болып келетін қонақты аса жылы қабылдамайды. Үшінші мәрте жанындағы жолдастары ауыруға шалдығып, адам шығынына ұшыраған Антони Дженкинсонды қабылдап, оның Иран жерінде салықсыз сауда жасауына рұхсат береді [6, 1368]. Шах Тахмасп тұсында Иранға келген еуропалық елшілер көп болмайды, әрі Иран шахтары да Еуропадан келетін елшілерді қабылдауға дайын емес болатын. Бірақ бұл жағдай уақыт өте келе күрт өзгереді. Бір кездері еуропалық елшілерді жақтырмай қабылдайтын Иран патшалары, ендігіде өздері елші жіберіп, еуропалық елдерімен дипломатиялық қатынас орнатуға мүдделі болғандығына көз жеткіземіз. Сефевидтер әулеті тұсындағы бұндай бетбұрысқа себеп болған Осмап императорлығының қару-жарақтың жаңа үлгілерін пайдалануы болатын. Иран патшалары да әскерін жаңа үлгідегі қару-жарақпен қамтамасыз ету мақсатында еуропалық елдермен қатынасын жақсарту керектігін түсінеді. Сондықтан шах Аббас билікке келісімен (1558-1624 ж.), Еуропа елдерімен дипломатиялық қарым-қатынасты жандандырады. Шах Аббастың тұсында ағылшын саудагерлері ағайынды Антони және Роберт Шерлейлер Осман императорлығы арқылы Иран жеріне келеді. Ағайынды Шерлейлер ирандықтарға оқ-дәрі жасауды үйрететінін айтып, ирандықтардың сеніміне кіреді. Олардың жұмысы шах Аббастың көңілінен шығады. Шерлейдердің үлкен ағасы Антони Шерлейдің жанына Хусейн Али бек Байатты елші етіп қосып, көп ұзамай Еуропа елдеріне елшілікке аттандырады. Олар жоспар бойынша Еуропаның сегіз еліне (Германия, Польша, Рим, Франция, Англия, Шотландия, Венеция, Испания) Иран шахының хатын апарып, сол елдердің саудагерлерін Иран жерінде сауда жасауға шақыру үшін 1559 жылы Исфахан қаласынан ұзақ жолға аттанады. Антони Шерлей осы сапарында Еуропада қалып қояды. Себебі ирандық елші Хусейсен Али бек Байат екеуінің арасында келіспеушіліктер туындайды. Сонымен қатар шах Аббастың Еуропа еліне жіберген тұңғыш елшілігі үлкен сәтсіздікке ұшы-



райды. Хусейн Али бек Байаттың елшілігімен бірге барған елшінің Германия, Польша, Испания елдеріндегі қызметін атқарған соң, қалған бес елге барудан бас тартады. Сондықтан жылдамырақ теңіз жолымен қайту үшін Лиссабонға барады. Жолда ирандық дипломаттың біреуі испандықтардың қолынан қаза табады. Хусейн Али бек Байат жанындағы үш дипломатын Испания короліне жіберіп, өлген дипломаттың құнын төлеуді талап етеді. Бірақ ирандық үш дипломат кері қайтып келмейді. Көп ұзамай, ол үшеуінің де ислам дінінен шығып христиан (католик) дінін қабылдағаны туралы хабар жетеді. Ол үш адамның біреуі елшінің немере інісі Әлиқұлибек болатын. Ол атын өзгертіп, дон Филипп Персидский деген атты қабылдайды. Ал, екінші адам елшіліктің хатшысы Буниадбек болатын, ол атын Дон Диего Персидский деп өзгертсе, үшінші діннен шыққан адам Уруджбек (Ұлықбек) болатын. Ол есімін Дон Хуан Персидский (Дон Джуан) деп өзгертеді [8, 4]. Көріп тұрғанымыздай Хусейсен Али бек Байаттың елшілігі үлкен жетіктікке қол жеткізе алмай, шығыс дипломатиясында кездеспеген масқараға тап болады. Діннен шыққан ирандық елшілерді Испания королі III Филипп қамқорлығына алады. Жоғарыда аты аталған Уруджбек (Дон Хуан Персидский) осы сапары туралы естелігі мен Еуропаға беймәлім ғажайып Иран жері туралы кітап жазады. Ол кітап 1604 жылы испан тілінде жарық көреді. Бұл естелік кітап Еуропада кітап шығару жұмысы енді басталған кезде жазылған шығыс елінің тарихы мен мәдениетіне арналған тұңғыш кітап болып табылады. Бұл Антони Шерлейге қатысты мәліметтер. Ал Шерлейдердің кішісі Роберт ағасының Еуропа елінде қалып қойғаны үшін, әрі сәтсіз елшілік сапары үшін көп азап тартады және өзінің Иран шахына адал екендігін дәлелдеу үшін Осман императорлығымен арадағы соғысқа қатысады. Шах Аббас Роберт Шерлейді арнайы қызылбастардың киімімен марапаттап, оған тағы бір мүмкіндік беріп, елшілік қызметін тапсырады. Роберт Шерлей Еуропа елдеріне Ресей арқылы аттанады. Ол Польша, Германия және Англия елдерінің билеушілеріне шах Аббастың дипломатиялық хатын жеткізеді. Дипломатиялық хаттарда сауда мәселесі сөз болғанымен, негізінен күш біріктіріп Осман императорлығына қарсы жорыққа аттануға шақыру ұсыныс жазылған болатын. Бұл елшінің жұмыс сәттірек болады. Нәтижеде осы елдермен, әсіресе Англия мен Иран арасындағы сауда-саттық байланысы жандана түседі [10, 1579-1580]. Біз зерттейтін дәуірдегі ең қызықты сәттердің бірі осы Роберт Шерлейдің елшілігімен байланысты. Роберт Шерлей 1613 жылы, қаңтар айында Англия королі Джеймстің қабылдауында болады. Ол Иран патшасы жіберген тегі ағылшын Роберт Шерлейді көргенде, таңданысын жасырмайды. Аббас шахқа жазған хатында «біздің құлымыз, сіздің қызметшіңіз Роберт Шерлей әкелген хатты алдым» деп жазады [11, 1580-1583]. Ағылшын елшілерінен басқа Иран патшаларының сарайына көптеген батыс жә-

не шығыс елдерінің елшілері келген. Солардың ішінде Италия, Испания, Польша, Ресей, Германия, Таскания аралдары мен Осман императорлығынан көптеген елшілер Иран патша сарайларына дипломатиялық хат әкелген. Батыс елдерінен келген елшілер туралы баяндадық, енді шығыс елдерінен келген елшілер мен оларға деген Иран шахтарының қарым-қатынасын қарастыратын боламыз. Сефевидтер әулетінің шахтары могол билеушілерімен жақсы қарым-қатынаста болады. Үндістан ол кезде шығыстың ең бай, гүлденген елдерінің бірі болатын. Оның үстіне ол елдегі билеушілер мұсылман болғандықтан, арадағы дипломатиялық байланыс арта түседі. Иран мен Үндістан патшаларының Сефевидтер әулетінің билігі тұсындағы қарым-қатынасы көптеген дереккөздер, естеліктер, суреттер мен миниатюраларда баяндалады. Соның бір мысалын Аббас шах пен Джахангир шах бейнеленген ирандық суретші Абу ал-Хасан Надир аз-Заманның жұмысынан көруге болады. Ирандық суретшінің қиялынан туындаған бұл суретте екі елдің патшаларының бір-бірімен құшақтасып, амандасып тұрғаны бейнеленген. Сонымен қатар Үндістан жеріне арнайы елші жіберіп, жиі дипломатиялық хат алмасып тұрған. Дипломатиялық хаттардың мазмұнына қарап, екі ел патшаларының бірін-бірі сыйлағанын, санасқандығын байқаймыз.

Ал енді біздің төл тарихымызға тікелей қатысы бар тақырыпқа келетін болсақ, Сефевидтер әулетінің патшалары Дешті Қыпшақ, Шайбанилер, қалмақ хандарымен дипломатиялық хат алмасып отырған. Бұл туралы сол дәуірде жазылған тарихи шығармаларда Түркістан уәлаятынан елшілердің келгендігі туралы атап көрсетілген. Соның бір мысалын Мұхамад Тахир Валид Қазвинидың «Аббаснама» шығармасынан кездестіреміз. Аббаснама шығармасында «Бұрындары Түркістан уалаятынан келмеген қазақ патшасының елшісі келді. Аббас шах Исфахан қаласындағы «Чихил сутун» сарайында қабылдады. Түркістан патшаларына елшілерге көрсетілетін сый-құрметтің барлығы көрсетілді және хаттың жауабын дайындап, өз елдеріне көптеген сыйлықтармен аттандырды» [12, 214] деген мәліметтер сол кездегі қазақ ханы Жәңгір және оның ұлы Тәуке ханның елшілерінің келгендігінен хабар береді. Бұл туралы сарай протоколдары мен сарай хатшыларының жинақтарынан да кездестіреміз [13, № 4216 п.].

Сефевидтер әулеті тұсындағы сарай қызметінің тағы да бір ерекшелігі сол кезде сарайда көптеген хатшылар жұмыс істейтін болған. Сарай хатшылары бұл қызметі үшін арнайы жалақы алатын жүйе жұмыс істеген. Бірнеше тіл мен ғылымның бірнеше саласын жетік меңгерген бұл хатшылар Иран патшаларының сарайына келіп түскен барлық хаттарды тіркейтін және қайта көшіріп, арнайы жинақ ретінде сақтайтын болған. Осы күнге дейін осындай сарай хатшылар жазған бірнеше жинақтың жеткендігі көңілге үміт ұялатады. Олардың ішінде «Муншиати салатин», «Мун-

шиат», «Маджмуа ва аснад», «Маджмуаий намеха» және «Мукатибат ва мурасилат» деп аталатын дипломатиялық хаттар жинағы кезедседі. Бұл жинақтарда Иран шахтарының Осман императорларына, Шайбанилар билеушілеріне, Үндістан патшаларына, Еуропа елдерінің билеушілеріне жазған хаттарының көшірмелері енген және өзге елдердің билеушілерінің иран шахына жазған хаттардың мәтіндері енген. Біз іздеген қазақ хандарына қатысты дипломатиялық хаттардың мәтінін осындай жинақтардың бірінен кездестірдік. Ол исфаһандық Әли Раузатидың қолымен жазылған және жинақталған дипломатиялық хаттар жинағы. Бұл жинаққа сарай хаттамалары мен дипломатиялық хаттардың көшірмесі енген. Атап айтқанда, орыс патшасы, қалмақ ханы, қазақ ханы, өзбек ханы мен Осман императорына жазған хаттардың мәтіндері қамтылған. Соның ішіндегі ең маңыздысы II Аббас шахтың қазақ ханы Тәуке ханға жазған хаты болып табылады. Бұл дипломатиялық хатта, қазақ ханы Тәуке ханнан хат келгендігі және ол хатты Тәуке ханның елшісі Бақибек елші арқылы жеткізілгендегі баяндалады. Хаттың мазмұнына қарағанда қазақ ханы Иран шахымен арадағы дипломатиялық қарым-қатынасты жандандырғысы келгендігі туралы баяндалған [14, 6]. Иран шахы осы хатқа жауап ретінде екі елдің арасында ылғи да достық байланыс болғандығын және бола да беретіндігін жазып, қазақ ханына деген ең ыстық және игі тілектерін жеткізген. Өкінішке орай, Иран шахтарына қазақ хандары жазған дипломатиялық хаттардың мәтіні әлі табылған жоқ. Бірақ алдағы уақытта ол хаттардың табылатындығынан үмітіміз мол.

Қорыта келгенде, мақаламызда Сефевидтер әулеті билікте болған кездегі шығыс дипломатиясының артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы бірнеше тұжырым жасаймыз. Біріншіден, Иран еліне батыс елдерінен келген елшілердің қызметі тура осы дәуірде жандана бастағандығына көз жеткіздік. Екіншіден, Иран елінен шығыс елдері мен Еуропа елдеріне барған елшілердің жауапты да ауыр дипломатиялық қызметін қарастырдық. Үшіншіден, елшілердің ауыр тағдыры мен сәтсіз дипломатиялық қызметі баяндалды. Осы жерде Сефевидтер билікте болған кездегі елшілердің қауіпсіздігі мен қаражаты туралы мәлімет бере кеткен жөн. Иран еліне елшілер өз елінің қаражатымен келетін болған, бірақ патша сарайында тегін қонақ болып, олардың күндік шығындары мен кері қайтатын жолының қаражатын Иран патшасы төлейтін болған.

Бірақ сол кезде тура осындай дипломатиялық жүйе басқа да елдерде болғандығына куә боламыз. Мысалы, Роберт Шерлейге кері қайтатын жолына сол кездегі Англияның королі Джеймс 500 лира береді. Бұл ұзақ жол үшін аз қаражат болатын [15, 1572]. Сонымен қатар елшілердің жолы қауіп қатерге тола болған. Иран шахтарының елшілері Еуропа елдеріне дипломатиялық хаттарды апарып, оның жауабын алып келуге шамамен 2-

3 жыл жұмсаса, шығыс елдерінен келетін елшілер, кейде Иран патшаларының сарайында ұзақ уақыт қонақ болған кездері кездеседі. Мысалы, Хумайун патшаның елшісін Иран шахы кері қайтармай шамамен үш жылдай ұстаған. Бұдан басқа, Шайбани билеушілерінің елшілерін ұзақ уақыт қабылдамай, уақыт жоқтығын сылтау еткен кездер кездеседі. Бұның барлығы шығыс дипломатиясының көпшілік біле бермейтін тұстары. Біз мақаламызда елші қызметін атқару қаншалықты қиын да жауапты жұмыс болып табылатындығын және бұл жауапты қызметтің жауапкершілігінің бірнеше есеге арта түскен кезі Сефевидтер әулетінің билікке келген кезіне тура келетіндігін атап көрсеттік. Бесіншіден, көптеген дипломатиялық хаттардың мәтінінің бүгінгі күнге жетпегендігіне оқырман назарын аудардық.

Негізінен, Иран шахтарының өзге елдердің билеушілеріне жазған хаттарының мәтіні сақталған. Себебі сарай хатшылары әрбір жіберілетін хатты тіркеп, толық мәтінін көшіріп алатын болған. Сырттан келетін хаттардың мәтінін сарай хатшылары міндетті түрде тіркейтін болған. Бірақ кейбір хаттар өзге тілде болғандықтан, хаттың мәтіні парсы тіліне аударылып, тізімге алынғанша қағаз бастылыққа салынып, тіркелмей қалатын кездер де кездеседі. Алтыншыдан, елшінің әрбір сөзі мен іс-қимылының маңызды екендігін осы дәуірден бастап айқын аңғара бастаймыз. Елшінің мықтылығы мен біліктілігі, тапқырлығы мен алғырлығының арқасында дипломатиялық байланыс орнағанын Сефевидтер әулеті тұсындағы шығыс дипломатиясы дәлелдеп берді. Сондықтан болар «елдестіркем елшіден» деген мәтел ел арасына кең тараған. Олай болса, шығыс елдерімен ресми түрде дипломатиялық байланыс орнатқан еліміздің әрбір дипломаты қазақ дипломатиясының тарихын білетін және біліп қана қоймай қас-терлейтін, тарихтан сабақ алатын болады деген үмітпен мақаламызды қорытындылаймыз. Мақаламыздың соңында қазақ дипломатиясының бағындырар белестері әлі алда, бірақ бағындыруға мүмкіндігі мол екендігіне сенім артамыз. Сондай-ақ осы мақалада берілген әрбір дерек бүгінгі таңдағы қазақ дипломаттары мен болашақ дипломаттарға өзіндік пайдалы болады деген ойдамыз.

\*\*\*

1. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV- XVII вв.: История, политика, дипломатия. Алматы. 1998;
2. Әли Роузати (құрастырушы). Маждамуе ва джунг. № 4216 папка, 6-7 бб.
3. Әбдулхусейн Наваи. Шах Тахмасп Сафави. (хаттардың мәтіндері мен оларға жазылған түсініктер жинағы). – Тегеран: Аргавун. 1368/1987. 37, 54, 89 бб.
4. Н.Фәлсафи. Зендегани-е шах Аббаси аввал. Т. 4-5. - Тегеран: Мұхаммед Әли Ильми. 1358/1977. 1333-1359 бб.
5. Бұл да, Т. 4-5. 1567 б.
6. Бұл да, 1368 б.
7. Бұл да, 1572-1573 бб.

8. Книга Орудж-Бека Байата Дон Джуана Персидского. Перевод с английского Октай Эфендиев, Акиф Фарзалиев. – Бакы: Язычы. 1988. 4 б.
9. Бұл да, 4 б.
10. Бұл да, 1579-1580 бб.
11. Бұл да, 1580-1583 бб.
12. Мұхаммад Тахир Вахид Қазвини. Аббаснама. -Тегеран: Арас, 1964. 214 б.
13. Әли Роузати (құрастырушы). Маждамуе ва джунг. № 4216 папка, 6 б.
14. Бұл да, 6 б.
15. Н.Фәлсафи. Зендегани-е шах Аббаси аввал. Т. 4-5. - Тегеран: Мұхаммед Әли Ильми. 1358/1977. 1572 б.

\*\*\*

Эта статья посвящается к теме «Дипломатическая переписка при Сефевидедах». Автор статьи рассматривает восточную дипломатию во время правления Сефевидской династии в Иране. Рассматривая вопрос восточной дипломатии при Сефевидедах автор подчеркивает важную роль послов в международной дипломатии того периода. В этой статье приведены интересные сведения из жизни дипломатов восточных стран в европейских странах, а также сведений из жизни западных послов во дворец Сефевидской династии. Кроме того, автор приводит важные сведения о дипломатической переписке казахских ханов с Иранскими шахами.

\*\*\*

This article devoted to the theme “Royal correspondence during Safavid dynasty”. Author considered the eastern royal correspondence during the noticed dynasty in Iran. Have considered eastern royal correspondence during Safavid dynasty author underlined important role of ambassador’s in the international diplomacy of this period. In this article there are lots of reports about eastern ambassador’s life in the European countries. Also author point out many reports about European ambassador’s life in the Safavid kings court. Except this we can find important report about royal correspondence between Kazakh khans and Iranian kings.

**Н.А. Байғараев**

## ИРАКТЫ ОККУПАЦИЯЛАҒАННАН КЕЙІНГІ АҚШ САЯСАТЫНДАҒЫ КҮРДТЕР МӘСЕЛЕСІ

Күрдтер мәселесі - Таяу Шығыс аймағындағы ерте мәселелердің бірі болып табылады. Ол Үлкен Таяу Шығыстағы көптеген мемлекетгерге катысты. Күрдтік қозғалыстың потенциалын осы аймақта өздерінің саясатын жүргізіп жатқан сыртқы күштер пайдалануға тырысуда. Бұл мәселенің маңызды фактор болуы Иракта ғана емес, сондай-ақ, күрдтер орналасқан шекаралас Түркия, Иран және Сирияда да қазіргі таңда шешімін таба алмай отырған өзекті мәселелердің бірі болып қала беруінде.

Күрдтер мәселесі көп жақты, сондықтан да ол байсалды қарым қатынас пен талдауды талап етеді. Әсіресе, біз қарастырып отырған кезеңдегі Ирак оккупациясынан кейінгі АҚШ саясатындағы күрдтер мәселесін жан-жақты қарастыруды қажет етіп отырған тақырып десек, артық айпаған болармыз.

Күрдтер мәселесінің аса өткір жағы ұзақ жылдар бойы Ирак мемлекетіне қатысты болып отыр. 2002 жылдың 28 қаңтарында АҚШ президенті Дж. Буш конгресте жасаған «Елдегі жағдай туралы» атты баяндамасы Ирак мәселесінің теориялық негізінің алғы шарты болды. Дж. Буш өз сөзінде «Иран, Ирак, Солтүстік Корея және олардың лаңкестік ұйымдармен одақтастығы әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіретін «зұлымдық ошағын» қалыптастырады. Осы мемлекеттердің жаппай қырып жою қаруын жасауы олардың дүние жүзіне тудыратын қатерін күшейте түседі, себебі олар лаңкестік топтарға қару-жарақтың қауіпті түрлерін жеткізіп берулері мүмкін. Сондықтан, қай кезде дүние жүзіне толығымен қауіп төнеді деп тосып отыру ақылға қонымды емес», - деді [1].

2002 жылы 12 қыркүйекте конгресте Дж. Буш Америка Құрама Штаттары ұлттық қауіпсіздігінің жаңа стратегиясын жариялады. Стратегияның мәні келесі негізгі бөлімдерден тұрды: 1) әлемде бір ғана держава – АҚШ, оған әлемді басқару жауапкершілігі жүктелген және ол өз саясатын, өзінің идеалдары мен мүдделеріне қарай жүзеге асырады; 2) америкалық басымдылықты мойындамайтын және лаңкестікті қолдайтын «зұлымдық белдеуі» елдері (Иран, Ирак, Ливия, Солтүстік Корея, Куба) АҚШ қауіпсіздігіне қауіп төндіреді; 3) Вашингтон АҚШ-қа үлкен қауіп төндіруі мүмкін лаңкестік топтар мен мемлекеттерге әскери соққы беруге құқылы; 4) ядролық қаруларды таратпау мәселелерін халықаралық келісімдерге сәйкес шешкеннен, біржақты соғыс шараларын қолдану әлдеқайда тиімдірек [2]. Сонымен, АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік жөніндегі жаңа стратегиясы америкалық элитаны халықаралық лаңкестікпен күресуді желеу етіп дүниежүзін америкалық мүдделерге қарай түбегейлі қайта құруға ашық шақырды.

АҚШ алдымен Ирак Республикасына экономикалық қысым көрсетіп, бағындыруға ұмтылды. Себебі, Ирактағы аса мол мұнай қорына америкалық трансұлттық корпорациялардың билігін жүргізу қажет еді. Сарапшылар әлемдегі мұнай қорларының 10 пайызы Ирак жерінде шоғырланған деп баға беруде. Ирак мұнай қорлары көлемінен әлемде екінші орында. Ирак мұнайын өндіру арзан және оның сапасы өте жоғары. Ирак мұнайының 1 бареллінің өзіндік құны 2,5 АҚШ доллары ғана. Сондықтан, Ирак мұнайына бақылау жасау АҚШ-қа бүкіл әлемдік мұнай бағасы мен рыногына бақылау жасауға мүмкіндік тудырады. Нәтижесінде, ХХІ ғасыр басында терроризмге қарсы күрес ұранын бетке ұстаған АҚШ-тың «Жаңа

отарлау саясаты» негізінде 2003 жылы антихалықтық режим деген сылтаумен Ирактағы Саддам Хусейн режимі құлатылды.

Жалпы мамандардың пікірі бойынша Дж. Буштың әкімшілігі өзінің лаңкестікпен деген жаһанды соғысындағы сәтсіздіктерін жеңілдендіруге талпынып немесе Иракты тұрақтандыру үрдісінде Таяу Шығыста демократияның жоқтығына сүйеніп өткендегі қателіктерін түсіндіреді және қазіргі таңда жүргізіліп жатқан саясатты ақтау үшін. Сөйтіп, 2004 жылы Си-Айлендтегі «Үлкен Сегіздіктің» саммитінде Вашингтонның ұсынған «Үлкен Таяу Шығыс» атты реформалар жоспарының негізіне айналды, оның басты мақсаттары демократияны дамыту, ерлер мен әйелдер арасында құқық теңдігіне қол жеткізу, білім алуға қол жеткізу мүмкіндігін арттыру және аймақтың экономикалық либерализациялануы.

АҚШ-тың Иракқа басып кіруін, ең алдымен, күрдтер қолдады. Негізгі күш Күрдістанның демократиялық партиясы мен Күрдістанның патриоттық одағы болды. Біріншісін атақты саяси көсем Мұстафа Барзанидің баласы Масуд Барзани, екіншісін КДП-дан бөлініп кеткен Джалал Талабани басқарды. КДП мен КПО өздерінің қарулы күштеріне ие және олар америка қаруларымен қамтамасыз етіліп отырды. Күрдтерге еркіндік беруді де уәде етті. Хусейн режимі құлағаннан кейін КДП мен КПО америкалықтардың араласуымен ортақ парламент, үкімет және армия құра алды.

Саддам Хусейн тақтан тайдырылғаннан кейін Ирак Күрдістаны Ирактағы ең тұрақты және ең қауіпсіз аудан саналды. Алайда бұл ауданның да өзіндік қиындықтары болды. Себебі КДП мен КПО 2002 жылдан бастап, күрд исламистік ұйымы «Ансар-әл-Исламмен» күрес жүргізіп жатқан еді. Бұл ұйымға «Талибан» мен «Әл-Қаида» қозғалыстарымен қатынас орнатты деген айып тағылды. «Ансар-әл-Ислам» Барзани мен Талабани партияларының арасындағы бәсекелестікті пайдаланып, күрд әлемінде елеулі күшке айнала алды.

Сонымен қатар Ирак күрдтері елдің солтүстігінің толық қожайынына айналып, арабтар мен түркімендерге қарсы ұлтшылдық саясатын жүргізе бастады. Осы жағдай өз кезегінде Ирак Күрдістанындағы ұлттық азшылықтардың наразылығын тудырып, қолдарына қару алуға итермеледі. Мысалы: түркімендер Күрдістан шеңберінде автономия талап ете бастады.

2003 жылы Иракта уақытша үкімет құрылады. 2005 жылы қаңтарда уақытша парламентке сайлау болады. Уақытша парламентке елдің жаңа конституциясын жасап шығару функциясы берілді. 30 қаңтар 2005 жылы парламентке өткен сайлау нәтижесінде шииттік блок жеңіске жетеді (140 орын). 75 орынмен күрдтер (КДП мен КПО біріккен тізімі) екінші орынды иеленді. Ал сунниттер сайлауға байкот жариялаған болатын. Елдің премьер-министрі болып шииттік партия - «Ат-Даавадан» шыққан Ибра-

гим әл-Джаафари тағайындалады. Ал президент орнын КПО көшбасшысы Джалал Талабани алады.

2005 жылы қазан айында елдегі заңға референдум өткізілді. 15 қазан 2005 жылы Ирактың тәуелсіз сайлау комиссиясы референдумның қорытындысын жариялады. Ол бойынша Ирактықтардың 78%-ы қолдап дауыс берсе, 21%-ы қарсы болған. Референдумға сайлаушылардың 63%-ы қатысқан. Осылайша, Ирактың конституциясы қабылданды [3, 51].

Конституцияның қабылдануы 2005 жылдың желтоқсанында Ирактың тұрақты парламентіне (өкілдер кеңесі) сайлау өткізуге жол ашты. 20 қаңтар 2006 жылғы ресми деректерге сүйенсек парламенттік сайлауға халықтың 67%-ы қатысқан.

Тұрақты парламентке сайлау нәтижесінде қайтадан шииттік блок – Біріккен Ирак Альянсы (БИА) жеңіске жетіп, парламенттегі 275 орынның 128-ін алады. КДП мен КПО-ны біріктіретін «Күрд альянсы» 53 орынмен екінші болып, үшінші орынға суниттік топ Ирактың келісім фронты (ИКФ) 44 орынмен ие болады. «Алави тізімі» 25 орынмен төртінші позицияны иеленеді. 2005 жылы Иракта алғаш рет президенттік сайлау өтіп, күрд Джалал Талабани Ирактың президенті постын сақтап қалады. Премьер-министрлікке шиит Нури-әл-Малики тағайындалады.

Конституция бойынша Ирак федеративті республика болып жарияланып, күрдтерге автономия беріледі. Ирак Күрдістанының президенті - Масуд Барзани сайланса, премьер-министр Нечирван Барзани болып тағайындалады. Ирак күрдтерінің бірігуімен Түркия, Иран және Сирияның күрд диаспоралары белсенділікті бастайды. Оның үстіне Талабанидың Ирактың президенті болуымен, күрдтер ұлттық азшылықтан тең құқылы ұлтқа айналды. Бұл жағдайлар Түркия, Иран, Сирия үкіметтерін ойландырып, аталған мемлекеттер күрд мәселесіне қатысты ұстанымдарын қайта қарастыруына алып келді [3, 52].

Таяу шығыстың қазіргі кезеңдегі тарихи дамуы барысында күрдтік қозғалыстардың ахуалдары қалай? Күрдтердің бытыраңқы оның сипаттауы болып табылып, өздерінің енді бүтіндей бірліктілігін сезіне алмайтын тапталған күрдтердің жағдайы көз алдымызға елестетіледі екен. Аталған халықтың әрбір бөлігінен мықты басшылар тағайындалады, бірақ саяси қарым-қатынаста партиялар мен ұйымдар әртүрлі бағытта болған себепті, олардың көсемдерінің әртүрлі мақсаттар ізіне түсуі себепті, ақырында олардың арасындағы бірікпеушілікке, кедергілерге және төңкерістерге алып келеді.

Осы айтылғанға қатысты мынадай сұрақ туындайды: қазіргі таңда әлемдік күрд қозғалысын бүтіндей біріккен ел ретінде қарастырудың жөні бар ма? Дегенмен әр бөліктегі күрд халқы өз тәуелсіздіктері үшін күрес жүргізуде. КЖП және солтүстік Ирактық күрдтік партиялары (Күрдістан-



ның Демократиялық партиясы - КДП және Күрдістанның Патриоттық Одағы - КПО) магистралді бағыттан кейінге қарай шегіну туралы хабарлама жасағанмен шегініс уақытша екенін және Тәуелсіз Күрдістанды құрудағы күрес өз жалғасын табатынын әрдайым ескертіп жүр.

Қазіргі уақытта күрдітік мәселелердің асқынып бара жатқаны туралы айтуға да болады. Және бұл Вашингтонның Үлкен Таяу Шығыстағы ойланбаған саясатының қорытындысы деуге саятындай. Асқыну бұл Ирактық дағдарыспен тікелей байланысты, оның себебін бірінші кезекте Иракты соғыстан кейін қайта құрудың әрекетті жоспарының болмауынан іздеу керек сияқты.

2007 жылдың наурызында, өздерінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында халықаралық заңдар түріктің қарулы күштеріне Солтүстік Ирактағы КЖП барлық негізгі базаларын жоюына рұқсат берді және кеп ұзамай-ақ Вашингтонның негативті реакциясы қайталанды.

АҚШ мемлекеттік Департаментінің өкілі осы арызды түсіндіре отырып, «Солтүстік Иракта Түркия әскери қарудың қандай да бір түрін қолдануды қаламаймыз», - дей келе Ирактың аймағы бүтіндей принципті қолдайтынын қайтадан тұжырымдады. Қандай да жағдайға қарамастан АҚШ өзінің сөзі бойынша, Ирактық Күрдістанды лаңкестік ұйымға қатыстыра отырып «Күрдістанның Жұмысшы Партиясына қарсылық көрсету мақсатында Түркия және Ирак башылары ынтымаққа келеді», америкалықтардың максимум мақсаты - бұл Солтүстік Иракта базасы бар КЖП баскесерлерін келіссөзге шақыра отырып, өздерінің қаруларын тастатып және түрік аймағында лаңкестік әрекеттерді тоқтатуды бұйырды [4].

Қазіргі таңда болып жатқан халықаралық күрделі оқиғалардың адамдардың өмір болмысы мен оның заңдылықтарын өзінің дегеніне бағындырып, ыңғайына келтіру саясаттан туындайтынына көз жеткізіп отырмыз.

Күрдтер - Таяу және Орта Шығыстың ең көне халықтарының бірі болып табылады. Күрд мәселесі геосаяси маңызы бар, қазіргі тарихтағы ірі этникалық дағдарыс болып табылады. Егер бірнеше жыл бұрын бұл мәселе көпке мәлім болмаса, қазір бүкіл Еуропаның назарын аудартқан мәселе болып отыр. Ең алдымен, Жердің бұл бөлігі үлкен соғыстардың ошағы болып табылады. Күрд мәселесі Шығыстың көп мемлекеттерінде үлкен геосаяси маңызға ие. Әсіресе, пантүріктік идеяны жақтаушы партиялардың көшбасшылары Ұлы Тұран құруға, яғни барлық түріктерді ислам негізінде тілдік ерекшеліктеріне сай біріктіруге тырысуда. Бірақ ішкі тұрақсыздарға, аймақтағы мәселелерге байланысты бұл идеяның іске асуына кедергі келтіруде.

АҚШ жүргізген саясаттың салдарынан бұл қақтығыстар одан сайын үдеп, онсыз да күрделеніп тұрған қарама-қайшылықтарды шиеленістіре

түсті. Жарты ғасыр бойы араб-израиль қарама-қайшылығының туындауына әкелген, әр он жыл сайын қарулы қақтығыстарды тұтатқан Таяу Шығыс дау-жанжалы өңірлік шеңберден шығып, әлемдік қауымдастыққа өркениетаралық және дінаралық бөліну, жіктелу қаупін тудырды [5].

Қазіргі таңда Күрдістанның маңыздылығын арттыратын бірнеше факторлар пайда болды, олардың қатарында:

Біріншіден, күрдтердің Таяу Шығыстағы геостратегиялық жағынан маңызды аймақта орналасуы, яғни әлемнің қорларға бай және қақтығысты аймақта орналасуы, әлемнің көшбасшы мемлекеттерінің қызығушылығының арту факторы. Аймақ барлық жағынан дерлік ислам фундаменталистері мен араб ұлтшылдары тұрақтанған мемлекеттермен қоршалып жатыр.

Екіншіден, Күрдістан бай экономикалық күш-жігерге ие. Оның негізін мұнай қоры құрайды. Бүгін аймақтан өтетін мұнай құбырлары Еуропа мен Азияға тез арада мұнай жеткізуге қолайлы жағдай туғызады. Қосымша экономикалық басымдық ол оның Тигр өзені бойында орналасқан су қорлары [6].

Сондықтан да қазіргі таңда АҚШ-тың жүргізіп отырған саясаты негізінде Ирак күрдтер мәселесі шешімін таппаған аяқ астынан қақтығыстар өрши түсетін ықтимал аймақ болып қала беруде.

\*\*\*

1. Iraq and the War on Terrorism: House of Representatives. - September 25, 2002 // CR. - 2002. - Vol. 148. - p. H6686.
2. Mohamedi, F., Alkadiri, R. Washington Makes it Case for War // MER. - 2002. - Vol. 224.: [http://www.merip.org/mer/mer224/224\\_mohamedi\\_alkadiri.html](http://www.merip.org/mer/mer224/224_mohamedi_alkadiri.html).
3. Жүніс Қ.Ә. Таяу Шығыс: күрд мәселесі. А., 2010.
4. Жигалина О.И. «Курдский вопрос в Заподной Азии в начале XXI века» // Сборник статей "Курдский вопрос в Западной Азии в начале XXI века" М., ИБВ, 2006, 342.
5. И.Е.Федорова. «Сша и иракские курды». // Сборник статей "Курдский вопрос в Западной Азии в начале XXI века" М., ИБВ, 2006, 342.
6. Шорш Саид. "Курдский фактор и региональная безопасность" // Сборник статей "Курдский вопрос в Западной Азии в начале XXI века" М., ИБВ, 2006, 342.

\*\*\*

В данной статье рассматривается курдская проблема в Ираке после свержения режима С.Хусейна в условиях иностранной оккупации страны.

\*\*\*

This article focuses on the Kurdish problem in Iraq after the overthrow of Saddam Hussein's regime in a country under foreign occupation.

## А.Б. Калкаманов

### ОБЗОР ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ БЛИЖНЕГО И СРЕДНЕГО ВОСТОКА

В обращении к народу с традиционным ежегодным посланием, где подводятся итоги первых пяти лет независимости. Президент РК Н. Назарбаев подчеркнул: "Без международного признания, гарантий границ со стороны мирового сообщества любые рассуждения о становлении государственности, суверенитете, экономических реформах, развитии социальной сферы оставались бы пустым звуком" [1].

Для того чтобы утвердить Казахстан независимым государством, иметь возможность сконцентрироваться на внутренних проблемах, требовалось найти свое место в мире, стать страной, признанной всем мировым сообществом [2].

Показателем укрепления государственности и его международного авторитета является то, что Республику Казахстан признали 117 государств мира, со 105 из них установлены дипломатические отношения. В Казахстане открыты более 40 посольств зарубежных стран и 16 представительств международных организаций. Более чем в 40 странах мира Казахстан открыл свои дипломатические представительства, стал полноправным членом ООН, ОБСЕ и многих других международных организаций, участником важнейших международных конвенций, договоров [3]. РК выступает инициатором многих интеграционных процессов, а также международного экономического сотрудничества. Актуальность проблемы обуславливается новым геополитическим положением Республики Казахстан. Лишь после обретения Казахстаном государственной независимости начались реформы во всех сферах общественно-политической жизни страны, самостоятельная внешняя политика, также признание его мировым сообществом. Приоритетами нашей дипломатии остаются углубление и расширение дружественных и взаимовыгодных отношений с ближайшими соседями – государствами Центральной Азии. Мы намерены активно расширять сотрудничество с другими азиатскими странами и государствами исламского мира.

**Казахстан и Ближний Восток.** Характерной чертой казахстанской дипломатии является приверженность концепции многополярного мира и консолидации двусторонних отношений с различными странами. Казахстан, в рамках своей многовекторной политики, нацелен на сотрудничество как с Западом, так и с Востоком. Так, по мнению президента РК Н. Назарбаева, «Казахстан в силу своего геополитического положения и экономического потенциала не вправе замыкаться на узко региональных

проблемах... Будущее Казахстана и в Азии, и в Европе, и на Востоке, и на Западе» [1]. Поэтому Казахстан, будучи, прежде всего, азиатским государством, в рамках своей внешнеполитической концепции должно внимание уделяет и вынужден уделять выстраиванию своих отношений не только со странами Запада, но и со странами Азии – как двусторонних, так и в рамках международных, региональных организаций. Казахстан установил и поддерживает отношения со многими государствами «мусульманского мира» - Турцией, Ираном, Пакистаном, Египтом, странами Ближнего Востока, и т.д.

На Среднем Востоке одной из главных задач Казахстана является «экономическое сотрудничество со странами региона и поиск путей оптимального вхождения в системы региональной интеграции».

Взаимоотношения Казахстана с арабскими государствами Ближнего Востока пока еще на пороге своего становления. Кроме состоявшегося в феврале 1993 г. визита Президента РК Н.А. Назарбаева в Арабскую республику Египет и подписания с ним Договора об основах взаимоотношений никаких иных серьезных достижений в активе казахстанской дипломатии на ближневосточном направлении пока не имеется. Следует признать, что и многие достигнутые казахстанско-египетские договоренности оказались по тем или иным причинам нереализованными.

Очевидно, что среди причин слабых контактов с арабскими государствами следует признать не только географическую удаленность, но и исламский фактор, арабо-израильский конфликт. К этому можно добавить запутанность взаимоотношений в самом арабском мире и между рядом государств Ближнего и Среднего Востока, например, между Саудовской Аравией и Ираном, разное отношение арабских государств к ирано-иракскому конфликту и к ситуации в Афганистане. Состоявшийся в апреле 1994 г. визит министра иностранных дел РК К. Саудабаева в Саудовскую Аравию и ответный визит главы внешнеполитического ведомства Саудовской Аравии, а осенью - официальный визит в Эр-Рияд президента Н.А. Назарбаева - могут стать прорывом казахстанской дипломатии на Ближний Восток. Развитие отношений Казахстана с арабскими государствами, особенно с такими богатыми из них как Саудовская Аравия, может способствовать привлечению инвестиций и кредитов, столь необходимых для развития казахстанской экономики. Немаловажно и использование опыта арабских нефтедобывающих государств и компаний. Росту казахстанской экономики, безусловно, будет способствовать и развитие торгово-экономических связей с государствами Ближнего Востока. Многие из них заинтересованы в импорте пшеницы, мяса, риса, различных полезных ископаемых и металлов. В свою очередь, арабские государства могут поставлять в Казахстан немало относительно дешевой,

но доброкачественной продукции. Однако, чтобы запустить двигатель казахстанско-арабских отношений на полную мощность, Казахстану следует определиться по целому кругу весьма чувствительных для арабского мира проблем, связанных с весьма сложной ситуацией в этом регионе, с отношением к исламу и к Организации Исламская Конференция. Казахстану придется каким-то образом сбалансировать свои отношения с западным миром и государствами Среднего Востока, чтобы иметь хорошие отношения с арабскими государствами. Это достаточно крепкий орешек, который будет не так просто расколоть казахстанской дипломатии.

Казахстан и Турция имеют немало общих корней: географических - они расположены на стыке Европы и Азии, и этнографических – казахский и турецкий народы родственны по происхождению и языку, по культурным традициям. Казахстанско-турецкие отношения развиваются достаточно динамично, происходит углубление и расширение двустороннего сотрудничества в политической, экономической и культурно-гуманитарной сферах. Успешно реализуется турецкий кредит, уже функционирует Международный казахстанско-турецкий университет им. Яссави реставрируется турецкими мастерами.

Начало казахстанско-турецким отношениям положил состоявшийся 15 марта 1991 г. визит Президента Турции Тургута Озала в Алматы. Тогда было подписано Соглашение о сотрудничестве между КССР и Турецкой республикой, в котором было выражено стремление народов, имеющих общность культур, языка, духовного наследия и традиций, к дальнейшему расширению и углублению взаимовыгодного сотрудничества на долгосрочной основе в политической, торгово-экономической, научно-технической, экологической, культурной, гуманитарной, информационной и других сферах. В период с 25 по 29 сентября 1991 г. состоялся визит официальной государственной делегации Казахстана в Турецкую Республику. В ходе визита был подписан ряд важнейших документов: декларация о принципах и целях взаимоотношений, меморандум о взаимных договоренностях, соглашения в области транспорта и телекоммуникаций, о торговле, экономическом и научно-техническом сотрудничестве между Казахстаном и Турцией.

Второй официальный визит Президента Турецкой республики в Республику Казахстан в апреле 1993 года дал новый импульс развитию сотрудничества между Казахстаном и Турцией. Турция является давним партнером Казахстана, а позиции двух стран совпадают по широкому спектру вопросов. Как известно, основы отношений между Турцией и Казахстаном были заложены еще в конце 1990 года, на сегодняшний день подписано около 50 соглашений на различных уровнях. Нельзя не отметить, что Турция прилагала активные усилия по интеграции Казахстана в

международное сообщество. Турция является одним из крупнейших торговых партнеров Казахстана. Тем не менее, правительствами обеих стран было предложено увеличить масштабы сотрудничества. Так, в соответствии с Программой развития торгово-экономических отношений между Республикой Казахстан и Турецкой Республикой на 1998-2007 гг. было предложено увеличить объем внешней торговли до 1 млрд долларов США. Несмотря на тот факт, что Турция активно использует фактор языковой, религиозной, этнической близости с РК, все же, отношения Казахстана с Турцией не строятся на основе пантюркизма. Более того, нельзя говорить и о том, что турецкий вектор стал полностью доминировать во внешнеполитической стратегии Казахстана. В целом, между странами отсутствуют серьезные разногласия, а по многим международным вопросам существует совпадение взглядов.

Иран как региональная держава, за последнее время приобретающая все больший политический вес в мире и оказывающая значительное влияние на международные отношения, имеет долгосрочные интересы в Казахстане и Центральной Азии в целом.

Для Казахстана большое значение приобретает решение «каспийского вопроса», проблемы создания транспортных коммуникационных коридоров, транспортировки казахстанских углеводородов, что уже изначально предполагает участие Ирана в выработке решений по данным проблемам. Поэтому для Казахстана, как страны, не имеющей выходов к морским артериям, реализация данных планов предполагает тесное сотрудничество с Ираном. Другой важный аспект углубления сотрудничества с Ираном связан с необходимостью разрешения вопросов региональной безопасности, терроризма и религиозного экстремизма, нелегального трафика наркотиков, что напрямую связано с необходимостью урегулирования конфликта в Афганистане.

В целом, Казахстан позитивно оценивает состояние двусторонних отношений и политических контактов по вопросам региональной безопасности. Необходимо отметить, что на сегодняшний день между Казахстаном и Ираном подписано около 40 различных соглашений и договоров, охватывающих практически все сферы торгово-экономического сотрудничества и транспорта. Однако, экономическое сотрудничество не полностью использует имеющийся потенциал, что во многом связано с необходимостью урегулирования «каспийской проблемы» и выбором путей транспортировки казахстанской нефти.

Как известно, в вопросе урегулирования правового статуса Каспийского моря подходы Казахстана, России, Азербайджана, с одной стороны, и Ирана - с другой, несколько разнятся. Тем не менее, различие в подходах стран не должно служить препятствием для дальнейшего полномас-

штабного сотрудничества во всех сферах. Так, в частности, Казахстан сегодня склоняется в пользу того, что один из магистральных трубопроводов для транспортировки казахстанской нефти, может проходить через территорию Ирана.

В целом, рассматривая Тегеран как важного торгово-экономического партнера, Казахстан стремится к активизации политического диалога с Ираном по актуальным региональным проблемам.

В Пакистане Казахстан видит своего важного партнера в Азии, что вызвано не только географическим положением и экономическим потенциалом этой страны, но и степенью его влияния на политические процессы в регионе. Со своей стороны, Пакистан, преследуя цель экономического развития и привлечения иностранных инвестиций, повышения своего влияния в мусульманском мире, стремится использовать экономический, технический потенциал Казахстана (как существующий, так и перспективный).

В своем сотрудничестве с Пакистаном Казахстан исходит из необходимости урегулирования «афганской проблемы», которая на сегодняшний день является тормозом не только на пути установления региональной стабильности, но и экономического сотрудничества всех государств региона. Так, например, в условиях стабильности в Афганистане Пакистан также сможет использовать возможности от прокладки нефте- и газопроводов из Казахстана и Туркменистана через Пакистан к нефтяным терминалам в Индийском океане.

Позиции двух стран совпадают по вопросам необходимости усиления регионального сотрудничества в рамках СВМДА, ОЭС, взаимодействия с региональными объединениями АТР.

Регион Ближнего Востока, играющий особую роль в системе международных отношений в мире, занимает важное место и во внешнеполитическом направлении Казахстана. Особенности экономического развития стран региона, в основе которого лежит развитие преимущественно нефтяного сектора, высокая роль религиозного (исламского) и этнического факторов - все это приводит к тому, что линия водораздела между странами региона проходит по осям: «противник Запада и США - союзник Запада и США», «шииты-сунниты», «арабы-израильтяне».

Поэтому специфика проведения внешней политики РК в данном регионе осложняется необходимостью учета данных особенностей, что ярко проявляется в вопросе параллельного развития отношений Казахстана со странами арабского мира и Израилем.

При проведении внешнеполитического курса на Ближнем Востоке Казахстан исходит из необходимости развития экономических отношений и двустороннего сотрудничества. Из стран региона Казахстан в большей

степени осуществляет торгово-экономическое сотрудничество с Египтом, Саудовской Аравией, одними из наиболее влиятельных и развитых государств Ближнего Востока. Однако, масштабы сотрудничества с данными странами остаются пока не полностью реализованными, хотя значительное ускорение этому придало вступление Казахстана в 1995 году в Организацию Исламская Конференция. В целом, на сегодняшний день контакты в основном осуществляются в гуманитарной и культурной сферах, хотя созданы благоприятные возможности для развития всего спектра отношений. В вопросе ближневосточного урегулирования Казахстан исходит из того, что «необходимо согласие израильтян и арабов хотя бы на временный компромисс на тот период, который потребуется для урегулирования других вопросов арабо-израильского противостояния. Суть компромисса в том, чтобы обе стороны согласились бы объявить Иерусалим мировым городом. Такой статус города означал бы, что он мог бы находиться под управлением ООН, другой международной организации или специально созданного для этих целей международного органа».

Сотрудничество с государствами Среднего Востока в рамках Организации экономического сотрудничества (ОЭС) открывает для Казахстана большие возможности для развития и вхождения в мировое сообщество. Для внутриконтинентальных, не имеющих выхода к морям центрально-азиатских государств, оно имеет поистине стратегическое значение, открывая перспективу транспортировки своих грузов к портам Индийского океана и Персидского залива. ОЭС рассматривается в Казахстане не как альтернатива, а как дополнение СНГ. Это организация ассоциативного типа, важнейшим предназначением которой является всемерное содействие экономическому и социальному прогрессу всех ее участников.

Таким образом, внешняя политика Казахстана, основываясь на необходимости соблюдения национальных интересов и интересов национальной безопасности, интеграции в мировое сообщество, направлена на развитие партнерских и взаимовыгодных отношений со всеми странами мира и международными организациями. В условиях взаимозависимости вопросов политических и экономических, «проведение внешней политики... и экономического сотрудничества с зарубежными странами - это два взаимодополняющих курса, и проводиться они должны параллельно». Опыт сотрудничества Казахстана со странами «мусульманского мира» убедительно доказывает данный постулат.

\*\*\*

1. Назарбаев Н. А.. Казахстан - 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана// Вечерний Алматы. - 1997. – 13 окт.
2. Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. - Алматы: Казахстан, 1996. - С. 569-570.



3. Выступление Президента Н. Назарбаева на расширенном заседании Коллегии МИД РК. 14 сентября 1998 г.// Дипломатия жаршысы. Спецвыпуск. 1998. - октябрь. - С. 5.

4. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. Астана: "Елорда", 2001. - С. 41.

5. Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. Сборник статей под редакцией К. К. Токаева. Подготовлено МИД Республики Казахстан. М.: Русский Раритет, 1998. - С. 37.

\*\*\*

Бұл мақалада автор Қазақстанның Таяу және Орта Шығыс елдерімен дипломатиялық, саяси-экономикалық байланыстарының даму эволюциясын қарастырады. Қазақстанның сыртқы саясатындағы мұсылман елдерінің алатын орны мен болашағы туралы сараптамалық талдау жасайды.

\*\*\*

This article deals with the dynamic evolution of diplomatic, political and economic relationships of Kazakhstan with the Middle East countries. The author has analyzed the Muslim countries roles and perspectives in the foreign policy of Kazakhstan.

### **Б.М. Кыдырбаев**

#### **ВКЛАД КОРЕЙСКИХ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКИХ КОЛХОЗОВ В РАЗВИТИИ ОВОЦНЫХ И БАХЧЕВЫХ КУЛЬТУР В КАЗАХСТАНЕ**

Перед первой мировой войной (1913 г.) бахчевые культуры в Казахстане занимали площадь 19,5 тыс. га. После социалистической реконструкции сельского хозяйства и в годы первых пятилеток площадь под этими культурами увеличилась до 35-40 тыс. га. В годы Великой Отечественной войны они резко уменьшились и в 1944 г. составляли только 15,4 тыс. га.

С восстановлением народного хозяйства в послевоенное время в республике начался рост посевных площадей под бахчевыми культурами. В последние годы бахчевые культуры в больших размерах начали возделываться и в совхозах Казахстана. В 1956 г. совхозами республики было посеяно 8989 га, а в 1960 г. площадь под ними намечалось довести до 12 200 га.

В то время в колхозах, совхозах и подсобных хозяйствах республики бахчевые культура занимали уже свыше 50 тыс. га. Усилился рост заготовок и закупок этих культур. Особенно значительно возросли они в Алма-Атинской, Кзыл-Ординской, Талды-Курганской и Джамбулской областях. Хотя за последнее время посевные площади под бахчевыми культурами несколько увеличились, но урожайность их все еще остается пока низкой. Достаточно сказать, что средняя урожайность по республике колеблется по годам от 23 до 36 ц/га. Более высокие урожаи бахчевых культур получали в Алма-Атинской и Джамбулской областях (свыше 50-

60 ц/га). В остальных же областях урожаи сильно колебались. Во многих районах даже южных областях урожаи бахчевых культур были низкие. Только отдельные районы и колхозы выделяются повышенной урожайностью, например, пригородные колхозы Алма-Атинской области [1].

В благоприятные по климатическим условиям годы (1949-50) средний урожай бахчевых культур в колхозах Алма-Атинской пригородной зоны был получен 135-146 ц с гектара. В передовых же хозяйствах собирали еще более высокий урожай. Колхоз «Рассвет», Илийского района, Алма-Атинской области, ежегодно получали урожаи бахчевых культур на площади 100 га по 150—200 ц с гектара. Но средний урожай, получаемый в каждой области, нельзя считать удовлетворительным. Основные причины низких урожаев бахчевых культур, сводились к следующему.

1. Статистические данные не отражают фактической урожайности. Известно, что бахчевые культуры очень часто используются как лакомство. Не считается нарушением, если полеводческие бригады берут с бахчи арбузы и дыни для общественного питания без учета. Такой порядок использования продукции вело к неправильному учету урожая.

2. Как правило, арбузы и дыни не возделывались в полях севооборота. Поэтому под них не использовались лучшие предшественники, а при бессменной культуре имело место распространение заразики, увядания и других болезней.

3. Сеяли бахчевые в некоторых хозяйствах, как правило, по весновспашке, а не по зяби, которая дает положительные результаты.

4. Большая часть посевов бахчевых производилось еще вручную рядовым способом.

5. Минеральные удобрения под эти культуры мало применяются.

6. В районах орошаемого бахчеводства производится недостаточное количество поливов.

7. Культивируют междурядья за вегетационный период мало, всего лишь один и редко два раза.

8. Слабо применялось механизация.

9. Не было налажено семеноводство. В связи с этим очень часто в хозяйствах сеяли завозными семенами, не приспособленными к местным условиям.

10. В ограниченных размерах проводилось борьба с болезнями и вредителями.

11. Недостаточно разработаны научные основы агротехники бахчевых культур применительно к конкретным условиям.

12. Отсутствовало концентрация посевов крупными массивами в районах товарного бахчеводства.

13. Мало еще уделялось внимания бахчеводству со стороны местных партийных, советских и сельскохозяйственных органов.

Казахская ССР имело все возможности для развития бахчеводства. Географическое положение, исключительно благоприятные природные и экономические условия Кызыл-Ординской области давало возможность превратить ее в один из центров по производству дынь всесоюзного и даже мирового значения [2]. В процессе селекционной работы Алма-Атинская овоще-картофельная опытная станция вывела ранний сорт дыни Алма-Атинская ранняя 46, которая прошла государственное сортоиспытание. Кроме того, станция вывела два сорта тыквы (Дунганская 6 и Мозолеевская 10), районированные во многих областях Казахской ССР. Кроме поливных земель и богарных, в Казахстане имеется много сухих степей и песчаных полупустынь, которые занимают огромные территории (около 40 млн га). Хотя количество тепла и света здесь вполне достаточное, но острый дефицит влаги в почве является основным фактором, лимитирующим возможности произрастания сельскохозяйственных культур в этих условиях. Препятствием для развития растениеводства здесь являются также и суровые климатические условия с жарой, достигающей 42°, с сильными ветрами, нередко переходящими в суховеи. Относительная влажность воздуха в дневные часы летом падает до 10%. Количество выпадающих осадков в среднем составляет 150 мм в год (65-280 мм), а испаряемость очень высокая - в несколько раз превышает выпадающие осадки.

Особое значение приобретает возделывание столовых и кормовых арбузов. Возможность выращивания арбузов в полупустынях основывается на их мощной корневой системе и большой сосущей силе корней, позволяющей им находить влагу, а почве при минимальном ее содержании. Данные наших измерений корневой системы арбузов, выращенных на богаре и при орошении, показали, что корневая система арбузов на богаре в несколько раз превышает по мощности (толщине и длине корней) корневую систему поливных арбузов [3]. По данным сортоиспытания и изучения коллекции на Приаральской опытной станции ВИР, средний урожай столовых арбузов на богаре с 1934 по 1956 г. Составлял от 65 до 159 ц/га и только в 1939 г. при норме осадков 139 мм урожай был получен 30 ц/га.

По данным Приаральской опытной станции, в 1939 г. урожай арбузов по сорго – куливному пару был почти в два раза выше (100-135 ц/га), чем по целине (58-75 ц/га). Почва промокала на полях с кулисами из сорго до 2 м. Кроме того, в качестве кулис использовалась стерня пшеницы (1941 г.). С высотой стеблей 55-60 см, промокание на этом участке доходило до 40 см. На участке без снегозадержания почва промокала лишь на 25 см.

Естественно, что даже при обилии влаги на такой глубине теплой весной она быстро испарялось [4]. Первые разведывательные посевы бахчевых культур, проведенные в 1937 г., и дальнейшие работы с этими культурами позволили установить возможность произрастания в условиях Северного Прибалхашья арбузов и дынь.

Важными условиями получения высоких урожаев бахчевых культур являлось правильный подбор сортов, удобрений, площадей питания и поливы. Балхашским опытным полем было испытано около 500 образцов бахчевых культур. В результате сортоиспытания арбузов установлено, что некоторые сорта их дают сравнительно высокие урожаи и обладают высокими вкусовыми качествами. С 13 по 19 января 1938 г. проходил первый Пленум Комиссии по бахчеводству Академии с.-х. наук им. В. И. Ленина. На Пленуме присутствовало, около 70 делегатов от различных республик Советского Союза и было заслушано свыше 20 докладов, охватывающих все разделы бахчеводства. Планирование, агротехника, селекция и семеноводство, переработка, защита от вредителей и болезней, роль бахчевых культур в животноводстве, значение трансплантации в бахчевых культурах, транспортировка продукции, а также специальный вопрос об удлинении периода потребления бахчевой продукции [5].

По указанию председателя Совнаркома товарища В.М. Молотова НКЗ СССР издал 8 мая 1937 г. приказ о мероприятиях по развитию бахчевых культур. В этом приказе еще далеко не все необходимое для бахчеводства получило отражение, а особенно вопросы подготовки кадров. Огромнейшим препятствием на пути дальнейшего развития бахчеводства служило отсутствие единых руководящих центров по бахчеводству в стране как в области оперативно-хозяйственных работ, так и по линии научно-исследовательской.

Организация комиссии по бахчеводству при Президиуме Академии с.-х. наук им. В.И. Ленина являлось крупным шагом вперед, ибо эта комиссия должна стать центром по бахчеводству в области научной и вести консультацию в области производственной работы. Очередной задачей совещания явилось укрепление и дальнейшее развитие бахчеводства, улучшение оперативного руководства в научном и производственном отношении, а также подготовка высококвалифицированных кадров по бахчевым культурам [6].

Бахчеводство для Казахстана имело очень большое значение. Во-первых, бахчевая продукция потреблялась в огромном количестве в свежем виде коренным населением. Благодаря тому, что в Казахстане имелось сорта дынь, которые хранятся в течение всей зимы, потребление бахчевых растянуто на целый год. Дыни в большом количестве вялятся и в таком виде легко сохраняются. Особенно много вялят дынь в районах,

удаленных от железных дорог. Отдельные, высушенные на солнце, кругообразно нарезанные ломтики дыни сплетаются в косы, и дыня в таком виде может транспортироваться на любое расстояние. Из дынь готовят также мед-бекмес. Из семян бахчевых добывают масло высокого качества. Отходы использовались на корм скоту.

Урожайи бахчевых в Казахстане в большинстве случаев были невелики: арбузы 98,1 ц, дыни 72,9 ц, тыквы 113,4 ц с гектара (по данным 1928 г.). Такая урожайность чрезвычайно низка по сравнению с тем, чего в то время достигли отдельные передовые колхозы. Например, в колхозе «Горный гигант» Алма-Атинского района Американский белый арбуз давали урожай в 400 ц с гектара; в колхозе «Луч Востока» того же района местные арбузы давали по 300 ц с гектар; а тыква Мозолеевская - 387 ц с гектара и т. д. [7].

В Казахской ССР бахчеводство наиболее развито в Южно-Казахстанской и Восточно-Казахстанской области. В Восточно-Казахстанской области возделывались преимущественно арбузы. По проекту плана на 3-ю пятилетку в этой области намечалось бахчевых 8 тыс. га. Здесь были превосходные местные сорта арбузов. В Южно-Казахстанской области бахчевых около 9 тыс. га. Здесь преобладала культура дынь: удельный вес их примерно 90-95% от всех бахчевых. От 5 до 10% приходилось на арбузы. Тыквы разводилось в размере около 1%, чаще всего на индивидуальных бахчах и на приусадебных участках колхозников.

Дыни Южного Казахстана в большом количестве вывозились в различные города. Так, например, если взять 3 района - Кзыл-Ордынский, Казалинский и Яны-Курганский, то они не менее чем на 2 млн руб. отправляли ежегодно продукции за пределы Казахстана. Из Кзыл-Орды вся товарная продукция отправлялась в Ленинград, из Казалинского района продукция шла в Алма-Ата, Казань, Омск, Чкалов, Челябинск, Дальневосточный край. Дыни Южного Казахстана исключительны по качеству и на мировом рынке конкурентов не имело. Это объяснялось комплексом естественно-исторических условий района и особенностями местных сортов, которые могут стать еще лучше, если ими заняться. Хотя бахчеводство не было развито здесь в полном соответствии с теми возможностями, которые имели, но, по сравнению с овощными культурами, бахчевые занимало площадь во много раз больше. Если в Кзыл-Орде имелось в 1937 г. 1000 га дынь, то овощей всего 100 га, а картофеля 55 га. [8].

При соблюдении агротехники и незначительных затратах труда арбузы являются высокоурожайной и очень доходной культурой. Колхоз имени Джамбула Семипалатинской области собрало по 200-250 ц арбузов с 1 га. Бахчевод этого колхоза Н. Чумаченко на каждом гектаре вырастил в 1953 г. по 328 ц арбузов сорта Семипалатинский красносемянник. Кол-

хоз в 1952 г. от продажи арбузов выручил около 200 тыс. рублей, а в 1953 г., около 500 тыс. руб. [9].

Юго-восточные области значительно отличались как от северной зоны, так и от юго-западных областей. По почвенно-климатическим условиям, составу и способам возделывания бахчевых культур юго-восточные районы занимают промежуточное положение между ними. Бахчеводство в Алма-Атинской области переходное от европейско-азиатского степного типа к среднеазиатскому. Продукция бахчевых культур шла для местного потребления и обеспечения населения Алма-Аты. Основным производителем бахчевой продукции был Илийский район Алма-Атинской области. Возделывалось здесь главным образом арбузы. Для посева часто использовались залежные земли. Почвы сероземного типа, суглинистые и супесчаные. По климатическим условиям район относился к зоне полупустынных жарких степей. Осадков выпадало 200-250 мм в год, в основном поздней осенью и ранней весной. Поэтому бахчеводство здесь было поливное. Для выяснения условия получения высоких урожаев бахчевых культур в Алма-Атинской области большую исследовательскую работу провела Алма-Атинская овоще-картофельная опытная станция, как на своих посевах, так и в колхозах. Опыт по изучению предшественников арбузов проводился У. К. Калдыбаевым в колхозах «Луч Востока» и «Первое мая» Илийского района Алма-Атинской области в 1949-1951 гг. По сравнению с посевом на старопахотных землях при посеве по пласту люцерны была получена прибавка урожая арбузов в среднем за 3 года по двум колхозам, равная 208 ц с 1 га. По обороту пласта лучшим предшественником для арбузов оказался картофель [10]. Казахстан являлся крупнейшей базой животноводства на востоке СССР. Для правильного кормления животных требовалось большое количество сочных кормов. Кормовые бахчевые культуры являлись прекрасным сочным кормом для всех видов животных.

При выращивании кормовой свеклы тратилось много труда; кроме этого, в засушливых районах республики она плохо удавалось. Кормовые бахчевые культуры могли давать в этих условиях высокие урожаи. В кормосовхозе «Чекаман» Семипалатинского мясокомбината на площади 5 га получен в 1953 г. урожай кормового арбуза по 520 ц с 1 га. Колхоз имени Карла Маркса Илийского района Алма-Атинской области на площадь 5 га вырастил урожай кормового арбуза по 600 ц с 1 га. Кормовые арбузы скармливаются скоту в свежем виде и в виде силоса. При выращивании картофеля и овоще-бахчевых культур использовался опыт передовиков-мастеров высоких урожаев и рекомендации агробиологической науки.

Лишь в тесном единстве и сплочении всех советских, общественных и

научных сил, при активном участии самых широких масс населения, все препятствия были преодолены и в итоге – бахчевая культура Казахстана была осуществлена.

\*\*\*

1. Бахчеводство Средней Азии. – М. 1959 г., стр 85.
2. Там же... стр 87
3. Там же... стр 102
4. Малюгин Е.А. Сборник. Пустыни СССР и их освоение пустынь, 1954 г. стр 33.
5. Бахчеводство ССР. - М., 1939 г. стр 2
6. Там же... стр 5
7. В. Крылов, Огородничество и бахчеводство в 1928 г. стр 11
8. Бахчеводство ССР. - М. 1939 г., стр 14
9. Бахчеводство – под общей редакцией А. И. Филова. – М. 1959 г., стр 26.
10. Там же... стр 405-406

\*\*\*

Корей халқының қоныс аудару тарихы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Басқа мемлекеттерге қоныс аударған корейліктер көптеген қиындықтар мен ауыртпалықтарға ұшырады. Алайда олар жаңа қоғамда өз орындарын таба білді. Қазіргі кезде корей қауымдастықтары үлгі болатын жағдайға жетті. Ол қауымдастықтардың ішінде Қазақстандағы корей қауымдастығы да бар. Мақалада корей халқының көкөніс және бақша өсімдіктерінің дамыту мәселесі егжей-тегжейлі зерттелген. Үлкен статистикалық материалдар алынды.

\*\*\*

The history of the korean emigration is total hardly more than hundred years. The korean immigrants in all countries were taken out many difficulties and deprivations, have gone through tragedies and discrimination, but have managed to find themselves in a new society. Now we can say that the korean communities are exemplary. It also concerns to Koreans, who violently was moved in Kazakhstan. In this report, arrangement of Koreans, difficulties which they faced are described in detail. The big statistical materials were received.

**А.Н. Мұқанова**

## РЕСЕЙДЕ ШЫҒЫСТАНУ МЕКЕПТЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ: АЛҒАШҚЫ ШАҚЫРТУЛАРМЕН КЕЛГЕНДЕР

Ресейде шығыстану мектептерінің ірге тасы империяның саяси мақсаттарын іске асыру тұрғысынан қолға алынып отырды. Ресей шығыстану мектептерінің негізін қалағандардың әртүрлі ұлттардан құралуына себеп болған факторларға тоқталатын болсақ, XVIII ғасырдың бірінші жарты-

сында Петр I шығыс тілдерін үйретуді ұйымдастыру үшін әр бір туындаған мүмкіншілікті пайдаланды, алдымен орыстарды қытай [1, 194], моңғол [2, 84-96], кейін жапон [3, 163-177; 134-145] тілдеріне оқытуды ұйымдастыруға әрекеттенді. Сонымен қатар Таяу Шығыс саясатын дамыту нәтижесінде Прутсктік жорыққа байланысты түрік, парсы, араб тілдерін және Таяу Шығыс елдері мен халықтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, заңдарын білетін, арнайы адамдарды дайындаудың қажеттілігін сезінді.

Жалпы, I Петр есімімен Ресейдегі шығыстануды тәжірибелік және ғылыми тұрғыдан дамыту бойынша атқарылған бірнеше шаралар байланысты. Қандай да бір елге бағытталған саяси жоспарлары сол елде орналасқан халықтардың тілін, тарихын және мәдениетін игеруге қызығушылығымен анықталды. 1716 ж. I Петрдің бұйрығы бойынша бірінші рет Құранның толық айдармасы басылады, мұны 1647 ж. француз Андрэ Дю Риенің аудармасының негізінде Падуан университетінің докторы Петр Посников орындайды [4, 33-34; 227-239]. Шын мәнісінде, айтып кеткендей аударма француз тілінен орыс тіліне аударылып, патшаның бұйрығымен 1716 ж. Санкт-Петербургте желтоқсан айында жарыққа шықты. Бұл әрекеттен шығыстанулық қызметке жұмылдырылған шетелдік азамат Петр Посниковты көреміз.

Петр I тарапынан алғаш рет шығыстанулық (түркітануға) іске жұмылдырылған түрік істері бойынша кеңесшісі Дмитрий Кантемир (1673-1723), атақты орыс сыншысы Антиоха Кантемирдің әкесі, шығу тегі жағынан өз бастауын Ақсақ Темірден алатын көне татар руының өкілі болса керек [5, 38]. Д. Кантемир (1688-1710) өмірінің 22 жылын Константинопольде, алғашында әкесінің атынан тұтқында (аманатта) болып, кейін елші ретінде тұрақтаған. Д. Кантемир өз заманына тән тамаша білім алған, Константинопольде көне византиялық мектептің дәстүрлерін сақтаған «Патриарш мектебінде» [6] оқып, бойындағы грек-латындық біліммен бірнеше тілдерді игеруі тамаша үйлескен. Өмірбаянынан Д. Кантемирдің өз ана тілінен басқа грек, түрік, араб, парсы деп аталған, жергілікті түрік халықтарының тілінен өзгеше «жоғарғы түрік», латын, итальян, орыс немесе славян, шіркеулік славян тілдерін білген. Мұндағы «фарси» тілін түркітанушы П.А. Фалевтың мақаласы бойынша парсы тілі емес Түркияда парсылар деп атаған түрік-әзірбайжандардың (әдеби осман тілімен бірге) тілі [6, 471] деп түсіндіріледі.

Д. Кантемирдің Осман империясының оған арытқан үмітін іске асыра алмай, өз пайдасының қарсы жаққа қажеттілігін пайдаланып, I Петрдің қолдауымен Ресейге орныққан болатын. I Петр Ресейдің Таяу шығысқа қатысты жоспарларының мүмкіншіліктерін тиімді іске асыру мақсатымен Д. Кантемирдің Түркия тарихы мен исламға қатысты зерттеулерін қолдаған. 1716 ж. күзінде Д. Кантемирдің латын тілінде жазылған «Осман импе-



риясының жоғары дәрежеге жетуі және құлауы» еңбегі аяқталды, мұнда, алғаш рет империяның саяси және әскер жағдайы жүйелі түрде баяндалды. Әрине, автордың Осман империясының саяси тарихын жүйелі түрде жазуға, қажетті ақпараттың болуы, оның бұл империяға тікелей қызмет еткен жылдарында жиналуымен қиыншылық туғызбады. Сондай-ақ, еңбек 1734-1735 ж. ағылшын, 1756 ж. осы тілде 2-рет басылып, 1743 ж. бұл тілден француз, 1745 ж. неміс, 1872 ж. румын тілдеріне [5, 38] аударылып, авторға өшпес ғылыми даңқ қалдырды.

1720 ж. Д. Кантемир латын тілінде өзінің жаңа «Түркия империясының жағдайы және діни жүйесі» еңбегін жазып, қолжазбадан орыс тіліне Мәскеудің славян-грек-латын академиясының түлегі, Д. Кантемир отбасы мұғалімі, әрі оның хатшысы, кейін Петербург Ғылым Академиясының аударушысы И.Ю. Ильинскиймен аударылды; ол бұл еңбекке кітаптың мазмұнына сәйкес «Жүйе кітабы немесе мұхаммедтік діннің жағдайы» [7, 27] атауын берген. I Петрдің бұйрығы бойынша СПб-те 1722 ж. [5, 38] жарық көреді.

Сондай-ақ, Д. Кантемирдің есімімен Ресейде араб әліппесімен жазылатын алғашқы типографияның құрылуы байланысты, мұны 1722 ж. I Петрдің парсы жорығы уақытында, оның бұйрығы бойынша іске асырылды. Д. Кантемир де Ресей шығыстануының ірі тасын қалаған шетел азаматтарының қатарын құрайды. I Петрдің орыс ғылымы алдында жасаған басты қызметі оның идеясы және қамымен Ғылымдар Академиясының құрылуы еді. Шығыстануды ресми түрде пән деп тану үшін, және оны ҒА лайықты түрде көрсету мақсатымен «алғашқы шақыру бойынша келушілердің» қатарында, шығыстану академиктерінен Готлиб (Теофил) – Зигфрид Байер [8] шақырылды. Байерге қандайда бір кафедраны таңдау - еркіне беріліп, ол Ежелгі және Шығыс тілдері кафедрасын таңдап, 1725 ж. 3 желтоқсанында келісім шартқа отырды. Байер өз отаны Берлинде қытай тілін үйреніп бастаған, сондай-ақ, бұл тіл оның өмірінің соңына дейін ең бір жақын ғылыми білімдік пәні болып саналған; кейін Галл(е)да араб тілін үйренген (Соломан Ассади мен Дамаскалық Негриден); Иоан Генрих Михаэлис ефиопия тілін үйренуіне жетекшілік еткен; Гейнекций грек шіркеулік тарихы бойынша жетекшілік еткен. 1717 ж. 11 ақпанында Лейпцигте магистр атағын алып, осы жердегі қалалық кітапханада шығыс қолжазбаларының каталогын құрастырған, осы істі іске асыру жолында сирия тілдерін меңгерген [9, 186]; Петербургке келгеннен соң монғол, маньчжур, тангут (тибет), браминдік (санскрит), және қалмақ тілдерін оқуға кіріскен [5, 219].

Өзінің шығыс тілдеріне деген қызығушылығымен түрік тілін де игерген, сондай-ақ, бұл тілге байланысты мәліметтер қажетті көлемде және жол сілтеуші мамандар Петербургте жеткілікті еді. Түрік тіліне деген қы-

зығушылығының басты себебі, автордың Әбілғазының «Түрік шежіресінен» үзінді аударуы, осы тұрғыдан, Байерді аудару уақыты жағынан ҒА-ғы бірінші түріктанушы ретінде тану керектігі анықталады. Сондай-ақ, Байер есімі Енесей руникалық түрік жазбаларын зерттеумен де байланысты, ол бұл жазуларды Кельт хаты арқылы түсіндіруге әрекеттенгені белгілі [10; 5, 42]. Сонымен қатар Байер орыс-түрік соғыстарына байланысты үкіметтің тапсырмаларында орындаған (1735 ж. орыс-түрік соғысына байланысты неміс тілінде Азовтың тарихи сипаттамасын құрастырған), ғылыми қызметін бағалау тұрғысынан ҒА-ның Конференциясы, оған 1724 ж. 22 қарашасында шығыс тілдері профессоры атағын берген. Дегенмен, көптеген орыс шығыстанушыларының ойынша, ол өзінің ауқымды да, жан-жақты білімі мен еңбек сүйгіштігіне қарамастан, орыс шығыстануының дамуына өз ықпалын маңызды түрде тигізбеген, және өз соңынан оқушылар қалдырмады деп, кінә артылған [5, 43].

1732 ж. қаңтар айында Шетел істері коллегиясының шақыртуымен Петербургке шығыс тілдерінің білгірі Георгий-Якоб Кер [11] келді, осы жылдың наурыз айында келісім шартқа отырып, шарт бойынша Шетел істері коллегиясы жанында араб, парсы, түрік тілдері бойынша аудармашы болып келді, сонымен қатар, орыс жастарын жыл сайын 400 рубль жалақыға оқыту міндетін алды, ал осы тілдерге қандай да бір оқушыны түбегейлі игерткен жағдайында, әрбір шәкірт үшін 100 рубль көлемінде марапатқа ие болатыны қарастырылды. Бірақ құжаттар бойынша бұл марапатты бірде-бір рет алмаған [5, 43]. Кердің оқытушылық қызметінің нәтижесі жан-жақты зерттелген, 1732 ж. маусым айында, оның иелігіне жіберілген 6-оқушының 5-«ориенталдық тілдер» бойынша орыс елшілік қызметінің ведомствосында пайдаланылған. Сондай-ақ оның иелігіне маньчжур тілін оқуға шәкірттер жіберілгені белгілі. Жалпы, Кер өзінің атақты арабтанушы ұстазы Соломон Нергидің (1666-1729) шәкірті ретінде, жан-жақты даярланған, мықты шығыстанушы болды. Әлемдік арабтану тарихына, бірнеше жазуларға күрделі, нәтижелі дешифровка жасауымен енді. Нумизматика саласына тигізген пайдасы, Кунсткамера теңгелер коллекцияларына жүргізген зерттеулерімен белгілі, ол қ.б. кейін, Х.Д. Френ бұл саланы жалғастырғанға дейін Кунсткамера коллекцияларын жүйелі түрде зерттеу жұмыстары тоқтап тұрған. Дегенмен, Кер ҒА шын мәнісіндегі мүшелері құрамында болмаған, бірақ, бұған қарамастан ғылыми өмірдегі қызметін тоқтатпаған; қ.б. алдынан Академиялық конференцияда самарқандық оқымысты Ұлықбектің парсы тіліндегі астрономиялық кестесінің латынға аударылған нұсқасын оқыған [5, 46].

Кердің жұмысқа қабілеті шын мәнісінде таң қаларлықтай болса керек, бұған дәлел оның мұрағатында сақталған ғылыми мұрасы, онда Әбілғазының «Түрік шежіресінің» неміс тіліндегі аудармасы; осы күнге дейін келіп

жетпеген, тимуриттер шығармасының өз қолымен жасаған көшірмесі, яғни Захир ад-дин Бабырдың (1482-1530) «Бабырнамасы» және латын тіліндегі бір бөлігінің аудармасы [5, 46] сақталған. «Бабырнаманы» Кердің тізімі (көшірме) бойынша бастырған *Н.И. Ильминский*: «Бабырнама тізімімен күн сайын жұмыс істеуге бірнеше айын бөлуді шешкен Кер, бұл шығарманың маңыздылығын бағалағаны, бірақ, оның латындық аудармасынан *шағатай* сөйленісін түбегейлі білмегені көрініп тұр. Десе де, көшірменің барлық жерінен Кердің адал ниетпен жұмыс істегені көрініп тұр, кейбір сөздердің аудармасын анықтай алмаған жағдайда жорамалдап жазуы керек болатын; оның шағатай жазуын игермеуі қателердің орын алмауына мүмкіншілік бермеген болар еді» [5, 47] деген. Кейін «Бабырнаманың» түпнұсқалық мәтіні О.И. Сенковскийді қызықтырған. XX ғасырдың екінші жартысында «Бабырнаманың» зерттелуі және басылуы тарихына байланысты түріктанушы Г.Ф. Благованың екі мақаласы көптеген сұрақтардың басын ашуға мүмкіндік берген [12].

Керді замандастары өзінше өзгеше (чудак) деп санаған, ол Ресейді екінші отаны ретінде санап, сол уақыттағы Ресей шығыстануының тәжірибелік және ғылыми міндеттерін түсіну, шешу мақсатында 1733 ж. Шығыс академиясы жобасын құрған, мазмұнында «Ресейде шығыстық ғылым және тілдер академиясын» (жоба мазмұны: 1, 49-53) құрудың қажеттілігі, және де сол айтылғандарды іске асыру жолында не істеу керектігін көрсеткен. Керге дейін, Ресейде өзінің көлемі жағынан кішігірім шығыстанулық білімді ұйымдастыру жобасын Петр I тапсыруымен неміс математигі, әрі философы Г.В. Лейбниц (1646-1716 ж.) құрған, ол Ресейдің ағарту жүйесінің жоғарғы оқу орны бағдарламасына ежелгі еврей және араб тілдерін енгізген [4, 133-139]. «Ресейде шығыстық ғылым және тілдер академиясы» жобасының мазмұны:

«1. Герменевтика және экзегетика тәртіптерімен таныс сауатты, әрі жан-жақты білімді аудармашылар қажет, олар араб, парсы, түрік, татар және басқа да шығыс сөздерінен құралған немесе мағыналары ұқсас сөздерден тұратын мәтіндерді таза, нақты аудару алатын және жеткізе алатын болу керек.

2. Араб, парсы, түрік құжаттарын оқи алатын ғана емес, сонымен қатар сондай дәрежеде, өздері де жаза, толтыра алатын тәжірибелі хат жүргізушілер, каллиграфтар немесе шығыстық хатшылар болу керек.

3. Араб, парсы, түрік тілдерін игерген ғылыми талдау тұрғысынан ойы қалыптасқан, яғни шығыстық елшілермен сөз өнері, жаратылыстанулық, және басқа да ежелгі, жаңашыл пәндер бойынша, оның ішінде тарих, география салаларына байланысты әңгіме өрбіте алатын ауызша аудармашылар немесе шығыс тілдері толмачтары болу керек.

4. Ежелгі тарихты тамаша мәлімдейтін, философиялық тұрғыдан терең

жазылған еңбектерді, яғни шығыстық көне істі өз мәнінде жеткізетін құжаттарды түсіндіріп, жүйелей алатын, энциклопедиялық білімді педагогтар, шығыстық көнені жинаушылар, жалпы асыл қазынаның білгірлері, яғни шығыстық кітапханашылар, архивариустар, елшілік пен нумизматиканың білгірлері, полиглоттар, полигисторлар болу керек.

5. Шығыс тілдерінде жазылған таңдаулы тарихтан Ресей империясы пайдасына қажетті мәліметтерді алып, пайдалана алатын латын-грек-орыс-татар-түрік-парсы-араб тарихшылары, антикварлары, филологтары, сыншылары болу керек.

6. Саясат пен құқық бойынша тәжірибелі, шығыс елшіліктері жанында кеңесші қызметін атқарып жүріп шығыстық және басқа да шығармалардан қажетті ақпараттарды, өз қызығушылықтарында пайдалану тұрғысынан, яғни Ресей империясы иелігіне шығыс халықтарын бағындыру немесе тарту тұрғысынан жеткізетін шығыстық полигисторлар болу керек.

7. Барлық айтылған салаларға оқыта алатын, барлық пәндер бойынша тәжірибелі профессорлар болу керек, бірақ олар аса ауқымды жалақымен қамтамасыз етілуі қажет. Сондай-ақ, даярланған мамандар ішінен мұсылмандарды христиандық сенімге қарататын миссионерлерді тағайындауға болады» [5, 50] деп жазған.

И.Ю. Крачковскийдің ойынша: «Кердің жобасы өз уақыты бойынша шығыстанулық жұмыстарда теория мен тәжірибені синтездеу тұрғысынан сәтті болды, жоба екі ғасырдан кейін жоспарлы түрде біртіндеп іске аса бастады» [13, 37] деген. Кер жобасының іске асуы шыншылдығын немесе Ресей үшін маңыздылығын өз уақытында М.В. Ломоносовтың, мүмкін Кердің ықпалымен «Ориенталдық Академия» жобасымен ұқсастығынан көреміз. Керден кейін шығысты зерттеу тұрғысынан мекеме құру жоспарларын ұсынғандар: И.О. Потоцкий (1803-1804), Ф. Янкович де Мириево (1780 ж. орт.), С.Я. Румовский (1806) және оны қолдаған Х.Д. Френ, С.С. Уваров (1810), О.И. Сенковский (1829) болды.

Ресей шығыстану мектептерінің ғылыми зерттеу орталықтарына айналуының негізін салу жолында шетелдік оқымыстылардың қосқан үлесі ауқымды болды. Ресейге арнайы шақыртуларсыз келгендердің немесе шығу тегі еуропалықтардан бастау алатындардың да саны аз болған жоқ.

\*\*\*

1. Булич С.К. К истории языкознания в России. – СПб.: М. Меркушева, 1905. – 25 с.
2. Веселовский. Сведения об официальном преподавании восточных языков в России. – СПб., 1879.
3. Петрова О.П. Японский язык в России в первой половине XVIII века. (По архивным данным). - НАА, 1965, № 1; Куликова А.М. Начало изучения японского языка в России. – НАА, 1979. – №1.
4. Крачковский И.Ю. Очерки по истории русской арабистики. – М: Изд.: Акаде-

- мии Наук СССР, 1950. – 300 с.; Круминг А.А. Первые русские переводы Корана, выполненные при Петре Великом//Архив русской истории. Вып. 5. -М., 1994. - С. 227-239.
5. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. - Л.: Наука, 1982. - 2-е изд., доп., испр. – 360 с.
6. Бартольд В.В. Сочинения. Т. VIII. - М.: Наука, 1973. - 765 с.
7. Смирнов Н.А. Очерки истории изучения ислама в СССР. -М.: Изд. АН СССР, 1954. -276 с.
8. Готлиб (Теофил). Зигфрид Байер. -1694 ж. 6 қаңтарында Кенигсбергде (Германия) туып, 1738 ж. 10 (21) ақпанында СПб. қ.б., СПб-ке 1726 ж. 17(6) ақпанында келген.
9. Пекарский П.П. Наука и литература в России при Петре Великом. – Т.1-2. – СПб.: Изд-кое т-ва «Общественная польза», 1892.
10. Уйбат өзені аңғарындағы 3,4,5, Тубы ө. аңғарындағы 1,2,3 ескерткіштерін зерттеген.
11. Георгий–Якоб (Георгий-Яковлевич) Кер –1692 ж. Шлейзингенде д.к., 1740 ж. 5 мамырында СПб–те қ.б. Шығыс тілдерін Галл қаласындағы университетте оқыған, 1722 ж. Лейпциг унив–де магистр дәрежесі берілген, СПб–ке келгенге дейін Лейпцигте шығыстанулық тақырыптарға бірнеше еңбектер шығарған.
12. Благова Г.Ф. К вопросу о подлинности текста «Бабур-наме» по керовскому списку //КСИНА. – 1961. – Т. XLIV. – С. 89-105; К истории изучения «Бабур-наме» в России/Тюркологический сборник. К шестидесятилетию А.Н. Кононова. – М., 1966. – С. 168-176.
13. Куликов А.М. Проекты востоковедного образования в России (XVIII- 1-я пол. XIX в.). – НАА. 1970. – №4.; ЖМНП. – 1859. – Ч.102. – Отд. VII.

\*\*\*

Основная цель, автора заключалось описать развитие тюркского языкознания в России XVIII веке; историю формирования учебных заведений с преподаванием тюркских языков, а так же проследить вклад в развитии востоковедения в России с помощью приглашенных зарубежных специалистов.

\*\*\*

The main objective of the author to describe the development of Turkic linguistics, the history of formation of educational institutions with teaching of Turkic languages and to trace the contribution to the development of Oriental studies in Russia by means of the invited foreign experts in XVIII century.

## Ү.Ж. Тоқмамбетова

### I АББАС ШАХ ТҰСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ (1612 жылғы Стамбул бітім шарты негізінде)

Деректік фактілер мен зерттеушілердің пікірлеріне сүйене отырып, қандай да бір елдің тарихын сипаттап қою өте оңай, алайда оны жазу, оқу

процестерін түгел қамтыр болсақ, оны әлдеқайда күрделі әрі қызықты етіп жеткізуімізге болады. Иран тарихындағы ХҮІ ғасырдың соңында билік еткен І Аббас шахтың жүргізген саясатының рөлі жоғары болғандығы жайында сыр шертеді. Міне, осындай саяси жадайдың ерекшелігімен көзге түскен Аббас шахтың билігі оның жасаған халықаралық байланыстары – біздің төменде қарастырғалы отырған тақырыбымыздың өзегі болмақ.

Иранның тарихы туралы қалам тартқан бірнеше авторлар, әсіресе орта ғасырлардан жалғасқан дерек көздері осы елдегі саяси жағдай мен әлеуметтік мәселе жөнінде толыққанды ақпарат бере алады. Иранның орта ғасырлардағы әлеуметтік жағдайы, ішкі-сыртқы саясаты, мәдени тарихын зерттеушілер баршылық. Бұлардың алдыңғы легін кұрайтын авторлар қатарына ресейлік және басқа да шетелдік В.В. Бартольд [1], О.Ф. Акумушкин [2], Н.Д. Миклухо-Маклай [3], И.И. Павлова [4], Ч.А. Стори [5], Ф. Сумер [6] және де тағы басқада есімдерін атасақ. Қазіргі таңда осы мәселе аясында қалам тартып жүрген отандық шығыстанушы ғалымдар М.Қ. Әбусейітованың [7], Н. Атыгаевтың [8], Ғ.Ә. Қамбарбекованың [9] есімдері де аталады. Сонымен қатар аталмыш мәселеде қалам тартқан басқа да, авторлардың еңбектерін мақала барысында назарымызға аламыз. Мәселені қарастырумыздағы біздің мақсатымыз - І Аббас шахтың халықаралық дипломатиядағы орнын анықтау және Стамбул бітім шартының маңызын ашып көрсету.

Ирандағы сефевидтер шахтарының билігі сонау ХҮІ ғасырдың 80 жылдарында-ақ әлсірей бастады. Ауыл шаруашылығы құлдырады, қалалар қаңырап, шаруалар қайыршылық халге түсті, феодалдық рентамен салықтардың өсуі, эпидемиялық аурулардың, ұры-барымташылардың көбеюі – осылардың барлығы көпестік керуен жолдарының қауіпті болуына алып келді. І-ші Тахмасбке шахтың үлкен ұлы ІІ Исмаил шахтың қанды қолынан аман қалып, Мұхаммед Ходабенде ата тағына отырған шағында батыстан Осман империясы шабуылдаса, ал Хорасанға Шайбани әулетінің билеушілері қайта-қайта шабуыл жасады. Шахтың көзі шешек ауруынан соқыр болғандықтан өкімет билігі бәйбішесінің қолында болды. Дегенмен оның уәдесін орындамады сол себепті қызылбастар Шах алдында өлтірілді. Сондай-ақ осман соғысына бет алған Шахтың ұлы Хамза мырзаны да қызылбастар айламен қолға түсіріп өлтірді. Бұл уақытта Шах Мұхаммед Ходабанденің тағы бір ұлы Аббас Хорасанда еді. Шах пен әйелі Хорасан әмірлерінен оны Казвинге жіберуін сұрағанда әмірлер оны орындаудан бас тартты. Әлікұлы Хан Шамлу Аббастың бала кезгі тәрбиешісі мен Муршед Құлихан Аббасты Қазвинге әкеліп, таққа отырғызды. Бұған қарсы Әлікұлиханның Хорасандағы тағына шайбанилік Абдоллаханды шақыртты. Кейін өз ісіне өкінген ол қарсыластарынан тығылып, Герат қорғанына кетуге мәжбүр болды. Сол жақта шайбанилердің қолынан қаза тапты [10,

366]. I Аббас шах – Сефевидтер әулетінің ең азулы патшаларының бірі және Иранның I Исмаил шахтан кейінгі ең беделді патшасы. Сонымен, 1587 ж. таққа 17 жасар I Аббас шах билік басына келеді. Оның жастығын пайдаланып, елді Әлікұлихан басқаруға дәмеленді. Бірақ олардың үміттері ақталмады. I Аббас шах (1587-1629 ж.) көп уақыт өтпей-ақ олардың ықпалынан құтылды [11, 63].

Қазвинге ел күйзеленген кезеңде таққа отырған I Аббас шах шығыс пен батыстан бірдей қысқан екі күшті жауға қарсы тұруға шамасы келмейтінін сезді. Шығысын шайбанилер әулеті (Хорасанның бір бөлігі), батысын (Грузия, Армения, Әзірбайжан, Күрдістан, Керманшах) Осман империясы жаулап алған еді. Түрлі себептермен тек Ардабил қаласы ғана аман қалған болатын. 1578 жылы Осман империясы Сефевидтерге қарсы соғыс ашып, бұл соғыс 1590 жылға дейін созылады. Оның мақсаты Кавказ маңы мен Волга, Каспий сауда жолын басып алу болатын. Ішкі әлеуметтік – экономикалық және саяси жағдайы және де Шығыстан соққы берген шайбанилер сефевидтердің Осман әскерлеріне төтеп беруге ешқандай мүмкіндігі болмады, сол себептен сефевидтер өте қолайсыз Стамбул бітім шартына қол қоюға мәжбүр болады. 1590 ж. 21 наурызда келісілген шарт негізінде сефевидтер Осман империясына Шығыс Грузияны, Шығыс Арменияны, Күрдістанды, Керманшахты, Луристанның Батыс Ирандағы Хоремабад қаласының біраз бөлігін беруге келісім шартқа қол қояды. Осман империясы тарапынан тынымсыз төнген қауіп астананы Қазвин қаласынан Исфahan қаласына көшіруге мәжбүр етті [12, 214].

Сондықтан 1591 жылы I Аббас шах амалсыздан Осман империясымен татуласты. Османдықтармен келісім шартқа қол қойғаннан кейін енді I Аббас шах ендігі күшін шайбанилерге бағыттады, яғни Хорасан үшін тартысқа жақсы дайындық жасады. 1597 жылғы жеңістен кейін Хорасан мен Герат қайтадан Иранның қол астына көшті. Шайбанилермен ымырасыз соғыса жүріп, 1599 жылы «Рәбат пәриан» шайқасында Сефевидтер шайбанилерді біржолата жеңіп, Хорасаннан қуып шықты [13, 24]. Сонымен ел ішінде бытыраңқылық жойылып, бір орталықтан басқарылатын билік күшейді. Осман империясына қарсы жаңа соғысқа дайындық бастаған I Аббас шах еуропалық елдермен саяси байланысты жандандыруға бел шеше кірісті. 1602 ж. Герман елшісі II Рудольф (Какаш и Тектандер) және Испания королі және Португалия королі III Филипп (Гуве) Осман империясына қарсы бірігу үшін байланыс жасауға шақырды. I Аббас шах ағайынды ағылшындар Роберт пен Антони Шерлилерді және Хусейн Әли бекті, Еуропа елдеріне жіберді. Ол 12 мыңдық атқыштар корпусын, 10 мыңдық ғұламдардың атты әскерін құрды. Ғұламдар Кавказ халықтарының, көбінесе грузиндер мен армяндардың жас кезінен ата-анасынан тартып алынып, мұсылмандық рухта әскери тәрбие алғандар болатын [14, 287].

I Аббас оқ дәрімен атылатын қаруларды, артеллерияны соғыс ісіне енгізді. Осындай жастайынан әскери дайындықтан өтетін тұрақты әскермен қатар I Аббас феодалдардың жасақтарын пайдаланды. Жалпы I Аббас шахтың қол астында 120 мыңдық жақсы қаруланған әскер болды. 1603 ж. I Аббас шах Осман империясына қарсы соғысты, бұл соғысқа барлық әулет біріге отырып қатысқан болатын. Осының нәтижесінде 1603 ж. Табриз алынды. Бұл кез сефевидтер үшін ең жеңісті кезең болып табылды [15, 64-65].

1609 жылы Ревшанды алу үшін қайта шабуыл ұйымдастырды. Осман империясының қолбасшысы Мұрат Табризді бес күнде алады, қайта Ванға оралады. Сефевидтер бұл жолы барлық амал әрекеттерді қолданып Табризді қайта алады. Ұзаққа созылған соғыстан сефевидтер әулеті біршама жетістіктерге жетті. Бұл соғыс 10 жылға созылды [16,124].

Екі жақтағы соғыс тоқтатылды. Осындай екі ел арасындағы үлкен тартыстың нәтижесінде:

Біріншіден, ұзақ уақытқа созылған соғыс көптеген шығын, қаржы тапшылығына әкелді; Екіншіден, үздіксіз жалғасқан соғыс әскерлерді қажытты; Үшіншіден, әскерлер арасындағы ұйымшылдықтың болмауы, соғыстың шиеленсуі ұзаққа созылып кетті, сондай-ақ ұзаққа созылған соғыс екі жаққа да пайда әкелмеді; Осындай шиеленісті жағдайдан кейін екі ел арасында екі жаққа да тиімді тарихи оқиғаның болуы шарт еді. Аталмыш жағдайдағы мәселені қалыпқа келтірген Стамбул бітім шартты болды. Мәселеге тереңірек оралатын болсақ, 1612 жылдың күзінде қысқа уақытта әскер жиып, Осман империясын ойсырата жеңіп, I Аббас шах Стамбул келісім шарт негізінде 1590 жылы алынған жерлер түгелдей дерлік қайтарып алды. Соңында екі жақ 1613 жылы Стамбулда екінші бейбітшілік келісімнің негізінде I Аббас шах уысынан шығарып алған аймақтарын қайтарып алу мүмкіндігіне ие болады. Нәтижесінде, I Аббас шах пен Осман империясының арасында жүргізілген Стамбул бітім шарты бірнеше жылға созылып келген шиеленісті қалыпына келтіруге ықпал еткен бейбітшілік бітімнің кілті болғандығын көреміз. Бұдан басқа 1618 жылы екі жақты «Ереван бейбіт келісіміне» де қол жеткізді [17, 215].

Стамбул бітім шартынан кейін ол елді бір орталыққа бағындыру мақсатында Иранның ішкі және сыртқы жағдайын қалпына келтіруге көшті. Бұны I Аббас шахтың елдің ішкі жағдайын шешу мақсатында парсы шығанағындағы 1622 ж. португалдықтарды Хурмуз (Ормуз) өткелінен ағылшындардың көмегімен қуып шығу әрекетінен көрумізге болады. Дегенмен, ағылшын тарпынан берілген көмек тегін болған жоқ. I Аббас шах ағылшынның Вест-Индия компаниясына өз елінде салықсыз сауда жүргізуге рұқсат берді [18, 170]. Нәтижеде бірте-бірте Исфаһанда және Иранның басқа қалаларында ағылшын кеңселері мен сауда үйлері ашыла баста-



ды. Шетелдіктердің Иран жеріне көптеп келуінің ирандықтар үшін зиянды жақтары да болды. Бірақ дегенмен де сауда саттықты жандандыруға әсерін тигізген шетелдіктер ирандық жібек пен кілемдерінің Еуропа елдерінде сатылуына жол ашып берді. Біздің ойымызша, XVI ғ. аяғы XVII ғ. басы Иран экономикасының едәуір өркендеу кезеңі болғандығын көрсетеді. Иран Португалиямен, Ресеймен, Голландиямен, Англиямен, Қытаймен, Индиямен, Үндіқытаймен сауданы жасап, оларға өз тауарларын сатып, орнына олардың өздерінде жоқ өнімдерді сатып алып, екі жақтама сауда саттық, байланыс арта түсті [19, 119]. Демек, бірнеше жылға созылған Сефевидтер мен Осман империясы арасындағы шиеленістер I Аббас шах тұсында шешімін тауып Иранның халықаралық аренадағы беделін арттырды. Осы тұстан I Аббас шахтың елді бір орталыққа бағындырушы және халықаралық дипломат болғандығын атап көрсетумізге болады.

Сефевидтер әулетінің ең танымал патшасы I Аббас шах тұсында Иран елі экономикалық тұрғыдан дамуыдың шырқау шегіне жетті. I Аббас шах мықты саясаткер ретінде елдің ішкі саудасының дамуына көп көңіл бөлді. Сауда керуендеріне арнап қонақүйлер, мейманханалар, шайханалар, жаңа жолдар салынды. Сонымен қатар ауыз сумен қамтамасыз етуге көңіл бөліп, керуен жолдарын қорғауды мықтап қолға алды. Исфahan қаласы I Аббас шахтың тұсында 500 мың тұрғыны бар үлкен қалаға айналды. Көптеген зәулім мешіттер мен сарайлар, тас көпірлер тағы басқа сәулетті құрылыстар астананың көркіне айналып [20, 69], I Аббас шахтың үлесімен бір орталықтанған мемлекет қана емес, сонымен қатар сыртқы саясаты жетілген және мәдени орталықтың ошағы болды. Сонымен, жоғарыдағы ойымызды тұжырымдай келе, жасалған келісімдер нәтижесінде I Аббас шах уысыннан шығарып алған жерлерін қайтарып алды дегенмен бұл Иран елі үшін және де көршілес елдер үшін үлкен сабақ болды деуге болады. Сонымен бірге I Аббас шах тұсында жасалған халықаралық дипломатия негізінде елдің ішкі-сыртқы жағдайын қалыпқа келтірді. Халықаралық байланыстар жасай отырып Аббас шах елді бір орталықтанған жүйеге бағындырды. Нәтижесінде, халықтың хал-ахуалы мен жалпы жағдай біршама орнықты. Сыртқы байланыстардың арту нәтижесінде елдің экономикасы едәуір өркендеді. Португалиямен, Ресеймен, Голландиямен, Англиямен, Қытаймен, Индиямен, Үндіқытаймен елдерімен сауданы жасап, оларға өз тауарларын сатып, орнына олардың өздерінде жоқ өнімдерді сатып алып, екі жақтама сауда саттық, байланыс арта түсті. Бұдан көретініміздей, **біріншіден**, I Аббас шах XVI ғ. соңында Иран тарихындағы халықаралық дипломатияны белсенді ұстана отырып, елді бір орталыққа бағындыра алды деген тұжырымға келсек, **екіншіден**, мәселемізде назар аударып өткен Стамбул бітім шартының аталмыш кезеңдегі екі ел ара-

сындағы шиеленісті шешуге ғана емес, сондай ақ Сефевидтер әулетіне тиесілі жерді түгел қайтарып алуға мүмкіндік берген маңызы орасан тарихи оқиға бола алғандығын атап өтеміз.

\*\*\*

1. Бартольд В.В. Работы по исторической география и истории Ирана. -М., Восточная литература -РАН, 2002. С 784.
2. Акумушкин О.Ф. Средневековый Иран: Культура, история, филология- СПб: Наука, 2004.
3. Миклухо-Маклай Н.Д. К вопросу о налоговой политики в Иране при Аббасе 1 (1587-1629). - СВ. Т.6. 1949
4. Павлова И.К. Хроника времен Сефевидов (Сочинение Мухаммад-Масума Исфাহани «Хуласат ас-сиар»). - М.:Восточная литература, 1993. С 120.
5. Стори Ч.А. Персидская литература. Библиографический обзор.Ч.2.- М., 1972.
6. Faruk Sümer. Safavi Devletinin kuruluşu ve Gelişmesinde Anadolu Türklerinin Rolü. – Ankara, 1997.
7. Абусиетова М.Х. Иранские хронисты о связях Дашт-и Кипчака и Ирана в XIII-XVII вв./ Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака в XIII-XVII вв. Алматы 11-12 марта 2003г. Материалы международного круглого стола. - А., 2004.
8. Атыгаев Н. Проблема взаимоотношений казахского ханства и Сефевидского (Кызылбашского)государства в XVI веке./ Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака в XIII-XVII вв. Алматы 11-12 марта 2003г. Материалы международного круглого стола. - А., 2004.
9. Қамбарбекова Ғ.Ә. Парсы деректеріндегі Қасым ханға қатысты тың деректер// Археография және деректану ұлттық орталығының хабарлары. -Астана., 2-3/2011.
10. Иванов М.С. История Ирана. - М., 1977 г.
11. Иванов М.С. Очерк истории Ирана.- М., 1952 г.
12. Бабаев К. Внутренняя политика Сефевидского Ирана в конце XVI - начале XVII вв. Автореф. канд. дис.- М., 1977г.
13. История Узбекистана, т.1. кн. 1. –Ташкент., 1955 г.
14. Пигулевская Н. В.,Якубовский А. Ю., Петрушевский И. П., Строева Л. В., Беленицкий Л.М., История Ирана с древнейших времен до конца XVIII века.- Л., 1958 г.
15. Иванов М.С. Очерк истории Ирана.- М., 1952 г.
16. Рахмани А. А. Азербайджан в конце XVI и в XVII веке /1590-1700 г./.- Баку., 1981г.
17. Ашрафян К.З. Падение державы Сефевидов (1502-1722). - М., 1980.
18. Шабани Риза. Иран тарихы. - Алматы: Зерде, 2002.
19. История Востока Т 3. Восток на рубеже средневековья и нового времени XVI - XVII вв. - М.: Восточная литература РАН, 1990.
20. Петрушевский И.П., Очерки по истории феодальных отношений в Азербайджане и Армении в XVI - нач. XIX вв. - Л., 1949 г.

\*\*\*

В этой статье рассматривается дипломатия Шаха Аббаса I и его вклад в развитие международной дипломатии. Автор на основе Стамбульского мирного договора 1612 года подчеркнула роль дипломатии Шаха Аббаса I, а также отметила некоторые особенности восточной дипломатии.

\*\*\*

This article is devoted to the diplomacy of shah Abbas I and his endowment for international diplomacy spread. Author based his research to the Istanbul Peace contract in 1612 year and point out the role of shah Abbas I diplomacy. Also author noticed the shah Abbas I diplomacy in particularly.

## **Б.Н. Төлімбетова**

### **ТАРИХТАН АҢЫЗҒА ДЕЙІНГІ АЯЗ БИ**

Кең байтақ ұлы қазақ даласы көптеген елдермен мәдени және рухани байланыс орнатқаны мәлім. Бұл қазақ әдебиетіне де өз әсерін тигізбей қоймады. Әсіресе, қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетінің арасындағы байланыс ерекше орын алады. Сондықтан болар, қазақ фольклоры мен парсы әдебиетінің арасында ұқсас, екі елдің де танымына жақын сюжеттер көптеп кездеседі. Ирантілдес елдер мен түркітілдес, соның ішінде қазақ елінің арасын біріктіріп тұрған тарих, әдебиет және мәдениет осы ұқсас элементтер мен сюжеттерден көрініс табады. Бұлай айтуымызға дәлел өте көп, Сейіт Қасқабасов «Алтын жылға» [1, 7] атты кітабында жақсы атап көрсеткен: «Общими для иранцев и казахов являются следующие образы: Ануширван, Аяз, пери, пир, Рустам, райхан, саз, Симург, суфий, Тараз, (Талас), Туран, Хумай, Хызыр и другие. Нет сомнения, что часть из них - результат культурного взаимообмена. Так, исторические личности (Ануширван, Аяз), названия городов и стран (Туран, Тараз) проникали из одной культуры в другую». Осы аталғандардың ішінде біз қарастырғымыз келіп отырған кейіпкерлердің бірі - Аяз образы. Қазақ әдебиетіндегі Аяз бидің бейнесі қандай, сондай ақ, парсы әдебиетіндегі Аяздың кім екендігі жөніндегі сұрақтарды осы зерттеу мақаламызда жан-жақты талқылайтын боламыз.

Қазақ фольклорында Аяз би - ертегі кейіпкері ретінде көрініс табады. Аяз би Жаманұлы (ш. XII-XIII ғ.) – қазақ халқының ежелден елге аты мәшһүр болған, аты аңызға айналып кеткен ақылгөй абыз, шешен, биі.

«Аяз би» ертегісінің сюжеті былай болып келеді: «Аяз би өзінің ақылдығы даналығы арқасында Мадан ханның бірнеше сынынан өтіп уәзірі болады. Ханға шөп жаманы қоға, құс жаманы сауысқан екенін

дәлелдеп, хан тұлпарының сиырға, өзінің қара халыққа шатыстығын айырып береді. Мадан ханның шартты жұмбағын шешкеннен кейін Мендісұлуға үйленіп, күншіл, ақылсыз қырық уәзірді өлім жазасынан құтқарады».

Аяздың даналығын, достыққа адалдығын, сертке беріктігін, қайырымдылығын, әділдігін хан мойындап, халық қалап, оны хан етіп көтереді. Майқы би өзінің төңірегіне ақылды, дана, би, шешендерді, батыр, балгер, көріпкел әулиелерді көп жинап, олармен ақылдасып отырады. Аяз бидің ғұмырнамасы жөнінде әртүрлі дерек бар. Аяз би туралы Қазақ энциклопедиясында [2, 595] былай делінген: «Аяз би, Жаман қазақтың аңыз әңгімесінің аты әрі кейіпкері, ел-басшысы, қоғам қайраткерлерінің халық қиялынан туған үлгілі бейнесі...». Аяз би бейнесі елді қарапайым, ақылды, адал, қайырымды адам басқарса деген ежелгі халық арманын көрсетеді. Әрине, бұл аңызға да, аңыздың қаһарманы Аяз биге де әділ, әрі лайықты баға. Алайда ол тек «халық қиялынан туған», екінші сөзбен айтқанда, ойдан шығарылған кейіпкер ме, әлде тарихи шындығы бар кейіпкер ме?

Майқы би Мәнұлының шешіресін жазған Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы өзінің «Түп-тұқияннан өзіме дейін» атты кітабында Аяз биді және оның серігі Құмырсқа батырды «Майқы бидің Аяз, Құмырсқа деген екі биі де ғақыл иесі адамдар екен. Бұлар қазылық құрудан гөрі елшілік жаушылық жасаумен көп айналысыпты» [3, 49] деп жазады. Сонда бұл дерек бойынша Аяз би хижра жыл санауынан 711 жыл бұрын туып, 800 жылы дүниеден өткен, Майқы Мәнұлының замандасы, тұстасы болып шығады. Осы аталмыш кітапта Майқы Мәнұлы Аяз би сияқты дана билеріне өзінің оң жағынан орын бергенін және Аяз би мен Құмырсқа екеуі қайда барса да жұбын жазбай жүретін болған деп жазған. Ол екеуі Майқы бидің сілтеуімен қазылық құрып, көбінесе ел мен ел арасындағы елшілік, бітімгершілікпен айналысады. Сондықтан да Майқы би Аяз би мен Құмырсқаға көбінесе арқа сүйеп, оларға сенеді. Ол екеуімен Майқы би халық тағдыры, ел жағдайы, шаруа қамы жөнінде жиі-жиі ақылдасып, ой-пікір алысып отырады. Кейде дәл жауап айта алмай, шалыс басқан заматта оларға ескерту жасап түзеп, бағыт беріп жібереді екен. Бір жолы ол екеуі жарыса сөйлеп, Майқының алдын кес-кестей беріпті, сонда Майқы би оларға былай депті:

Билер бүгін Майқының алдын кесесің,  
Ертең жұрттың төбесін тесесің.  
Майқының да айтатын кебі бар,  
Айтуға аузының да ебі бар.  
Хан сөзінің қашанда бәрі дұрыс,  
Өзір сөзіме болма бұрыс,  
Ақылым алжыған жоқ,

Ондайды болжағам жоқ,  
Орынсыз ауыз ашсаң,  
Екі би басарсың шоқ.  
Аяз би әліңді біл,  
Құмырсқа жолыңды біл [4, 49]

Бұл айтылған сөз ел арасында « Аяз би әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл» деген нақыл сөз ретінде таралған. Біз бұл жерде қазақ әдебиетіндегі Аяз би туралы мәліметтерді келтірдік, енді парсы әдебиетіндегі Аяздың қыр-сырын, тарихи және аңыздық бейнесі туралы баяндайтын боламыз.

Иран тарихын парақтайтын болсақ, Аяз би аңыз адам емес, тарихта өмір сүрген тұлға екендігіне көз жеткіземіз. Бірақ тарихи тұлға екенін қарастырмай тұрып, парсы тіліндегі түсіндірме сөздіктеріндегі «Аяз» сөзіне берілген түсіндірмені қарастыра кеткенді жөн санадық. Парсы сөздіктерінде Аяз атты тарихта өмір сүрген адамға түркінің «оймақ» тайпасынан шыққан құл ретінде түсініктеме берген. Мысалы, парсы әдебиетінің ең үлкен әрі танымал «Луғат-нама Деххода» сөздігінде [5, 537]: «Аяз - Махмуд Сұлтанның түрік құлының есімі» деп жазылған. Сонымен қатар белгілі сөздіктердің бірі Мұхаммад Муиннің сөздігінде [6, 204]: «Аяз - Абулнаджим Аяз Оймақ (449 х.к) түркі тайпасынан шыққан Махмуд Сұлтан Ғазнавидің сүйікті құлы. Аяз - тапқыр, алғыр, жаужүрек және өте келбетті болған» деп жазылған. Көріп отырғанымыздай аталған екі сөздікте де Аязды «құл» деп қана атап көрсеткен. Оны Ғазнавилердің патшасы Махмуд Сұлтанның ең сенімді серігі, уәзірі болғандығы жайында сөздіктерде көрсетілмейді. Бірақ басқа тарихи шығармаларда Аяздың Махмуд Сұлтанның ең сүйікті уәзірі, ең сенімді серігі болғандығы туралы баяндалады. Садид ад-дин Мұхаммад ал-Ауфидің «Джавами Ал- Хикайат» [7, 264] атты кітабында былай делінген: «Аяз - құл, кейіннен Махмуд Ғазнавидің ең сенімді досы (сондай-ақ, бас шарапшының қызметін атқарды). Түркінің «оймақ» тайпасынан шыққан. Өзінің сұлулығымен әйгілі». Сондай-ақ, танымал антологияның авторы Арузи Самарқандидің (1081-1160) «Чэхар мәқале» (Төрт әңгіме) атты антологиялық жинағында келтірілген деректерге сүйенетін болсақ, Аяздың кескін келбеті әдемі, сұлу болмаса да, тартымды, орақ тілді шешен, жаны сұлу адам болғандығы, тік денелі, қимылы ширақ, өте ақылды екендігі баяндалады. Жалпы айтқанда, Аяздың әрбір ісі мен қимылы кез-келген адамды өзіне тартып тұратындығы жазылған. Аяз сөйлеген уақытта мейлі әйел, мейлі ер кісі болсын, оның сөздерін тыңдай бергісі келетіндігі туралы деректер де аталмыш антологияда қамтылған. Аяз сыртқы сұлулығымен емес, ішкі яғни жан сұлулығымен адамдарға ыстық, әдемі сезім сыйлай білген жан. Сұлтан Иамин ад-Даула Махмудтың қызметшісі Аязға деген махаббаты (сүйіспенші-

лігі) барша жұртқа танымал болғандығы және онымен достық қарым-қатынас орнатқан деп баяндайды. «Сұлтан Иамин ад-Даула Махмуд діндар, иманды адам болған. Аязға деген достық махаббатымен күрескен. Бір күні кешкі бір жиналыстан кейін шарап дәрідей әсер еткендей болады және ол ғашықтықтың дәрісі болып көрінеді. Аяздың шаштарына көзі түскен уақытта, бұрымы ай бетінде қалықтап жүргендей көрініп, күннің бетінде бұралған бикештей дөңгелек боп айналып, шынжырлар байланғандай көрінеді. Әр мың жүрек айналғанда жүз мың жан байланғандай секілді болды.» деп сипаттайды. Тарихта шын мәнінде өмір сүрген, адалдығымен адамдардың жанына үлкен әскер еткен Аяз би тапқыр да алғыр адам болған. Аяздың алғырлығы, шешендігі мен достыққа беріктігі парсы жұртының тамсандырған және сол кездегі адамдардың талқылайтын ең бір қызықты тақырыптарының біріне айналған. Аяз бидің адами қасиеттері патша назарынан да тыс қалмағаны белгілі. Оның тамаша қасиеттерін Махмуд Сұлтан жоғары бағалап, сыйлап құрметтеген. Махмуд Сұлтанның Аязға деген, Аяздың Махмуд Сұлтанға деген сыйластығы, сүйіспеншілігі парсы әдебиетінде танымал шайырлардың сүйіп жырлайтын тақырыбына айналған. Атап айтқанда: Низами, Сағди, Фарид ад-дин Аттар, Джалаладдин Руми, Хафиз сынды ақындар өз өлеңдерінде Аяз бидің ақылдылығы мен Махмуд Сұлтан Ғазнави екеуінің арасындағы шынайы достықты жырға қосқан. Ең алғаш Аязды өз өлеңдеріне қосқан Низами Гәнджеви Абу Мухаммед Ильяс ибн Йусуф (ш. 1141 ж. д. к.) болатын. Ол өз өлеңінде «Махмуд Сұлтан мен Аяздың арасындағы шынайы достықтың қиссасы музыкалық аспаптардың көмегімен көптеген адамдардың құлағына жетті» деп жырлайды. Низами осы өлеңі арқылы Махмуд Сұлтан мен қарадан шыққан Аяздың арасындағы сыйластықты жоғары бағалап, оның тарихта болғандығын халыққа жеткізгісі келген. Низамиден кейін Аязды өз жырларына қосқан, әлем мойындаған, шығыстың жеті жұлдызының бірі - Сағди (шамамен 1203/1210 - шамамен 1292) болатын. Оның танымал еңбегі «Бустан» шығармасында «Ғазналық патша, яғни Махмуд Сұлтан қарапайым тобырдан шыққан адамды өзіне жақын тартты. Ғазна патшасы Аяздың сұңғақ бойына емес, ішкі жан дүниесіне ғашық болды. Сырттан Аяз тек жақсы хабар әкелетін» деп, Аязды сипаттаған. Аяздың сонымен қатар елші қызметін атқарғанын Сағдидің өлеңдерінен байқауға болады. Келесі кезекте сопылық әдебиеттің жарқын өкілі Фарид ад-Дин Аттар (1145/1146-1221) «Мантиқ ат-тайр» (Құстардың логикасы) атты кітабында Аязды былай деп жырлаған: «Аяз - Махмуд Сұлтанның мұңлы көздерінен бақыттың одан алыс екендігін көріп, көңілі түсіп кетеді де оған «Хақты таны!» деп айтады. Және де оған тағы да былай дейді: «Егер сен көңілсіздікке ұрынсаң, мен өзімді-өзім танымаймын» Бұдан аңғара-

тынымыз, Аяз бен Махмуд Ғазнавидің арасындағы достық - шынайы, адал достықтың ең шоқтығы биік үлгісі болғандығына көз жеткіземіз. Бұл жайында «Маснави манави» шығармасымен әйгілі Джалаладдин Румидің өзінің ұстазы Шамс-и Табризиге арнаған «Шамс-и Табризи» ғазалдар жинағында айтылады: «Махмуд Сұлтанның құлы ұшып бара жатқан құмайды<sup>1</sup> (феникс) көрді де, «бүкіл сарбаздар бері келіндер! Бүгінгі күн оңынан туғалы тұр» деп айқайлады. Бәрі құмайдың көлеңкесін көру үшін оңға да сол жаққа да жүгіреді. Махмуд Сұлтан сарбаздарының арасынан Аяздың жоғын байқап, іздей бастайды: «Құмайдың көлеңкесін көруге Аязым бармады ма» деп жан-жағына қарады. Төменгі жаққа көз салып қараса, аттың астында жатқан Аязды көреді. «Не істеп отырсың, неге құмайдың көлеңкесін көруге бармадың?» дегенде, ол: «Менің құмайым сен! Мен сұраған әлемнің көлеңкесі сенің көлеңкең! Сен тұрғанда оны не істеймін?» - деген екен. «Махмудтың бар ішкі жан дүниесі - Аяз, ал Аяздың бар жан дүниесі - Махмуд. Айтылғанда бірге айтылатын есімдер» Бұл мысалдан Аяздың өз қожайынына жан тәнімен берілген нағыз қызметшісі болғандығы және екеуінің тәні бөлек, жаны бір адамдар екендігін аңғарамыз. Құдайға деген ғашықтықты өзінің сырға толы ғазалдарымен жеткізе білген парсы ақыны Хафиз (1320-1390) Аяз бен Сұлтан Ғазнави арасындағы достық пен шынайы сыйластықты ғазалдарына қосып, былай деп жырлаған: «Аяздың шашына Махмуд Сұлтанның көзі түскен кезде, ынтызарлы наздықтың әдемілігі түкке тұрмайды. Екеуінің сыйластығының қиссасы таусылмайтын әңгіме. Мәжнүннің Ләйлаға деген ғашықтығы қалай болса, Махмуд Сұлтанның Аяздың адалдығына, ақылына солай ғашық болған». Сонымен, біз парсы ақындарының құл мен патша арасындағы сыйластық пен достықтың мызғымастығын таңғалып жырлап өткеніне көз жеткіздік. Аяз қарапайым ортадан шығып, алғырлығы мен тапқырлығының арқасында уәзірлік дәрежеге жетеді. Осыдан кейін құлдан уәзірлік дәрежеге жеткен қарапайым шаруа адамдарының бейнесі Орта Азия әдебиетінде де кең тарайды. Аяз би образы кең тарап қана қоймай, көптеген халыққа үлгі болғандығын ел арасына тараған нақыл сөздерден де байқауға болады. «Жыртық шапанын босағаға іліп қойып: «Аяз, әліңді біл» - деген сөз содан қалса керек» [8, 37], - деп, қазақ ертегісін парсы әдебиетімен байланыстыра қарастырсақ, бұл көрініс тілі, діні және мәдениеті, салт дәстүрі жағынан етене жақын Орта Азия халықтарына да ортақ мысал. Мысалы, өзбек халқының әдебиетінде «*Аёз, утган кунингни унутма, Эски чоригингни курутма!*» болса, татар халқында ол былай айтылады: «*Аяз, уткен кененне онытма, Иске чолгавынны корытма!*». Бұл былай

\* Құмай- қуатты, қатты тырнақтары мен мықты тұмсығы бар үлкен денелі, формасы әдемі жануар. Ел арасында құмайдың көлеңкесі кімге түссе, сол адам бақыт пен дәулетке кенеледі деген сөз тараған.

аударылады: «Аяз, өткен күніңді ұмытпа, ескі етігіңнің жоғалуына жол берме!» Уәзірлік дәрежеге жеткен Аяз адамдармен әділетті қарым қатынаста болу үшін үйінің көрінетін жеріне шопан болғанда киген көнетоз етігін іліп қоятын болған. Ауыздан ауызға тараған бұл мақал аталмыш халықтардың фольклорына енген.

Парсы тілдерінің бір тобы тәжік тілінде - бұл мақал былайша айтылады: «*Аъз хадди худро бишинос, Чорукхон бобот - тори кос*», яғни: «Аяз, әліңді біл, атаңның (бұрынғы кедей) ескі етігі ілулі тұр». Бұлардың бәрінің айтқысы келгені бір нәрсе. Яғни, адам қаншалықты бай болсын, патша болсын, шыққан тегін ешқашан есінен шығармауы керек екендігін еске салу. Аяз секілді қарапайым адамның қарапайым қалпын сақтап қалуы сирек кездесетін жағдай. Әдетте адам байлық пен мансапқа қол жеткізгенде өткен күндердегі қорлығы мен кедейшілігін тез ұмытып, өмір бойы жібек мата оранғандай күйге түседі.

Ал, қазақ және парсы әдебиетінің ортақ кейіпкері, тарихта өзіндік орны бар Аяз би болса, ешуақытта өзінің шыққан жерін ұмытпаған адам. Сондықтан оның бейнесі ақындардың жырына, теңеулеріне арқау болған. Қорытындылай келе, қазақ әдебиетіндегі Аяз би мен парсы әдебиетіндегі Аяздың айырмашылықтарына қарағанда ұқсастықтары көп, екі әдебиетке де ортақ бейне екендігін байқадық. Яғни, адалдығымен шынайылығымен, көзі тірісінде-ақ парсы әдебиетінде аңызға айналған тарихи тұлға, қазақ әдебиетінде де аңыздық кейіпкер ретінде көрініс тапқан. Бұл ұқсастықты адамдардың қандай таптап шыққанына, тілі мен дінінің ерекшелігіне қарамастан, ұлттармен ұлыстар арасын біріктіретін әдемі, шынайы достық қарым-қатынастың үлгісі деп қарастырамыз. Аяз бидің образын ұлттар мен ұлыстар арасына дәнекер болған, олардың арасын жақындастыра білген, өз заманының «дипломаты» деп бағалауға болады. Сондықтан бүгінгі күнге дейін шынайылығы мен адалдығы үлгі болған Аяз бидің образы әлі де біздің қоғамымыз бен өзге де қоғамдарда өмір сүретін адамдарға ой салса, көзқарастарына игі ықпал етсе, онда біздің зерттеу мақаламыздың үмітінің ақталғандығы деп білеміз.

\*\*\*

1. Сейіт Қасқабасов. Алтын жылға. – Алматы: Жібек жолы. 2010. – 7 бет.
2. Қазақ энциклопедиясы. 1-том. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы. 1998. – 595 бет.
3. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-түқияннан өзіме шейін. – Алматы: Жалын. 1993. – 49 бет.
4. Бұл да, 49 бет.
5. Луғат-нама Деһхода. 8-том. - Тегеран: Тегеран университеті баспасы. 1342 (хижри шамси). – 537 бет.
6. Мухаммад Муин. Муин сөздігі. – Тегеран: Printed by Sepehr Printing House. 1996. – 204 бет.



7. Садид ад-дин Мухаммад ал-Ауфи. Джавами аль- Хикайат («Сокровищница восточной мудрости» орыс тіліне аударған Т.Бейсембиев). – Алматы: Атамұра. 2005. – 264 бет.

8. Аяз би ертегісі. – Алматы: Жалын. 1986. - 37 бет.

\*\*\*

В этой статье автор рассматривает образ Аяз би в казахской и персидской литературе. Автор в сравнительно-сопоставительном анализе приводит интересных фактов об исторической личности Аяз ибн Оймак. Аяз би благодаря своей мудрости и находчивости был любимым везиром Султана М. Газневи. Судя по историческим данным их дружба была широко известна во многих странах Востока. Дружба Аяз би и Султана М.Газневи не только была красивой историей дружбы между представителями разных слоев общества, но и легендой, а также любимой темой для многих персидских поэтов средневековья.

\*\*\*

In this article author considered the figure of Ayz Biy in Kazakh and Persian literature. Author in comparative analyzes point out interesting facts from the Ayz ibn Oimaq lives. Ayz Biy due to his wisdom and quick-witting was a favorite ministry of Sultan Mahmud Ghaznavi. Due to historical reports their friendship was wide known in many countries of East. The friendship between Ayz Biy and Sultan Mahmud Ghaznavi wasn't only beautiful friendship history between two representatives of different layers and it was a legend and loved subject among many famous medieval Persian poets.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН ӨЗАРА  
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ДИПЛОМАТИЯ, САЯСАТ, ЭКОНОМИКА

\*\*\*

ВЗАИМООТНОШЕНИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА СО  
СТРАНАМИ ВОСТОКА: ДИПЛОМАТИЯ, ПОЛИТИКА,  
ЭКОНОМИКА

\*\*\*

**Б.Ж. Ақтаулова, Б.Д. Ашинова**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН АРАБ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ  
ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Ақпарат алмасу, жаңа технологиялар мен коммуникацияның қарқынды даму кезеңіндегі әлемде болып жатқан өзгерістердің бастысы – жаһандану үдерісі. Жаһандану терминін әр адам, әр қоғам өздігінше түсініп, қабылдайды. Біреулер үшін ол – әлемдік интеграция, екіншілер үшін – мемлекет тұтастығына қауіп төндіріп, ұлттық болмысты жоғалтуға апаратын жол, үшіншілер үшін – ол вестернизациялау. Көзқарастар бірдей бағытта жүрмегенімен, жаһандану үдерісінің мақсаты өзгеріссіз қалады. Жаһандану әлемдегі кез-келген азаматтың құқығын сақтап, демократиялық-құқықтық билік орнатуды көздейді. Батыстан Шығысқа қарай таралып келе жатқан демократияландыру үдерісі жүріп жатқан кезде басты назар әйел мен ер жынысының арасындағы құқықтық теңсіздікті жойып, гендерлік теңдікке қол жеткізуге аударылады. «Гендер» терминің алғаш болып, лингвистикалық емес әлеуметтік жыныс ретінде, 1968 ж. Роберт Столлер қолданды. Сол кезден бастап гендер ұғымы әлеуметтану, психология сияқты ғылымдарда ерлер мен әйелдердің қоғамдағы айырмашылықтарына қарай «ерлік» пен «әйелдік» деген қасиеттерді бөліп қарастыруда пайдаланды. Әлемдік қауымдастық белсенді түрде көтеріп жүрген «гендерлік теңдік» дегеніміз жыныстық тегіне қарамастан әйелдер мен ерлердің ресурстар мен игіліктерге тең дәрежеде қол жеткізуі. Мұсылман қоғамындағы гендерлік теңдік мәселесінің қарастырылуының барысында, ең алдымен, гендерлік саясатты айқындаудағы исламның ықпал етуші фактор ретіндегі рөлін айқындаудан бастау қажет. Батыс әлемі үшін бұл мәселе басты сұрақ ретінде бейнеленеді: Мұсылман елдеріндегі гендерлік теңдік рас па, әлде елес пе?

Тарихта гендерлік теңдік мәселесі заңды түрде БҰҰ 1945 ж. ерлер мен әйелдер теңдігін анықтайтын жарғы қабылданудан басталды. 1946 ж. Әйел статусы жайындағы арнайы комиссия құрылып, 1952 ж. Әйелдердің саяси құқықтары жөніндегі халықаралық конвенция қабылданды. Сол уақыттан бастап гендерлік теңдік, әйел мен бала құқықтары сияқты мәселелер БҰҰ бастамасымен халықаралық деңгейде үнемі көтеріліп отырды. 2000 жылғы қыркүйекте өткен Мыңжылдық саммитте әлемнің көптеген елдерінің лидерлері БҰҰ Мыңжылдық декларациясын қабылдады, оның сегіз мақсатының бірі *гендерлік теңдікті* қолдау болып айқындалғаны соған дәлел. Бұл мәселеге БҰҰ Бас ассамблеясының "Әйелдер 2000 жылы: әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік, ХХІ ғасырдағы даму және әлем" атты 23-ші арнайы сессиясы арналды. Осы сессияға қатысушы үкіметтерге әйелдердің өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды.

Әйел адамдардың қоғамдық, саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы рөлі мен белсенділігін арттыру мақсатымен әйел адамдарға арналған арнайы жеңілдіктер мен квоталар тәжірибеге енгізіліп жатыр. Барлық әлемдік қауымдастықтың алдында өз құқықтарын сақтау мақсатымен әр түрлі саяси, ресми және бейресми феминистік ұйымдар құрылды.

Араб әлемінде әйел құқықтарының қазіргі кезде толық мөлшерде сақталмауына исламның қаншалықты ықпал ететіндігі жөнінде заң бойынша көрсетілген өз құқықтарына жету үшін күрес жүргізіп келе жатқан феминист әйелдер топтарының арасында қарама-қайшылықтар бар. Жюльетта Менк, Мей Гуссуб, Хали Афшар, Хаммед Шахидиан сияқты зайырлы көзқарастардағы феминист әйелдер Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы әйелдердің қоғамдық өміріне ат салысуына негізгі кедергі ислам нормалары мен қағидаларын орындауда деп жазған. Бұндай мәлімдемеге қарсы Азиза әл-Хибри, Риффет Хасан, Асма Барлас, Амира Сонбол сияқты мұсылман феминистері Құран мазмұны бойынша гендерлік теңдікке шақыратындығын және ерте орта ғасырлардың өзінде патриархтық интерпретацияға ұшырағандығын көрсетуге тырысты. Олар әйелдің құқығын бұзатын ислам емес, олардың қоғамындағы мәдениеттің әсерінен теңсіздік туындап отырғандығын және өздерінің қайтадан патриархатты емес Исламды жандандырып, әйелдерге теңдік пен қоғамдық өмірге қатысуда мүмкіндіктер алуға бар күштерін салатындықтарын айтқан [1, 9].

Әйел статусын анықтау барысында мұсылман елдерінде қазіргі таңда жанданып жатқан ислам феминизмі көзқарастарын ұстанатын мұсылман әйелдері көбейіп келе жатыр. Тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ ислам феминизмі ұғымы ХІХ ғасырдың ІІ жартысында өмір сүрген ан-Наһда дәуірінің көрнекті өкілі Қасим Әминнің әдеби туындыларында

көрініс табады. Қасим Әмин араб елдерінде әйел тақырыбын модернистік ислам тұрғысынан жан-жақты қарастырған алғашқы публицист болды. Араб мәдениетінің құлдырап кетуіне қатты алаңдаушылық танытқан Қасим Әмин оны қайта жаңғыртудың жолдарын қарастырып, оның бір тәсілі ретінде әйел тақырыбын көтереді. «Шығыс әйелі» мәселесіне қатысты оның 1899 ж. «Тахрир әл-мар‘а» («Әйел бостандығы») деген кітабы және сол кітаптың қоғамда тудырған қызу пікірталастарға жауап ретінде шығарылған «әл-Мар‘а әл-джадида» («Жаңа әйел») атты екі кітабы жарық көрген. Екі кітап та бостандық «адамның табиғи құқығы», «игіліктің көзі», «дамудың бастауы», «рухани кепілдіктің негізі» деген ойларды жеткізеді және осыдан тарайтын адам еркінің бостандығын «адамдар дамуының маңызды рухани факторы» деп атайды. Қасим Әмин ағартушылардың қоғамның барлық мүшелерінің өзара құқықтық теңдігі жайлы ұстанымының әйелдерге де қатысты болу қажеттігін айтады. Ол өзі өмір сүріп отырған қоғам мен кезеңдегі әйелдің жағдайы Алла Тағала қалыптастырған заңдарға түпкілікті қарсы келетінін айтады. «Мұсылмандардың алдында әйел мүлде адам қатарына саналмайтын қазіргі заманда «тең құқық» жайлы сөз айту мүмкін емес» деп жазады [2, 105].

Қазақ қоғамында алғашқы рет әйел рөлін көтеріп, оның ерекше маңыздылығын көрсетуге тырысқан ұлы қайраткер, ірі жазушы болған Мұхтар Әуезов еді. Ол өзінің 1917 ж. жазған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында барлық мейірімдік, адамгершілік қасиеттер әйел затынан тарайды деп, қоғамдағы әйел рөлін жоғары бағалайды. Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе [3, 9].


Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан зайырлы мемлекет болғанымен, тарихи тұрғыдан алғанда қазақ халқының өмірі исламмен, оның VIII ғасырда қазақ даласында таралағанынан бастап, тығыз байланысты. Ислам дінінің ұлтымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне тигізген әсерін жоққа шығаруға болмайды. Қазақ халқының, жалпы түркі халықтарына тән, қоғамдық-мәдени ой-санасында әйел затын құрметтеу ежелден бері келе жатыр. Ислам бұл дәстүрді одан әрі бекіте түсті. Қазақ қоғамындағы әйел адам әрқашан

кеңесші, қиын жағдайларда жолдасы үшін күш беретін тірегі болған. Қазақ «екі жарты бір бүтін» деген.

Тәуелсіздігін алғаннан бастап Қазақстан мемлекет өміріндегі әйелдердің рөлін арттырып, нағыз демократияланған қоғам құруда жұмыс атқаруда. Қазақстанда гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істеуде. Комиссияның негізгі міндеті ерлер мен әйелдер теңдігін мұрат еткен мемлекеттің кешенді саясатын және осы тақырыптағы халықаралық келісім-шарттарды жүзеге асыру болып табылады. Бұл келісім-шарттар: Әйелдердің жағдайын жақсарту әрекетінің Бейжің тұғырнамасы (1995); Әйелдерге қатысты барлық түрдегі кемсітушіліктерді жою жөніндегі БҰҰ конвенциясы (1998); Әйелдердің саяси құқығы жөніндегі конвенция (2000); Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы жөніндегі конвенция (2000). Дегенмен де дәстүрлі түрде патриархаттық ой-сана басым болғандықтан, әйелдің теңдігі мәселесі қоғам ішінде әлі де өзекті мәселеге айнала қойған жоқ. Заңды түрде Ата-заңымызда әйелдер мен ер азаматтардың құқықтары мен міндеттері бірдей екендігі 33 бапта көрсетілгенімен, ол іс жүзінде толық жүзеге асырылмады. Сол себептен Ел басымыздың 29 қараша 2005 ж. жарлығымен «2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы» қабылданды. 9 бөлімнен тұратын бұл стратегияда ҚР-ның гендерлік саясаты айқындалып, қоғамдағы ерлер мен әйелдердің теңдігінің уақыт талабына сай құбылыс екендігі, сонымен қатар саясатта, экономикада, білім беру жүйесіндегі гендерлік теңдікке қол жеткізу жолдары қарастырылады. 2005 ж. басына қарай республикадағы халықтың жалпы саны 15074,8 мың адамды құрады, соның ішінде әйелдер – 7817,9 мың адам (51,9%), ерлер – 7256,9 мың адам (48,1%). 1000 ер адамға орта есеппен 1077 әйелден келеді. Жасы 24-ке дейінгі аралықтағы халықтың гендерлік құрамы ерлердің сан жағынан артық екенін көрсетеді, себебі ұл балалардың қыз балаларға қарағанда туылуы көбірек. 25 жастан бастап ерлердің үлесі 50%-дан кеми түседі, одан әрі, жас ұлғайған сайын бара-бара азая береді. Қазақстанда адамның орташа өмір жасы 66,2 жылды, соның ішінде ерлердікі – 60,6 жылды, әйелдердікі – 72,0 жылды құрайды. Әйелдер ерлерден 11,3 жыл артық өмір сүреді. Әлеуметтік рөлдерді бөлудегі қалыптасқан таптаурындыққа байланысты нақты өмірде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері ерлерге қарағанда азырақ болады. [4].

Араб әлеміндегі әйелдің қоғамда атқаратын рөлі мен белсенділігі жеке-жеке мемлекеттердегі ішкі жағдайға қарай ауысып отырады. БҰҰ-ның Даму бағдарламасының аясында 2007-2008 ж. арнап жасалған «Араб елдеріндегі адам дамуының индексі (гендерлік ерекшеліктерді ескере оты-

рып)» кестесінен араб елдеріндегі гендерлік теңдіктің қандай дәрежеде екендігін көрсетеді. Даму бағдарламасы статистикалық мәліметтерді құрастыру барысында жан басына шаққандағы кіріс мөлшерін де есепке алады. Алайда Парсы шығанағындағы бай араб мемлекеттері рейтингтегі 32 орыннан аса алмады. График №1<sup>2</sup>



Қоғамдағы ең бір өзекті мәселе ол – білім алу мәселесі. Бұл мәселе бойынша қазақ қоғамы мен араб қоғамындағы жағдайдың әр түрлі екендігін байқауға болады. Әйел адамның білім алу үдерісіне тоқталу барысында екі қоғам арасындағы айырмашылықтар айқын байқалады.

Қазақстанда 1999 жылғы санақтың деректері бойынша 15 және одан жоғары жастағы халықтың сауаттылығы 99,5%-ды құрайды. Білім беруге қол жеткізе алу индексі 1999 жылғы 0,927-ден 2004 жылғы 0,944%-ға дейін өскен. Жасы 15-тегі және одан үлкен халықтың жалпы санынан әйелдердің 33,5%-ның және ерлердің 40,0%-ның жалпы орта білімі, әйелдердің 24,6%-ның және ерлердің 19,9% арнайы орта білімі бар. Жоғары білімі бар әйелдердің үлесі 13,2%-ды, ерлердің үлесі – 12,0%-ды құрайды. 6-24 жастағы білім алушыларды оқумен қамтудың (мектептерде, кәсіптік-техникалық мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында) жиынтықты үлесі 2004/2005 оқу жылының бас кезіне қарай 74%-ды құрады. Әйелдердің арасында бұл көрсеткіш 75%, ерлер арасында – 73% деңгейінде қалыптасты. Тұтастай алғанда елдің білім беру жүйесінде әйелдер басым. Жалпы орта білім беру ұйымдарында әйел оқытушылардың саны басым (80%), мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды әйел тәрбиешілер ғана жүзеге асырады. Облыстардың, Астана қаласы мен Алматы қаласының білім департаменттерінің 6 бастығының арасында 6 әйел бар (37, 5%). Білім берудің барлық сатыларындағы (6 мен 24 жас арасы) әйел жынысты оқушыларды қамту 81,1%-ды, ер жыныстыларды – 70,9%-ды құрайды. Жалпы орта білім алмаған бозбалалардың үлесі қыздардың үлесінен екі есе жоғары. Бастапқы кәсіптік білім беру жүйесінде хатшы-референт, тігінші, аспаз, шаштараз және басқа сияқты мамандықтар бойынша 99,8 %-ды қыздар құрайды [4].

<sup>2</sup> График №1. Human Development Report 2007/2008 Fighting climate change: Human soli

Ал араб қоғамындағы білім алған әйелдер саны әр ел, әр аймақ бойынша өзгереді. Бахрейнде – 82.2% (ер адамдардікі – 90.5%), Кувейтте – 79.4% (ер адамдардікі – 84.0%), Қатарда – 82.6% (ер адамдардікі – 80.1%), Ливияда – 66.9% (ер адамдардікі – 90.2%), Ливанда – 79.7% (ер адамдардікі – 91.8%), Сауд Арабиясында – 65.9% (ер адамдардікі – 83.5%), Оманда – 59.6% (ер адамдардікі – 79.1%), Тунисте – 59.3% (ер адамдардікі – 80.4%), Йорданияда – 83.4% (ер адамдардікі – 94.5%), Сирияда – 59.3% (ер адамдардікі – 87.7%), Египетте – 42.8% (ер адамдардікі – 66.1%), Мароккода – 35.1% (ер адамдардікі – 61.1%), Йеменде – 23.9% (ер адамдардікі – 66.6%), Суданда – 44.9% (ер адамдардікі – 68.9%). Тек қана Қатарда ғана әйелдердің білім алу пайызы ерлердікінен жоғары. Сауаттылық деңгейі де әр елдікі әр түрлі. Парсы шығанағы араб елдеріндегі сауаттылық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары. Кейбір елдерде әйелдерге арналған оқу орындарының саны ерлерге арналған оқу орындар санынан артық. Мысалы, Бахрейнде қыздарға арналған 83, ал ұлдарға арналған 77 мектеп бар. Бұндай айырмашылықтар, көбінесе, ер балалардың шетелге оқуға кететіндігімен түсіндіріледі.

Қазақстанда және салыстырмалы түрде араб әлемінде қыз балаларға білім алуға мүмкіндіктер жасалған. Әрине Қазақстандағы сауаттылық дәрежесі әлде қайда жоғары болғанымен, біздің елімізде де, араб әлеміндегідей қиыншылықтар туындап отыр. Әйелдердің орта, кәсіптік немесе жоғары білімі болғанымен, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері ер азаматтарға қарағанда төмен. Сонымен қатар жұмыс істейтін әйелдер жалақысы мен қызмет бойынша өсуі пайыздық көрсеткіштер бойынша ерлермен салыстырғанда анағұрлым аз болып келеді. Әйелдерге ақысы төленбейтін үй жұмысының негізгі бөлігі жүктелген, осыған байланысты біліктілігін арттыруға және өздігінен білім алуға олардың уақыты аз қалады. Қазіргі кезде Қазақстанның экономикасында 3,7 млн әйел жұмыс істейді, бұл жұмыс істейтіндердің жалпы санының 49%-ын құрайды. 2004 ж. жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарға жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу туралы өтінішпен 282 мың жұмыссыз жүгінген, оның 142,8 мыңы – әйелдер (51%), оның ішінде ауылдық жерлерде тұратын әйелдер – 43,5 мың адам (30%). Жұмысқа орналастырылғаны – 74,5 мың әйел (52%), оның ішінде ауылдық жерлерде тұратыны – 21,6 мың (50%). 79,9 мың жұмыссыз әйел (жалпы санының 59,5 %-ы) қоғамдық жұмыстарға қатысты. Ерлер мен әйелдер арасында салалық және кәсіптік жағынан саралану еңбек ақы төлеу деңгейіндегі айырмашылыққа айтарлықтай ықпал етеді. Саладағы еңбекақының жоғары деңгейі онда ерлердің жұмыспен қамтылуының артуына және тиісінше әйелдердің еңбекақысы төмен қызмет салаларына ығыстырылуына әкеледі. Әйелдердің орташа айлық жалақысы 2004 ж. 21 мың теңгені (160 АҚШ долл.) құрады. Әйелдер мен ерлердің

орташа еңбекақысының арақатысының төмендегені байқалады. Егер 1999 ж. әйелдердің орташа жалақысы ерлер жалақысының 67,6% құраса, ал 2004 ж. – 61,7% құрады. Бұл үдеріс тіпті экономиканың дәстүрлі «әйелдер» салаларында да (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызметтер көрсету саласы, мәдениет) сақталып отыр. 2004 ж. зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің саны 1340,4 мың адамды құрады, соның ішінде әйелдер – 528,6 мың адам (39,4%). Шағын кәсіпорындарда жалданып жұмыс істейтін қызметкерлердің ішінде әйелдердің үлес салмағы 34 %, әйелдер басқаратын шаруа қожалықтарының үлесі 10% құрайды [4].

Бұл мәліметтерге сүйене отырып, қазақ қоғамындағы әйелдердің экономика саласындағы рөлі әлі де болса жеткіліксіз және елдің еңбек ресурстарының ішінде әйел капиталы толық қанды жүзеге асырылмағанын көруге болады. Дәл осындай мәселелер араб қоғамында да көрініс табуда.

**Кесте (1)<sup>3</sup> Экономика саласындағы ерлер мен әйелдердің қатысуы**

Ел	Қаржылық-экономикалық қызметтердегі еңбек күшінің пайыздық қатынасы	
	Ер	Әйел
Алжир	46.9	16.7
Бахрейн	62.5	20.6
Египет	51.4	22.1
Ирақ	43.4	10.3
Иордания	43.8	13.4
Кувейт	49.4	24.7
Ливан	49.6	19.1
Ливия	Араб	43.0
Жамаһириясы		
Марокко	51.0	27.1
Оман	42.9	8.6
Қатар	72.0	22.0
Сауд Арабиясы	50.3	10.4

Кестеден байқалатындай, кейбір араб елдерінде, Оман сияқты, қызмет атқаратын әйелдер үлесі тым мардымсыз. Парсы шығанағы елдерінде әйелдер арасындағы сауаттылық деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, бұл елдердегі жұмыс істейтін әйелдер саны дәстүрлі түрде әйел адамның тек үй шаруасы мен бала тәрбиесімен айналасу керек деген түсінігіне байланысты төменгі көрсеткіштерді көрсетуде. Сонымен қатар әйелдер көбінесе оқу-ағартушылық бағыттарда жұмыс атқарады.

<sup>3</sup> UNDP Human Development Report 2001



Қазақстанда да осындай тенденция байқалуда. Батыс елдерінде көтеріліп отырған демократияландыру мәселесі ең басты назарды әйелдердің саясатқа араласуына аударып отыр. Бұл мәселе бойынша гендерлік теңсіздік өте жоғары дәрежеге жеткен. Әлемнің барлық дерлік елдерінде саясаттағы әйел адамның орны минемалды болып келеді. Әсіресе, мұсылман елдерінде бұл көрсеткіш өте төмен. Кесте №3<sup>4</sup> Азиядағы бір палаталы парламентке немесе парламенттің төменгі палатасындағы әйелдер үлесін көрсетеді.

0-9%	10-19%	20-29%
<b>Asia</b>		
<b>Bahrain (2006)</b>	<b>Kuwait (2008)</b>	<b>Armenia (2007)</b>
<b>Iran (Islamic Republic of) (2008)</b>	<b>Syrian Arab Republic (2007)</b>	<b>Cyprus (2006)</b>
<b>Nepal (2008)</b>	<b>Tajikistan (2005)</b>	<b>Jordan (2007)</b>
<b>Oman (2007)</b>	<b>Turkey (2007)</b>	<b>Lao People's Dem. Republic (2006)</b>
	<b>United Arab Emirates (2006)</b>	

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекет ісін басқаруға қатысуға құқығы бар». 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметте 49713 әйел жұмыс істейді немесе мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 57,4 %-ы. 2000 жылы олардың саны азырақ, 54 % болды. Мемлекеттік саяси қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі 11% құрайды (2000 жылы – 8,8%), олардың ішінде орталық аппараттарда – 9,7 % (2000 ж.– 9,5%). Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі 59,2 %-ға дейін көбейді (2000 ж. – 56,2%), олардың ішінде орталық аппараттарда – 60,1 %-ға дейін (2000 ж. – 55,2%). Өңірлерде де жағдай осындай. «Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1243 Жарлығына сәйкес шешімдер қабылдау деңгейіне жоғарылату үшін өңірлерде кадрлар резерві құрылған [4].

Қоғам ішінде әйелдер мен ерлер арасындағы барлық салалар бойынша теңдікке қол жеткізу үшін, ең алдымен, билікке қатысты шешімдер қабылдау барысында әйелдердің қатысу үлесін арттыру қажеттігі туындап отыр. Бұл жайында 1995 ж. Пекин платформасында қойылған талаптар бойынша әйелдердің биліктің шешімдер қабылдау деңгейінде 30% өкілдігі болуына қол жеткізу керек.

Араб әлеміндегі саяси өмірге әйелдердің араласуы мүлдем мардымсыз. Парсы шығанағы елдерінде әйелдерге саяси құқық жақында ғана бе-

<sup>4</sup> The World's Women 2010 Trends and Statistics/ United Nations. - New York, 2010. – 284p.

рілді. 2011 ж. Сауд Арабиясының басшылығы әйелдерге сайлауларға қатысуға және өз кандидатураларын сайлауға ұсынуға құқық берді. Дегенмен де, араб әлемінде әйелдерде саяси өмірге араласу құқықтары болғанымен де, олар тек шартты түрде ғана сақталады. Сол себептен бұл елдердің басшылары сайлау барысында биліктегі әйелдер үлесін арттыру мақсатымен, оларға арнайы квоталар мен жеңілдіктер ұсынады. Алайда бұл шаралар аса бір үлкен нәтижелерге жетті деп айтуға болмайды. Дәстүрлі қоғамдық ой-сана бойынша әйел тек үй шаруасымен ғана орайластырылады. Жаңа технологиялар мен коммуникацияның жаңа мүмкіндіктерін пайдалану арқылы батыс елдердегі модернизация үлгілерімен танысқан араб әйелдері өз жағдайларын жақсарту барысында белсенді түрде интернет пен телеарналарды пайдаланды. Мысалы, Қатардың әл-Жазира телеарнасында «Тек әйелдерге» деген бағдарлама 2002 жылдан 2005 жылға дейін жүргізілді. Бұл бағдарламада жетістіктерге жеткен араб әйелдері және жалпы қоғамдағы араб әйелдерінің орны жайлы әңгімелер қозғалатын. Бұл бағдарлама жабылғаннан кейін телеарна 2006 ж. «Әр әйел» деген жаңа бағдарламаны ашты. Бұл бағдарламада да саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелердің барлығы әйелдік көзқарас тарапынан талдауға алынатын.

Египеттегі, Тунистегі, Мароккодағы парламенттік сайлаулар барысында жеңіске ұстамды көзқарастағы исламистер жетті. Олар өздерінің сайлау алды тұғырнамаларында билікке келген жағдайда демократиялану үдерісіне қарсы болмай, күштеу негізінде исламды жандандырмаймыз деген үгіт-насихат жүргізді. Дегенмен де батыс аналитиктері осы өңірдегі гендерлік теңдік мәселесінің шешілуіне исламистер кедергі болады деп қауіптенуде.

Қазақстанда, керісінше, тәуелсіздіктің жиырма жылдығына орай 2011 жылдың 5 наурыз күні тұңғыш рет Қазақстан әйелдері құрылтайы өткізілді. Ендігі жерде Әйелдер съезі әр бес жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев «Мәдениеттің шырқау шыңы ең алдымен әйелдерге деген қарым-қатынастан көрініс табады» деп айтты. Елімізде гендерлік саясатты барынша дамыту қолға алынып жатқанымен қоғамымызға оны мүлде қажет емес деп санайтын көзқарастағы азаматтар да аз емес. «Берік отбасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайырбек Сартайұлы: «Гендерлік саясат қазақ ұлтын біржола құртып жіберетін келеңсіз құбылыс. Ол тек қазаққа ғана емес, кез-келген халыққа қауіпті. XX ғ. басында Шпенглер гендерлік саясатқа «Еуропаның құлдырауы» деп анықтама берген. Еркек пен әйел тең құқылы, гендерлік саясат жасасын деп әлемге жар салған Еуропа елдерінде бүгінде бала туу көрсеткіші мүлде төмен, балалар саны өте аз» деп айтқан.

Мақаланы қорытындылау кезінде бірнеше **тұжырымдар** жасауға болады.

1. Жалпы мұсылман қоғамындағы гендерлік теңдік пен әйел мәселесін қарастыру барысында ислам діні мен Шығыс қоғамына тән салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды берік ұстану қасиетінің гендерлік саясатты айқындауға міндетті түрде ықпал ететіндігін ескеру қажет.

2. Қоғамдық өмірге әйелдердің ат салысуы барысында ел демографиясына нұқсан келмейтіндей, Батыстағы қателіктерді ескере отырып, Шығыстық гендерлік теңдік үлгісін қалыптастыру керек.

3. Мұсылман мемлекеттеріндегі шартты түрдегі ерлер мен әйелдер теңдігін жүзеге асыру үшін әйелдердің санасындағы патриархаттық үлгіде қалыптасқан көзқарасты өзгерту үшін шаралар жүйесін ұйымдастыруды назардан тыс қалдырмау қажет.

\*\*\*

1 Valentine M. Moghadam. Towards gender equality in the Arab/Middle East region: Islam, Culture and Feminist activism// UNDP, 2004. – 70p.

2 Қалиева Ш.С. XIX ғасырдағы араб әдебиеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 212б.

3 Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т 15. Мақалалар, зерттеулер, 1984. – 328б.

4 Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы// "Егеменді Қазақстан" 3 желтоқсан 2005 ж. N 333-334

\*\*\*

В данной научной работе рассматривается уровень продвижения гендерной политики в мусульманских странах, являющаяся одним из передовых вопросов стоящих на повестке дня мирового сообщества. Также проводится сравнительный анализ социологического статуса женщины в казахском и арабском обществе, с целью определить роль ислама как влияющего фактора для достижения гендерного равенства.

\*\*\*

There is considered a level of gender policy's developing in the muslim countries, which appears as one of the leading questions on the date of the world community. Also this researching work conducts a comparative analysis of the status of woman between the Kazakh and Arab societies for ascertainment the role of the Islam like an influencing factor to the achievement of the gender equality.

**Б.Ж. Ақтаулова, Н. Наджмуддин**

## ЕГИПЕТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

2011 ж. Араб әлемін шарпыған саяси толқулар араб елдерінде тынышсыздық пен саяси тұрақсыздықты орнатса, бірқатар араб елдерінде билікті ыдыратып жіберді, оның ішінде араб әлемінде және Солтүстік Африкада көшбасшы ел Египетте де 30 жыл билік құрған Хосни Мұбаракты да тақ-

тан тайдырды. Әлемнің бұқаралық ақпарат құралдары осы саяси қозғалыстарға әлеуметтің нашар жағдайы себеп болған десе де, Египет үкіметінің құлауына және халықтың үкіметке қарсы шығуына жұмыссыздық пен кедешілік және олардың басынан өткізген қиыншылығы ғана себеп болған жоқ деп тұжырымдаймыз.

Қиыншылықтан жалпы қозғалысқа өту үшін халық алдымен «рухани ашу-ыза және әлеуметтік әділетсіздік сезіміне» ие болуы қажет. Бұл Барингтон Мурдың бүкіл тарихтағы төңкерістердің себеп салдарын зерттеген “*Әділетсіздік: Мойынсұну мен Көтерілістің әлеуметтік негіздері*” атты жемісті еңбегінде көрсетіледі [1]. Басқаша айтқанда, бұл әлеуметтік әділетсіздіктің асқынуына және осындай азап шегуге шарасыздық әрекеттер болып табылады. Египет халқы 2011 жылдың 25 қаңтарынан 11 ақпан аралығында өздерінің ұжымдық наразылықтарын пайдалана отырып өз мемлекеттерінің әлеуметтік және саяси болашағын өзгертті. Жүздеген мың адам бейбіт ынтымақтастық ұстанымымен көшеге шығып, негізгі нәтижеге – Хосни Мұбарактың 30 жылға жуық билігінің аяқталуына қол жеткізді. Көптеген халықаралық саяси сарапшылар Тунистегі көтеріліс Египеттегі толқулардың туындауына түрткі болды деген тұжырымдар жасағанымен шын мәнісінде мысырлықтардың пікірінше олардың басынан өткендері мен болашақтары туралы алаңдатушылықтары осындай әлеуметтік жарылысқа әкеп соқтырды.

2005-2011 ж. Египеттегі макроэкономикалық өсу бірқатар тұрғындардың жағдайын жақсартты, бірақ осындай даму деңгейіне көбісінің қолы жете бермеді. Египет қоғамы аймақтағы ең жоғарғы демократияға деген ұмтылысымен мақтанды, алайда ондағы демократия деңгейі шынайы өмірде ең төмендердің бірі болды. Сол аймақтағы басқа мемлекеттердің көпшілігі биліктің мұрагерлік жүйесіне негізделген, ондағы азаматтарға мемлекет тарапынан жоғары сапалы әлеуметтік қызметтер көрсетіліп олар шектеулі саяси бостандыққа ие, ал Египеттің ахуалы мұнан анағұрлым өзгеше күрделі болды. Египеттіктердің жеке бостандықтарының қанағаттандырылуы азайған кезде, мемлекет қамтамасыз ететін қажеттілікпен қанағаттану да төмендеді. Мемлекет пен халық арасындағы қатынастардың осылай екі жақты құлдырауы көпшілік көңілінен шықпады.

**Халыққа пайдасыз экономикалық өсу.** Египеттіктердің өз мемлекеттерінің экономикалық дамуынан ешқандай да пайда алып жатпағандық сезімі 2011 жылдың басындағы Мұбарактың биліктен кетуіне алып келді.

Египеттің ЖІӨ 2010 жылы 5%-ға өскендіктен, сауалнама жүргізілген египеттіктердің бестен бір бөлігі елдегі экономикалық жағдайдың жақсарып жатқанына сенген. Бұл аймақтық орташа табысты мемлекеттер арасында салыстырмалы түрде орташа есеппен 41% құрады. Орташа есеппен алғанда Египетпен экономикасы шамалас мемлекеттер өздерінің эконо-

микасын «жақсы» немесе «өте жақсы» деп жариялады, египеттіктердің де көпшілігі (16%) өз жағдайларын солай бағалады.

Сонымен қатар 2010 жылдың соңында көптеген египеттіктер (9%) Палестина аумақтары (13%) және Йемен (11%) - өзара қақтығыспен байланысқан екі қоғам және Египеттің бір адамға шаққандағы ЖІӨ-інің жартысынан төмен ЖІӨ-ге ие екі мемлекет тұрғындары сияқты өз экономикаларына «гүлденуде» деген баға берді [4]. Статистикалық зерттеу орталықтары жеке тұлғаларды өздерінің өмірлерін қазір және бес жыл бұрын қалай бағалағандарына байланысты «гүлденуші», «күресуші» және «азап шегуші» деп бөлді.

Алайда, Египеттің жан басына шаққандағы Жалпы Ұлттық Өнімі өскенімен, оның халқының бұл байлыққа қол жетуі қысқарды. Қоғам өзінің көптеген өлшемдер, соның ішінде халықтың жаңа бизнес бастауына қажетті рұқсат беруі және соның арқасында Египеттің экономикалық дамуынан пайда табу бойынша төмен қанағаттанғандығын білдірді. Қоғамның жиырма пайызы 2009 жылға қарағанда 26%-ға, 2010 жылы үкімет қағаз жұмыстарын жасағандығын және жеке кәсіпкерлерге жеткілікті рұқсат бергендігін айтты.

Тек сол жылы көтерілген кәсіпкерлікпен байланысты өлшемдер ғана жаңа компаниялардың кәсіби мамандарды тартуын мүмкіндік берді (2009 жылғы 67%-дан 2010 жылы 74%-ға дейін). Бұған қарамастан, ол жағымсыз экономикалық түсіндіруге ие болуы мүмкін: Дүниежүзілік Валюта Қорының мәлімдемесі бойынша, Египеттегі жастар арасындағы 25% жұмыссыздық болуы жоғарыда аталғанға себеп болып табылады.

*Экономиканың өсуімен (5%-қ ЖІӨ өсуі) Қоғамның қанағаттануы төмендеді* (Үкіметтің жеке кәсіпкерліктің қағаздар жұмысының жеңілдігі, жұмыс орындарын жасау, күтілетін экономикалық жағдайлар, қол жетімді тұрғын үйлер, жастардың әлеуетін жақсарту) [4].

йылған болатын. Енді міне 20 жыл ішінде сауда, экономика, энергетика, ғылым, білім, мәдениет, ақпараттық технологиялар, медицина салаларындағы қарым-қатынастары дамып қана қоймай, бірлесе қатынас жасаудың нәтижесінде екі ел ынтымақтастығы арта түсті. Қазіргі таңда Оңтүстік Корея экономикасы жағынан әлемдегі жетекші елдердің көшінде тұр. Оңтүстік Корея Республикасы 1950-60 жылдары әлеуметтік жағдайы нашар, кедей елдердің қатарында болған. Өткен 50, 60 жылдардағы Корея экономикасына зер салатын болсақ, халықтың жан басына шаққандағы көрсеткіш 100 доллар көлемінде болатын. Ал бүгінгі таңда ел басына шаққандағы көрсеткіш 20 мың долларға жетті. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Оңтүстік Корея экономикасы даму көлемі жағынан төртінші орынды иеленеді. Және де ауыр өнеркәсіп саласы, ақпараттық технологиялар, көлік және коммуникация, медицина сияқты салаларда қарқынды түрде дамыған.

2008 жылы әлемді жаһандық дағдарыс жайлаған болатын. Бұл дағдарыс азық-түлік бағаларының шарықтауына әкеліп соқтырды. Сонымен қатар екі ел ынтымақтастығына кедергі болған жоқ, керісінше екі ел ынтымақтастығын күшейте түсті. Мәселен, 2010 жылы екі елдің сауда айналымы 50,3 пайызға жоғарылап, 760 млрд долларды құрады. 2009 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Корея Президенті Ли Мен Бак корейлік кәсіпорындардың қатысуымен жүзеге асатын және де 8 млрд долларды құрайтын ірі жобаларға қол қойған болатын. Бұл ірі жобалардың қатарына Балхаш жылу электр стансасы, Атырау мұнай-химия зауытының құрылысы мен Каспий теңізі жағалауындағы мұнайды өңдеу жұмысы жатады. Балхаш жылу электр стансасы құрылысының құны 4,5 млрд долларды құрайды. Бұл құрылыстың бірінші, екінші энерго-блоктарын 2013 жылы іске қосса, үшінші және төртінші блоктарын 2016 жылы іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл жобаны “Самұрық Энерго” АҚ мен Оңтүстік Кореяның “KEPCO”, “Samsung” компаниялар бірлесіп жүзеге асыруда. 2017 жылдан бастап Атырау газ-химия кешені мұнайлы өңір Каспий теңізінің жағалауындағы этан мен пропанды қайта өңдеу арқылы полипропилен шығаруды жоспарлап отыр. Атырау газ-химия кешеніндегі жұмыстар 2014 жылдың ортасына қарай аяқталады. Бүгінгі күні елімізде машина жасау ісі маңызды салалардың бірі болып табылады. 2010-2014 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық бағдарламасының көшін бастап тұрған жетекші сала және де ел экономикасын дамытуда шешуші рөлді атқаратын салалар қатарына жатады. Осыған байланысы озық технологияларды жете меңгерген Оңтүстік Корея мен Қазақстан компаниялары бірігіп автокөлік жасау ісін қолға алған. Корея Республикасы машина жасау ісінде жетекші рөлді иемденетін елдердің бірі және жылына 3 млн 800 мың автокөлік құрастырып шығарады. Корея автокөліктерді

алғаш рет 1976 жылы шет елге тасымалдай бастады. Корейлік автокөліктерге сұраныс көбейе берген соң, машина жасау ісінде жетекші рөлді атқаратын кәсіпорындар өндіріс орындарын шет елдерде сала бастайды. Осылайша, ел экономикасы жоғары қарқынмен дамуына елеулі үлес қосты.

Қазіргі таңда Корея елі кеме жасау, электроника құралдарын шығару және автокөлік құрастыру салаларын озық меңгерген елдердің бірі болып табылады. Осыған байланысты Қазақстан Оңтүстік Кореялық тәжірибеге сүйеніп бірталай салаларды меңгеру үстінде. Бірнеше жылдар бойы ауылшаруашылық техникасын шығарып келген Қостанай қаласында қазіргі заман талабына сай автокөлік құрастыратын өндірістік кешен салынған. Қазақстандық Allur Auto, Агромаш Холдинг Қазақстан компанияларымен Оңтүстік Кореялық “SsangYong Motor Corp.” корпорациясы автокөлік құрастыру жобасын бірлесіп жүзеге асыруда. Жобада “SsangYong” маркалы Actyon, Kyron, Rexton сияқты жол таңдамайтын автомобильдердің үш түрлі моделін жасап шығару жоспарланған. Бүгінгі күні бұл кәсіпорында 500-ден аса көлік құрастырылды. Ал 2013 жылға қарай көліктер саны 4,5 мыңға жетеді. Жобаға тартылған инвестиция мөлшері 16 млн АҚШ долларын құрайды. Индустриялық-инновациялық бағдарлама аясында жақында Талғар ауданы Колхозшы ауылында «Hyundai» маркалы жүк таситын автокөліктер мен автобустарды құрастыратын зауыт іске қосылды. Жобаға тартылған инвестиция мөлшері 3 млн АҚШ долларын құрайды. Жүк тасымалдайтын автокөліктер шығаратын Оңтүстік Кореялық «Hyundai» зауыты 2014 жылға қарай 5 мың көліктің 50 түрін құрастыруды жоспарлап қойған. Жаңа технологияларға негізделген жобалар елімізді жұмыспен қамтумен қатар, жаңа технологияларды оқып үйренуге түрткі болып отыр.

Кореяның инновациялар саласындағы тәжірибесін зерттеуде технологиялық ынтымақтастықты тереңдету мақсатында құрылған Қазақстан-Корей орталығының маңызы зор. Қазіргі күні Қазақстанда 300-ден астам бірлескен қазақ-корей кәсіпорындары сауда, құрылыс, ақпараттық технологиялар, мұнай өңдеу өнеркәсібі сияқты басқа да салаларда қызмет атқарады. Бүгінгі күні Қазақстанның «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Корей Консорциумының бірлесіп Құрық кентінде (Маңғыстау облысы) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған теңіз бұрғылау қондырғысын орнатуды қолға алған. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы үлесі 73% пайызды құраса, Корей Консорциумының үлесі 27% пайызды құрап отыр. Корей Консорциумы міндеттеріне бұрғылау қондырғысының құрылысы, тасымалдау және жинау жұмыстары енеді. Құрылысқа «Ерсай Каспиан Контракторс» ЖШС Қазақстан компаниясының өндірістік қуаты пайдаланылып, бұрғылау қондырғысы 2012 жылдың екінші тоқсанында салынып бітуі жоспарланып отыр. Тереңдігі 6000 метрді құрайтын бұрғылау қондырғысы таяз сулардағы жұмыстарға арналған. Қазіргі таңда Астана

мен Алматы қалаларында бой көтерген элиталық кешендер Оңтүстік Кореялық “Woogim” компаниясымен бірлесе атқарылған ірі жобалардың қатарына кіреді. Аталған құрылыс кешендерін бес жыл бұрын «ҚазКоммерцБанк» басшылығы, Оңтүстік Кореялық «Woogim» банкі мен «Галамат Арт» құрылыс компаниясының өкілдері ақылдасып бірлесе салуға байланысты тиісті құжаттарға қол қойған болатын. Қазіргі Корея экономикасының үлкен үлесі шағын және орта кәсіпкерлік саласында болып табылады. Сондықтан Корея экономикасының дамуына септігін тигізіп отыр. Қазақстан экономикасын әртараптандыру жолында біздің елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту басты міндеттердің қатарына жатады. Мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлікте 7,4 трлн теңгенің өнімі шығарылған. Қазақстанның экономикалық салалары нарықтық жағдайда жұмыс істеуге әбден бейімделіп, қазіргі күні үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Қазақстан егіншілік саласында рекордтық көрсеткіш болып саналатын 2 млрд пұтқа жуық астық алып отыр. Қазақстанның астық өндірісі қарқынды дамудың нәтижесінде соңғы үш жылда ұнды экспорттаудан әлем бойынша көшбасшы саналып, брендтік тауарға айналды. Қазіргі күні Қазақстан әлемнің 40-тан астам еліне астық экспорттайды. Соның ішінде Кореяға 2 миллион тонна астықты экспорттайды. Қазіргі күні Ақтау портынан жаңа терминал ашылып, астық тасымалдайтын кемелер қатары көбейді. Қазақстан Кореяға астықтан басқа ел игілігіне айналған уран, ферроқорытпа, алтын мен мысты экспорттайды. Ал Корея Қазақстанға электроника құрал-жабдықтары мен машина жасауда қолданылатын заттарды импорттайды. 2010 жылғы Қазақстан мен Корея арасындағы тауар айналымы 542,1 млн долларды құрады, оның ішінде 180,4 млн доллар – экспорт, 361,7 млн доллар – импорт болып табылады. Оңтүстік Корея еліміздің экономикасына қаржы бөлу жағынан еліміздегі №1ші инвестор атанды. Оңтүстік Кореяның біздің елімізге құйған инвестициясының жалпы көлемі бүгінгі күні 3,4 млрд долларды құрайды.

Қазіргі таңдағы екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыс қарқынды дамып келеді. Мәселен, 2010 жылы Қазақстанның Корея еліндегі жылы өтсе, 2011 жылы елімізде Кореяның жылы болып өтті. 2010 жылы Сеулде Қазақстанның Корея Республикасындағы жылының ашылу салтанаты салтанатты түрде өтті. Бұл үлкен мәдени шараға елімізден 150-ден астам өнер адамдары қатысып қазақтың әні мен күйін паш етіп корей халқын қатты тамсандырды. Мәдени шарада қазақ халқының тарихынан сыр шертетін көріністер де, көрмелер болды. Және де Өткен жылы Корея Республикасының жылы аталып өткендіктен қазақ халқы да корей мәдениетімен етене таныса түсті. Жалпы екі ел арасындағы мәдени байланыстар соңғы жылдары ерекше қарқынмен дамыды. Бұл екі елде өткен мәдени шаралардан соң, Қазақстан мен Корея арасындағы ынтымақтастық, дос-

тық қарым-қатынастар нығая түсті. Корея - білім саласында елеулі жетістіктерге жеткен ел. Корея экономикасының қарыштап дамуы, ең алдымен, білімді мамандардың елінің дамуы үшін сіңірген еңбегі. Ел игілігі-білімді жас ұрпақ. Олай дейтінім, Қазақстанның ғылыми техникалық, инновациялық жобаларды іске асыруда Корея тәжірибесі орасан зор рөлді атқарғанымен, осы аталған салаларды оқып меңгеріп, оны жетілдіретін келешек ұрпақтың рөлі зор. Сондықтан Оңтүстік Корея мен Қазақстанның зерттеу институттары, орталықтары мен білім ошақтары білім алмасу аясын кеңейту қажет деп ойлаймын.

Қазақстанның Білім және Ғылым Министрлігі мен Оңтүстік Кореяның Сыртқы істер Министрлігі қарамағына енетін халықаралық қатынастарды дамыту агенттігі КОІСА арасында 1992 жылы білім және ғылым салаларын дамыту жөніндегі құжаттарға қол қойылып сол кезден бастап екі ел білім саласы қарқынды дами бастады. КОІСА корпорациясы 1992 жылы еліміздің дамуы үшін 10,2 млн доллар мөлшерінде қаржы бөлді. Қаражаттың қомақты сомасы Қазақстанның білім және ғылым саласын дамытуға берілді. 1992 жылдан қазіргі уақыт аралығында КОІСА корпорациясының бағдарламасымен 500-ге жуық мемлекеттік қызметкерлер мен білім және ғылым саласындағы мамандар Оңтүстік Кореядан білім алып келді. Қазіргі таңда КОІСА корпорациясы 143 мемлекет пен 14 шақты халықаралық ұйымдарға қолдау көрсетіп отыр.

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарымен Оңтүстік Кореяның жоғарғы оқу орындары арасындағы байланыстар қарқынды даму үстінде. Екі ел білімін дамыту бойынша 2002-2006 жылдар аралығында 20 шақты келіссөздерге қол қойылған. Қазақ мемлекеттік медициналық университеті мен Алматы технологиялық университеті Андонг ұлттық университетімен, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті 2005 жылдың қазан айында Ёнсэ, Каннам және Ханseo университеттерімен екіжақты қарым-қатынасты нығайту жөніндегі келіссөздерге қол қойған болатын. Сондай-ақ Қазақстандағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті 2000 ж. бері Кенги, Каннам және Андонг ұлттық университетімен екіжақты байланыстарды дамытуда. Е. А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті де 2000 ж. бері Ёнсэ университетімен білім алмасу, бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша екіжақты байланыстарды дамытып келеді. 2002 ж. қыркүйек айында Қазақ гуманитарлық-заң университеті Сеул Ұлттық университет қарамағындағы Заң колледжімен екіжақты байланысты дамыту жөніндегі келіссөзге қол қойды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі шығыстану факультетінің корейтану бөліміндегі студенттердің басым көпшілігі жыл сайын Кореяның жоғарғы оқу орындары тарапынан бөлінген оқу гранттары бойынша Кенги, Кенхи, Дэгу, Каннам, Шет тілдер университеті Хангук,

Ханьян сияқты бірқатар университеттерде білім алады. Абылай хан атындағы шет тілдер университеті Дэгу, Каннам, Ённам, Хангук, Чонан, Чонбук, Кемен, Пэдже, Ханьян сияқты бірқатар университеттермен екіжақты байланыстарды дамытуда. Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті Чонан, Ханьян университеттерімен байланыс орнатумен қатар, 2000 ж. Қазақстан мен Кореялық бірлескен ғылыми орталықты ашқан.

2002 жылы Қазақстанның Ғылым Академиясы мен Оңтүстік Корея ғалымдарының білім алмасуы, бірлескен симпозиумдарды өткізу, Оңтүстік Кореялық мамандардың ақпараттық технологиялар саласында дәріс беруі және де қазақстандық жас мамандардың Кореядағы ғылыми семинарларға қатысуы жөніндегі бірқатар келіссөздерге қол қойылған болатын. Бұл келіссөздер 2003-2015 жылдарға арналған индустриялы-инновациялық бағдарлама аясында жүзеге асып отыр.

2006 жылы Қазақстан мен Кореялық бірлескен ақпараттық технологиялар орталығы ашылды. Бұл орталықтың басты мақсатына Оңтүстік Кореялық ақпараттық технологияларды Қазақстанға енгізу болып табылады. Оңтүстік Кореяның ақпараттық технологиялар саласындағы мамандары дәріс беретін Алматыдағы ақпараттық технологиялар орталығының салынуына Корея 3 млн АҚШ доллар мөлшеріндегі қаржыны бөлген. 2004 жылдан бері "Samsung Electronics" компаниясымен Қ.И Сатпаев атындағы техникалық университетімен бірлесіп "INTECH" атты ақпараттық технологиялар саласындағы жобалар олимпиадасын өткізіп келеді. Бұл олимпиадаға Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркменстан елдерінен қатысатындықтан халықаралық олимпиада болып саналады. Бас жүлдені иеленген адам Оңтүстік Кореяға бір апталық дәрісті тыңдауға барады. Олимпиадаға мектеп оқушылары, студенттер, магистранттар, жасы 30-ға келмеген азаматтар қатыса алады.

Елбасымыз өзінің жолдауында айтқандай, ел болашағы-экономикадағы келешегі зор салалардың дамуымен байланысты. Бұл дегеніміз жаңа зауыттардың салынуы мен жаңа жұмыс орындарының ашылып, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы болып табылады деп айтқан. Екі елдің бірлескен жобалары Балхаш жылу электр стансасы мен Атырау мұнай-химия зауыттарының салынуы мен ондағы істердің атқарылуы, Қазақстан мен Кореяның бірлескен ақпараттық технологиялар орталығының құрылуы ел экономикасының дамуына септігін тигізері анық. Ал ел экономикасын дамытатын күш-білікті де білімді мамандар. Сондықтан да жастарымыз білім алып жарқын болашақ үшін аянбай еңбек ету қажет.

\*\*\*

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 27.01.12 жыл.-[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
2. Ассоциация финансистов Казахстана//[www.afk.kz](http://www.afk.kz)
3. Екі ел арасындағы қарым-қатынас нығая түспек//[www.economkaz.kz](http://www.economkaz.kz)



4. Корея елі Қазақстанның басты инвесторына айналды// [www.econom.kz](http://www.econom.kz)
5. Сотрудничество между РК и Республикой Корея в области образования// [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)
6. “Бес жылдағы бел белестер” 31.12.12 ж.-[www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
7. “Жоба әкелген жақсылықтар” 15.02.12 ж.-[www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
8. “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты” 28.01.12.-[www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
9. “Әлемдегі астықты елдің біріміз” 31.12.12 ж.-[www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
10. “Таңы ерте ататын ел” 28.04.12 ж.-[www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
11. “Инновациялық даму бағытындағы кәсіпорын” 22.04.12 ж.-[www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)
12. [www.korea.net](http://www.korea.net)
13. “Қазақстан ұлтаралық татулық пен бірлікке бағытталған саясатын өз брендіне айналдырды” 27.04.10 ж.-[www.elgazeti.kz](http://www.elgazeti.kz)
14. “Қазақстанда SsangYong көліктерді құрастыру басталады” 29.07.10-[www.Kazmedia.kz](http://www.Kazmedia.kz)

\*\*\*

В этой статье говорится о динамике развития торгово-экономических и культурно-гуманитарных отношении между Казахстаном и Южной Кореей. А также будут освящаться успехи, достигнутые этими странами за последние годы. На сегодняшнее время экономика Южной Кореи занимает четвертое место в мире по росту объема. К тому же страна является одной из быстро развивающихся стран мира в тяжелой промышленности, в создании новых инновационных технологии, в медицине, в транспорте и коммуникации. Поэтому опыт Кореи играет важную роль в развитии данных отраслей в Казахстане.

\*\*\*

This article tells about dynamic of development of trade and economic, cultural and humanitarian relations between Kazakhstan and South Korea. And also will be described achievements which had been achieved by these countries for recent years. Today the economy of South Korea takes fourth place in the world by growth of volume. And also the country is one of the fastest developing countries in the world in heavy industry, in making new innovative technologies, in medicine and in transport and communication. That's why South Korea's experience play an important role in developing of these spheres in Kazakhstan.

**Жанатаева К.Б.**

## ИРАК-КУВЕЙТ СОҒЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ

1990 жылы тамыздағы Парсы Шығанағы дағдарысы әлемге келеңсіздік туғызды. Иран Ислам Республикасымен ұзаққа созылған соғыс Ирак мемлекетіне үлкен ауыр соққы болды. Ел өте үлкен экономикалық тығырыққа тірелді. Тек сыртқы мемлекеттік қарыздың өзі 60-70 млрд долларды құрады. Іс жүзінде елдің Парсы Шығанағына Шатт-әл-Араб арқылы өтетін жо-

лы жабылды. Көптеген әскери және шаруашылық нысандары қиратылып, елдің шығыс аудандарында біраз қалалар жермен жексен болған еді. Тұрғындардың өмір сүру деңгейі күрт төмендеп, жұмыссыздық кеңінен белен алды.

1990 жылы тамызда Ирақ Кувейтті әлемде мұнай нарығында қара алтынның шамадан тыс өндіріліп кетуі мұнайға бағаның төмендеуіне әкеліп, Бағдадтың экономикалық мүддесіне нұқсан келтірді және де Кувейт өз территориясынан диагональ бойынша бұрғылай отырып, Румейла ирақ кенінен мұнай өндірді деп айыптады. Одан кейін Ирақ басшысы Кувейттен мұнай кенін тонауды тоқтатуды және өздеріне Иранмен соғыс кезінде берілген 17 млрд доллар қарызды есептемеуді талап еткен болатын. Сонымен бірге Ирақ Кувейтті ОПЕК ұйымы қойған мұнайды өндіру квотасын бұзды деп айыптады, ал бұл өз кезегінде Ирақ мүддесіне нұқсан келтіретіндігін жариялады. Ирақ бұл жерде ОПЕК-ті пайдаланып, Кувейтке қысымды барынша күшейте түсті, әрі оның шілдедегі кезекті кездесуінде мұнайды өндіру квотасын қысқарту жолы арқылы мұнайдың баррелге бағасының 25 долларға дейін көтеруін ұсынды (ол кезде нарықта мұнайға баррель бағасы 16 доллар деңгейінде болатын). Керісінше 1990 ж. 19 шілде күні Кувейт өкілі Абдулхасан БҰҰ-ның бас хатшысы Перес де Куэльярге Ирақтың талаптарының экономикалық сипатқа емес, саяси сипатқа ие екендігін мәлімдей отырып, Кувейт емес, керісінше, Ирақ Кувейттің мұнай көздерін тонап жатқандығын жариялады [1, 24]. 1990 жылға қарай Ирақ пен Иран мұнайды өндіруде шегіне жетіп, бағаны көтеру арқылы экспорттаудан кірісті ұлғайтуды көздеген еді. Сонымен бірге Ираққа 80 млрд долларға жеткен соғыс қарызын өтеу үшін ақша керек болды. Басқа елдерге қарағанда, әсіресе Кувейт қарызды уақытында төлеуді талап етті. Соңында 27 шілдедегі екі елдің кездесуінде күніне 22,5 млн баррель көлемінде мұнай өндіру квотасы тағайындалып, бағаны барреліне 21 долларға көтеруге келісті.

Бірақ 1 тамыз күні Ирақ пен Кувейт арасындағы келіссөз үзіліп, Ирақ Кувейтке келесі талаптарды қойды: 1) Ирақтың мұнай ресурстарын «тонаудағы» шығынын өтеу; 2) Ираққа Бубиян аралын беру. Осындай пиғылмен 1990 жылы 2 тамызда Ирақ әскерлері Кувейт жеріне басып кіріп, бір тәулік ішінде ирақтық әскерлер Парсы Шығанағындағы кішкентай араб мемлекетін жаулап алды. 8 тамызда Ирақ ресми түрде Кувейтті өзінің 19-ші областы деп мәлімдеді. Бір жағынан бұл соғыстың басталуына Кувейттің өзі де түрткі болды. Француздардың көмегі арқылы Ирақпен шекарадағы мұнай кендерін бұрғылай бастаған болатын. Ирақ бұл жерлерде қара алтынды бұрғылауға асықпаққан болатын, ал Кувейт істі бастап кеткеннен кейін олар бұл мұнайды жартылай, тіпті болмаған соң Кувейт пайдасы үшін 1:3 қатынасында бөлуді ұсынған еді. Дегенмен 1990

жылғы тамызда Ирак мемлекетінің Кувейтті айыптауы дағдарысқа әкеліп, әлемнің бірқатар елдерімен қатар, араб елдерінде де қарама қайшылық реакциялар тудырды. Араб әлемінің бұл басқыншылыққа пікірі көбінесе бір жақты болды, шамамен дерліктей араб елдері ирак басқыншылығын айыптады. Ирак айналасындағы Иордан, Тунис, Ливия, ПАҰ, Мавритания, Йемен және Судан сынды араб мемлекеттері «шетелдіктердің араб істеріне» киліккенін айыптап, дауды араб елдерінің өздері шешеді деген еді. Бұл елдердің осындай ұстаным ұстануы саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тұтас бір топтастырылуына байланысты да болды.

Дағдарыс тек қана арабтық бірлестігінің ішкі қайшылығының өршуіне ғана емес, Египет, Ирак, Иордания және Солтүстік Йеменді біріктірген қуатты аймақтық ұйым-араб елдері одағының бұзылуына да түрткі болды. Дегенмен 3 тамыз күні Араб елдері лигасының Кеңестер мәжілісінде мүше мемлекеттер көп дауыспен келесі шешімдерді қабылдады:

- 1) Кувейттегі ирак басқыншылығын айыптау;
- 2) Ирак әскерлерін жедел және сөзсіз түрде 1990 жылғы 1 тамызға дейінгі өмір сүрген Кувейт шекарасынан шығару;
- 3) АЕЛ Кеңесі Кувейт егемендігінің және ұйымның басқа да мүше-мемлекеттерінің қауіпсіздігін сақтап қалу қажеттілігін бекітті.

Египет басшысы Хосни Мұбарак пен Иордания королі Хұсейн Ирак және Кувейт арасындағы өршіп келе жатқан шиеленісті тамыз айына дейін шешуге тырысқан болатын. 1990 жылы 23 шілдеде олар Ирактың премьер-министрінің орынбасары Тариқ Азизбен кездесті. Келесі күні олар АЕЛ бас хатшысымен бірге Бағдадқа аттанып, онда Кувейт пен Ирактың сыртқы істер министрлерінің кездесуін ұйымдастырып, шиеленісті жағдайды реттестіруге тырысқан еді. Бірақ та олардың әрекеті сәтсіз болды. Ирак басшысы Кувейттен Иракқа Румейладағы мұнай көзін «тонағаны» үшін 2,5 млрд доллар көлемінде өтем ақы төлеуді талап етті. Кездесу барысында Ирак президенті Мубаракқа Кувейтке қарсы күш қолданбайтындығына уәде берген еді. «Соңғы минуттарға дейін Хосни Мұбарак ирак халқы үлкен сәтсіздік жеңіліске ұшырамайтындығына үміттенген болатын, сондай-ақ президент Саддам Хұсейнге ирак басшылығы өзінің ұстанымын өзгертсін деп кеңес берген 33-ші үндеуін де жіберген еді» деп «әл-жумхурия» үкіметтік басылымының бас редакторы Самир Рагаб жазады [2, 1].

Египет Хұсейнге басқыншылықты тоқтату мақсатында бірқатар шаралар қолданды. Мұбарактың ұсынысы бойынша Каирде 1990 жылы 10 тамызда араб елдері мемлекет басшыларының жоғары кездесуі де өткізілді. Мәжіліске қатысушылар Сауд Арабиясы және басқа да Парсы Шығанағы елдерінің өтініштерін қабылдап, шиеленіс ошағына арабаралық күштерді жіберу шешімін қабылдады. Кувейт егемендігін қорғау үшін жіберілген

Египет әскерлері бірікен күштер арасында саны жағынан (35 000 әскер) үшінші орынды иеленді [3, 112].

Парсы Шығанағындағы дағдарыс Египетке үлкен шығын әкелді. 1991 жылы Мысыр елінің Кувейтпен қаржы байланысы үзілгенінің салдарынан жалпы шығын 2,2-2,4 млрд долларды құрады. Сондай-ақ Египеттің туристік саласында үлкен шығынға ұшырады. Суэц каналының біршама уақытқа жабылуы де египет экономикасына кері әсерін тигізді. Дегенмен Ираққа қарсы коалицияға қатысудың да жағымды тұстары болды. Египет одақтастары елдің үштен бір бөлігін құрайтын 14 млрд доллар көлеміндегі сыртқы қарызын сызып тастады. Египет Кувейтте қиратылған нысандарды қайта қалпына келтіруде көптеген миллиондаған сомадағы келісімдерге қол жеткізді. Арабия түбегіндегі мұнай державалары египет экономикасына құятын қаржылай инвестицияның көлемін ұлғайтты. Мысырлық азаматтар Парсы шығанағында жұмыс орындарын иемденді. Парсы шығанағындағы дағдарыстан кейін Египеттің аймақтық жетекшілік рөлі өсе түсіп, беделі ұлғайды. Батыс елдері маңызды таяушығыс мәселесі бойынша Египеттің ұстанымымен санасатын болды.

1998 жылы қазан айында Амр Мұсаның «әл-Ахрам» газетінде берген сұхбатында айтылғандай «Ирақ- араб әлемінің бөлінбес бөлігі. Бұл факт ешқашан жоққа шығарылмайды» [4, 1]. Сондай-ақ Мұбарак Бағдадқа қарсы экономикалық және сауда тосқауылын алып тастауға шақырған БАЭ ұстанымын қолдады. Кувейт Каирмен экономикалық байланысын тоқтатындығын білдіргеннен кейін Египет басшылығы Ирақпен дипломатиялық қатынасты орнатуды ұсынған ұсынысын өзгертті.

Сондай-ақ Египет үкіметі Ирактың Кувейтке қарсы агрессиясын бастапқы кезде қолдаған Иордания ұстанымына қарсы шыққан жоқ. Дегенмен Парсы шығанағынан Иорданияға түсетін қаржылай көмек қысқартылып, осы шығанақ елдерінде жұмыс істейтін барлық иордандықтар жұмыстарынан босатылып, сол ел аумағынан шығарылып, ал Иордания арабаралық сахнада оқшауланған кезде де египет өз позициясын ұстанды. Әрине, араб елдері тарапынан түсетін қаржылай көмектің тоқтатылуы елдің сауда айналымының қысқаруына әкелген болатын. Бірақ Каир араб әлемінен Египет оқшауланған кезде Амманның көрсеткен үлкен көмегін еске түсіре отырып, иордан басқыншылығын экономикалық және саяси келеңсіздіктерді жоюда көмектесті. Ал бұл өз кезегінде 1993-1994 жылдардағы иордан-израиль келісімдерінің орнатылуына үлкен септігін тигізді. Халықаралық сахнада да Ирақ басқыншылығына қатаң реакциялар көрсетілді. 1990 жылы 2 тамызда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі шұғыл шақырылып, агрессияға қатысты 660 қарарды қабылдады. Мұнда ирактық әскердің басқыншылық әрекеті айыпталып, қарсылық танытуларын тоқтатуды талап етті.

Бұған жауап ретінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі сауда-экономикалық шараларды енгізу туралы 661 қарарды қабылдады. Бұл қарар негізінде қандай да болмасын экспорт-импорт операцияларын, банк пен қаржы трансакцияларын, жүк, жабдық, тауарлар тасымалдаудағы әуе, теңіз кемелерін пайдалануға тыйым салынды. Тек экономикалық эмбаргодан азық-түлік және дәрі-дәрмек жеткізілуге ғана рұқсат берілді. Осы шешім бойынша Ирақ мұнай экспортын тоқтатуға мәжбүр болды. 1991 жылы 9 тамызда БҰҰ қауіпсіздік кеңесі кезекті 662 қарарын қабылдады. Онда Кувейттің басып алынғандығының заңсыз екендігі, оның мемлекеттік егемендігінің сақталатындығы расталды [5, 27].

Осы кезден бастап басшылықты АҚШ әкімшілігі өз қолына алды. Вашингтон Ирақтың бұрынғы қылмыстарынан айрықша, осы басқыншылығының кешірілмейтін іс екендігіне халықаралық қауымдастықтың көзін жеткізуді алдыңғы орынға қойды. Америкалықтар БҰҰ Ережесінің 7 тарауы қағидаларын қолдана отырып, жоспарланған кең көлемді операциялар жүргізу арқылы Таяу Шығысқа өздірінің әскерлерін енгізуді көздеді. Тамыздың 16 күні АҚШ әскери теңіз күштері Ираққа бағытталған экономикалық шаралардың орындалу бақылауын өз қолына алды. Осы кезде Вашингтон Сауд Арабия басшылығы және Кувейт әмірімен бірлесе отырып, Ирақ әскеріне қарсы қуатты коалиция құруды қолға алды. Көптеген елдердің ішінде 8 араб елі де өз әскери контингентін коалицияның құрамына енгізуге дайын екендігін білдірткен болатын.

Бағдад халықаралық бірлестіктің қысымынан шегіншектік көрсетпей, керісінше эскалацияға кірісті. 17 тамызда Ирақ үкіметі өз елінен және Кувейттен барлық шетел азаматтарының кетуіне тыйым салып, оларды «кепілдікке» алды. Кувейттегі барлық елшіліктер мен консулдықтар жабылды. Басқа елдердің жүз мыңдаған азаматтарын санамағанда, тек батыс еуропалықтар мен америкалықтардың арасында «кепілдікке» алынғандардың саны шамамен 25 мың адамға жетті. Ирақтың осындай халықаралық құқық ережелерін бұзуы, жағдайды ушықтыра түсірді. «Кепілдікке» алынғандарды босату үшін Хусейн Шығанақтан көп ұлтты күштердің шығарылуын және де БҰҰ-ның тарапынан салынған шараларын алып тастауды, сондай-ақ АҚШ-тан Ирақты басып алмауы туралы міндетті қабылдауын талап етті. Бұған жауап ретінде БҰҰ қауіпсіздік кеңесі 18 тамызда 664 қарарды қабылдады, онда Ирақтан «кепілдікке» алынғандарды босату талап етілді. Тек қыркүйек айында ғана әйелдер мен балаларға елден кетуге, ал желтоқсанда барлық кетем деушілерге елдеріне кетуге болатындығы жарияланды.

25 тамыз 1990 жылы 665 қарар қабылданды, онда Парсы Шығанағына өз әскери теңіз күшін жіберген барлық мемлекеттерге екі бағыттада жүретін кемелерді апара жатқан жүктерін тексеру үшін тоқтататын құқық бер-

ді. Мұнайды шетке шығаруға, қару-жарақ жеткізуге рұқсат етілмеді.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-ші мәжілісінде Ирақтың сі-қимылдары қатаң сөгіске алынып, Кувейтті азат етудегі қауіпсіздік кеңесінің тиісті шешімдерін іске асырылуын талап етті. Сауда-экономикалық тосқауыл туралы шешімдерге қоса қауіпсіздік кеңес 25 қыркүйекте 670-ші қарарды қабылдады. Мұнда 661-ші қарарда көрсетілгендей, тыйым салынған тауарлар мен жүктерді Ираққа әуе жолымен тасымалдауға қатаң шек қойылды, тек гуманитарлық көмек жүктерін тасылуына рұқсат берілді.

Қазан айы бойы БҰҰ, Ислам Конференция ұйымы, Қосылмаушылық қозғалысы, АЕЛ, сондай-ақ КСРО, басқа мемлекеттер Бағдадты өз ұстанымын қайта қарастырып, дауды саяси-дипломатиялық жолмен шешуге шақырды. Ирақтықтар келіскен жағдайда, БҰҰ қауіпсіздік кеңесі тарапынан қойылған экономикалық шаралар мен эмбарголардың алынып тасталатындығына, жағдайдың алғашқы «нөл» нұсқасынан қайтуына кепілдік берілді. Бірақ Ирақ мемлекеті өзінің ұстанған ұстанымынан таймай, өз алған бетінен қайтпады. Дағдарысты дипломатиялық жолмен шешу үміті сөнген сайын, АҚШ-тың әскери дайындығы күрделене бастады. Парсы Шығанақ аймағына 175 мың әскер енгізілді. 1990 жылы қарашаның 8-де АҚШ президенті Дж.Буш дау жеріне тағы да 200 мың әскерін аттандыруға үкім шығарды. Сондай-ақ Ираққа қарсы коалицияға қатысушыларда өз күштерін жақындата түсті. Әрине, Бағдадқа қарсы альянсқа кірген елдердің өз көздеген мақсаттары болды. Кувейт тәуелсіздігін қайта орнату, Ирақта орын алған саяси тәртіпті құлату немесе Саддам Хүсейнді биліктен кетіру, Кувейтке келтірілген зардаптар үшін өтем-ақы алу, Ирақтың соғыс күшін жою, негізгі байлық-мұнайды иелену сынды мүдделер бір-бірімен ұштасып та жатқан еді.

29 қараша күні БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі нөмірі 678-ші қарар қабылдап, Кувейтті азат ету үшін Ираққа қарсы бірқатар әскери әрекеттер жүргізуге шешім қабылдады. 1991 жылы 15 қаңтарға дейін Ирақтан барлық әскерін Кувейт жерінен алып кетуді талап етті [6, 14]. Саддам Хүсейн бұл талапты қабылдамағаннан кейін 1991 жылы қаңтардың 16-нан 17-не қараған түні БҰҰ-ның Бас хатшысына хабарламастан, АҚШ-тың басшылығымен Ираққа қарсы 32 елдің қарулы күштері «шөлдегі дауыл» жоспарын бастады. Олар шығанақта 180 әскери кемелер, 6 әуе кемесін топтастырды. АҚШ-тың әскери әуе күштері Түркияның Инжирлик әуе қондырғысы мен Бахрейннің әуе базасында топтастырылды. Сондай-ақ әскери базалар Сауд Арабиясы мен Парсы Шығанағында орналастырылды.

Көп ұлтты қарулы күштердің 16-17 қаңтардағы әуе шабуылдарынан кейін С.Хүсейн Израилге зымырандық соққы беруге бұйрық берген болатын. Ондағы Ирақ басшысының ойлағаны, Ирақтың жауап ретінде тойтарыс беруі, ал бұл өз кезегінде ираққа қарсы коалицияның ыдырауына

әкелетіндігіне сенген болатын. Бірақ бірқатар бейбіт тұрғындардың қырылуына қарамастан, Израиль үкіметі қандай-да бір жауап қайтарарлық әрекеттер жасауға шешім қабылдамады. 20 қаңтар күні Кувейттің астанасы азат етіліп, Ирақтың он мыңдаған әскері берілген болатын. Жердегі шабуыл 24 қаңтар күні басталып 4 күнге созылды. Ирақтың әскерлері Кувейт жерін тастауға мәжбүр болды. Бұл операция 42 күнге жалғасып, Бағдад 700 жылдық тарихында көрмеген апатқа кездесті. Осы күресте күштің тең еместігі айқын еді, сондықтан да С.Хұсейн 26 ақпан күні БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің барлық қарарларын мойындайтындығы туралы жариялады. 1991 жылы 28 ақпанда соғыс өрті тоқтатылды. 3 наурыз 1991 жылы Ирақ өкілдері уақытша бітімге келісті. Кувейт аза етілгенімен, Хұсейн тәртібіне қатаң бақылау орнатылды. Сондай-ақ Ираққа жаппай қырып жою қаруын иеленуге тыйым салынды.

1994 жылы қарашада Ирақ үкіметі Кувейт жерінің тұтастығын және егемендігін мойындайтындығын бекітті. Ал желтоқсанда ирақ-кувейт шекарасын демаркациялауға келісімін берді. Ирақтан соғыс шығынын өтету үшін БҰҰ-ның арнайы комиссиясы құрылды.

Парсы Шығанағындағы соғыс аяқталғаннан кейін ПШАЕЫК елдері бұл аймақта египет және сириялық әскерлерден құрылған ірі күштерді орналастыру арқылы «араб қауіпсіздік жүйесін» құруға әрекет жасады. Бірақ бірқатар себептердің салдарынан бұл әрекет сәтсіз аяқталғаннан кейін, аталған елдер қауіпсіздікті қамтамасыз етуді өз мойнына алған АҚШ-пен келісімге отырды. Бұл келісім бойынша шығанақ аймағында үнемі АҚШ-тың ірі топтағы әскерінің шоғырлануы заңдастырылды.

\*\*\*

1. В. Сафрончук. Дипломатическая история «Бури в пустыне»// Международная жизнь. 1996. №10.-С. 24-25
2. «Әл-Жумхурия». 09.02.2003
3. В. Катамидзе. Ирако-кувейтский конфликт. -М., 2000. -с.112
4. Al-Ahram Weekly.7-13 October, 1998, № 400
5. В.Сафрончук. Дипломатическая история «Бури в пустыне»// Международная жизнь.1996. №10. с. 27
6. Г. Сидорова. 678-я и последняя// Новое время. 1990. №50. с. 14

\*\*\*

В данной статье рассматривается кризис Персидского залива 1991 г., нападение Ирака в Кувейт и позиция Египта. А также автор проанализировал принятые резолюции мирового сообщества.

\*\*\*

The article considers the crisis of Persian Gulf in 1991, the attack of Iraq in Kuwait and the position of Egypt on it. The author analyzed the resolutions of the international community.

## **С.Е. Жокишев**

### **ДІНИ-ЭТНИКАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР НЕГІЗІНДЕГІ СУДАННЫҢ ЕКІГЕ БӨЛІНУІ**

Полиэтникалық және поликонфессионалды Суданның ішкі саяси өмірі үшін қиын реттелетін қақтығыстар мен соғыстар тән. Осы себептерден бұрыннан бері Солтүстікте тұратын мұсылман арабтар мен Оңтүстікте шоғырланған қара нәсілді христиандар арасында кең ауқымды қарулы қақтығыстар орын алуда. 1820-1821 жылдары Осман империясының басқаруындағы Мысыр бұл аймақты отарлауды жүзеге асыра бастаған. 1898-1955 ж. ағылшындық-мысырлық ықпалдағы Судан кезінде Ұлыбритания Суданның солтүстік және оңтүстік бөлігін бірдей басқаратын ортақ жүйені енгізе отырып, Оңтүстік Суданға деген исламдық және арабтық ықпалды әлсіретуге ұмтыла кіріскен. Аймаққа христиан дінін күштеп енгізу де сол кезеңнен басталады. 1956 ж. астанасын Хартум деп жариялаған оңтүстік пен солтүстік аймақтың ортақ мемлекеті – Суданның құрылғаны туралы ресми мәлімдеме жарияланды. Маңызды мәселе, осы тұста билік басына Оңтүстікті ислам дініне баулуды мақсат еткен солтүстіктік саясаткерлер көптеп келеді. 1972 ж. Аддис-Абеба келісіміне қол қоюдың арқасында 1955-1972 ж. аралығындағы 17 жылға созылған Бірінші азаматтық соғыс аяқталады. Арабтар шоғырланған солтүстік пен қаранәсілділер шоғырланған оңтүстік аймақ бітімге келіп, Оңтүстік Судан белгілі бір деңгейде сыртқы саясатта өзіндік басқаруға ие болады. Алайда араға он жылдай уақыт салып, 1969 жылы әскери төңкерістің нәтижесінде билік басына келген Жафар Нимейри исламдану саясатын күшейтуге кіріседі. Мысалы қылмыстық заңнамаға шарифат заңдарына сәйкес тармақтар – таспен ату, қолды шабу, т.б. енгізеді. Бұл жаңа енгізулер үкімет пен Суданды азат ету халықтық армиясы арасындағы қарулы қақтығыстарына әкеп соғады.

Соңғы үш онжылдықта елдің оңтүстік аймағында басталған қарулы қақтығыстар кезінде үкіметтік әскер 2 млн жуық бейбіт тұрғынды өлтірген. Елдегі орын алған аштық, жанар-жағар май тапшылығы, қарулы қақтығыстар ауқымының кеңейе түсуі 4 млн астам оңтүстік судандықтарды көршілес жатқан Эфиопия, Кения, Уганда, Мысырға жер аударуға мәжбүрледі. Осының кесірінен босқындар адамзат үшін аса маңызды саналатын білім алу, денсаулығын шыңдаудан шет қалып, аштық пен кедейшіліктің құрбанына айналды. Жылдар бойы елді әбден әлсіреткен азаматтық соғыс гуманитарлық апатқа ұласты. Соғыс өрті шарпыған аймақта 2003-2004 ж. көтерілісшілер мен үкімет арасындағы ауызекі келісімнің нәтиже-



сінде 20 жылдан астам уақытқа созылған қанды қырғын толас табады. Әлбетте, қарулы қақтығыстар келісімнен кейін тоқтамағаны анық. Өйткені оңтүстік бөліктің кейбір аймақтарында адам өліміне әкеп соғатын қақтығыстар бірнеше рет орын алған.

Бұл даулар мен азаматтық соғыстардың нәтижесі көптеген адам қатерлері мен қоғамдық өмірдің тұрақсыздығына және орны толымсыз материалды қатерлерге әкеледі. Ұлтаралық, конфессияаралық ұзақ уақытқа созылған шиеленістер және қарулы қақтығыстар Судан мемлекетіне емес, оған қоса көршілес мемлекеттерге, аймақтарға, жалпы Африка континентіне ал ең басты бүкіл адамзатқа үлкен қауіп-қатер алып келуі әбден мүмкін [1, 256-257]. Судан ішіндегі қақтығыстардың әр күні Судан мемлекетіне 1 млн АҚШ долл. шықты. Судан мемлекетіндегі қақтығыстардың өршуіне себепші болған негізгі факторлар ретінде экономикалық, этникалық және діни себептермен сипатталады, ал шын мәнде қақтығыстардың айқын себепшісі әлеуметтік-саяси себептер болып саналады.

Көптеген африкалық елдермен қатар Судан мемлекетінің шекарасы да отарлау кезінде нақтыланған болатын, дәл айтқанда шекаралар жасанды түрде білгілі бір қауымның өмір сүру ауданына және ауылдардың орналасуына байланысты белгіленді. Қазіргі заманда Суданда өткен қақтығыстардың көбісі үкіметтің қатерлі саясат жүргізуінен туындаған болатын.

Суданның Солтүстігіндегі орталық үкімет Оңтүстік оппозициялық топтарды әскери күшпен қатан түрде баса отырып исламдану процесін жүргізген. Солтүстіктегі орталық үкіметке қарсы оппозициялық топтардың белсенділігі ХХ ғ. 50 жылдарынан басталды, 1983 ж. және бірнеше рет ХХ ғ. 90 жылдары азаматтық соғыстар экономикалық дағдарыс, әлеуметтік мәселелердің өршуімен қатар жалғасты. Осындай жағдайлар барысында Суданның әр аймақтарында соңғы он жылда үкіметке қарсы бағытталған қозғалыстарды және жартылай анархиялық қозғалыстарды, қарақшы топтарды ұйымдастыратын ірі саяси база құрылды.

ХХ ғ. екінші жартысы ХХІ ғ. басы аралығында Суданда үкіметке ашық қарсы шыққын бірнеше бөлек аймақтар құрылды. Ұзақ уақыт бойы қарсылық танытқан ірі аймақ Суданның христиандары тұратын Оңтүстік аймақ болды [2, 195-196].

Соңғы кезеңде үкіметке қарсы бағытталған қарулы қозғалыстар батыспен шығыс аймақтарында пайда болды, олардың ішінде араб тұрғындар да болды – Дарфур, Оңтүстік Кордофан, Нубия таулары, Көгілдір Ніл аудандары және негізгі аудан Абьей. Үкіметке қарсы бағытталған қозғалыстар саяси жүйелендіріліп әр аймақтарда өз лидерлері пайда болды. Судан мемлекеті ішіндегі мәселені саяси деңгейде шешу мүмкіндігі оңай емес екендігі айқын, себебі Судан мәселесі бірнеше кешенді мәселелерден тұрады, оған қоса мәселенің табиғи шығу төркіні ұзақ уақыт бойы құралғаны мә-

лім, сол себептен бұл мәселе ауқымды сұрақ ретінде қарастырылып тек халықаралық делдалдық күшпен шешілуі мүмкін.

Халықаралық ұйымдардың үлес қосуы әсіресе БҰҰ, Африка Одағы, Араб Елдерінің Лигасы, уақыт өте мәселені шешу барысындағы бейбітшілік орнату күштердің нақты бір саясат пен жүйенің құрылуына себеп болды. Мәселені қарусыз шешу саясатына жүгінген келіссөздер ұзақ уақыт бойы жалғасты, аяғында қарулы қақтығыс арқылы мәселені шешу мүмкін емес екендігіне және Судан үкіметі радикалды исламистерді, лаңкестерді қолдады деген айыптаудан кейін, Судан мемлекетінің халықаралық қыспаққа ұшырағанына көзі жеткен Судан мемлекетінің басшысы Омар әл-Башир исламистерден алшақтап, саяси келіссөздерді жалғастыруға үміттенеді.

2002 ж. Кения Республикасында Мачакос атты хаттамасына қол қойылды, Оңтүстік Суданда мекендейтін халықтардың өз тағдырын өзі шешу құқығы берілгені бекітілді. Осы келісімнен кейін Оңтүстік Судан мәселесіне байланысты тағы да бірнеше хаттамалар мен меморандумдарға қол қойылды. Осымен қатар Судан ішіндегі басқа да Оңтүстік Кордофан, Нубия таулары Көгілдір Ніл және негізгі аймақ Абьей мәселелеріне байланысты келісімдерге қол қойылды [3].

Омар әл-Башир басшылығы кезінде ондаған жылдарға созылған келіссөздер 2005 ж. Кения Республикасының астанасы Найробида Судан үкіметі және Оңтүстік көтерілісшілер арасында бейбіт келісім орнатты. Құжатқа мемлекеттің бірінші вице-президенті Али Осман Мухаммед Таха және Оңтүстік көтерілісшілердің басшысы Джон Гаранг қол қойды. Бір топ келісімшарттарда уақытша өтпелі кезеннің қауіпсіздігі, үкіметтің саяси бөліну үлгілері және мұнайдан түскен табысты бөлу жайлы келісімдер қамтылды.

2005 жылдың 9 қаңтарында Кенияда орнаған Найваштық келісімде Оңтүстік Суданға автономия беріліп, оның көсемі Джон Гаранг Суданның вице-президенттігіне тағайындалады. Мұның тиімді жағы: автономияның 6 жылынан кейін тәуелсіздік алуға қатысты жалпыхалықтық референдум өткізуге құқылы болды, ал мұнайдан түскен пайда ресми билік пен оңтүстік автономия арасында теңдей бөлінді [4].

Осы шешімдер арадағы кикілжің мен ушығып тұрған ахуалды сәл бәсеңдетіп, қарулы қақтығыстар тоқтайды. Бірақ 2005 жылдың жазында Гарангтың тікұшақ апатынан қаза болуы елдегі саяси тұрақтылықтың бұзылуына себеп болады. 2007 ж. қақтығыстарға тосқауыл болу мақсатында, Оңтүстік Суданға БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун арнайы іссапармен келеді. Ал халықаралық қауымдастық жанжал өршіген осы аймаққа бітімгерлер тобы мен гуманитарлық көмек жөнелтеді. Келісімде көрсетілген алты жыл ішінде Оңтүстік Суданның уақытша билігі орталық билік-

пен ынтымақтаса отырып, аймақтағы қарулы және әскери қақтығыстарды болдырмауға күш салады. Саяси ойын ережесіне сай ойнаған оңтүстік-судандықтарды қолдау мақсатында 2010 жылдың жазында АҚШ егер референдум қорытындысы тәуелсіздікті жақтаса, Оңтүстік Суданды дербес ел ретінде мойындауға қарсы еместігін жеткізеді. 2011 жылдың 4 қаңтарында Судан президенті Омар әл-Башир Еуропалық Одақ іспетті одақтас мемлекет ретінде өмір сүруге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге уәде берді.

2011 жылдың 23 қаңтарында өткен референдум қорытындысында 3,8 млн дауыс берушінің 98 пайызы тәуелсіз болуға құлшынып, Оңтүстік Суданды тәуелсіз ел ретінде алғаш Судан Республикасы таныды. Осылайша Африка құрлығында ірі ел болып есептелетін, 42 млн астам тұрғыны бар Судан мемлекеті екіге бөлінді. Оңтүстік Судан Шығысында – Эфиопия, оңтүстігінде – Кения, Уганда, батысында – ОАР, солтүстігінде Суданмен шектесетін, жер ауқымы – 619 745 шақырымға тең Африкадағы республикалық құрылымға негізделген мемлекет болып құрылды [5].

Оңтүстік пен солтүстік болып бөлініп, 20 жылға жуық уақыт жалғасқан азаматтық соғыста 3 миллионға жуық адам қаза тапқан. Бір елдің екіге бөлінуіне экономикалық қызығушылық та ықпал еткен деп топшылайды мамандар. Оңтүстік аймағы жеке бөлініп шықса да, сарапшылар Суданның елдік мәселесі бәрібір қыл үстінде қала беретінін айтады. Себебі, енді елдегі ондаған тайпалар әрқайсысы жеке-жеке мемлекет құруды қалап, бас-басына би болуды талап етіп шығуы әбден мүмкін. Халықаралық қауымдастық тәуелсіз ел ретінде танып үлгерген Оңтүстік Судан солтүстігіндегі көршісінен саяси тұрғыда ғана емес, экономикалық, психологиялық тұрғыда тәуелсіз екендігіне күмәнді. Қаңтардағы жалпыхалықтық референдум соңы тәуелсіздік алуға жетелеген жаңа мемлекеттің алғашқы президенті – Халықтық-бостандық қозғалысының көсемі Сальва Киир Маярдит. 20 жылға созылған азаматтық соғыстың нәтижесінде пайда болған Оңтүстік Суданды Еуропалық Одақ мүшелері, АҚШ, Қытай, Канада, Ресей, сондай-ақ бірқатар африкалық елдер дербес мемлекет ретінде таныды.

Тәуелсіздік күніне орай өткізген салтанатты кеште БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун: "Табиғи ресурстарға бай болуы, мұнай кендері мен Нілдің құнарлы жері – жарқын болашақтың негізгі кепілдері. Оңтүстік Суданның әлемдегі табысты аймаққа айналатынына сенімдімін және өте кең ауқымда қолдау көрсетуге дайынбыз", – деді [6]. Алайда саяси тұрғыда тәуелсіздікке қол жеткізген Оңтүстік Судан халқына экономикалық тұрғыда тәуелсіздік үшін біраз еңбек етуге тура келеді. Ең маңыздысы, бүкіл халықты ортақ мүддеге жұмылдыратын саяси жүйе қажет. Оның үстіне, іргетасы жаңа қаланған елдің қаражат көзін қайдан алатыны да әзір бел-

гісіз. Дербестікке қол жеткізгенге дейін ауыл шаруашылығы саласына негізделген мемлекеттегі мұнай қоры елдің әлеуметтік ахуалын түзеуге қауқарсыз. Осы себепті инфрақұрылымдарды қалыптастырып, көмірсутегі шикізатын өңдейтін өндіріс орындарын салу – ең басты маңызды мәселе. Оңтүстік Судан бұрынғы Судан Республикасынан қалған 40 млрд АҚШ долл. құрайтын сыртқы қарыздардың жартысын өтеуден бас тартуда. Ресми мәліметтер бойынша Оңтүстік Судан күніне шамамен 350 мың баррель мұнай өндіреді. Ал Солтүстік Судан өз аумағына жататын мұнай кен орындарында күніне шамамен 115 мың баррель өндіреді, бұл мұнайды тек ішкі сұранысқа пайдаланады [7].

Шешілмеген мәселелер арасында шекаралық мәселелерде де бар. Мәселен мұнай қорына бай маңызды Абья ауданындағы шекара сызығын Судан өз территориясы ретінде қарастырады. Бұл оңтүстік судандықтардың Абья үшін соғысудан тайынбайтындықтарын ашық мәлімдеуге мәжбүрледі. Демек оңтүстік пен солтүстік көршілердің достық қарым-қатынасы туралы болжау әзір ерте. Осы және басқа да мәселелер мен карама-қайшылықтар екі жақтың ортақ бір келісімге келуін қиындатады.

Осындай жағдайларда өршіп жатқан карама-қайшылықтарды бейбіт түрде шешу барысында ең басты шешуші рөлді халықаралық делдалдар алуда. Қазіргі кезеңде соңғы екі онжылдықта орнаған қақтығыстардың нәтижесінде Суданның ішкі гуманитарлық және экономикалық дағдарыстан, діни экстремизмнен және басқа да факторлардан қалған қалдықтар әлде де Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы келіссөздерге оған қоса жалпы Суданның ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайына қарсы әсер ете отыра орталық үкіметке қарсы шығу тенденциясын одан әрі күшейтуі мүмкін.

\*\*\*

1 Ближний Восток и современность. Сборник статей (выпуск 16-й) М., 2002, 440 стр.

2 Ближний Восток и современность. Сборник статей (выпуск 30-й) М., 2007, 352 стр.

3 <http://www.un.org/ru/peacekeeping/missions/past/unmis/background.shtml>

4 <http://www.iimes.ru/rus/stat/2010/22-01-10c.htm>

5 <http://samogo.net/articles.php?id=2167>

6 <http://www.vesti.ru/doc.html?id=502999&cid=9>

7 <http://wordyou.ru/v-mire/sudan-nachal-konfiskaciyu-yuzhnoj-nefti.html>

\*\*\*

В статье написано о внутрисуданских религиозно-этнических проблемах на почве которых разгорались конфликты и вооруженные столкновения внутри страны, неразрывно связанных с ними внутренних комплексных проблемах, прежде всего противостояние между северными и южными районами которые привели к независимости Южного Судана. Также о развитии двусторонних переговоров в процессе которых был установлен мирный диалог.

This article is about religious and ethic problems in Sudan which caused conflicts in the country and closely related with complicated internal problems, especially the confrontation between the northern and southern parts of the country that led to the independence of Southern Sudan. And also about the bilateral talks which led to establish peace dialogue between North and South.

### Г. Жүнісбек

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Өткен 20 жыл екі ел үшін әлеуметтік-экономикалық даму мен мемлекеттік құруда адам айтқысыз табыстарға қол жеткізген, сонымен қатар, Қытай мен Қазақстанның стратегиялық әріптестік қарым-қатынасын дамытуда тұрақты кезең болды деуге негіз бар. Әлемдегі екі жетекші, өскелең мемлекеттер ретінде біздің елдеріміз арасындағы қарым-қатынас қазірдің өзінде екі жақты шеңберден шығып, маңызды стратегиялық мәнге ие болып отыр. Тақырыптың мақсаты: Қытай мен Қазақстанның сыртқы стратегиясымен екі жақтың экономикалық қатынастарын дамытудағы принциптеріне талдау жасалынып, Қытай-Қазақстан қатынасының орнауы, даму беталысы және оның ерекшелігі жөнінде өз көзқарасын білдіру. Осындай мақсатта зерттеудің мынадай нақты міндеті туындайды: Қытай-Қазақстан экономикалық қатынастарының қалыптасу жағдайын, ерекшеліктерін, сипатын саралау. Қытай – Қазақстанның сенімді экономикалық серіктесі. ҚХР бүгінде Қазақстанның аса ірі импортеріне айналған. Қытайдың Қазақстанға инвестиция көлемі 10 млрд долларға жетсе, қазіргі кезде Қазақстанда Қытай капиталының қатысуымен 1000 қаралы кәсіпорын жұмыс істейді. Қытайлық кәсіпорындар пайда таба отырып, өзінің әлеуметтік жауапкершіліктері туралы да ұмытқан емес. Олар жергілікті әлеуметтік даму бағдарламаларына белсенді қатысып, қазақстандық жұмысшыларды дайындаумен қатар, темір жол, жылыжай құрылыстарын салуда. Сөйтіп, еңбекпен қамту, жергілікті салық түсімдерін ұлғайту мәселелерін шешуге өз үлестерін қосуда. Жақындағы халықаралық қаржы дағдарысы кезінде Қытай Қазақстанға 13 млрд доллар көлемінде несие ұсынып, өзінің осы іс-әрекеті арқылы Қазақстан экономикасына қолдау көрсетті. Алға көз тігетін болсақ, елдеріміздің іскерлік ынтымақтастық әлеуеті әлі де жоғары екенін көреміз және оның болашағы аса зор екенін байқаймыз. Бүгінде Қытайда жүзеге асырылып жатқан 12-ші 5 жылдық жоспар көп басымдықтары бойынша Қазақстанды дамытудың 2020 жылдарға дейінгі кезеңге арналған стратегиясымен сәйкеседі. Осылайша, Қытай мен

Қазақстан өзара пайдалы сауда-экономикалық әріптестерге айналды. Соңғы жылдары елдердің ынтымақтастығы сауда-экономикалық, энергетикалық, шикізаттық емес, инфрақұрылымдық және басқа салаларда жемісті дамып келеді. Елдеріміздің сауда айналымы дипломатиялық қатынас орнаған алғашқы жылдардағы 368 млн доллардан 2010 ж. рекордтық көрсеткішке дейін, яғни 20,31 млрд долларға дейін өсті. Нақтылай түссек, бұл – 60 еседен астамға артқан деген сөз. Бүгінгі күні Қытай Қазақстанның аса ірі сауда әріптесі болып табылады және ҚР ТМД елдері арасында Қытайдың екінші сауда әріптесі болып отыр. Қытай мен Қазақстан арасында тауар айналымы ҚХР-дің Орталық Азиядағы елдермен жалпы тауар көлемінің 70% астамын құрайды. Екі мемлекет басшысы 2015 жылға қарай тауар айналымын 40 млрд доллар деңгейіне жеткізу туралы мақсат қойды. Бұл жерде атап көрсететін жәйт – екі елдің экономикалық ынтымақтастығы ешқандай қосымша саяси шартсыз, яғни тең құқылық, сенім және өзара тиімділік негізінде жүргізіліп келеді. Міне, сондықтан да мұндай ынтымақтастық үлкен өмірлік күшке ие және тұрақты түрде кеңейе әрі тереңдей түсе алады [1].

Қазақстан экспортындағы өнделген тауарлар үлесі (КЭЖ) 2008 ж. 34% құрады. Қытайға Қазақстан жеткізетін өнделген өнімнің 90% өнеркәсіптік шикізатты ұсынады, ал нақтырақ: өнделген өнімнің 56% - бұл металдардан бұйымдар (жез сымдар, катодтар, цинк, феррохром, болат прокаттар), жанармай (11%), уран (8%), сондай-ақ тері (14%) және түк (14%). Тауарлар тобы толығырақ 2 кестеде келтірілген. 2008 ж. аталған барлық өнімдердің экспорты, феррохром мен жезден катодтардан басқа, 2007 жылмен салыстырғанда өсімді көрсетті [2].

Сонымен, бұл ағымдар ресми статистика көрсететін қапталды толығымен көрсетеді. Басым көбінде тұтынушылық импортталады (өнделген тауарлар), ал экспортталатындар - шикізаттар (метал сынықтары, өнделмеген ауылшаруашылығы өнімі). Қазақстан – Қытай арасындағы стратегиялық серіктестіктің негізі ауқымы сауда-экономикалық өзара әрекеттесуі екендігін айтып өткен жөн. Екі елдің достығы мен тату көршілігінің тамыры тереңде жатыр. Бүкіл әлемге әйгілі Ұлы Жібек жолы екі ел арасындағы ғасырларға жалғасқан достықтың нақты айғағындай. Қытай Біздің еліміз Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып таныды және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Сол сәттен бері Қытай-Қазақстан қарым-қатынасы сенімділік, тең құқылық, өзара тиімділік пен өзара ықпалдастық сипатын айғақтап, саламатты және тұрақты арнада жедел дамуда. Біздің елдеріміздің арасындағы байланыс өңірдегі және тұтастай алғанда әлемдегі тату көршілік пен достықтың шын мәніндегі жарқын мысалы болып табылады.

Бірінші кезекте, Қытай мен Қазақстан – шынайы және сенімді саяси

серіктестер. Саяси өзара сенім – бұл екі жақты қарым-қатынастың басты басымдығы. Тараптар шекара мәселесін толықтай шешті. Саяси салада да шешілмеген мәселелер жоқ. Екінші жақтың түбегейлі мүдделеріне қатысты маңызды мәселелерде де бір-бірін нық қолдаудан танған емес. Біздің елдеріміздің көшбасшылары тек тығыз жұмыс байланыстарын ғана емес, сондай-ақ терең жеке достық байланыстарын да ұстанып келеді. ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстанда жеті мәрте болса, ҚР Президенті Н.Назарбаев сапармен, сондай-ақ халықаралық конференцияларға қатысу үшін Қытайда 17 рет болған. Бұған қоса, екі мемлекеттің басшылары екі жақты негізде, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібінің көкейкесті мәселелері бойынша тұрақты түрде пікірлер алмасу үшін түрлі халықаралық шараларда да жиі кездесіп тұрады. Тараптар терроризм сияқты қазіргі заманның қасіретімен күш біріктіре күресу мақсатында БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК және басқа көпқырлы пішіндерде өзара тиімді іс-қимыл танытып келеді. 2010 жыл екіжақты қарым-қатынастарды дамытуда үлкен маңызға ие жыл болды. Осы жылдың алғашқы жартысында Президент Назарбаев пен Төраға Ху Цзиньтао бір-бірімен сапарлар алмасып, екі жақты қарым-қатынасты жаңа тарихи кезеңге шығаруға алғышарт жасайтын жан-жақты стратегиялық әріптестік құрып, дамытуға уағдаласты.

Елдеріміздің мәдени-гуманитарлық салада да әріптестер екенін айта кеткен жөн. Қытайдың көне данасы былай дейді: Мемлекетаралық қатынастардың негізінде өзара ұнамдылық пен халықтарының жақындасуы жатады [3]. Біздің мемлекеттеріміздің мәдени дәстүрлері, салттары мен саналары әрқилы және бұл екі елдің түрлі салалардағы ынтымақтастығын одан әрі дамытудың іргетасы ретінде өзара түсіністік пен байланыстарымызды нығайтудың маңызды шарты болып табылады. Қытай мен Қазақстан арасындағы достық байланыстардың тереңдей түсуіне орай жыл өткен сайын екі ел азаматтарының бір-біріне жұмысқа, оқуға немесе саяхатқа келулері жиілей бастады. Бүгінде Қытайда бірнеше мың қазақстандық студент білім алып жүрсе, Қытай тарапы да Қазақстаннан оқитын студент-стипендиаттардың жыл сайынғы квоталарын 200 адамға дейін көбейтті. Қазақстанда да мыңнан аса қытайлық студент біліммен сусындауда. Қытай-Қазақстан қарым-қатынасы өміршеңдігінің бастауы олардың дамуы екі ел халықтарының мүдделеріне түбегейлі жауап беретіндігінде және екі елдің тұрақтылықты сақтау мен дамыту талаптарына толық сәйкес жүргізілетіндігінде жатыр деп ой түюге негіз бар. Бұл арада екі мемлекеттің де ынтымақтастықтың арқасында нақты тиімділік пен өзара пайда көріп отырғанын, қай тарап артықшылыққа ие немесе бірі екіншісіне қысым көрсетуде деген тұрғыда сөз қозғалуы мүмкін емес екенін атап көрсеткен абзал. Қытай мен Қазақстанның ынтымақтастығы шын мәнінде өзара пайдалы негізде жүргізіліп, қос тарапқа да нақты пайда әкелуде.

Қытайдың дамуы Қазақстан үшін қатер емес, үлкен мүмкіндіктер. Осыны жақсы түсінгендіктен де Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстанның басқа да ресми адамдары Қытаймен ынтымақтастықты жан-жақты дамыту Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі екенін әр кез мәлімдеп келеді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген бетте-ақ, әлемдегі алып елдердің бірі көрші жатқан Қытай Халық Республикасымен мемлекетаралық достық қатынастарды орнату егеменді Қазақстанның сыртқы саясатындағы кезек күттірмес міндеттердің бірі болды. ҚХР-мен арадағы шекара мыңдаған шақырымға созылып жатыр. Бұл елдің миллиардтан астам халқы, үлкен экономикалық мүмкіндігі, оның экономикасының шапшаң дамуы, екі елдің шекаралас аудандарындағы тұрғындардың этникалық жақындығы осының бәрі және басқа көптеген факторлар Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басым бағыттардың бірі ретінде Қазақстан-Қытай қатынастарын бөліп көрсетуге объективті алғы шарттар жасайды.

Қытай-Қазақстан екі ел халқының ұзақ тарихи достық қатынасы бар. Әлемге әйгілі «жібек жолы» екі ел халқының қоян-қолтық қатынасын жалғап келді. Реформа жүргізіп экономиканы дамыту – Қытайдың қазіргі алға қойып отырған басты міндеті. Бұл міндетті орындау үшін бейбіт тұрақты халықаралық орта қажет. Сол үшін Қазақстан мен бейбіт тепе-тең тұру, бес принциптің негізінде қарым-қатынас дамыту Қытай сыртқы саясатының басты бір құрамы. Қытай Қазақстанмен қатынасын дамытуға ерекше назар аударып, оны сыртқы қатынастарындағы ең басты орынның біріне қойып отыр. Қазақстанмен достық қатынасты жақсарту Қытайдың батыс солтүсік аймақарындағы тыныштық пен осы аймақтың экономикасын дамытуға септігін тигізетіні белгілі.

Қытаймен ынтымақтасықты жақсарту Қазақстан үшін де маңызы зор. Қазақстан ашық теңізге өтелей шыға алмайтын құрлықтық ел болғандықтан, Қытай Қазақстанның әлемге шығудағы үлкен бір есігі болып табылады. Сонымен бірге Қытай-Қазақстан мемлекеттерінің экономикалық, мәдени, ақпараттық ынтымақтастығының орнатуды екі жақа да қомақты пайдасы бар. 1992 жылдан бері Қазақстан мен Қытай арасындағы екі жақты сауда көлемі 25 есеге дейін көтеріліп, 2008 жылы \$17,5 млрд мөлшеріндегі рекордтық сомаға жетті. Қытай біздің экономикаға \$9,3 млрд шамасында бірлескен инвестиция салған аса ірі инвесторлардың бірі болды. Біз сонымен бірге, маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға \$13,5 млрд шамасында қаржылық көмек беріп отырған Қытайға ризашылығымызды білдіреміз. Бұл қадам Қазақстанның жаһандық қаржы дағдарысының теріс салдарын жеңуде маңызды рөл атқарды.

Бүгінде Қытай мен Қазақстанның экономикалық қарым-қатынасы жаңа тарихи сатыға көтерілді, алдымыздан жаңа мүмкіндіктер ашылды. Жинақ-



талған бағалы тәжірибе мен өткен 20 жыл ішіндегі ынтымақтастық байланыстар, экономикалық байланыстар біздерге одан әрі де ілгері жылжуға ырғақты серпін береді. Біз Қазақстан Қытаймен бірге өзара сенімнің, өзара тиімділік пен бірлесіп дамудың жоғары рухын басшылыққа ала отырып, экономикалық ынтымақтастықты барлық деңгейлерде және барлық бағыттарда біздің стратегиялық әріптестігімізді одан әрі дамыту тұрғысынан нығайта беруге дайынбыз. Осылайша ортақ күш-жігер жұмсаудың нәтижесінде ғана біздің халықтарымыз бейбітшілікпен, тұрақтылықпен қамтамасыз етілетін болады.

\*\*\*

1. Сыроежкин К.Л. Казахстан и Китай: торгово-экономическое сотрудничество // Analytic. – 2009. – №1.
2. “Қазақ Энциклопедиясы”, II-том
3. Каукенов А. Казахстанско-китайские экономические отношения: механизмы и принципы// KAZENERGY. №2 (март - апрель). – 2009. Тема выпуска: “Визит Президента Казахстана в Китай”.
4. Қазақстан үшін инвестициялық мүмкіндіктер// [kaznex](http://kaznex)
5. <http://kk.wikipedia.org>
6. <http://www.inform.kz>
7. <http://www.kitaphana.kz/>

\*\*\*

В данной статье излагается об экономических отношениях и факторах их расширение и повышение роли внешнеэкономических связей экономики между Китаем и Казахстаном. В статье дается краткий обзор истории развития и современной ситуации экономических отношений между КНР и РК.

\*\*\*

In this article is stated the economic relations and factors of expansion and increase of the role of foreign economic relations between China and Kazakhstan.

**К. Жунис, З. Касымова**

## КУРДСКИЙ ВОПРОС В СИСТЕМЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

В ряду нерешенных проблем региона Ближнего и Среднего Востока находится «курдский вопрос». Курды - народ, представляющий собой совокупность многочисленных племенных групп, расселённых главным образом в регионе Ближнего и Среднего Востока. Общая численность курдов в мире достигает сегодня примерно 40 млн человек. Их численность примерно распределяется в следующих соотношениях: в Турции - 20 млн, в Иране - 9 млн, в Ираке - 5,5 млн человек, в Сирии - 2 млн человек, на территории бывшего СССР - 1 млн человек, в Европе, США и Австралии -

1,5 млн человек [1]. Территории исторического проживания курдов представляют собой геополитическое пространство тесного переплетения социальных, политических и культурных противоречий, имеющих как исторические, так и современные причины. Постоянно находясь между региональными центрами силы, соперничающими между собой, а также из-за внутренних противоречий, курды не создали собственное государство по причине внешнего и внутреннего воздействия и не смогли объединиться. На протяжении пяти столетий (XV-XX вв.) курды входили с той или иной степенью автономности в состав других государств и были подчинены их интересам. Эта особенность стала одним из факторов возникновения курдского национального движения [1].

**История курдского национального движения.** Первая попытка создания независимого курдского государства была предпринята в 1840-х годах Бадрхан-беком, эмиром области Бохтан (со столицей Джезире) [2]. Однако летом 1847 года восстание Бохтана было подавлено Османскими войсками. В конце 1854 года новую попытку создать независимый Курдистан предпринял племянник Бадрхана Езданшир. Воспользовавшись Крымской войной, вскоре он сумел взять Битлис, затем Мосул. После этого Езданшир начал готовить наступление на Эрзерум и Ван [3]. В результате неопытности, наивности и плохой подготовки войска выступления были подавлены. Следующую попытку создания курдского государства предпринял шейх Обейдулла в июле 1880 года. Обейдулла, однако уже в конце августа того же года восстание было подавлено. В это время в общество курдов проникает из Европы идеология национализма; её пропаганду вела первая курдская газета - «Курдистан», которую выпускали с 1898 года в Каире потомки Бадрхана [4].

Новый подъем национального движения наступил после Младотурецкой революции 1908 года. Под руководством вернувшегося из ссылки шейха Абдель-Кадер - сына Обейдуллы возникает националистическое общество «Возрождение и прогресс Курдистана». Вслед за тем возникает «Лига Курдистана», ставившая своей целью создать «Курдистан бейлик» (курдское княжество). С ней был связан шейх племени барзан Абдель-Салям, поднявший ряд восстаний в 1909-1914 гг. и особенно Молла Селим, ставший лидером восстания в Битлисе в марте 1914 году [4]. Поражение Османской империи в Первой мировой войне, казалось, открыло перед курдами новые перспективы. На Версальской конференции курдские националисты, выступавшие в Париже, пытались добиться создания независимого курдского государства. Однако они не представляли интереса для народа. Согласно Севрскому мирному договору 1920 года предполагалось немедленное провозглашение Курдистана автономным с последующим (в течение года) предоставлением ему независимости, если кур-

ды выразят такое желание [4]. Между тем в Мосульском вилайете, занятом англичанами, которые хотели организовать конфедерацию курдских княжеств, шейх Махмуд Барзанджи был назначен правителем Сулеймании. Однако Барзанджи в мае 1919 года поднял восстание, арестовал английских представителей, провозгласил себя королем Курдистана и двинулся на Киркук, но был разбит англичанами. Он был раненый взят в плен и приговорен к смертной казни, замененной ссылкой в Индию. Осенью 1922 года, когда Мосульскому вилайету (ныне Иракскому Курдистану) стали угрожать турецкие войска, англичане вернули в Сулейманию Махмуда Барзанджи. Последний вновь провозгласил себя королем Курдистана и сформировал свое правительство. В феврале 1923 года англичане ультимативно потребовали от Барзанджи покинуть Сулейманию, после чего подвергли город воздушным бомбежкам. Барзанджи ушёл в горы и держался там несколько лет. В 1927 г. видя безуспешность дальнейшей борьбы, он сдался на амнистию.

Весной того же 1922 года провозгласил себя королем «независимого Курдистана» и вождь иранских курдов Симко, сформировавший собственное правительство и начавший выпускать свою газету. В августе он был разбит персами, но продолжал оставаться «возмутителем спокойствия» вплоть до своей гибели в 1930 году.

В 1923 году был заключен Лозаннский мирный договор, в котором о курдах вообще не упоминалось. Этот договор определил современные границы между Ираком, Сирией и Турцией, разрезавшие территорию исторического проживания курдского этноса. После этого кемалистское правительство начало проводить политику «тюркизации» курдов. Ответом явились восстание, поднятое в начале 1925 года шейхом Саидом Пираном. Восставшие овладели Генчем, который шейх Саид провозгласил временной столицей Курдистана. Далее он намеревался захватить Диярбакыр и провозгласить в нём независимое курдское государство. Однако штурм Диярбакыра был отбит. Вслед за тем восставшие были разбиты под Генчем, руководители восстания (включая шейха Абдул-Кадыра, сына Обейдуллы) взяты в плен и повешены [4].

Новое восстание турецких курдов началось в 1927 году в Араратских горах. Здесь была образована курдская Республика Арарат, существовавшая с 1927 по 1930 год. Восстание было организовано обществом «Хойбун» (Независимость). Восставшие попытались сформировать регулярную армию под командованием бывшего полковника турецкой армии Ихсана Нури Паши. Также была создана и гражданская администрация под руководством Ибрагима-паши. Восстание было подавлено в 1931 году. Последним массовым движением турецких курдов было движение курдов-заза (племя, говорящее на особом диалекте, исповедующее алавизм и

ненавидевшее мусульман) в Дерсиме. До 1936 года Дерсим пользовался фактической автономией [4].

В результате в Юго-Восточном регионе Турции был установлен режим военно-полицейского террора, также было запрещено использование курдского языка, курдской национальной одежды и самого названия «курды». Кемалистские ученые объявили курдов «горными турками», якобы одичавшими и забывшими исконный турецкий язык. В стране проводилась массовая депортация курдов в Западную и Центральную Анатолию, курдское движение в Турции на долгие годы было уничтожено, а курдское общество - деструктурировано. Центром курдского движения в это время стали районы Ирака и Ирана, где большую часть населения представляли курды. В 1930 году Махмуд Барзанджи вновь поднимает восстание в Сулеймание. Восстание было подавлено, но вслед за ним вспыхнуло восстание шейха Ахмеда в Барзане (1931-1932). В 1943-1945 гг. в Барзане происходит новое восстание под руководством Мустафы Барзани. В 1946 году в Мехабаде провозглашается курдская Мехабадская Республика. В то же время возникают и крупные курдские партии: Демократическая партия Иранского Курдистана (1945) и Демократическая партия Курдистана (Ирак, 1946). Наконец, в 1961 году в Ираке вспыхивает восстание под руководством Мустафы Барзани, продолжавшееся до 1975 г. В ходе восстания Барзани удалось добиться формального признания за курдами Ирака права на автономию. Однако восстание потерпело поражение, которое спровоцировало раскол в движении иракских курдов: от Демократической партии Курдистана откололся целый ряд левых партий, летом 1975 года оформившихся в Патриотический союз Курдистана под руководством Джаляля Талабани [4].

В начале 1979 года в связи с исламской революцией в Иране, власть в курдском районе Ирана оказалась практически в руках курдов. Однако уже в марте начинаются вооруженные столкновения между отрядами Демократической партии Иранского Курдистана и посланными из Тегерана «Стражами исламской революции». В начале сентября иранцы начали массированное наступление, массовые казни курдов и в результате взяли под контроль основную часть Ирана. В трагическом положении оказались иранские и иракские курды во время ирано-иракской войны 1980-1988 гг., когда первые пользовались поддержкой Багдада, а вторые - Тегерана; на этой почве происходили вооруженные столкновения между отрядами иракских и иранских повстанцев [4].

После поражения иракских войск в ходе войны в Персидском заливе в марте 1991 года вспыхнуло новое восстание в Иракском Курдистане. В апреле оно было подавлено Саддамом Хусейном. После чего силы НАТО, действуя по мандату ООН, вынудили иракцев покинуть часть Иракского

Курдистана, где был создан так называемый «Свободный Курдистан» с правительством из членов ДПК и ПСК. Окончательное освобождение Иракского Курдистана произошло после падения Саддама Хусейна. В настоящее время там существует формально федеральное, фактически полунезависимое государство, президентом которого является Масуд Барзани.

В начале 80-х годов в Турции возникает Курдская рабочая партия которую возглавил Абдулла Оджалан. После военного переворота 1980 года её члены бежали в Сирию, где начали вооружённую борьбу против турецкого государства под лозунгом «Единого, демократического, независимого Курдистана». В 1984 году была совершена первая вооруженная акция, к середине 90-х гг. РПК уже обладала армией в несколько тысяч (по её собственным утверждениям до 20 тысяч) «террористов» (партизан) и разветвленными политическими структурами в курдской диаспоре по всему миру. Всего в результате двадцатичетырехлетнего курдско-турецкого противостояния погибло более 35 тысяч человек [4].

15 февраля 1999 года Абдулла Оджалан был захвачен турецкими спецслужбами (при содействии американских и израильских спецслужб) в Кении, судим и приговорен к смертной казни. Под давлением курдской диаспоры и мирового сообщества смертная казнь была заменена на пожизненное заключение. В настоящее время Абдулла Оджалан содержится в одиночной тюрьме строгого режима на острове Имралы [4].

Рассмотрев историю курдского национального движения, мы приходим к выводу, что в основе курдского вопроса лежит борьба курдского народа за право национального самоопределения - возможности свободного развития и самовыражения. Оно берет свое начало в первой половине XIX века и связано с ростом национального самосознания курдского народа и неудовлетворенностью своим положением в государствах проживания - Иранской и Османской империях. Таким образом, решение курдского вопроса затянулось с начала XIX века и из-за этого в настоящее время курды являются крупнейшим этническим меньшинством во всех государствах своего исторического проживания. Бесправие многомиллионного народа с сохранившейся самобытной культурой и богатейшими традициями национально-освободительной борьбы является историческим анахронизмом и фактом дестабилизации региональной системы международных отношений в регионе Ближнего и Среднего Востока [1, 86]. Сложившаяся острая проблема самоопределения курдского народа отрицательно влияет на развитие Ближнего и Среднего Востока.

Ныне курдский вопрос вышел далеко за региональные рамки и стал одним из обсуждаемых вопросов мира. Мировые державы проводят свою политику в отношении курдского национального движения исходя из

своих глобальных геополитических интересов на Ближнем и Среднем Востоке. Наиболее ярко это проявилось в политике США в 1979 году в Иране после свержения шахского режима и начавшихся вооруженных действий между правительственными войсками и курдскими повстанцами. Тогда вину за обострение ситуации и беспорядки в стране Хомейни возложил на США. Еще одним фактом использования «курдской проблемы» в своих интересах США - это вторжение коалиционных сил США в Ирак 2003 года с целью свержения правительства Саддама Хусейна. Таким образом, американцы пытаясь сокрушить военную мощь Ирана и Ирака, стали разыгрывать «курдскую карту». Началась реализация планов бывшего президента США Р. Рейгана, заявившего в свое время, что «курды – это спичка, которую мы можем и должны зажигать тогда, когда мы этого захотим» [5].

Следует отметить, не только США но и Израиль стал активно поддерживать процесс становления Курдской автономии на севере Ирака. Мотивация такой политики базировалась на стремлении через курдский вопрос ослабить позиции своего наиболее опасного принципиального арабского противника в лице Сирии, сохраняющей влияние в Ливане, и активно сотрудничающей с Ираном [6]. Таким образом, крупные державы, как СССР (в свое время), так и США, Израиль опираясь на региональные режимы Ближнего и Среднего Востока, используют курдский фактор в своих интересах для оказания давления на «несговорчивые государства».

Однако курдское национальное движение в целом, несмотря на чрезвычайно трудные условия, в которых оно развивается, все более обретает силу и становится важным фактором в системе международных отношений на Ближнем и Среднем Востоке. Тем не менее, попытки создать свое государство курды предпринимали в течение всего XX века, однако они не увенчались успехом, прежде всего из-за «незрелости» геополитического положения в регионе и во всем мире, а также неготовности ведущих мировых игроков способствовать образованию «независимого Курдистана». Несомненным остается тот факт, что справедливое решение мирным демократическим путем курдского вопроса нуждается в настоящее время в активной поддержке международного сообщества. К большому сожалению, приходится констатировать, что ведущие страны Запада до сих пор не заняли четкую позицию к курдской проблеме и ведут политику «двойных стандартов».

Но все же радует то, что, несмотря на спады и подъемы курдского движения, данная проблема Ближнего и Среднего Востока получила определенное признание со стороны мировой общественности. Недавно, 3 марта 2012 года в Европарламент внесена резолюция, призывающая Турцию разрешить кипрский, армянский и курдский вопросы. Депутаты Европар-



лық экономикалық одақ, Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы) белсене қатысып келеді. Сол халықаралық құрылымдардың бірі Түркі тілдес елдерінің ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) болып табылады. Бұл құрылымның мақсаты түркі тілдес мемлекеттердің экономикалық және мәдени-гуманитарлық интеграциясына қызмет ету болып табылады. Түркияның түркі халықтарын біріктірудегі, теориялық түркішілдікті (пантюркистік идея) дамытудағы және түркі мемлекеттері басшыларының бастарын қосудағы ықпалы мен еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Десек те, Қазақстанның соңғы онжылдықтағы түркі интеграциясы аясында атқарған жұмыстары мен мұрындық болған іс-шараларын ескерсек, мемлекетіміздің бұл бағытта сіңірген еңбегінің аз болмағанына куә боламыз.

Түркия Республикасының негізін қалаушы М.К. Ататүрік 1933 жылы Түркияның Парламентінде (*Büyük Millet Meclisi*) былай деп мәлімдеген еді: «Күндердің бір күнінде КСРО коммунистік жүйесі ыдырайды. Сол елде құндылықтары бізге ортақ бауырларымыз бар. Сол күн келгенде біз оларға қолдау көрсетуіміз керек» [1, 16].

Түркия – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін іс жүзінде алғаш мойындаған мемлекет. Халқымыздың зиялысы Мағжан Жұмабаев Кәмал Ататүрікке жазған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде сол кезеңдегі түркі елдерінің мүшкіл ахуалы, әсіресе, еуропалық отарлаушы күштердің Түркияға шабуылы мен қысымы, Түркияның қиын жағдайға тап болғаны жайлы пессимистік сарында айта келіп, қазақ елінің аяусыз «Қызыл империя» тарапынан толығымен жаулап алынғаны, қазақтың болашағына деген үмітінің үзілуге шақ қалғандығы туралы сыр шертеді [2, 48]. Бұл кез бүкіл түркі елдері үшін аласапыран да қасіретті тарихи кезең болғаны мәлім.

Түркі елдерінің КСРО құрамынан шығып тәуелсіздікке қол жеткізген уақытқа дейін Түркия дүние жүзінде жалғыз егемен түркітілдес мемлекет еді. Тоқсаныншы жылдар түркі елдер мен халықтар үшін расында эйфориялық және «романтикалық» кезең болды. Түркі әлемі өзінің бар-жоғын түгендеп, өзінің түрік екендігін ұғынып, өзін-өзі тану кезеңін басынан өткеріп жатты. Әрине, бұл кезеңде Түркияны ықпалы мен үлесінсіз түркішілдік идеялары соншалықты тарай алмас еді. Түркия президенті Тұрғыт Өзалдың бастамасымен түркілік негізде көптеген жиындар, құрылтайлар мен кездесулер өткізілді. Айта кетерлік бір жайт, елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сол кезеңдегі түркітілдес елдер арасындағы саяси ықпалы мен беделі басқа түркі лидерлерімен салыстырғанда біршама жоғары еді. Десек те, Қазақстанның ішкі әлеуметтік, экономикалық, саяси және этникалық проблемалары, әсіресе, елдің солтүстігі мен шығысындағы ұлтаралық және саяси жағдайдың күрделілігі себепті саяси басшылығымыз өзге түркі халықтарының да тәуелсіздікке деген ұмтылысына толық қолдау көрсете



алмады. Халқымызда кең таралған «Байтал түгіл бас қайғы» деген сөз осындайда айтылса керек. Сол кезде татар, башқұрт, қырым татарлары, ұйғыр және т.б. түркітілдес халықтар да тәуелсіздік алу туралы армандарын ашық түрде сөз ете бастаған-ды. Алайда, бұл мүмкіндік Түркияға немесе Қазақстанға ғана тәуелді емес еді. Объективтік халықаралық және субъективтік саяси себептерге байланысты аталмыш түркі халықтар дербес мемлекет құра алмады. Түркияның тым батыл да ашық ұстанымы Ресейдің, тіпті Қазақстан сияқты түркітілдес мемлекеттердің өзінің екіұдайы сезімін, кейде күмәнін тудырды.

Түркия саясаткерлері мен кәсіпкерлерінің Қазақстанға ерекше қызығушылығының бір сыры жоғарыда біз айтқан М. К. Ататүріктің болжамы мен өсиетімен түсіндіріледі. Тәуелсіздік алғаннан кейін түркітілдес мемлекеттер Түркиямен қарым-қатынастарын күшейтті. Міне, осы кезеңде түркі тілдес мемлекеттердің интеграциясы жиі талқыланатын маңызды мәселелердің біріне айналды. Жас түркі мемлекеттер Түркиямен экономикалық қатынасын нығайтып, түрік елін табысты, дамыған және өркендеген мемлекеттің үлгісі, дамудың моделі ретінде қабылдады.

Түркі елдері басшыларының алғашқы саммиті 1992 ж. Анкарада өткізілді. Келесі саммиттер 1994 ж. Стамбулда, 1995 ж. Бишкекте, 1996 ж. Ташкентте, 1998 ж. Астанада, 2000 ж. Бакуда, 2001 ж. қайтадан Стамбулда, 2006 ж. Антальяда, 2009 ж. Нахичеванда, 2010 ж. қайтадан Стамбулда, 2011 ж. Алматыда өткізілді. Бұған қоса жыл сайын министрлер деңгейінде төрт-бес маңызды кездесу өтіп тұрады.

Байқағанымыздай, бастапқы кезеңде ұйымдастырылған іс-шаралардың көбісі Түркияның мұрындық болуымен жүзеге асып жатты. Қазір Түркия экономикалық қуаты мен ІЖӨ жөнінен әлемнің 17-ші елі (түріктер 2023 жылға қарай әлемнің ең қуатты 10 мемлекетінің тізіміне кіруді көздеп отыр!), Еуропа бойынша 5-ші орында, Еуропа бойынша техника жасауда 4-ші орында, әскерді жабдықтауға бөлетін қаржы көлемі бойынша әлемде 4-ші орында, халқы 70 млн асатын және кісі басына шаққандағы кіріс көлемі 10 мың долларды құрайтын ірі елдер арасында Түркия (дүниежүзі бойынша) 6-шы орында, (НАТО бойынша 2-ші күшті армияға ие), Еуропа мен Таяу Шығыс аймағы бойынша көкеніс пен жеміс-жидек экспорттау жөнінен 1-ші орында тұр. Түркия сондай-ақ, текстиль, құрылыс, ауыл шаруашылығы, туризм, сауда және т.б. салаларда Еуропа елдерімен бәсекелесе алатын жағдайда тұр. Түркияның ішкі жалпы өнім көлемі Қазақстан, Әзірбайжан мен Қырғызстанды бірге алғандағы ортақ көрсеткіштерінен үш есе артық [3, 4].

Қазақстанға келсек, бұрынғы КСРО бойынша экономикалық-саяси көрсеткіштері жөнінен Ресей, Украина мен Өзбекстаннан кейінгі 4-ші орынды иеленген ірі мемлекет. Сондай-ақ, түркі тілдес елдері ішіндегі ау-

мағы жағынан ең ірі мемлекет болумен қатар, табиғи қазба байлықтарының қоры, даму әлеуеті мен мүмкіндіктерінің жоғарылығы, халықаралық саясаттағы беделі мен тәжірибесі, жекелеген экономикалық жетістіктері, интеллектуалдық-өркениеттік деңгейі жағынан аймақтық мемлекеттер арасында көшбасшы елдердің бірі десе болады. Түркі әлемі 6 (Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Қырғызстан) мемлекетті, 40-тан астам халықтан (Татарстан, Шығыс Түркістан, Башқұртстан, Солтүстік Кипр, Қырым, Тыва және т.б. автономиялық республикаларды қосқанда) тұрады, барлығы шамамен 190 млн адамды құрайды. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев 2011 жылдың 21 қазанында Алматыда өткен Түркі кеңесінің 1-ші саммитінде түп-төркіні бір ағайынды түркі халықтарды бір-біріне жақындастыру үшін қажырлы еңбек етудің қажеттілігі жөнінде баса айтты [4, 2].

Қазір түркітілдес елдердің арасындағы экономикалық қатынастарды үйлестіретін Кәсіпкерлік жөніндегі кеңес жұмыс істеуде. Мәдени-гуманитарлық байланыстарға келсек, Түріксоп (қазір Түркітілдес елдердің мәдени ынтымақтастығы ұйымы) ұйымының бастамасымен көптеген ортақ жобалар жүзеге асырылды. Тұрғыт Өзал, Сулейман Демирель, Ахмет Сезер президент болған жылдарда Түркия үкіметі Орталық Азияны ерекше назарда ұстап, түркі елдермен барынша жан-жақты ынтымақтасуға тырысты. Алғашқы кездесулерде түрік президенттері мәдени және тілдік ұқсастықты негізге ала отырып, барша түркі елдерін қамтитын ортақ геосаяси кеңістігін құру туралы жиі сөз қозғады. Бұған қоса, Ресей, Қытай, Украина, Грекия сияқты біртұтас мемлекеттердің құрамына енетін автономиялық аймақтар мен ұлттық республикаларда Түркияның ықпалы арта бастады. Аталмыш мемлекеттер өз аумағында түркішілдіктің кең таралуынан сескеніп, оның алдын алу шараларын жүзеге асыра бастады.

Жалпы, түркі елдері интеграциясын екі кезеңге бөлуге болады. 90-шы жылдарды қамтитын алғашқы кезеңде интеграциялық үдерісте Түркия елінің саяси, идеологиялық, экономикалық және мәдени ықпалы басымырақ болса, 2000-шы жылдарды қамтитын екінші кезеңде Қазақстанның ықпалы саяси, қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени-гуманитарлық рөлі арта бастады.

90-шы жылдарға оралсақ, ол кезде ортақ нарық, біртұтас аймақтық экожүйе, табиғи байлықтарды тасымалдау жүйесі, ортақ тілді қамтитын мемлекетүсті ортақ саяси-экономикалық кеңістік құру идеясы туралы жиі айтылатын. Басқаша айтсақ, бұл түркі ортақ экономикалық кеңістігін құру идеясы қазіргі Еуразиялық экономикалық кеңістік идеясына ұқсас болды. Алайда, «ҚР сыртқы саяси ведомствосының шешімімен» Қазақстан түркі елдерімен емес, славян әлемімен, яғни Ресей мен Белорусьпен экономикалық интеграциялық одақ құруға белсене кірісіп кетті. Бұл саяси ше-

шімнің астарында экономикалық себептер жатыр. Себебі, Түркия Республикасы бұрынғы кеңестік түркітілдес мемлекеттерден жылдар бойы бөлек, жеке дара дамыды. Экономикасының құрылымы мен ұйымдастырылуы, кәсіпкерлік және шаруашылық жүйелерінің өзгешелігі, географиялық алшақтығы, дүниежүзілік ауқымдағы көшбасшылық амбициялары болуы, «мәдени-менталды» ерекшеліктері, аймақтық қақтығыстарға қатыстылығы жағынан Түркия Қазақстаннан біршама бөлек мемлекет болып табылады.

Білім саласында бірқатар маңызды интеграциялық жобалар іске асырылды: Түркия түркі тілдес республикалардан бірнеше мың студентті ақысыз түрде оқытуға уәде берді, оның ішінде 2000 мыңнан астам қазақ студенті Түркияда білім алды. Оңтүстік Қазақстан облысында А.Яссауи атындағы қазақ-түрік университеті ашылды, қазақстандық университеттерде мыңдаған түрік азаматтары білім алды, отыз шақты қазақ-түрік лицейлері ашылды. Алматыда С.Демирель атындағы қазақ-түрік университеті, Бішкекте Манас атындағы қырғыз-түрік университеті ашылды, өнердің әртүрлі бағыттары бойынша фестивальдар, көрмелер, жарыстар, форумдар, конференциялар ұйымдастырылды.

Түрік идеологтарының ықпалымен Әзірбайжан, Түркіменстан және Өзбекстан әліпбесін кириллицадан латын тіліне ауыстырды. Бұл түркі халықтарын байланыстырудың және интеграцияның бірінші сатысы деп түсіндірілді. Қазақстан да көп кешіктірмей латын әліппесіне көшуге мүдделі. Интернет ғасырының талабына сәйкес тіліміздің де заманға сай реформалануы кезек күттірмес мәселе.

2008 жылғы Стамбул саммитінде түркітілдес елдердің парламентартік ассамблеясы (ТүркПА) құрылды. 2009 жылы Нахичеван саммитінде қазақ президенті Н.Ә. Назарбаев Түркі кеңесі аймақаралық ұйымын құруға ұсыныс жасады. Оның мақсаты түркі тілдес елдердің арасындағы экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту, қауіпсіздік мәселелері шешу болып табылады. Қазіргі таңда, түркі интеграциясының өзегін тілдің, тарихтың және дәстүрлердің ортақтығына негізделген мәдени ынтымақтастық құрап отыр. Осы мақсатта Түріксоп (қазір Түркітілдес елдердің мәдени ынтымақтастығы ұйымы) ұйымының беделін арттыру қажет.

Түркі интеграциясының негізін ортақ мәдени-идеологиялық фактор құрайды. Өзбекстан мен Түркіменстанның түркі саммиттеріне әдейі қатыспауы объективтік және субъективтік себептерге байланысты. Расында, Ташкент пен Ашхабадтың ұстанымы уақыт өте келе, саяси басшылықтың алмасуымен өзгеруі әбден мүмкін. 2011 жылдың 21 қазанында Алматы өткен Түркі кеңесінің 1-ші саммитінде ҚР президенті Н.Ә. Назарбаев Өзбекстан мен Түркіменстанды аталмыш ұйымға қатысуға шақырды.

Өзбекстан 1995 жылдан бері түркі тілдес елдердің саммиттеріне қатыспайды. И.Кәрімовтың бақталасы «Ерк» демократиялық партиясының ли-

дері Мұхаммад Салихтің Түркияға барып паналауынан кейін Өзбекстан басшылығы елдегі өзбек-түрік лицейлерін бірден жауып, түрік кәсіпкерлері мен дипломаттарын елден «қуып жіберді». Біздіңше, Өзбекстанның мұндай үзілді-кесілді ұстанымы И.Кәрімовтың жеке мінез-құлқымен, оның түркі интеграциясына деген жеке көзқарасымен байланысты болды. Бәлкім, түркі интеграциясының аясында көшбасшылық рөлге ие болмайтынын білгеннен соң И.Кәрімов осындай қадамға баруы мүмкін.

Еуроодаққа мүшеліктен үміткер болуға да қабылданбаған Түркия өзінің сыртқы саясатының басымдықтарын өзгертіп, шығысқа қарай, дәлірек айтсақ, Еуразиялық одаққа назар аудара бастады. Тіпті, сарапшылар арасында Түркияның да Еуразиялық кеңістікке еруге мүдделілігі туралы айтыла бастады. Түркия сыртқы істер министрі А.Давутоғлы «Еуразия келешекте әлемдік экономиканың басты қозғаушы күшіне айналуы мүмкін» - деп мәлімдеді. Расында, 2005 жылдан бері Түркия аймақтық қауіпсіздік, ынтымақтастық мәселелеріне ерекше қызығушылық таныта бастады.

2011 жылы Қазақстан Түркі кеңесі ұйымына төрағалық етті. 2012 жыл түркі әлемінің астанасы болып жарияланды. 2011 жылы Түркі кеңесі БҰҰ жанында бақылаушы мәртебесіне ие болды, Қырғызстан президенттік сайлауына бақылаушыларын жіберді, дүниежүзілік қаржылық дағдарысты еңсерудің шаралары мен тетіктері туралы ортақ пікірге келді. 2011 жылы өткен Алматы саммитінде түркі мемлекеттері экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударды. Өткен қазан айында қабылданған Алматы декларациясында түркі мемлекеттерінің халықаралық және аймақтық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ортақ ұстанымдары айқындалды. Қазақстан басшылығы Астана қаласындағы Түркі академиясының жұмысына, біріккен ғылыми жобаларға белсене қатысуға шақырды. Түркі Парламенттік ассамблеясы, Ақсақалдар кеңесі, Кәсіпкерлік кеңесі, Түркі академиясы, Түріксоң түркі интеграциясын жүзеге асырудың негізгі тетіктері болып табылады. Түркі халықтарының рухани, мәдени және тілдік туыстығы тиімді де сенімді экономикалық ынтымақтастықтың кепілі. Түркі әлемі мұнай мен газ сияқты табиғи байлықтарға, құнарлы да кең аумаққа, су ресурстарына, көліктік және энергетикалық әлеуетке, күшті адами, рухани-зияткерлік мүмкіндіктерге ие ірі аймақ.

Түркі интеграциясы ілгері дамыған жағдайда, ғаламдық деңгейде маңызды геосаяси және геэкономикалық аймақтардың бірі есебіндегі Каспий аймағында түркі мемлекеттерінің ықпалы артар еді. Алайда, Әзірбайжан мен Түркіменстан арасындағы кикілжінді естен шығармаған жөн. Түркі кеңесіне Өзбекстан енген жағдайда көшбасшылық мәселесі шиеленісе түсері рас. Түркия Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық беделін, Қазақстанның экономикалық көшбасшылығын ресми түрде мойындап отыр. Бұл тұста президентіміздің бұрынғы кеңестік кеңістіктегі интеграциялық

бастамалары ескеріліп отыр. Тіпті, Түркия президенті Абдулла Гүл ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевты «Түркі әлемінің лидері» деп атады. Бұл расында Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін үлкен нәтиже. Шынтуайтына келгенде, түркі интеграция үшін қыруар қаражат жұмсап, күткен нәтижеге қол жеткізе алмаған соң Түркия өзінің көшбасшылық орнын Қазақстанға беруге мәжбүр болып отыр. Оның үстіне Түркия үшін түркішілдікпен байланысты романтикалық, эйфориялық кезең аяқталды.

Ресейге келсек, түркі интеграциясының басты қарсыласы болып табылады. Ресей өзінің «табиғи ықпал ету аумағынан» айрылғысы келмейтінін Түркияға кез келген мүмкін жағдайда білдіруге дайын. Қазақстанның Түркиямен жақындасуы Ресейдің мүдделеріне кереғар. Ресей саяси ықпал ету тетіктері мен орыстілді ақпараттық кеңістіктің арқасында ұтымды жағдайда тұрғаны рас. Ресеймен бұл тұста бәсекелес бола алмайтынын түсінген Түркия онымен жақындаса бастады. Қазақстанның көмірсутек байлықтарының Батысқа Ресей арқылы тасымалдануы, елдегі орыстілді сайлаушылардың күштілігі, Ресейдің саяси, ақпараттық және идеологиялық ықпалы Ресейдің басты көзірлеріне жатады [5, 4].

Түркітілдес интеграция жағында жекелеген түркішіл азаматтар мен Н.Назарбаевтың кез келген мазмұн мен сипаттағы интеграциялық үдерістерге қатысуға деген үлкен жеке қызығушылығы тұр. Мысалы, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) Н.Назарбаевтың 2009 жылғы Нахичеван саммитіндегі ұсынысы бойынша құрылды.

Осы жылы Алматыда өткен соңғы саммитте Баку қаласында ортақ мәдени мұраны қорғау жөніндегі қор, Түркі іскерлік кеңесін, Түркі музейі мен кітапханасын, Түркі ғылыми-зерттеу қорын құрудың нақты іс-шаралары сөз болды [6, 3]. Қазіргі түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы құрылымдану кезеңінде тұр. Көптеген ресейлік немесе орыстілді сарапшылар түркі әлемі интерациясының келешегі жоқ деген пікірді ұстанады. Мысалы, егер түркітілдес елдердің одағы құрылса, оның ортақ тілі қандай болмақ деген сұрақ Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ валютасы қандай болады деген сұраққа парапар.

Жалпы, түркі әлемін біріктірудегі Түркияның рөлі мен еңбегін жоққа шығара алмаймыз. Түркі интеграциясы Түркияның немесе Қазақстанның ықпалын арттырудың ғана құралы емес, сонымен қатар түркі әлемі субъектілерінің бір-біріне қарай қозғалысын меңзейді.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы сөз болғанда көбінесе Еуроодақ мысал ретінде аталады. Еуроодақ бейресми түрде «христиан елдердің клубы» болып табылады. Бұған дәлел Түркияның Еуроодаққа мүшелікке қабылданбауы. Еуроодаққа мүше елдер географиялық, діни, тілдік және нәсілдік жағынан бір-біріне жақын германтілдес ұлттардан құралған бірлестік. Яғни, еуропалық интеграцияның екі басты біріктіруші факторы -

экономикалық және дүниетанымдық принциптер. Еуразиялық одаққа келсек, экономикалық принцип негізге алынды. Еуроодақтың қозғаушы күші Алмания мен Франция болса, түркі әлемін алға бастайтын күш - Түркия мен Қазақстан болмақшы. Еуразиялық экономикалық одаққа енумен қатар түркі интеграциясын жүзеге асыра беруге бола ма деген сауалға жауап іздеу қажет.

Түркияның ішкі саяси жағдайына келсек, Р.Т. Ердоған билікке келгелі, ТР үкіметінің басты назары түркі елдерді біріктіруге емес, күллі мұсылман халықтарын біріктіруге бағытталғанға ұқсайды. Яғни, пантюркизмнің орнын панисламизм басты. Түркия түркішілдіктің туын Қазақстанға берген сияқты.

Ресейге келсек, 19-шы ғасырдың басындағыдай Түркияға балама тартымды түркі модель ретінде Татарстанды ұсынып отыр. Ресей ендігі кезекте түркішілдіктің дамуына араласудан да тартынбайды.

Қазақстан Кедендік одаққа кіргелі бері түрік кәсіпкерлері, тауарлары мен өнімдері күрделі кедергілерге тап болды. Кедендік салықтардың өсуінен түріктің сапалы да бәсекеге қабілетті тауарларының бағасы бірнеше есе арттырылды. Оның есесіне әлемдік нарықта онша сұранысқа ие емес үлкен елдің тауарлары ішкі нарқымызды басып алуы мүмкін. Өзінің аумағында бірнеше автономиялық түркітілдес республикалар болғандықтан, Ресей түркітілдес елдердің бірлесуіне қарсы болары сөзсіз.

Елбасы Н.Назарбаевтың айтуынша Түркі кеңесі аймақтық саяси бірлестікке тән барлық ерекшеліктерге, құқықтық мәртебеге және белгілі ұйымдастырушылық құрылымдарға ие болуы тиіс. Ұйымның мақсаты «Ататүрік армандаған түркітілдес бауырлас мемлекеттердің бірлігі». Елбасымыз ұсынған маңызды ұсыныстарға Түркі әлемін зерттеу орталығы мен Түркі академиясын құру туралы идеясын, соның ішінде Түркілер тарихы мен мәдениеті орталығын, Түркі тілдерін зерттеу орталығын құру идеясын жатқызуға болады. Соңғы Стамбул мен Нахичеван саммиттері интеграцияның мәдени аспектілері бойынша Қазақстанның көшбасшы екендігін көрер көзге дәлелдеп берді. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, Н.Назарбаевтың түркітілдес мемлекеттердің парламентаралық ассамблеясын құру жөніндегі ұсынысы қазақ лидерінің түркі интеграциясына расында толық мүдделі екендігін көрсетіп отыр

Түркітілдес елдер интеграциясының басты қарсыластары өз шекараларының маңында тілдік, мәдени, генетикалық және дәстүрлік құндылықтары ортақ, ірі де күшті саяси және экономикалық бірлестіктің құрылғанын мүлдем қаламайды. Әрине, түркітілдес елдердің экономикалық интеграциясын жүзеге асыру қазіргі таңда өте қиын. Барлығы дерлік шикізат экспорттауға арқа сүйейтін Орталық азиялық түркітілдес елдер бір-бірімен бәсекелестік жағдайында [7, 5].

Қазақстанның түркі интеграциясына белсене қатысуы Еуразиялық экономикалық одақтағы мүшелігімен қарама-қайшылық тудырады. Еуроодақтың тәжірибесі көрсеткеніндей, кез келген аймақтық интеграцияның кепілі мәдени-өркениеттік ортақтық болып табылады. Қазақстанның «түркілік бет-әлбеті» оның славян одағына гармониялық түрде енуіне кедергі болмайды ма? Ресейдің соңғы екі-үш жүзжылдық тарихына көз жүгіртсек, «орыстың саяси элитасының» үнемі я ұлтшылдыққа ұрынғандығына (шовинизм, messiандық империализм, орыстың айрықша миссиясы), я ұлтсыздықтан (советтендіру, ұлтсыздандыру, өзге ұлттарды орыстандыру идеясы) зардап шеккендігіне куә боламыз.

Қазіргі таңда түркітілдес әлемінің интеграциясын мәдени және гуманитарлық фактор анықтайды. Түркі дүниетанымында бірлік идеясы әр уақытта болған. Түркітілдес интеграцияның сипаты ұлтшыл емес, керісінше түркі құндылықтарына негізделген.

Түркі елдерінің ықпалдастығының үші негізі бар: қауіпсіздік саласы бойынша мәселелерді бірігіп шешу, сауда-экономикалық ынтымақтас-тықты оңтайландыру және мәдениет пен тіл саласы. Түркітілдес елдердің дүниежүзілік үдерістерге ықпал ете алатындай саяси әлеуеті зор. Түркі елдерінің мақсаты бірігіп, өзге өркениеттік құрылымдарға қарсы шығу емес, керісінше, мәдениетін сақтап қалу. Заманауи технологиялық жетістіктердің арқасында түркітілдес халықтардың бірігуі мен құрылымдануы жылдам жүзеге асатын болады. Келешекте түркітілдес мемлекеттер ортақ экономикалық құрылым құра алатын жағдайға келуі мүмкін.

Ұйымның аты айтып тұрғандай түркітілдес халықтарының ең үлкен тарихи жетістігі өздерін біріктіріп отырған ұлттық тілдерін сақтап қалуы. Келешекте тіл ортақтығы ғаламдану жағдайында түркі халықтарының ба-сын біріктіретін факторға айналады. Экономикалық интеграцияны үлкен түркі халқы екенімізді түсінгеннен кейін ғана жүзеге асыра аламыз. Президентіміз Н.Назарбаев айтқандай, ХХІ ғасырда түркі әлемінің жар-қын болашаққа қол жеткізуі үшін барлық мүмкіндіктері бар.

\*\*\*

1. Посол Турецкой Республики в РК Атилла Гюгай. Birlikteyiz (Мы вместе). Журнал «ДА» - издание Алатформы Диалог Евразия. Зима 2010, № 30. стр.16
2. Мағжан Жумабаев. Uzaktaki kardeşime (Моему далекому брату). Журнал «ДА» - издание Алатформы Диалог Евразия. Зима 2010, № 30. стр.48
3. Туркан Хатун. Значение Турции на международной арене. <http://turan.info/-56-vneshnyaya-politika-tureckoj-respubliki-v-2010.html>
4. Алина Бекирова. Алматинская декларация стала новым этапом в развитии экономической интеграции стран тюркского мира. [http://www.liter.kz/index.-php?option=com\\_content&task=view&id=7729](http://www.liter.kz/index.-php?option=com_content&task=view&id=7729)
5. Майкл Хикари Сесайр. Конфликт Турции и России. <http://www.eurasiareview.com/analysis/a-turkey-v-russia-showdown-17122010/>

6. Декларация Первого Саммита Совета Сотрудничества тюркоязычных государств Алматы, 21 октября 2011 г.

7. Юлия Кудряшова Взаимодействие Турции со странами Центральной Азии  
<http://atc.az/index.php?newsid=1279>

\*\*\*

Автором статьи анализируются основные проблемы и вопросы региональных интеграционных процессов, в частности, перспектива интеграции тюркоязычных стран. Основной причиной замедления темпов реализации интеграционных проектов в тюркоязычном пространстве, по мнению автора, является недостаточное желание некоторых лидеров (например, президентов Узбекистана и Туркменистана) центральноазиатских государств интегрироваться по принципу языка, культуры и истории. Участие РК в евразийском проекте не должно стать барьером на пути интеграции с братскими тюркоязычными государствами.

\*\*\*

Author of the work analyzes in detail the past, present and future of the integration in Turkic Speaking Nations Space. The basic reason of delay of implementing of the integration process in this region is personal negative position of some leaders such as presidents of Uzbekistan and Turkmenistan regarding this integration project. In this context Russia continues to be the most dominant power in Central Asia region. This is the main reason why Kazakhstan started to be integrated with Russia, not with the Turkic Speaking Countries, which's culture, tongue and history are the same of Kazakh Nation.

**L. Nurseitova**

## ECONOMIC SITUATION IN ARAB COUNTRIES

The Arab world is united territorially: the vast area stretching from the Arabian (Persian) Gulf through the areas of South-West Asia and North Africa to the Atlantic coast, 19 Arab countries with an ethnically congener cal population, numbering about 300 million people. 90% of people in these countries are Arabs and other 10% - are representatives of other nationalities and ethnic groups. Arabs, regardless of country of residence, consider themselves as belonging to one nation. Arab nations are united by a common language - Arabic, as well as community economic destinies. Strong unifying factor in Arabic countries is Islam: 90% of their populations (Arabs and non-Arabs) are Muslims, 10% belong to other faiths, mostly Christian. However, the above-noted factors that unite the Arabs, are relative, and the whole Arab world is extremely variegated, which can be seen in different natural and geographical factors, ethnic, demographic, linguistic and confessional orders, historical and cultural lives, in economic and social and political development of people living



in these territories. In this case, they differ not only among the Arab countries of Asia, or the Mashreq, and North Africa - the Maghreb, but also within each of these areas. Heterogeneity of the Arab world has a significant impact on developing of integration issues.

As an economic regions Middle East and North Africa have always attracted the attention of specialists in various fields of knowledge from around the world. Designated region has always remained in the spotlight as a dynamic and creative Arabic Centre. For many years economics of the Middle East and North Africa distinguished specific features and unique way of development. Up to date, the region's economy feature is the fact that a significant portion of GDP in many countries of the region constitute the income from petroleum products and their derivatives, as well as a strong relationship of the economy with the customs and religious tenets of the Middle East and North Africa. Middle East and North Africa are not only vast and, most importantly, effective markets for different products - from industrial complexes to the food and consumer goods - but rather large financial reservoirs. These countries hold 60% of world oil reserves, they are distinguished by the world's highest level of population growth (3.5% annually), they are located in strategically important parts of the world, linking Europe, Africa, Asia and the Pacific. Africa has rich and diverse natural resources. Among them are the resources of mineral fuels: oil, proven reserves amount to 9 billion tons approximately, or more than 3% of the world total; gas -, respectively, to 9 trillion. m<sup>3</sup>, or about 5% enriched uranium - more than 500 thousand tons, or 1 / 3 of the world's reserves.

The largest oil and gas fields are located in North Africa. The mining and chemical materials are also important resources of this region, particularly phosphates, prevalent in North Africa (Morocco, Algeria, Tunisia), and their reserves are about 60 billion tons, or about 70% of world reserves. One of the first places in the world belongs to the African reserves of precious metals and diamonds. Explored reserves of gold are about 43 thousand more than 55% of world proven reserves [1].

These countries in the world economy have increased leaps and bounds in the first half of the 70's, when as a result of multiple price increases in crude oil, they were able to accumulate considerable gold reserves. "Free" capital of the Arab countries these days, according to various estimates; reach \$ 100 billion, and their investment in Europe only amounts to \$ 600 billion. The Middle East conflict, which continues for nearly half a century is burden on the economy of the region. Persisting for many decades it caused deeply traumatic damage to the normal economic and social life. Due to chronic instability and the internecine tensions, fueled by largely common regional tensions, considerable cash and the "petrodollars" first of all, settle in the accounts of foreign banks and international capital to make large investments to unstable Middle East. In

the second half of the 70's the development of the Arab world started to change. As a result of repeated rise in oil prices since 1973, dramatically increased income of some countries such as, Petroleum Exporting Countries (UAE, Saudi Arabia, Kuwait, etc.).

КНР были Иран, Йемен и Индонезия, то в 2001 г. – остался Иран, но подключились Саудовская Аравия и Оман, а в 2004 г. – к этой группе трех стран – основных импортеров нефти в КНР добавились Ангола и Россия, а также Судан, Венесуэла и Казахстан, которые заметно увеличили объемы поставок. При этом в структуре импорта нефти ведущую роль продолжал играть Ближний Восток – 61% в 1998 г., 45,4% в 2004 г. и 50% в 2009 г. В то же время резко выросло место Африки в импорте нефти в Китай – с 8,0% в 1998 г. до 30% в 2009 г. – в основном за счет Анголы, Судана и Ливии. Доля стран Азии и Австралия постепенно снижалась с 20,0% в 1998 г. до 11,4% в 2004 г. и до 5% в 2009 г. за счет резкого снижения импорта нефти из Индонезии и Малайзии. В то же время произошел заметный рост доли импорта нефти из стран Европы и Западного полушария за счет роста импорта в КНР российской и венесуэльской нефти. Если в 1998 г. эта доля составляла всего 0,5% всего импорта, то в 2004 г. – 8,8%, а в 2009 г. – уже 17%. [18].

Таким образом, проведенный анализ роли КНР в развитии экономического и энергетического аспекта взаимодействия стран ШОС позволяет сделать следующие выводы:

- 1) для Пекина ШОС с самого начала являлась потенциальным инструментом реализации своей экономической стратегии в регионе. Доступ к сырьевым и энергетическим ресурсам Центральной Азии как гарантия снабжения растущей экономики КНР, развитие регионального сотрудничества в сфере торговли, а также транзитных грузоперевозок в Европу и на Ближний Восток в рамках успешной реализации Программы по освоению западных районов КНР стали основными целями, которые КНР изначально ставила перед собой при создании ШОС;
- 2) в долгосрочной перспективе Пекин стремится к созданию в рамках организации единой зоны свободной торговли, что позволит ему стать лидером региональной геополитики и контролировать центрально-азиатские ресурсы, опираясь на свой растущий экономический потенциал. Мировой экономический кризис вызвал дальнейшую активизацию действий КНР для достижения этой цели;
- 3) нежелание КНР допустить усиление Российской Федерации в ШОС и регионе в целом путем координации действий ШОС и ОДКБ и реализации планов Москвы по созданию Энергетического клуба как ответа на рост влияния Китая в нефтегазовой отрасли региона объясняется тем, что обеспечение региональной безопасности в ШОС в Пекине рассматривают исключительно как условие гарантии стабильности в Центральной Азии для сосредоточения основных сил КНР на экономическом развитии государства, решении тайваньского вопроса и реализации своих приоритетных интересов в Юго-Восточной Азии;
- 4) в развитии стратегии экономического взаимодействия в ШОС можно



условно выделить три этапа: начальный (2001-2003), активизация КНР в нефтегазовой отрасли центральноазиатских партнеров по ШОС на фоне роста мировых цен на нефть и начало импортирования Китаем природного газа (2003-2008) и дальнейшее усиление роли КНР в регионе в условиях мирового экономического кризиса (2008-2010).

\*\*\*

1. Фроленков В. Коллективное экономическое сотрудничество в ШОС: начальный этап становления/ В. Фроленков// Проблемы Дальнего Востока. - 2007. № 2. С. 84-95.
2. Чжао Хуашэн. Китай, Центральная Азия и Шанхайская организация сотрудничества: пер. с кит. / Чжао Хуашэн. - М., 2005. 63 с.
3. Организационное становление ШОС произошло: интервью Генерального секретаря ШОС Б. Нургалиева корреспонденту ИТАР-ТАСС, 4 апреля 2007 г. [Электронный ресурс]//ШОС.-Режим доступа: <<http://www.ca-oasis.info/news/?c=6&id=12338>>. - Дата доступа: 14.02.2010.
4. Medeiros E. China's International Behavior / E. Medeiros [Electronic resource]// Rand Corporation. - Mode of access: <[http://www.rand.org/pubs/monographs/2009/RAND\\_MG850.pdf](http://www.rand.org/pubs/monographs/2009/RAND_MG850.pdf)>. — Date of access: 14.03.2010.
5. Sachdeva G. India's Attitude towards China's Growing Influence in Central Asia/ G. Sachoeva// China and Eurasia Forum Quarterly. 2006. Vol. 4, N 3.P. 23-34.
6. Шанхайская организация сотрудничества: от становления к всестороннему развитию: материалы третьего заседания Форума ШОС, Пекин, 19-21 мая 2008 г. / Науч.-коорд. совет по междунар. исслед. МГИМО(У) МИД РФ; под ред. А. Лукина. - М., 2008. - 147 с.
7. Marat E. The SCO and Foreign Powers in Central Asia / E. Marat [Electronic resource]// Central Asia - Caucasus Institute. - Mode of access: <<http://www.cacianalyst.org/?q=node/4867>>. - Date of access: 16.04.2010.
8. Хасимов А. Шанхай хэцзуо цзучжи ю Чжунья цзяотун юншу = ШОС и транспортное сообщение в Центральной Азии/ А. Хасимов// Элосы Чжунья Дуноу шичан = Рынки России, Средней Азии и Восточной Европы. -2004. № 1. С. 1-8 (на кит. яз.).
9. Лаумулин М. ШОС — грандиозный политический блеф? / М. Лаумулин [Электронный ресурс]// Institut français de relations internationales. - Режим доступа: <<http://www.ifri.org/downloads/>- Дата доступа: 25.01.2010.
10. Maksutov, R. The Shanghai Cooperation Organization: a Central Asian Perspective / R. Maksutov [Electronic resource]// SIPRI project paper. - Mode of access: <[http://www.sipri.org/research/security/euroatlantic/sipri\\_prod\\_material/project\\_papers/ruslan\\_SCO](http://www.sipri.org/research/security/euroatlantic/sipri_prod_material/project_papers/ruslan_SCO)>. — Date of access: 21.03.2010.
11. Шанхай хэцзуо цзучжи дэ аньцюань хэцзуо= Сотрудничество в сфере безопасности в ШОС / Шанхай хэцзуо цзучжи дэ фачжань баогао = Доклад о развитии ШОС; под ред. На Гуанчэна [Электронный ресурс]// Центр исследований России, Восточной Европы и Центральной Азии Китайского института социологии. - Режим доступа: <<http://euroasia.cass.cn/>

news/60982.htm>. - Дата доступа: 20.04.2010 (на кит. яз.).

12. Россия и Китай в новой международной среде. Проблемы развития ШОС: науч. семинар [Электронный ресурс]// Портал Родон: изучение и дальнейшая разработка идейного наследия Д. Л. Андреева. - Режим доступа: <<<http://www.-rodon.org/polit-091009104944>>. - Дата доступа: 16.02.2010.

13. Шанхай хэцзуо цзучжи чэньюаньго дици цы цзунли хуйи цзюсин Вэнь Цзябао чуси бин цзян хуа = Вэнь Цзябао выступил с речью на седьмом Совете глав правительств стран - членов ШОС 30 октября 2008 г. [Электронный ресурс]// Информационное сообщение МИД КНР. - Режим доступа: <[http://www.mfa.gov.cn/chn/pds/gjhdq/gjhdqzz/lhg\\_59/xgxw/t520366.htm](http://www.mfa.gov.cn/chn/pds/gjhdq/gjhdqzz/lhg_59/xgxw/t520366.htm)>. - Дата доступа: 21.04.2010 (на кит. яз.).

14. Российско-китайские переговоры [Электронный ресурс]//Президент России. Режим доступа: <<http://www.kremlin.ru/news/9035>>. - Дата доступа: 29.09.2010.

15. Тренин, Д. Настоящие двусторонние отношения / Д. Тренин [Электронный ресурс]// Российский фонд Карнеги. - Режим доступа: <<http://www.russian.-carnegieendowment.org/publications/=view&id=41639>>. - Дата доступа: 29.09.2010

16. Andornino, G. People's Republic of China at 60/ G. Andornino [Electronic resource]// Istituto per gli Studi di Politica Internazionale. - Mode of access: <[http://www.ispionline.it/it/documents/PB\\_160\\_2009.pdf](http://www.ispionline.it/it/documents/PB_160_2009.pdf)>. - Date of access: 06.04.2010.

17. <[http://www.stats.gov.cn/tjgb/qgntjgb/t20100225\\_402622945.htm](http://www.stats.gov.cn/tjgb/qgntjgb/t20100225_402622945.htm)>. —Чжунхуа жэньминь гунхэго 2009-нянь гоминь цзинци хэ шэхуэй фачжань тунци гунбао (Статистические данные социально-экономического развития КНР за 2009 год), ГСУ КНР, 25.02.2010 /

18. China Energy Data, Statistics and Analysis [Electronic resource] // U.S. Energy Information Administration (EIA). - Mode of access: <<http://www.eia.doe.gov/cabs/-China/Oil.html>>. — Date of access: 10.09.2010.

\*\*\*

This article analyzes power and economic activity of China at the Shanghai Cooperation Organization. Article makes a forecast of further power cooperation within the SCO, being based on the external economic strategy of China. In article modern interests and principles of China at the SCO are investigated, the way done by the People's Republic of China on implementation at the SCO of power and economic targets at the SCO is consistently studied.

\*\*\*

Аталмыш мақала Қытайдың Шанхай Ынтымақтастық Ұйымындағы энергетикалық және экономикалық қызметі талданады. Мақалада ШЫҰ-дағы болашақ энергетикалық қарым-қатынастарына болжам берілген және Қытайдың ШЫҰ-дағы принциптері мен қызығушылықтары қарастырылған. Автор Қытайдың ШЫҰ-да мақсаттарын жүзеге асыру жолын зерттеуге баса назар аударған.

## Г.У. Хаджиева, Н.Б. Айсаева

### ЭВОЛЮЦИЯ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ КОНЦЕПЦИЙ КИТАЯ

На рубеже XX и XXI веков в развитии мирового хозяйства стали отчетливо видны крупные изменения, связанные со значительным усилением позиций Китая. Последовательно и постепенно осуществляя экономические реформы, страна добилась очевидных успехов в самых разных областях, включая адаптацию огромного национального хозяйства к процессам глобализации. Эти достижения страны представляют интерес и во многом связаны с ведением внешней политики, особенностью которой является постоянный поиск несиловых, эффективных мирных решений.

Каждое поколение китайских руководителей выстраивало свои внешнеполитические концепции и теории, на которых строится международный курс. С момента своего создания в 1949 г., КНР пережила три различные стратегии в области экономики и безопасности. В 50-е годы Мао Цзэдун в основном подражал сталинской модели экономического развития и искал безопасность в альянсе с СССР. В 60-е – начале 70-х годов Китай из-за раздора с Советским союзом и сохранявшихся китайско-американских разногласий все больше изолировался. В 1977-1979 годы Дэн Сяопин провозгласил новую внешне- и внутривнутриполитическую стратегию, которая остается главным ориентиром для китайских политиков [1, 243].

Дэн Сяопин определил три основные стратегические теории, которым Китай должен был следовать в своем внешнеполитическом курсе:

- стратегия национального развития;
- международная стратегическая ситуация;
- национальные интересы КНР и стратегия национальной безопасности.

Дальнейшие концепции новых руководителей базировались именно на выдвинутых идеях Дэн Сяопина, строились и дополнялись новыми стратегическими установками с учетом трансформации международных отношений.

Цзян Цзэмин, следуя стратегическим установкам Дэн Сяопина во внешней политике, придерживался осторожного подхода. Главный акцент при этом делался на концепции «открытости во вне», предусматривающей в качестве основных целей развитие внешнеэкономических связей КНР, увеличение использования передовой иностранной техники и технологии, расширение экспорта, внедрение новых форм внешних экономических связей и привлечение иностранного капитала [2, 95]. Эта концепция дополнялась новыми установками такими как, например концепция «многополярности», получившая достаточно широкое распространение во всем

мире. Но главным в наследии этого китайского руководителя является концепция «возрождения великого Китая» и «возрождения величия китайского народа».

Формирование нового внешнеполитического курса новым китайским руководителем Ху Цзиньтао основывается именно на этой концепции. С приходом к власти новое руководство провозгласила новую концепцию «мирного возвышения». Данная концепция продемонстрировала готовность Китая играть более активную роль в процессах экономической глобализации и формировании многополярного мира. Но следует отметить, что эта доктрина воспринималась за рубежом как подтверждение претензий Китая на завоевание лидирующих позиций в мировых делах и была выведена из арсенала китайской политики.

После неудачи с концепцией «мирного возвышения», на смену ей пришла концепция «гармоничного мира», озвученная председателем КНР Ху Цзиньтао на состоявшемся в апреле 2005 г. Афро-азиатском форуме в Джакарте и на саммите, посвященном 60-летию ООН в сентябре того же года. Выступая в своей программной речи, китайский лидер отметил, что КНР готова «строить совместно с другими странами справедливый и разумный новый экономический международный политический и экономический порядок» [3, 19]. Еще одной новацией в рамках претворения данной стратегии является использование инструмента «мягкой силы», целью которой является наращивание совокупной государственной мощи и служение строительству специфического китайского социализма.

Американский политолог Джозеф Най определил понятие «мягкой силы» как искусство убеждения, использования нематериальных ресурсов культуры и политических идеалов в интересах оказания влияния на людей в других странах [3, 20]. Перемены в мире и особенно изменение статуса Китая породили настоятельную потребность в новых геополитических концепциях и новых концепциях в китайской внешней политике и дипломатии. Китай изыскивает пути повысить свою репутацию на международной арене параллельно с обеспечением собственных национальных интересов. Внешняя политика КНР стала более практичной в отношении подписания стратегических соглашений с партнерами и более гибкой в привлечении международной поддержки. Новые политические инициативы, такие как «улыбчивая дипломатия», «добрососедская дипломатия» играют важную роль в стремлении Китая стать региональным лидером. Таким образом происходит эволюция и развитие внешнеполитических концепций КНР. Можно давать разную оценку изменившейся внешнеполитической стратегии, однако надо признать, что в большей степени изменения сыграли позитивную роль в создании привлекательного образа Китая.

В настоящее время внешняя политика Китая по-прежнему направлена на создание условий, способствующих реализации национальной стратегии развития страны, целью которой является достижение лидирующих позиций в Азиатско-Тихоокеанском регионе, а также статуса великой державы равной по своему политическому влиянию, экономической и военной мощи другим центрам мировой силы. Успех осуществления этой стратегии будет зависеть от целого ряда факторов, главными из которых являются внутривластная и социальная стабильность, сбалансированный и устойчивый экономический рост, обеспечение доступа к мировым источникам сырья и энергии, подъем уровня развития образования, науки и технологий [4, 384].

С 5 по 14 марта 2012 г. в Пекине состоялась 5-я Сессия Всекитайского собрания народных представителей (ВСНП) 11-го созыва, на которой руководство страны выступило с докладами, подытоживая годы правления. 6 марта 2012 года в рамках проходящей в Доме народных собраний в Пекине 5-й сессии ВСНП 11-го созыва состоялась пресс-конференция, на которой министр иностранных дел КНР Ян Цзечи ответил на вопросы отечественных и зарубежных журналистов, связанные с внешней политикой и внешнеполитическими связями Китая, где заявил что Китай «будет продолжать всевекторную дипломатическую работу на всех уровнях и в различных сферах, отстаивать комплексное планирование с учетом внутренней и международной ситуации, непрерывно продвигать инновацию дипломатической практики и теории». Он выделил основные направления внешнеполитической деятельности КНР:

Во-первых, служение экономическому развитию – это надлежащее противодействие различным рискам и вызовам извне и создание более благоприятного внешнего климата для обеспечения социально-экономического развития Китая, чтобы служить основной цели ускорения трансформации модели экономического развития. Во-вторых, обеспечение мира – это решительная защита суверенитета и безопасности страны, активное содействие решению международных и региональных вопросов, в первую очередь "горячих" проблем, путем диалога, консультаций и переговоров и проявление роли Китая как ответственной страны. В-третьих, содействие сотрудничеству – это дальнейшая активизация дружественного сотрудничества со всеми странами мира, международными и региональными организациями в целях совместного противодействия глобальным вызовам, обеспечения мира на планете и содействия совместному развитию» [5].

Осенью 2012 года в Китайской Народной Республике произойдет масштабное событие – смена поколений руководителей страны. Предстоящий XVIII съезд Коммунистической партии Китая утвердит ключевые фигуры

в партийном руководстве, правительстве и других государственных структурах. В своем прогностическом дискурсе заместитель директора по науке ИДВ РАН, руководитель Центра стратегических проблем США и ШОС С.Г. Лузянин на основе разработок и выводов российских, китайских и ряда западных ученых, сформулировал четыре проблемы, которые встанут перед новым руководством Китая:

1. Проблема сохранения Китаем в своей внешней политике своеобразного баланса между сдержанной политикой «развивающегося государства» (каковым он официально продолжает себя считать) и активной наступательной политикой рождающейся сверхдержавы.

2. Варианты разрешения дилеммы в отношениях с Западом – когда, с одной стороны, от экономической глобализации Китай приобретает (и будет приобретать) большие ресурсы для реформирования, а с другой – сталкивается с растущим политико-идеологическим давлением Запада.

3. Возможности Китая и дальше дистанцироваться от известных предложений США «поделить мир» (варианты G-2 и др.). С этим связан и вопрос, сможет ли Китай предложить международному сообществу свою версию устройства постбиполярного мира.

4. Какие ключевые внешнеполитические инструменты понадобятся новому руководству КНР для реализации и продвижения нынешней концепции Ху Цзиньтао – создания «гармоничного мира»? [6].

Оценивая возможности ожидаемых изменений внешнеполитического курса КНР в связи с предстоящей сменой поколения руководителей, С.Г. Лузянин отметил, что кардинальных изменений не предстоит. В китайской политике огромное значение придается преемственности. По ходу реализации модели «социализма с китайской спецификой» многое меняется, корректируется, но, все же, ряд ключевых внутренних компонентов остаются неизменными. А именно: сильное государство; лидирующая и системная роль КПК; преемственность между поколениями руководителей в реализации стратегии реформ и развития. Сохраняют силу и заложенные еще в 90-е годы базовые внешнеполитические принципы Дэн Сяопина. Они хорошо известны: хладнокровно наблюдать, укреплять позиции, уверенно реагировать на изменения, скрывать свои возможности, выигрывать время, не привлекать к себе внимания, никогда не становиться лидером, делать конкретные дела. Тем не менее, некоторые внешнеполитические принципы, выдвинутые великим реформатором Дэн Сяопином не столь актуальны на современном этапе развития страны и появляется потребность в разработке новых идей и подходов [7].

Итак, к настоящему времени китайские внешнеполитические концепции претерпевают изменения в связи с меняющейся позицией страны на мировой арене. Сформировалась базисная внешнеполитическая доктрина

КНР, дополняющаяся новациями руководителей, а также отражающая современные реалии и опирающаяся на дипломатический опыт прошлых лет. Вне всякого сомнения, что эти изменения в концепциях построения внешней политики благоприятно воздействуют на развитие страны в целом, несмотря на ряд возникающих проблем. Китай умело использует свои достижения, ресурсы «мягкой силы», экономический динамизм и тем самым усиливает свое влияние и позиции в международных отношениях XXI века.

\*\*\*

1. Попов А.П. Политические системы и политические режимы в Китае в XX в. – М.: издат-во «Экзамен», 2007. - 287 с.
2. Сыроежкин К.Л. Внешнеполитические концепции Китая на современном этапе// Казахстан в глобальных процессах, 2009. № 4. - С. 94-107.
3. Мишина С.И. Говори мягко// Азия и Африка сегодня, 2011. № 3. - С. 19-24.
4. Хаджиева Г.У. Особенности азиатского вектора в новой внешней стратегии КНР// Монгольский мир. Новый век - новые вызовы (Улымжиевские чтения-IV): материалы Всероссийской научно-практической конференции (24-25 июня 2010 г.). - Улан-Удэ: изд-во «Бэлиг», 2011. - С. 384-394.
5. Министр иностранных дел КНР Ян Цзечи ответил на вопросы журналистов, связанные с внешней политикой и внешнеполитическими связями Китая, 2012/03/08. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://kz.china-embassy.org/rus/gyzg/t916691.htm>
6. Лузянин С.Г. Внешняя политика Китая до 2020 г. Прогностический дискурс [Элек. ресурс]. – Режим доступа: <http://www.perspektivy.org/oikumena/politika/-vneshnaja-politika-kitaja-do-2020-g-prognosticheskij-diskurs-2011-11-29.htm>
7. Сергей Шаракшанэ (пресс-служба РАН), интервью с Лузяниным С.Г.// Внешняя политика Китая в глобальном и региональном измерениях 26.12.2011 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.ras.ru/news/-shownews.aspx?id=4c408f27-e0a2-4b39-a08c-018156e18392>

\*\*\*

The article examines foreign policy concepts on China. Despite of change of generations of PRC leaders there is continuity in foreign policy concepts. However following changes occurring in the world and growth of China's status, concepts are revised and rethought.

\*\*\*

Мақалада ҚХР-ның сыртқы саясат концепциясындағы басшылық өзгергеніне қарамастан, ұрпақ сабақтастығының сақталғандығы қарастырады. Бірақ әлемдегі үлкен өзгерістер мен Қытайдың статусының өскенін ескере отырып, Қытайдың сыртқы саясатындағы концепциялардың жаңарғаны мен қайта қарастырылатынына көз жеткіземіз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН МӘДЕНИ-  
ӨРКЕНИЕТТІК ҚАТЫНАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

\*\*\*

КУЛЬТУРНО-ЦИВИЛИЗАЦИОННОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ  
КАЗАХСТАНА С ВОСТОЧНЫМИ СТРАНАМИ: ПРОШЛОЕ И  
НАСТОЯЩЕЕ

\*\*\*

**Әбдіқадырова Ж.Б.****ҚАЗАҚСТАН-МЫСЫР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-  
ӨРКЕНИЕТТІК АСПЕКТІСІ**

Мәдени өзара байланыстар екі мемлекет арасындағы қатынастардың даму негізін қалыптастырудың ең қолайлы және оңай жолы болып табылады. Қазақстан мен Мысыр арасындағы мәдени байланыстар өзара түсінушілік пен мүдделер теңгеріміне сүйенген бейбіт және тұрақты қатынастарды орнатуда негізгі дәнекер болады және мәдениет арқылы бейбітшілікке үндейтін қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы (МАР) арасындағы қатынастардың тұрақтанған тарихи тамырлары мен дәстүрлері бар. Тәртіптер өзгеріп, мемлекеттердің жаңа атаулары пайда болып, жоқ болып жатты, екі ел серіктестігінің мазмұны өзгеріп жатты, дегенмен олардың өзара әрекеттесуінің, ынтымақтастығының құндылығы екі тараппен де ұдайы жоғары бағаланып отырды. Мысыр Таяу Шығыстағы көшбасшы елдердің бірі, ал Таяу Шығыс әрқашан Қазақстанның геосаяси мүдделері аясында болды. Қазақстанның араб, жерорта теңіздік және таяу шығыстық бағыттарында МАР-мен қатынастары маңызды рөл ойнайтыны сөзсіз.

Қазақстан мен Мысыр арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 6 наурызында орнатылды. Екі ел арасындағы қатынастардың құқықтық негізі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы Мысыр Араб Республикасына жасаған алғашқы ресми сапары кезінде біршама келісімдерге қол қою арқылы дамыған. Атап айтқанда, 1993 жылдың 14 ақпанында ҚР мен МАР арасындағы өзара қатынастар мен ынтымақтастық негіздері туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім 1995 жылдың 31 тамызында күшіне енді. 1993 жылдың сәуір айында Каирде ҚР елшілігі



ашылды [1]. Қазақстанның Мысырдағы тұңғыш елшісі болып Болатхан Құлжанұлы Тайжан тағайындалды. Қазақстанның Мысырдағы елші қызметін 1999-2002 жылдары Асқар Ахметұлы Мусинов, 2002-2008 жылдары Бағдат Құлтайұлы Әмреев, 2008-2011 жылдары Бахтияр Сардарбекұлы Тасымов атқарды. 2011 жылдың желтоқсан айында ҚР-ның МАР-дағы Төтенше және Өкілетті елшісі болып Берік Сақбайұлы Арын тағайындалды. Ал 2012 жылдың 28 ақпанында елші Б.С. Арын Мысырдың Жоғары әскери кеңесінің төрағасы Мұхаммед Хусейн Тантауиге сенім грамоталарын тапсырды [2].

Елші Б.Қ. Тайжан бір сұхбатында: «Араб елдерінің ішінде Қазақстан елшілігінің алғаш Мысырда ашылуы - өте терең ойланып жасалған мәселе. МАР - тек араб елдері арасында ғана емес, Африка елдері, мұсылман елдері және сол аймақтағы елдердің ішінде беделі жоғары мемлекеттердің бірі. Халқының саны, жер көлемі үлкен және экономикалық, саяси, әскери беделі де өте жоғары. Осындай беделді мемлекетте елшілік ашу әр уақытта тиімді. Оның үстіне Мысыр елінің мәдениеті қазақ халқы үшін бөтен емес. Мысыр мәдениетінің түркі тектес халықтардың әдет-ғұрыптарымен ұқсас жерлері де бар. Бұл жерде Бейбарыс бабамыз мәмлүктер әулетін құрып, Мысырды билеген. Әл-Фараби де біздің топырағымыздан шығып, араб еліне барып, көптеген шығармаларын араб тілінде жазды. Фарабидің Қазақстаннан шыққанын арабтар жақсы біледі, - деп атап көрсетті [3].

Мысырдың Қазақстан Республикасындағы елшілігі 1992 жылдың тамыз айында ашылды. МАР-дың Қазақстандағы қазіргі елшісі - Абдалла әл-Арнуси.

2007 жылдың наурызында және 2008 жылдың мамырында орын алған ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Мысырға ресми сапарларының және 2006 жылдың қараша айында МАР Президенті Х. Мұбарактың Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапарының екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңыздылығы зор болды [4].

Егер бастапқыда Мысыр Араб Республикасының Қазақстанмен мәдениет саласындағы әрекеттестігі көбіне діни сипатта болса, уақыт өте келе Мысыр бұл саланы кеңейтуге бет алды. 2001 жылдың 18 маусымында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасы Үкіметі арасында Мысырлық «Нұр-Мұбарак» ислам мәдениеті университеті жөніндегі келісімге қол қойылды. Бұл келісім 2004 жылдың 11 ақпанында күшіне енді [5]. Бүгінде университет жоғары білікті имамдарды, исламтанушыларды, дінтанушыларды, араб тілі мен әдебиетінің аудармашыларын даярлауды жүзеге асырады [6]. Қазақстанның Бас мүфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлі хазрет аталмыш университет тек екі елдің достығы мен ынтымақтастығының ғана символы емес, асыл дініміздің осы өлкеде өркендеуінің де басты қайнар көзі. Оның ТМД елдерінде тендесі жоқ, әрі Қазақ-

станға бүгінде өте мұқтаж болып отырған имам-хатибтер дайындап жатқандығын ескерткен [7]. Сондай-ақ 2006 жылдың 7 қарашасында Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Мысыр Араб Республикасы Үкіметі арасында мәдени ынтымақтастық саласындағы өзара түсінушілік меморандумы да қабылданды [8]. Сонымен бірге Қазақстанда Мысырдың мәдени орталығы ашылды.

Осы ретте тарихи және мәдени мұраларды әрдайым сақтап, дәріптеген Қазақстанның Каирдегі Сұлтан Бейбарыстың мешітіне жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөліп отырғандығы да кездейсоқтық емес. 2012 жылдың 9 ақпанында Каирде Қазақстан Республикасының Мысыр Араб Республикасындағы елшісі Берік Арын Мысырдың Тарихи ескерткіштер жөніндегі жоғарғы кеңесінің Бас хатшысы Мұстафа Аминмен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Мысыр үкіметтері бірлесе қаржыландырып отырған Каирдегі Сұлтан әз-Заһир Бейбарыс мешітінде жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмыстарының барысы талқыланды, сондай-ақ екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды әрі қарай дамытудың жолдары жөнінде пікір алмасылды. Кездесудің қорытындысы бойынша атқарылған жұмысты қабылдап алу және қаржылай көмектің соңғы бөлігін аудару мақсатында 2012 жылдың наурыз айында ҚР Мәдениет министрлігінің «Қазқайтажаңғырту» республикалық мемлекеттік кәсіпорны делегациясының Каирге сапарын ұйымдастыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазақстан тарапы бұл тарихи ескерткішті қалпына келтіруге 4,5 млн АҚШ долларын бөлгені белгілі, оның 4 млн доллары игерілді [9].

Бүгінгі күні республикамыз әлем ауқымындағы өзекті Батыстың жетекші мемлекеттері мен ислам әлемі арасындағы «Батыс – мұсылман әлемі» диалогын дамыту идеясын алға тартып отыр, әзірше бұл сыртқы істер министрлері деңгейінде жүзеге асуда. Қазақстан аталмыш идеяны әлем діндерін біріктірген және дінаралық сұхбат құруға мүмкіндік берген өзінің халықаралық тәжірибесіне сүйене ортаға салуда. Бұған мысал мемлекетімізде 2003, 2006 және 2009 жылдарда үш рет өткен және халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болған Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының Съезі. Астанада өткізілген осы үш съезге де әл-Әзһардың Бас имамы шейх Мұхамет Саид Тантауи және МАР Президентінің арнайы өкілі, дін істері жөніндегі министр Махмұт Хамди Зақзұқ қатысты. Сол сияқты осы уақытқа дейін Мысырдың Дін істері жөніндегі министрі Қазақстанға төрт рет сапармен келді. 2008 жылдың 17 қазанында «Ортақ әлем: әртүрлілік арқылы өркендеу» атты конференцияға қатысу үшін МАР-дың Уақыфтар ісі жөніндегі министрі М.Х. Зақзұқ келді [10].

2009 жылдың 4 наурызында Каирде «Исламдық ой-сананың жаңаруы» деген конференция өтті. Қазақстан дінбасымен бірге онда Нұр-Мұбарак

Мысыр ислам мәдениеті университетінің проректоры Шәмшәдин Керім мен Астанадағы Сәдуақас Ғылмани атындағы мешіттің Бас имамы Бақтыбай Бейсенбаев болды. Бас мүфти осы бір мәнді де маңызды конференцияға 2001 жылдан бері тұрақты қатысып келеді [11].

2012 жылдың 28 ақпанында ҚР елшісі Берік Арын МАР Уақыфтар министрі Мұхамет Абдәл Фадыл әл-Қаусимен кездесті. Уақыфтар министрлігі Мысыр үкіметіндегі он сегіз министрліктің бірі болып табылады және діни қайырымдылық (садақа) үшін жауапты. Діни қайырымдылықтар, уақыфтар трестерге ұқсайды, сенімді тарап ретінде жеке мешіт (уақыф бенефициары) немесе әдеттегідей бүкіл қоғам болады. Уақыфтар мысалдарына жер телімдері, базар, аурухана немесе қоғамға қызмет ете алатын кезкелген ғимарат жатады [12].

2005 жылы Мысырда 30-сериялы «Бейбарыс» фильмі түсірілді. Қазақстандық елшіліктің бастамасымен және ҚР Мәдениет министрлігінің жәрдемімен бұл фильмдегі Бейбарыстың балалық шағына қатысты кейбір эпизодтар біздің елімізде түсірілгенін атап айтпаса болмайды.

Арабтардың тарихи және жағрафиялық ескерткіштерінің қайнар көзі болып табылатын Каирдың Қолжазбалар қоры мен кітапханалары ортағасырлық Қазақстан туралы деректік және тарихи зерттеулер жүргізуде қазақстандық ғалымдар – арабтанушы-шығыстанушылардың ерекше назарында. Мысырлық мұрағаттар мен кітапханалардан жиналған деректер қазақ халқының тарихы туралы көптеген еңбектерде пайдаланылды. Бүгінде ҚР-ның Ұлттық кітапханасы мен МАР-дың Александрия кітапханасы арасында ынтымақтастық орнатылған.

Екі елдің бір-бірін танып, жақындасуына, дәстүрі және өнерімен танысуына 2001 жылы Қазақстанның МАР-дағы мәдениет күндері мен 2008 жылы Мысырдың ҚР-дағы мәдениет күндерін өткізу септігін тигізді.

Қазақстанның Мысырмен жоғары білім беру саласында да тұрақты байланыстары орныққан. Қазақстандық студенттер тек әлемнің ірі ислами университеті әл-Әзһарда діни білім алып қана қоймай, Каир университеті, Айн-Шамс университеті сияқты зайырлы жоғары оқу орындарында да оқып жатыр. Жалпы осы уақытта МАР-дың жоғары оқу университеттерінде 172 қазақстандық азамат білім алуда. Екі елдің аймақтары мен қалаларының тікелей байланыстары да даму үстінде. Мәселен, бүгінгі таңда Астана мен Каир, Алматы мен Александрия, Жамбыл облысы мен МАР-дың Шығыс провинциясы арасында туыстық, достық қатынастар орнатылған [13].

Сонымен қатар Тараз орталық мешітіне Бас мүфтидің ұйғарымы бойынша Ғибатулла Ахметұлы ат-Таразидің есімі берілгені белгілі. Ол қазақ топырағында дүниеге келіп, білім іздеп араб елдеріне барған. Кейін Бейбарыс сұлтан салдырған мешіт пен медресені басқарып, ғұлама ғалым

атанады. 2012 жылдың қаңтар айында Таразға аталмыш ғұламаның ұрпағы Абдулла бин Әбу Насыр Мұбашшир Мысырдан арнайы келіп, ата жұрттағы жамағатпен қауышты [14].

Шет елдердегі мысырлық мәдениеттің рөлін нығайту мысырлық дипломатия назарындағы басты мәселелердің бірі екені айғақ. Әрине, бұл рөл Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттеріне, әсіресе Қазақстан Республикасына әсер етіп, артып келеді. Қазақстан да өз тарапынан өзегін ортақ дін құрайтын бұл мәдениетке оң ықыласын білдіруде. Мысырдың бұл мемлекеттердің мұсылмандары арасында ислам мәдениетін орнықтыру мен тарату талпынастарын әл-Әзһар діни университеті жүзеге асырады.

Әл-Әзһар діни университеті Қазақстан жеріндегі ислам орталықтарымен байланыстарды орнатуда маңызды рөл ойнайды. Университет Қазақстанға өз имамдарын және діни уағызшыларын жіберу, қазақстандық азаматтар үшін Мысырда оқуға шәкіртақы бөлу сияқты жұмыстар атқарады. МАР-дың Уақыфтар министрлігі де мешіттер мен мәдени орталықтарды салуға, мұсылман мәдениетінің ескерткіштерін қайта қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлген.

Араб аймағындағы мәдениет пен өркениеттегі рөлі мен беделі зор Мысыр Қазақстан үшін басқа халықаралық күштермен өзара әрекет етуге жол ашатын саясаттағы стратегиялық ауданды құрайды. Мысыр тарапының екі ел арасындағы мәдени байланыстар жөнінде көзқарасы, сыртқы саяси доктринасында жалпы Орталық Азия елдері, әсіресе Қазақстан қандай деңгейде қарастырылған және елімізбен қатынастарды нығайтуға қандай мән беріледі?

Мысырдың Қазақстанға қатысты саясаты экономикалық мүдделер, тәжірибе және көмек көрсетумен байланысты мәдени және діни құндылықтарды көтеру стратегиясына негізделеді. Қазақстанның Мысырдан жағрафиялық тұрғыдағы алыстағы оның саяси, экономикалық және стратегиялық маңыздылығын төмендетпейді. Оған қоса Каир Қазақстанның халықаралық деңгейде көптеген мәселе бойынша араб халықтарының құқықтары мен мүдделерін қорғап келгендігін естен шығармайды. Сол себепті Мысыр Қазақстанмен «шекаралар арқылы достықты» орнатуға мүдделі. МАР-да Қазақстанмен аймақтық байланыстар арқылы да ынтымақтастықты нығайту көзделеді. Аймақаралық қатынастарды орнату Мысыр үшін өзіндік дипломатиялық «әуесқойлық» емес. Бұл қатынастарды дамыту «шектен асқандық» емес. Әр мемлекеттің құрамына өзін-өзі жатқызатын өз аймақтық жүйесі және болып жатқан оқиғаларға қызығушылық танытатын, мемлекеттермен әртүрлі мақсатта өзара әрекеттесетін, сондай-ақ сыртқы саяси бағдарламаларды жүзеге асыратын екінші дәрежелі аймақтық жүйесі бар. Бұл екінші дәрежелі жүйелер кеңістік тұрғысында алшақ болуы мүмкін, дегенмен мүмкіндіктер мен мүдделерге қатысты маңызды болады. Дәл осы ұйғарым жағрафиялық тұрғыда алыс Қазақстанды Мы-

сыр сыртқы саясатындағы негізгі орындарға жатқызады [15]. Сонымен, Қазақстан-Мысыр қатынастарының мәдени-өркениеттік өзара әрекеттестігінің екі негізгі сипаты белгілі:

1) Ресми сипаты. Қазақстан-Мысыр қатынастары әлі де ресми дипломатиялық қатынастар шеңберінде жүзеге асуда. Бұл сөзсіз екі жақты қатынастардың ұйымдық-құқықтық шеңберлерін жетілдірудің белгісі болып табылады және екі тараптың мәдени ұйымдарын қолдау арқылы Мысыр мен Қазақстан арасындағы қатынастарды нығайтуға септігін тигізу керек.

2) Жағымды, оң сипаты. Өзінің шектеулілігіне қарамастан, Қазақстанның Мысырмен қатынастары жоғары дәрежедегі оң сипатымен ерекшеленеді. Екі мемлекеттің сыртқы саясаты да басқа елге ұсыныстар беруден алшақ, сондай-ақ Мысыр араб елі болғанымен де, оның сыртқы саясаты қатаң діни сапатқа ие емес, сондықтан Қазақстан мен Мысыр қарым-қатынастарында қарама-қайшылықтағы бақталастықтың болмауымен сипатталады.

Мысыр Араб Республикасының Қазақстан Республикасына қатысты сыртқы саясатының негізгі ерекшеліктері мен басымдықтары төмендегідей:

- Мысырдың ТМД елдерімен техникалық ынтымақтастығы қорына сүйену. Осы күнге дейін аталмыш қор әр түрлі саладағы 185 біліктілік көтеру курстарын ұйымдастырып, оған 1384 қазақстандық қатысып үлгерді. Сонымен бірге Қор Қазақстан жоғары оқу орындарында араб тілінен дәріс беретін мысырлық мамандардың жіберілуін қаржыландырады [16];

- Мысырлық ғалымдардың Орталық Азия аймағын зерттеулерін белсендіру. Бұл бағыт екі негізгі ғылыми институтпен – Каир университетінің Азиялық зерттеулер институтымен және Закавик университетінің Азиялық зерттеулер институтымен жүзеге асуда;

- Мәдениет пен білім беру саласындағы ынтымақтастығы әл-Әзһар діни университеті және басқа да жоғары оқу орындарында қазақстандық студенттер үшін білім алу шәкіртақыларын кеңінен бөлу және арнайы тағылымдамалар ұйымдастыру арқылы мәдени байланыстарды күшейту.

Қорытындылай келе, екі елді жақындастыратын да, алшақтататын да мәдениет екені сөзсіз. Мәдени және өркениеттік типтегі ұқсастығы екі ел арасындағы байланыстардың басқа да маңызды салаларын дамытуға жол ашады. Мысырдың араб әлемі және жалпы ислам әлемі дамуындағы орасан мәдени үлесі, тарихи даму үдерісіндегі бірегей өркениеттік бағыты күмәнсіз. Мысырдың Таяу Шығыс аймағындағы бетке ұстар және салиқалы саясаты да халықаралық қауымдастықпен жоғары бағаланып келеді. Мысыр сияқты елмен қарым-қатынастарды тереңдету - Қазақстан дипломатиясының басты бағыттарының бірі. Қандай да екі мемлекет арасындағы, әсіресе ол мемлекеттер шекаралас болмаған жағдайда берік саяси

және тұрақты экономикалық қатынастарды орнықтыруда екі мемлекет халықтарының мәдени-өркениеттік тұрғыда өзара әрекеттесуі мен өзара байланысы ерекше мәнге ие. Дәл мәдени саладағы өзара түсінушілік пен өркениеттік деңгейдегі жақындық екі ел арасындағы байланыстарды кеңейтуге және дамытуға жол ашады. Сондықтан, Қазақстан мен Мысыр арасындағы қарым-қатынастардың мәдени-өркениеттік аспектісін зерттеу зор ғылыми маңыздылыққа ие болып отыр.

\*\*\*

1. Сотрудничество Республики Казахстан с Арабской Республикой Египет// МИД РК// [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/-asia\\_africa/19](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/-asia_africa/19)
2. Посол РК вручил верительные грамоты председателю Высшего военного совета Египта, 28.02.2012 // [http://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/209125/](http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/209125/)
3. Тайжан Б.Қ. Аталы сөздер: Жалауымда жүрегімнің лүпілі. 2-кітап. – Алматы, 2007. – 19 б.
4. Сотрудничество Республики Казахстан с Арабской Республикой Египет// МИД РК// [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/-asia\\_africa/19](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/-asia_africa/19)
5. Договорно-правовая база. Перечень международных договоров РК. Арабская Республика Египет// МИД РК// [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/legal\\_basis/](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/legal_basis/)
6. Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр-Мүбарак» ислам мәдениеті университетінде болды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 22.10.2011// <http://www.muftyat.kz/index.php?newsid=4892>
7. Ежелгі байланыс өркендей береді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 23.02.2009// <http://www.muftyat.kz/index.php?newsid=209>
8. Договорно-правовая база. Перечень международных договоров РК. Арабская Республика Египет// МИД РК// [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/legal\\_basis/](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/legal_basis/)
9. Қазақстан делегациясы Каирде Сұлтан Бейбарыс мешітіне жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары барысымен танысады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 11.02.2012 // <http://www.muftyat.kz/index.php?newsid=5580>
10. Сотрудничество Республики Казахстан с Арабской Республикой Египет// МИД РК// [http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/-asia\\_africa/19](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/cooperation/-asia_africa/19)
11. Каир конференциясы. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 01.04.2009// <http://www.muftyat.kz/index.php?newsid=675>
12. Посол Казахстана встретился с министром религиозных пожертвований Египта, 28.02.2012 // <http://www.zakon.kz/kazakhstan/4485003-posol-kazakhstana-vstretilsja-s.html>
13. Арын Б. Казахстан – Египет: от Бейбарса до наших дней. – Казахстанская правда. – 07.03.2012 // <http://www.kazpravda.kz/print/1331084270>
14. Мысырлық қонақ Таразда болды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 09.01.2012 // <http://www.muftyat.kz/index.php?newsid=5310>

15. Ибрагим Арафат. Отношения Египта с государствами Средней Азии и Монголией// // علاقات مصر بدول رابطة الدول المستقلة، وألبانيا، والبوسنة و الهرسك، ومقدونيا، ومنغوليا. // تحرير أ.د. محمد السيد سليم أ.د. محمد صفى الدين خربوش د. عبد العزيز شادى. – القاهرة، ٢٠٠٠. (Отношения Египта со странами Содружества Независимых Государств, Албанией, Боснией и Герцеговиной, Македонией и Монголией// Под редакцией Мухаммада Саййида Салима, Мухаммада Сафииддина Харбуша, Абдулазиза Шади. - Каир: Издательство Центра азиатских исследований, факультет экономики и политических наук Каирского университета, 2000) – С. 117.
16. Арын Б. Казахстан – Египет: от Бейбарса до наших дней. – Казахстанская правда. – 07.03.2012 // <http://www.kazpravda.kz/print/1331084270>

\*\*\*

Данная статья посвящена изучению культурно-цивилизационного аспекта в казахстано-египетских отношениях. В статье автор дает оценку состоянию двусторонних взаимоотношений в сфере культуры и религии, раскрывает стратегическую важность в развитии и углублении культурных связей между Казахстаном и Египтом.

\*\*\*

This article focuses on studying the cultural and civilizational aspects of Kazakhstani-Egyptian relations. The author gives an estimate of bilateral relation in the sphere of culture and religion, reveals the strategic importance in the development and deepening of cultural ties between Kazakhstan and Egypt.

### Ш.Б. Баратова

#### Т. МОЛДАҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СЕГІЗ ЖӘНЕ АРАЛАС БУЫНДЫ ӨЛЕҢДЕР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сегіз буынды өлшемдерде жазылған өлеңдер түркі тілдес халықтар әдебиетінде ежелгі дәуірден бастап қолданылып келеді. Бүгінгі таңда, қазақ силлабикалық поэзиясында бұл өлшемдер кең өріс алды. Яғни, оларды әр бір ақынның өлеңдер жинағында кездестіруге болатыны сөзсіз. Пікірімізге дәлел ретінде белгілі ақын Т. Молдағалиев шығармашылығындағы сегіз буынды өлшемдердің орнын, өрнектік ерекшелігін, ырғақтық құрылысын жан-жақты талдауы арқылы көрсетпекпіз. Талдау объекті ретінде ақынның «Сары ала күз келгенде» атты өлеңдер жинағы алынды. Жинақ 299 өлеңнен және төрт тараудан тұрады. Олар: бірінші – «1997 жылдың жырлары», екінші – «1996 жылдың жырлары», үшінші – «Қалтарыста қалған бір дәптерден», төртінші – «Арнаулар» деген тараулар.

Ақынның аталған жинағында кей бір өлеңдердің арнайы тақырыбы жоқ болғандықтан олардың басты тармағы өлең аты ретінде қолданылды. Мұны біз ақындық дарынның және өлең шұмақтарының ойға бұрқ етіп келуімен және тез ұмытылып қалу себебімен ғана байланыстыра аламыз.

Т. Молдағалиев өзінің алдында қаншалықты қатал талаптар қойса, сол сияқты шығармашылығының алдына бұдан да қатал талаптар қойды. Ақынның бұл ерекшелігі аталған тараулардағы әр бір өлеңнің мазмұны мен олардың өлшемдерінде анық байқалады. Ақын сегіз және аралас буынды өлшемдерді әр түрлі тақырыптарды ашуда ұтымды қолдануға тырысты және білді. Осыған орай біз бұл ғылыми жұмысымызда әр екі өлшемнің ерекшеліктеріне жеке тоқталуды жөн көрдік.

Сегіз буынды өлшем жеті және он бір буынды өлеңдермен бірге халық ауыз әдебиетінде кеңінен қолданылып келеді. Сондай-ақ, бүгінгі поэзияда да негізгі өлшем ретінде қалыптасты. Академик З. Қабдолов сегіз буынды өлшемге: «Туған кезі тым әріде жатқанмен көнермей, ажарына ажар қоспаса, әжім түсіруді білмей келе жатқан аса сұлу, сырбаз, сылқым өлең», – деп анықтама береді [1, 272]. Бұл өлшем ертеден бастап көптеген түркі тілдес халықтар поэзиясында жетекші орын иелейтіні анық. Ақын Т. Молдағалиев халық ауыз әдебиетінің бұл дәстүрін жалғастырып, сегіз буынды өлшемді өз шығармашылығында шеберлікпен қолданған. Ақын жинағын талдау барысында сегіз буынды өлшемдер он бір буынды өлеңдерден кейінгі орында тұратыны анықталды. Анығарақ айтқанда, сегіз буынды өлшем негізінде 30 өлең жазылып, 10% құрайды. Ақынның «Президентке хат», «Қар басып қалды көктемді...», Бауыржан батыр», Не боп кетті мына дүние...», Телефон күтіп отырмын...» атты өлеңдері пікірімізге мысал бола алады.

Атадан жалғыз / туғанға,  
Бір аға керек / ақылды.  
Бір іні керек / татымды,  
Байлайтын сенің / атыңды. (Атадан жалғыз туғанға...)

Келтірілген өлең тармақтары ықшамды. Яғни, тармақтарындағы буын саны шағын болғандықтан, ырғағы да жеңіл. Бұл қасиетке ие болған шумақты жаттап алу да қиындыққа соқпайды. Бірінші рет оқығанда жеті буынды өлең деп те қалу мүмкін. Аталған өлеңнің өзіне тән бір ерекшелігі – шумақтағы бірінші тармақ өлеңнің кейінгі шумақтардында да бас тармақ ретінде қайталанатын. Яғни, тармақ әр рет қайталанған сайын ақын ондағы пікірге өз ойын білдіріп отырады.

Сегіз буынды өлеңдер құрамы төмендегі өрнектерден тұратыны белгілі: 5+3, 4+4, 3+5. Бұл өрнектер ертеден келе жатқан ескі ырғақтық құрылыс ретінде танымал болғаны мен әр бір бунақтың қолдану шеңбері әр түрлі. Мысалы, 5+3 бунақ аталған екі бунаққа қарағанда ертедегі ауыз әдебиеті мен бірге бүгінгі қазақ жазба поэзиясында да қолдану өрісі кең. Т.Молдағалиев өз шығармашылығында басқа ақындар сияқты сегіз буынды өлшемнің 5+3 өрнегін ұтымды қолдана білген. Яғни, ақынның талдау жасалынған еңбегіндегі сегіз буынды өлеңдердің басым көпшілігі аталған





сымен араласпай, өз бетімен ылғи 8 буынды боп келеді» [2, 168]. Бірақ, қазіргі қазақ поэзиясының дамуына байланысты сегіз буынды өлшемнің аталған өрнегі жеті буынды өлең құрылысымен араласып қолданылады. Т.Молдағалиев өлеңдер жинағында 4+4↔4+3 түрінде жазылған екі өлең кездесіп, олар 0,7% құрайды. «Жеті-сегіз буынды өлшемнің сегіз буынды тармағы 4 буын+4 буын болып келетін басқа түрін алсақ, мұнда әр түрлі тармақтар еркін, етене араласпай, үнемі белгілі ретпен ғана кезектеседі» [3, 149]. Ақынның «Тау мен тасты аралатып...», «Тұңғыш көрген қызғалдағым...» атты өлеңдері аталған өрнек негізінде жазылған. Сегіз буынды өлшемнің келіп шығу тарихы, ішкі құрылысы, оқылу интонациясы және қолдану шеңбері жағынан жеті буынды өлеңдерге ұқсап кетеді. Ертедегі жыр, айтыстар шумағында жеті буынды тармақтармен бірге келсе де онша білініп кетпейді. Өлшемдердің бұл дәстүрі бүгінгі күн силлабикалық поэзиясында жалғасуда.

Тұңғыш көрген / қызғалдағым, 4+4

Жас асқанда / алпыстан. 4+3

Бақытыңды / қызғанбадым, 4+4

Тіршілікпен / тартыста. 4+3 (Тұңғыш көрген қызғалдағым)

Келтірілген шумақтың бірінші, үшінші тармақтары 4+4 түрде жазылған болса, екінші, төртінші тармақтары 4+3 болған ырғақтық құрылысқа ие. Яғни, жеті және сегіз буынды өлшемдер өзара алмасып келген. Бұл өлшемнің жеті буынды өлеңдермен ырғақтық құрылыс жағынан бір-біріне өте жақын екендігіне көз жеткіземіз. Тармақтар бір-бірін толықтырып тұрған сияқты. Өлеңнің барлық бес шумағы осы құрылыс негізінде жазылған. Әрине, бұл өлең құрылысы өзгеше ырғақтық тәртіпті құрайды. Қазақ поэзиясында негізінен сегіз буынды өлшемнің 5+3 болған өрнегі, жеті буынды өлшемнің 4+3 буынымен араласып келуі жиі кездеседі. Академик З.Ахметов бұл жөнінде төмендегіше айтып өтеді: «Жеті-сегіз буынды өлшемнің ең мол тарағаны– бір тармағы 4 буын+3 буын, екіншісі 3 буын + 2 буын + 3 буын болып өрнектелген түрі. Тармақтары еркін алмасып отыратын бұл өлшем – ырғағы серпінді, толқымалы, барынша ықшамды жеңіл болып, өте келісті жасалған өлең түрі. Оның барлық құрылысы (тармақ көлемі, бунақталуы, ұйқасы, шумағы) дауыс толқынының түрліше құбылып отыруына, өлеңнің әуезді үнмен айтылуына өте қолайлы» [3, 173-174].

*Бірақ, жеті және сегіз буынды өлшемдердің бұл түрдегі араласуы ақын Т. Молдағалиев жинағында байқалмайды.*

Т. Молдағалиев жинағында сегіз буынды өлшем он буынды өлшеммен ауыспалы өлшемдерден құралған тармақтарда байқалады. Яғни, ақынның “Ақынға ғашық болмаңдар” атты өлеңі 8↔10 түрде жазылған. Аталған өлең тармақтары жалпы жинақ ішінде 0,3% құрайды.

Ақынға ғашық / болмаңдар, қыздар,	5+5
Ақыннан қашық / жүріңдер.	5+3
Көңілің қалып, / жүрегің мұздап,	5+5
Қиналасыңдар / түбінде.	5+3

Келтірілген тармақтардың бірінші, үшінші тармақтары он буыннан құралған болса, екінші, төртінші тармақтары сегіз буынға ие. Төртінші тармаққа назар салатын болсақ, тармақтың бірінші бунақ кестесіндегі “қиналасыңдар” деген сөз бес буыннан құралған. Белгілі болғандай, қазақ поэзиясында төрт буыннан артық сөз жиі кездеспейді. Сол үшін З. Ахметов еңбегінде 5+3 өрнегі 3+2+3 түрде қарастырылады. Бірақ бұл жерде біз аталған сөзді 3+2+3 түрде бөле алмаймыз. “Кейде ақындар өз өлеңдерінде буын саны төрттен көп бірлі-жарым сөзді қолдануға ұмтылғанымен, жалы алғанда бұл қазақ өлең құрылысына тән нәрсе деп санауға болмайды. Өйткені қазақ поэзиясында буын саны төрттен артық сөздер қолданылмауы жалпы шұбалаңқы сөзден қашудан емес, қазақ өлеңінде әр тармақты бунаққа бөлуден туатын алабөтен, айрықша сипаты бар өзгешелік” [3, 153]. “Әр бунақта буын кемі екеу, көбі төртеу болады. Қазақ өлеңінде бір бунақтағы сөздердің буын саны төрттен аспайды. Аса қалса, жыр өлеңдерінің бунақтарындағы бес буынды екі сөзден құралатын бунақтар ғана болады. Бұл бір буындас сөздер емес. Мұның жөні өзгешелеу болады” [2, 161]. Сондай-ақ, сегіз буынды өлшемнің 3+5 түрдегі бунағыда мәлім. Бірақ бұл өрнекте жазылған өлең тармақтары Т. Молдағалиев жинағында байқалмайды. Сондай-ақ, жалпы поэзияда да сирек кездесетіні мәлім.

Көріп тұрғанымыздай шумақтағы буын санының біркелкі болуы поэзияда қатып қалған тәртіп емес. Яғни, бір шумақ ішінде әр түрлі өлшемдердің араласып келіуде мүмкін. Бұл жайында академик З. Ахметов: «Көп тараған тағы бір ағат түсінік – силлабикалық өлең жүйесінде, яғни, буынға негізделіп құрылатын өлеңде қолданылатын өлшемдердің тармақтары үнемі біркелкі болады деп санау. Осыдан келіп силлабикалық өлеңнің бір өлшемінде біркелкі емес, бірі ұзын, бірі қысқалау тармақтардың араласып отыруы өте қиын, не мүмкін емес деген секілді қорытындылар жасалады. Ал, асылында, өлеңнің буынға негізделіп құрылуы дегеніміз өлеңдегі барлық тармақтардың буын саны үнемі бірдей болуы шарт деген сөз емес” [3, 208]. Шумақ ішінде өлшемдердің араласып қолданылуы аралас буынды өлеңді пайда қылады. Аралас буынды өлшемнің кең қолданылған уақытын ғалым А.Үсенова еңбегінде төмендегідей сипатталады: «Аралас буынды өлеңдер жыраулық кезеңнің ең қуатты шағы ХҮ–ХҮІІ ғасырларда қазақ поэзиясының негізгі өлшемі болды. Бұл өлшемдегі толғаулардың сипаты сол кезеңдегі деуір тұрпаты, өмір салтынан туындайтын” [4, 46]. Ғалым М. Һәмраев өз еңбегінде аралас буынды өлшемдегі өлеңдерді мысал келтіріп: «Если сравнить приведенные примеры с примерами чистого,

равносложного стиха, то возможно не заметить, что ритм равносложных стихов более энергичен и подвижен. Закономерное сочетание различных по величине строк позволяет, как нам кажется, избежать той монотонности, которая наблюдается в четверостишиях, где все строки равны между собой. Более того, разносложность строк, регулярно повторяющаяся через равные промежутки стихотворного текста, не только не нарушает ритм, а, наоборот, усиливает его» [5, 120] – деп айтады. Бұл өлшем өлең ырғағын біркелкіліктен шеттендіріп, оның ырғағын күшейтетіні хақ. Яғни, аралас буынды өлеңдерге тән бұл қасиет өлеңге өзгеше ырғақ алып келеді. Сол үшін М. Һәмраев пікіріне бізде қосыламыз.

Түркі тілдес халықтар әдебиетінде аралас буынды өлеңдер орны ерекше. Халық ауыз әдебиетінде қолданылған бұл өлшем бүгінгі силлабикалық поэзияда да көп кездеседі. Т. Молдағалиевтің талдау жасалынған жинағында аралас буынды өлшемде 11 өлең жазылып, олар 3,6 % қамтиды. Ақынның «Гүл сыйлаған қарындасқа», «Сардана гүлін сен...», «Алдана бер ойыншыққа...», «Арбалап киік арманға...», «Таң атып келеді, шілденің...» сияқты өлеңдері аралас буынды тармақтар негізінде құрылған. Төмендегі өлеңінің ырғағын қарастырып көрейік:

Арбалап киік арманға,  
Биік тауларға,  
Жасыл орманға,  
Әкетсем деп ем мен сені, әкете алмадым.

Не әкете алмадым, не жете алмадым. (Арбалап киік арманға...)

Келтірілген тармақтарда біркелкілік ырғақ заңдылығы жоқ, яғни буындар тәртібі шашыраңқы. Сол үшін тармақтағы әр бір сөз ерекше ырғақты, әуенді талап етеді. Ақын өз пікірін осы күйде жеткізбек болған. Әрине, Т. Молдағалиевтің бұл қадамы ұтымды шыққан.

Академик З. Қабдолов аралас буынды өлеңдерге мысал келтіре отырып: “Міне, осылардың бәрі тармақ мөлшері әр түрлі болғанмен, екпінге емес, буынға негізделген; тоникалық өлеңдер емес, силлабикалық өлеңдер. Өйткені бұл өлеңдердегі ырғақты буыннан буынға аттап, көшіп жүрген айнымалы екпін емес, буын-буындарды бунаққа топтап, тәртіпке келтіріп жүрген дауыс толқындарының соқпа-соқпасы белгілеп тұр» [1, 267], – деп тұжырымдайды. Аралас буынды өлеңдердің поэзияда қалыптасуы оның даму үдерісін белгілейтіні хақ. Бұл өлшемдегі өлеңдер ақын поэзиясында шумақтық араласқан өлеңдер де кездеседі. Яғни, бір өлеңнің өзі екі ырғаққа ие болуы да мүмкін. Ақынның «Алдана бер ойыншыққа...», «Ініме», «Баққожа» атты өлеңдері пікірімізге мысал бола алады. Ақынның «Алдана бер ойыншыққа...» атты өлеңінің бастапқы бес шумағы он бес буынды өлшемде (4+4+4+3) жазылған болса, кейінгі төрт шумақ он алты буын негізінде (4+4+4+4) құрылған. Сондай-ақ, екінші яғни, “Ініме” деген



Т. Молдағалиев халық ауыз әдәбиетінің үлгілерін ұтымды қолданып, терең пікір, салмақты ойын сегіз және аралас буынды өлеңдері арқылы жеткізген. Статистикалық мәліметтерден көрініп тұрғандай, ақын бұл өлшемдердің әр бір өрнегіне айрықша мән берген. Бұл тұрғыдан қарағанда, Т. Молдағалиев өзіне тән ерекшеліктер мен қазақ силлабикалық өлең жүйесінде танымал.

\*\*\*

1. Қабдолов З. Сөз өнері. -А, 2002. – 246 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. -А, 1969. – 244 б.
3. Ахметов З. Поэзия шыңы –даналық. -Астана, 2002. – 404 б.
4. Үсенова А. Шәкәрім өлеңдерінің құрылысы фил., ғыл., канд., дереж., алуға дайындалған диссер.: -А, 1999.
5. Хамраев М. Пламя жизни. -Ташкент, 1988. – 254 б.

\*\*\*

В этой статье анализируется использование стихотворных метрико-ритмических особенностей на примере творчества казахского поэта Т. Молдағалиева. Данные особенности употребления широко представлены в одном из поэтических сборников «Сары ала күз келгенде». Автор проводит анализы по особенностям метрико-ритмической организации стихотворного текста.

\*\*\*

This article analyses the use of metric and rhythmic particularities of the Uyghur verses on the basis of the works by T. Moldaqaleyev. These particularities are well represented in the volume of verses entitled «Сары ала күз келгенде». The author makes a comparison of metric and rhythmic structures of the verses these poets.

## Р.Ө. Досымбекова

### ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ «БІР» МЕН «ЕКІНІ» САНДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Қай ел болсын оның мәдениетінің бастауы жазу десек, жазудың бастауы-сан болады. Бұның барлығы да, Қытайдың көне дәуір тарихын, мәдениетін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде айтылған. Сан әлемі бірден басталатыны белгілі. Ал бір санының ұғымдық мәні – сан және иероглиф. Ол көптеген істің, мыңдаған заттың бастауы және негізі, мағынасы шексіз әрі қиын. Мысалы: бір тал, бірінші рет, әр біреуі, біртұтас, бөлуге болмайды, барлығы, жалпы, түгел т.б.сөздердің барлығында да осы «бір» саны қолданылады. Қытай тіліндегі бір саны қандай да бір құбылыстың, тіршіліктің, әлем жаратылысының бастауын білдіреді. Қай тілде болсын, бір саны бірлік сөзінің түпкі түбірі, адам өмірін бастайтын, тіршіліктің бастау көзі болып саналады. 12 санның циклында бұл цифр «жаңа туған нәресте» мағынасын білдіреді. Даостық ұғымда «бірлік тынысы», «рух

үйі», «барлық тіршіліктің ортасы» мағынасын аңғартады. Бір санын қытай ұлты шыршамен теңестіреді. Баяу өссе де басқалардан биік, көркем болып өсіп, ұзақ жыл сақталып, кез келгеннің көзіне жоғарыдан, алыстан-ақ ілінеді. Қытай тіліндегі бір санының омонимдері «намыс», «ұтыс» т.б. болып саналады. Бір саны – ең кішкентай иррационал сан. Қытайдың нумерология ғылымына қатысты «史记·律书», «shi ji lu shu» кітабында былай айтылған: “数始于一”, «Санның бастауы – бір» [1, 10].

Жер шары тұрғындарының барлығында сандық таңбаны жазуда негізінен ортақ цифрлық жүйені пайдаланады. Бірақ, Қытай мәдениетінің ерекшелігіне сәйкес оларда сандарды иероглифпен жазады. Иероглифтердің ішіндегі «бір», “—” «уі» барлық заттың, құбылыстың бастауы болып табылады [1, 40].

“—”, «бір» санының оқылуы, тоны, дыбысталуы өте оңай иероглифтің бірі, онда қатаң дыбыс жоқ, ең оңай ұяң дыбыс. “—”, «бір» санының жазылу формасы бір сызық, яғни солдан оңға қарай бір ғана түзу сызықпен жазылады. Бірдің оқылуы мен жазылуына қорытынды жасасақ, қоғамның дамуымен бірге, адамзаттың күнделікті тұрмыс-тіршілігі де, ғылыми техникамен тығыз байланыста екенін, сандардың маңызының артып келе жатқанын байқауға болады.

Адамзат баласы сан мәдениетіне күннен күнге мән беріп келе жатыр. Бұрынғы заманда сан адамдардың тұрмысында да өте маңызды рөл ойнаған. Бүгінге дейін жалғасып келген әртүрлі мәдениеттен біз санның ерекшелігін көре аламыз. Қытайлықтар санды тек есептеу үшін ғана қолданбаған, оларға өте үлкен мән берген. Қытай тілінде бірге байланысты мақалдар өте көп. Мысалы: «жолың сәтті болсын», «бет алған жағыңнан табысқа кенел», «өмір бойы бай болып өмір сүр» т.б. [2, 78].

“—”, «бір» саны ең оңай иероглиф болып табылады. Егерде біз әлемдегі тілдерде бірдің жазылуын көрсек, онда Қытайдың жазбаша жазуындағы «бір» ең оңай сан болып саналады. «Қазіргі заманғы қытай тілі сөздігінде» «бір» санының 8 түрлі мағынасын берген, оның ішінде алтыншы түрдегі мағынасын екі түрге бөлген, оны қоса есептегенде 9 түрлі мағынасы бар. «Қытай тілінің үлкен сөздігінде» «бір» санының 20 түрлі мағынасын берген, оның 17 түрінде егістік болса, одан басқа 9 түрлі мағынасы бар, бәрін қосқанда 28 түрлі мағынасы бар [2, 94].

Тіл мамандарының пікірі бойынша сөздер көне дәуір жаңаға алмасқанда өзгеріске түседі. Көбінесе жаңа сөздер жаңа мағына береді, көне сөздер бірте-бірте қолданыстан шығады, сөздердің мағынасы кеңейеді немесе тарылады. Осыған байланысты «бір» санының қазірге дейін қолданылып келе жатқан біраз тұрақты сөз тіркестерін қарастырып көрелік.

Мысалы:

- (1) Аз мөлшерді білдіретін сан есім, мысалы: “一问无知”, «ештеңе білмеймін».
- (2) Бірінші: Санның ретін білдіреді, мысалы: “五月一日” «мамырдың бірі», “第一名” «бірінші, бірінші орын».
- (3) Көп бөлшектің бір бөлшегі, мысалы: “四分之一” «төрттен бірі» “这个东西该分我一份吧” «мына заттың бір бөлігін маған бер».
- (4) Ұқсас, бір тұтас. Мысалы: “众口一词” «халықтың ауызбіршілігі бір», “说法不一” «көзқарасы бірдей емес».
- (5) Жалпы, жеке, мысалы: “一家之言” « бір үйді алып айтсақ».
- (6) Толық, бәрі мағынасында: “一家之主” « Бір үйдің отағасы», “一校之长” «Бір мектептің директоры».
- (7) Зейін қою мағынасында, мысалы: “一心一意” зейінін шоғырландыру Осы жоғарыдағы келтірілген мысалдардың мағыналарынан тыс одан басқа да мағыналары бар.

Қытайдың атақты философы Лао Цзы сан ұғымына, мағынасына байланысты айта отырып, бір санына былайша сараптама жасайды: «Дао ілімінен бір шығады, бірден екі, екеуден үш, үшеуден барлық зат шығып, дамып тарайды. Лао Цзы еңбегінің қырық екінші бөлімінде мынадай мысал келтірілген: «бір» әлемнің ең алғашқы кезі. Қытайдың көне дәуірдегі философтары бірді барлық заттың жаратылмай тұрған кезі, бастауы деп білген» [3, 105].

“一心一意” Тек шын пейіліңмен, басқаша ойламау.

“一步登天” Бұл негізінен әсерлеу сөз, адамды бір аттап жоғарғы орынға жеткізу мағынасын білдіреді.

“一哄而散” Көп адамдар бірігіп айғайлап тарасқанды білдіреді.

“一窍不通” Бұл сөз негізінен «түк білмес» дегенді білдіреді. Көбінде бұл ұстаздың оқушыларға қолданатын сөзі. Ата-анасы баласына қолданады.

“一清二白” Бұл сөз «өте таза, өте ақ» дегенді білдіреді. Бұл сөз негізінен кінәсі жоқ болса да, жазықсыз кінәланып, жәбір көрген және өзін өте тазамын, деп ойлайтындарға қолданылады.

“一尘不染” Бұл сөз де «таза» дегенді білдіреді, заттың тазалығына, үйдің таза екенін, көшенің таза екенін айтатын болса осы сөзді қолданады.

“一目了然” Бұл сөз «көз алдында жоқ болып кету» деген мағынаны береді. Бұл сөз «өзара қарым–қатынасты үзу, енді бір-бірімен араласпау» деген сияқты мағынаны білдіреді.

“一丝不苟” Бұл сөз «жұмыс істегенде өте мұқияттылықпен істеу, зейін қойып тыңдау» деген мағынаны береді.

“一毛不拔” Бұл сөз «адамның өте пысық, дүниеқоңыз» екенін



білдіреді. Бұл сөзді қолдану арқылы адамдар жұмыс істегенде басқалардың алдында болып өзін көрсете білу керек дегенді білдіреді.

“一败涂地” Бұл сөздің мағынасы жеңіліске ұшырағанда артын жинау қиын екенін білдіреді [4, 82].

“一见钟情” « Бір көріп ұнатып қалу» мағынасында.

“一衣带水” Бұл сөздің мағынасы, «көл араны бөліп тұрса да, барыскеліс үзілмейді, яғни ешқандай нәрсе біздің арамызға кедергі бола алмайды» дегенді білдіреді.

“一般无二” Бұл сөз «бір–бірінен аумайды, ажырата алмайсың» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз «Батысқа сапар» романында кезіккен, маймыл болып жасанып алған сайтанды көрген қосындағылар осы сөзді айтады.

“一帆风顺” Бұл сөздің мағынасы «сапардың сәтті болсын, яғни жолаушыға айтатын сөз».

“一生一世” Бұл сөздің мағынасы «өмір бойы» дегенді білдіреді.

“一走了着” Бұл сөз «кетіп қалсаң болды» деген мағынаны береді .

“一路福星” Бұл сөз «жолың сәтті болсын, бақ жұлдызың жансын» дегенді білдіреді.

“一模一样” Бұл сөздің мағынасы «қатты ұқсайды», мысалы: баласы әкесіне қатты ұқсайды демекші болсаңыз осы сөзді қолдануға болады.

“一针一线” Бұл сөздің мағынасы «өте көп еңбек қолдану, бұл сөз негізінен тұрмысты жақсартқанда қолданылатын сөз, бір-бірден әрең құрап шықтым» дегендей [4, 58].

Енді қытай тіліндегі екі санын зерделеуге тырысып көрейік. Қытай тіліндегі «екі» саны қосылудың, толықтырудың символы болып табылады. Дао ілімінің ұғымында жер мен аспан, адамзат ұрпағын жалғастыратын еркек пен әйелдің киелі одағы, ақ пен қара, жарық пен қараңғылық, күн мен түн, жер шарының тепе-теңдігін сақтап тұратын екі энергия: «инь» мен «янь» ұғымдарын білдіреді. Өсу мен дамудың белгісі, 12-лік цикл бойынша өсіп келе жатқан ұрпақ болып саналады, Юпитермен басқарылады. Қытай ұлты «екі» санын бамбук ағашына теңейді. Өсу жылдамдығы өте тез, қолданылу аясы өте кең, «оңай» сөзінің омонимі.

«Екі» саны Қытай мәдениетінде өзіне тән ерекшелігімен ерекшеленеді. Оны аспан мен жер екіге бөлінгендегі символы ретінде қарайды. Қытай мәдениетінде адамдар жұп сандарды өте жақсы көрген. Осыған қатысты айтылған мынадай сөздер бар: “二龙戏石” «Екі айдаһар бір тас ойнаған», “二泉月影” «Екі құдықта бір айдың сәулесі» т.б. Егер бұл сөздерді өзгертіп, «бір айдаһар бір тас ойнады», «Бір айдың сәулесі бір құдыққа» дер болсақ, ондағы бұл сөздің ешқандай қызығы болмай қалады .

Екі санының кілтін зер салсақ, екі бір-бірімен қиылыспайтын, парал-

лель сызылған екі сызық. Бұл екі сызықты әлем екіге бөлінген, аспан және жер, олар өзара қиылыспайды деп «екі» “二” санындағы екі сызықты аспан мен жердің символы ретінде қарастырады. Ал, қытай тілінде екімен байланысты айтылған сөздер өте көп, мысалы: «екі үй», «二 家» бұл сөз көне дәуірде кең қолданыста болған. Оның мағынасы кіші әйелдің үйі, яғни тоқалдың үйі [5, 45].

“二老” «Екі кәрі» бұл сөз де көне дәуірде кең қолданылған. Әсіресе, Конфуцийдің дәуірінде, оның мағынасы ата-анаға деген құрметті атау болып саналған.

“二仪” «Екі әлем», ол - аспан және жер.

Қытай халқы екі санын жақсы көреді, әрі бұл санды «жуық» сан деп есептеп, әрқашан жақсы іс жұбымен болады деп білген. Сонымен қатар қытай ұлты қонаққа өте үлкен мән береді. Әр жылы мерекелерде туыстуған, дос-жарандарының үйіне қыдырып барады, дәстүр бойынша құр қол баруға болмайды. Сөзсіз сыйлық, сәлемдеме алып бару керек, ал, алып баратын затының саны сөзсіз жұп сан болу керек, ең аз дегенде саны екеу болу керек және ескеретін жағдай, үй иесіне оны шын көңіліңмен беруің керек. Егер саны көп болып кетсе, тартуыңның саны ол жақсы көретін сан болса да, қарсы жақ сені бөтен оймен әкелді деп түсінеді. Мысалы: арақ тарту етсең, әдетте екі құмыра болу керек, ал ішпек-жемек тарту етсең, екі қораптан аспауы қажет. Егерде саны үш болып кетсе, онда қарсы жақ сені қате түсінеді. Бірақ, қазір Батыс мәдениетінің әсерімен қытайларда сыйлық бергенде біреу немесе үшеу яғни тақ санға ыңғайластыру үрдіс алып келеді.

Адамдар телефон номерін, үйленетін күнін, сағатын таңдағанда, үнемі «алты», «сегіз», санынан тыс «екі» санын да көп таңдайды. Егер телефон нөмірінің ең соңында «1», «2», «3» сандары тұрса онда сөзсіз «2» санын талдайды. Үйлену той күнін таңдағанда, екінші күн, он екінші сан, жиырма екінші сан осы күндерін үйлену күні етіп таңдап, заң бойынша осы күні неке куәлігін алады. Қазір жұмысқа байланысты үйлену тойын демалыс күнге қарай бекітеді. Әсіресе мамырдың бірі мен қазанның бірі күндерін мемлекет жағынан бір-бір апталық демалыс күні қылып бекіткен соң, көп адамдар осы күндері арасында той жасайтын болған. Онда олар тек жұп санына мән берген емес, тақ санында да той жасаған

Екі санымен үш саны және сегіз саны бірге келгенде, онда олардың дыбыстық оқылуына байланысты өте жақсы мағына білдіреді. Бұл негізінен Ганконгтықтардың сөзінен шыққан, олар «екі» деген санды оқығанда “易” «оңай деген» сөздегі оңай мен жақын оқиды. Сондықтан «екі» мен «үш» бірге келгенде “易生” «оңай өмір» деген мағынаны білдіреді. «Екі» саны мен «сегіз» саны бірге келгенде “易发” «оңай баю», ал, 23 пен 28 бірге

келгенде оның мағынасы “易生易发” «өмірің оңай болып, оңай бай бол» дегенді білдіреді. Егер кім телефон нөмірін осылай алғысы келсе, онда шынымен бақытқа кенелу деп санаған. Ал бұл сияқты нөмірлерге қол жеткізу өте қиын, әдетте мұндай нөмірлер ашық түрде сатылады, егер осындай нөмерге қол жеткізгің келсе, онда ақша жұмсайсың [5, 40].

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінде екімен бірге келетін сөздер де өте көп. Егер екімен сөз құрағысы келсе, адамдар үнемі екі атақты адамды бірге қойып сөз құрайды, ал, үш саны мен төрт саны бұлай болмайды.

Мысалы: “二王” «екі ваң» ол ваң Ган мен оның ұлы Ваң Чиен, бұрыннан бері бұл екі кісіні «екі ваң» деп атап келген.

“二龙” «Екі айдаһар» Шығыс Хан дәуіріндегі Чу Биао мен Чу Чжао. Ол екеуі білімді, мықты адамдар болған, сондықтан оларды «Екі айдаһар» деп атаған. “二老” «Екі қария» Бо И мен Лу Шаң осы екі үлкен кісіні атаған, кейін келе бұл сөз жасы үлкен екі кісіні айту үшін қолданылып отырған.

“二宋” «Екі сұң» ол екі адамның фамилиясы бірдей болғанда, екі сұң деп атаған. Бұл Сұң дәуіріндегі көп адамдарды атау белгісі т.б. [5, 107].

Қытай халқы екі санын бір жұп деп білген. Мысалы: “一双筷子” бір жұп сақбы, “一双鞋” бір жұп аяқ киім, “一双脚” екі аяқ, “一双袜子” бір жұп шұлық, “一双眼睛” қос жанар, “一双手” екі қол, “一双手套” бір жұп қолғап, “一双眉” бір жұп қас, “一双肩” екі иық, “一双星” бір жұп жұлдыз, “一双鱼” бір жұп балық, “一双鸟” бір жұп құс, “一双鹅” бір жұп тырна, “一对枕头” бір жұп жастық, т.б бұлардың бәрі бір-бірімен үлкен кішілігі бірдей, түсі де бірдей, бірі-бірінен ажырамайтын нәрселер, саны екеу болу керек. Егерде екі санның орнына бір санын қойсақ, онда олардың беретін мағынасы да өзгереді. Мысалы: бір аяқ, бір қол, бір көз десе, онда адамдар ойлауы мүмкін енді біреуі қайда деп, бұл адамның денсаулығы жақсы емес, яғни ауру, мүгедек екен деп тіпті театрдағы қойылымдарда да болсын, кинода болсын жағымсыз кейіпкерлердің рөлін дене мүшесінің біреуі кем болып ойнайды. Мысалы: көзі соқыр, бір қолы жоқ, бір аяғы жоқ кейіпкер ретінде сомдалады. Сондықтан екі санының орнына бір санын алмастырып қоюға болмайды. Сондықтан да адамдар жұп санды және жұп нәрселерді жақсы көреді.

Қытай ұлтының той өткізу дәстүріне келсек, жаңа той жасаған адамдар «екі» санын өте жақсы көреді. Той жасағанда “喜” «хi», «той» деген жазу жазылған екі қызыл босағалық жазу ілінеді. Бұл қытай халқының дәстүрі. Той жасаған адамға берген заттардың бәрі жұп, яғни екеу болу керек. Өздерінің жаңадан алған заттары да екеу болу керек. Мысалы: көрпе, жастық секілді заттар және қолдан тіккен заттары да жұп етіп жасалады: кестелерге екі ағаш, екі гүл, екі құс, егер айдаһар тіксе, онда оған қоса желді де бейнелеп тігу керек, өйткені айдаһармен жел жұп болады [6, 76].

Қытай тілінде жақсы іс жұбымен деп айтады, қонақ шақырғанда үстелдің үстіндегі құрмалар жұп санмен болу керек, тақ санмен болуға болмайды. Егер, қонақ тамақ ішіп жатқанда абайсыздан бір сақбысын түсіріп алса, оған және де бір сақбы әкеліп беруге болмайды, сөзсіз және бір жұп сақбы әкеп беру керек. Бұл қонаққа деген құрметті білдіреді.

Қорыта айтқанда, «бір» және «екі» сандарының қасиетіне, киелілігіне, танымдық сипатына байланысты қытай мен қазақ халықтарында жалпы шығыстық таным-түсінікке жататын ортақтық бар секілді. Демек, ежелден аралас-құралас келе жатқан көрші жатқан екі елдің дүниетанымында, философиясында, мәдениетінде мұндай жақындықтың барлығын табиғи заңдылық деп қарауға болады.

\*\*\*

1. 司马云杰 绵延论：关于中国文化绵延之理的研究。—陕西：人民出版社，2003年。599 б.
2. 张丹 中国数字。—上海：商务印社馆，2002年。- 487 б.
3. 王萍 数字的秘密。—上海：华东师范大学出版社，2004年。- 500 б.
4. 曹兰萍 数字的故事。—北京：北京大学出版社，2000年。- 450 б.
5. 郭地 数字在中国。—上海：商务印书馆，2003年。- 475 б.
6. 李雷 数字的文化。—吉林：吉林大学出版社，2002年。- 756 б.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются формирования нумерологии в древнем Китае. А также детализировано цифры «один» и «два», также обеспечивает определения и примеры. Дается общее описание истории нумерологии в Китае на основе исследований ученых и мыслителей. Это делает историю китайской нумерологии дополняется точной и интересной информации.

\*\*\*

This article discusses the formation of numerology in ancient China. As well as detailed figures "one" and "two", also provides definitions and examples. And we give a general description of the history of numerology in China based on the research of scientists and thinkers. This makes the history of Chinese numerology is complemented by an accurate and interesting information.

## Ермек

### ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселесін тереңдете зерттер болсақ, онда оны уақыты мен сипатына қарай белгілі-бір деңгейлерге бөліп қарастыруға тура келеді. Еліміз тәуелсіздігін алған күннен бастап, қазіргі кезге дейінгі уақытта Қытай Халық

Республикасымен арадағы білім беру саласындағы ынтымақтастық пен келісімдерді саралай келе шартты түрде үш деңгейге бөліп қарастыруды жөн деп таптық. Бірінші тәуелсіздік алғаннан бастап қазірге дейінгі аралықтағы екі жақтылы қарым-қатынас. Екіншісі ШЫҰ құрылған күннен басталған көп жақтылы байланыстардың пайда болуы. Үшіншісі, қытай тілін әлемге тарату мақсатындағы қытай өкіметінің нақты қадамдары. «Бүгінгі күні Қазақстан мен Қытай арасындағы білім саласындағы селбестік екі ел арасындағы ынтымақтастық туралы мемлекетаралық, үкіметаралық, ведомстваралық және ЖОО өзара келісімдеріне сәйкес жүргізілуде. Осы келісімдерге сәйкес жіберілген студенттердің оқуын бақылауды екі елдің білім министрліктері мен ЖОО өздері жүргізеді» [1, 2].

Қазақстан мен Қытай 1992 жылдың 3 қаңтарында дипломатиялық қатынас орнатқан күннен бастап, екі ел арасында сауда-экономика, энергетика және басқада салалардағы байланыстар болмаса, білім беру саласында нақтылы қарым-қатынас бірден орнай салған жоқ. Ең алғашқы ресми байланыс есебінде 1996 жылдың 10 маусымынан 17 маусымына дейінгі аралықта Қытай Мемлекеттік Оқу-ағарту Министрлігінің ұсынысымен Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрі М.Ж. Жұрыновтың Қытайға ресми сапарын атап айтуға болады. Осы барыста екі жақ «Қытай Халық Республикасының Білім Комитеті мен Қазақстанның Білім және Ғылым Министрлігі арасында білім беру саласындағы өзара ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойды [2, 16]. Бұл құжатта екі ел арасындағы білім беру саласы бойынша ынтымақтастықтың деңгейі сарапталып, болашақта іске асырылуға тиісті мәселелер нақтыланды. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім Министрлігі, мемлекеттер арасындағы білім беру саласындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында, бірлескен ғылыми зерттеулердің деңгейі мен тиімділігін одан әрі арттыруға, теңдік, өзара пайдалы және тиімділік қағидалары негізінде екі ел арасында білім беру саласындағы алмасуды кеңейтуге ұмтыла отырып, 2003 жылдың 3 маусымында сегіз баптан тұратын екі жақты келісімге қол қойды. Келісімнің негізгі мақсаты мен міндеттері төмендегі екі бапта анық көрсетілген. «Бірінші бап: білім беру жүйесі мен білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар туралы ақпаратпен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен алмасу; студенттер, оқытушылар, аспиранттар және тағылымшылармен алмасу. Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік тілдерін үйрену мен таратуға жәрдемдесу.

Екінші бап тараптар жыл сайын баламалы негізде студенттермен, аспиранттармен және тағылымдамашылармен алмасатын болады. Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысында жыл сайын білім алатын бір тарап студенттерінің, аспиранттары мен тағылымдамашыларының жалпы саны 20

адамнан аспайды. Қажет болған жағдайда, өзара уағдаластық негізінде, тараптар бұл санды көбейтуіне болады. Тағылымдамашыларды оқыту мерзімі - алты айдан екі жылға дейін. Студенттер мен аспиранттардың оқу мерзімін қабылдаушы жақ мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес белгілейді. Жіберуші тарап мемлекеті студенттерінің, аспиранттары мен тағылымдамашыларының кіру визаларын рәсімдеу, оқу немесе тағылымдамадан өту орнына дейінгі және кері бағыттағы жол шығындарын төлейді. Қабылдаушы тарап студенттерді, аспиранттар мен тағылымдамашыларды оқу, оқу құралдарын пайдалану мен жатақханада тұруы үшін төлемнен босатады және оларға шәкіртақы төлейді. Қабылдаушы тарап өз мемлекетінің денсаулық сақтау саласындағы ұлттық заңнамасына сәйкес, созылмалы ауруларды емдеуден, курорттық емдеуден және стоматологиялық қызмет көрсетулерден басқа, жедел медициналық көмек береді» [3, 1-2]. Бұл келісім арқылы екі ел білім беру саласындағы интеграциялану үдерісін тереңдетуге жол ашты және осыдан кейінгі басқада келісімдердің бастамасы болды деп нық сеніммен айта аламыз. Десе де, жоғарыда бірінші бапта айтылған мына сөздің, яғни, тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік тілдерін үйрену мен таратуға жәрдемдесу деген келісімнің бір жақты сипат алып отырғанын айтпай кете алмаймыз. Оған себеп Қазақстан Республикасына келген бірде-бір қытайлық студент (ұлты қытай) қазақ тілінде білім алмайды және қытай еліне қазақ тілін таратуға Қазақстан жағы қауқарсыз, оның үстіне қытай өкіметі бұған құлық танытпайды. Ал қытай тілінің Қазақстанға таралуына келсек, оны тіпті шектеуге мүмкіндік жоқ. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы білім және ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімге қол қою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N1211 Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы білім және ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану туралы келісімнің жобасы мақұлданды. Келісімнің ең басты жаңалығы ретінде екінші, үшінші, төртінші баптарын келтіруге болады. «Екінші бап, білімді келесі деңгейде жалғастыру кезінде Қазақстан тарабы Қытай Халық Республикасы тарапынан берілетін жалпы орта білім туралы дипломды таниды, ал Қытай тарабы Қазақстан Республикасы тарапынан берілетін жалпы орта білім туралы аттестатты таниды. Үшінші бап, білімді келесі деңгейде жалғастыру кезінде Қазақстан тарабы Қытай Халық Республикасы тарапынан берілетін техникалық және кәсіптік білім туралы дипломды таниды, ал Қытай тарабы Қазақстан Республикасы тарапынан берілетін кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім туралы дипломды таниды. Төртінші бап, білімді жалғастырған және оларда көрсетілген мамандықтар мен біліктілікке сәйкес тағылымдамадан өткен кезде, екі елдегі

оқу кезеңдері салыстырмалы және мамандықтар ұқсас болған жағдайда, Қазақстан тарабы Қытай Халық Республикасында берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломды таниды, ал Қытай тарабы Қазақстан Республикасында берілген кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломды таниды [4, 1-2].

Жоғарыда аталған құжаттардан байқайтынымыз екі ел арасындағы білім беру саласындағы өзара байланыстардың жыл өткен сайын қоюласып, маңыздылығының біртіндеп артып келе жатқандығы, және байланыс деңгейінің тек қана жоғарғы оқу орындары деңгейінде сақталып отырғандығы. «Бүгінде Қытайда бірнеше мың қазақстандық студент білім алып жүрсе, Қытай тарапы да Қазақстаннан оқитын студент-стипендиаттардың жыл сайынғы квоталарын 200 адамға дейін көбейтті. Қазақстанда да мыңнан аса қытайлық студент біліммен сусындауда» [5, 8].

Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың екінші деңгейі ретінде ШЫҰның құрылуымен тікелей байланыстыруға әбден болады. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы құрылған күннен бастап тараптар білім беру саласындағы ынтымақтастыққа бірден кірісе алған жоқ. Өйткені бұл ұйым бастабында негізінен мемлекеттер арасындағы шекараны анықтап алу, ұйымға мүше мемлекеттердің арасында қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, лаңкестік және экстремистік күштермен күресу қатарлы мақсаттарға басым бағыт берілген еді. Осы мақсаттар орындалғаннан кейін ұйымға мүше елдер мәдени-гуманитарлық салаға бет бұра бастады. Оның басты айғағы ретінде 2006 жылдың 15 маусымында қабылданған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің білім министрлерінің қатысуымен қабылданған 22 баптан тұратын келісімді айтуға болады. Ал білім беру саласындағы өзара ынтымақтастық құрылымының қалыптасуы екі түрлі басқышта жүрілді. Алғашқысы жоғарыда айтылған ұйымға мүше мемлекеттердің білім беру саласында ынтымақтастық турасында нақтылы келісімге қол қоюуы болса, екіншісі Шанхай ынтымақтастық ұйымы университетін құру.

Осы тарихи оқиғадан кейін білім беру саласындағы ынтымақтастық жаңаша және тың бастамаларға жол ашты. Мұнда Қытай мен бұрынғы пост-кеңестік елдердің арасындағы ынтымақтастық себебінің барынша нақты, іс-жүзіндік жағдаяттарға байланысты туындап отырғанын, сонымен қатар оның алғашқы қадамдарының жасалғанын айтпай кету мүмкін емес. «Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы Университетінің құру туралы бастаманы ең алғаш Ресей президенті В. Путин 2007 жылдың 16 тамызында Бішкекте өткен саммитте көтеріп, оған басқа ел басшылары бір ауыздан қолдаған болатын» [6, 2]. Аталмыш кездесуден кейін нақтылы шешім «2008 жылы 24 қазанда Астанада ШЫҰ университетінің негізгі тұжырымдамалары және оның орындау жоспары бекітілген. Аталған тұжырымдама бойынша ШЫҰ ға мүше – мемлекеттердің (Қытай, Ресей, Қырғызстан,

Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан) сонымен қатар бақылаушы – мемлекеттердің (Моңғолия, Үндістан, Иран) университеттерінде жұмыс істей бастады» [7, 1]. **ШЫҰ Университеті** аталған мемлекеттердің арасында білім, ғылым, технология және мәдениет саласындағы ықпалдастықтың инновациялық үлгісі, қазіргі заманға сай оқыту мен білім берудің жаңа жолдары қалыптасуының негізгі шарты болып табылады.

**Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы Университетін құру мақсаты** ШЫҰ-на мүше мемлекеттер қабылдаған көпжақты нормативтік заңға сүйенген актілермен ШЫҰ аясында анықталған, олар

«ШЫҰ-на қатысушы елдер арасында ынтымақты көршілес болу және өзара сенімді нығайту;

білім, ғылым және технология саласында интеграциялық үдерістерді дамыту;

көпжақты білім беру, ғылыми және мәдени серіктестікті кеңейтуге жаңа күш беру;

жастар үшін сапалы қазіргі заманғы білім алуда мүмкіндіктерді кеңейту, ал ғалымдар мен ұстаздар үшін ғылыми байланыстарды дамыту;

Ұйымның қатысушы елдерінің саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени салаларында тиімді серіктестіктеріне көмектесуден тұрады» [8, 1].

ШЫҰ Университеті басым бағыттары ретінде 2009 жылдың алғашқы жартысында мүше мемлекеттер «Нанотехнология», «IT-технология», «Экология», «Энергетика», «Аймақтану» қатарлы бес саланы анықтады. «2009 жылы қыркүйектің 23 де әр елдің білім министрлерінің үшінші реткі кездесуінде Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы Университетінің жобасына жалпы алғанда 63 университеттің қатынасатыны белгілі болды. Оның ішінде «Қазақстаннан 13, Қырғызстаннан 8, Қытайдан 15, Россиядан 16, Тәжікстаннан 10 университет қатысып, жалпы саны 63-ке жетті» [6, 2].

Нақтылып айтқанда, 2009 жылдан бастап ШЫҰ желілік Университетінің қызметі мен оны құру тұжырымдамасы қабылданып, осы бағыттағы мақсаттар жөніндегі хаттамаға қол қойылды. Онда аталмыш халықаралық ұйымға мүше елдердің жетекші ұлттық жоғары оқу орындарының әлеуеті біріктіріледі. Жоғары мектептің осындай материалдық, интеллектуалдық және басқа да ресурстарының шоғыры экономика мен ғылымның түрлі салаларына, сондай-ақ ШЫҰ ірі интеграциялық жобаларын жүзеге асыруға қажетті жоғары білікті мамандар дайындауға мүмкіндік береді.

Ынтымақтастықтың үшінші сипаттағы көрінісі болып, Қытай өкіметінің қытай тілін әлемге тарату мақсатынан туындаған нақтылы қадамдарының Қазақстандағы бейнесін атап айтуға болады. Бұл үдерістер еліміз аумағында негізінен екі бағытта жүргізілуде: біріншісі, Қазақстан Респуб-



ликасының жоғарғы оқу орындарының жанынан ашылған қытай тілін оқыту орталықтары. Екіншісі, Құңзы институты. Жоғарыда аталған екі бағытпен салыстыра қарасақ, бұл бағыттың сипаты таза тілдік жағынан көрінеді. Бұған қарап отырып біз Қытайдың мәдени экспансия жасауға қадам басты деп айтуымызға негіз бар. Еліміздегі жоғарғы оқу орындарының жанын ашылған қытай тілін оқыту орталықтарына Қазақ мемлекеттік қыздар университетінің жанынан ашылған қытай тілін оқыту және оқытушылардың біліктілігін жетілдіру орталығы мен Қызылорда қаласында ашылған қазақ-қытай институтын жатқызуға болады. Қазақ мемлекеттік қыздар университетінің сол кездегі ректоры Ш. Беркімбаева орталықтың ашылу сөзінде «Жаһандану заманында жастардың көп тілді меңгеруі, әлемдік бәсекеге бейім болуы заман талабы. Қазірдің өзінде жүзден астам студент қытай тілін үйренуде. Орталықты жабдықтауды толығымен қытай әріптестеріміз ұйымдастырды. Ол үшін үлкен алғысымызды білдіреміз. Бұл - көрші екі ел жастарының достығын нығайтудағы игілікті іс. Болашақта осы университетте Конфуций институтын ұйымдастырудағы үлкен қадам. Сондықтан қытай тілін үйрету орталығының алдағы уақытта атқаратын жұмыстары абыройлы болсын деп тілеймін» [9, 9] деген болатын. Демек, біз бұл ақпараттан қытай өкіметінің болашақтағы қадамдарының қай бағытта болатынын анық аңғара аламыз. Еліміздегі Конфуций институтының саны қазіргі кезде үшеу болса, көп өтпей осы оқу орнында тағы біреуі дүниеге келеді деген сөз.

Қазақстанның Қызылорда қаласындағы Қазақ-Қытай институты мекемесі мен ҚХР Шынжяң Ұйғыр Автономиялы Районы (ШҰАР) Үрімжі қаласындағы Шынжаң Педагогикалық университетінің (ШПУ) өзара білім беру және ынтымақтастықты дамыту шартына алғаш 2006 жылғы 20 қыркүйекте қол қойылды. Шарт талаптарына сәйкес екі жақтың оқу орындары:

«өздерінің білім және ғылым саласында жүйелі түрде ақпарат алмасуға;  
бірлескен ғылыми жобалар мен оқу курстарын ұйымдастыруға;  
студенттерге қажетті көмек көрсетіп, оқытушылармен тәжірибе алмасуға;  
қысқа мерзімді курстар ұйымдастыруға;  
студенттер арасында өзара білім алмасуға;  
оқытушылармен білім алмасу туралы мәселелер қарастырылды [2, 3].

Жоғарыдағы келісім-шартқа қарап отырып, біз екі ел арасындағы байланыстың екеуара теңдік пен өзара қажеттілік жағдайында жүріліп жатқанын байқағанымызбен, Аталмыш жоғарғы оқу орнындағы басты ерекше назар аударатын жайт «мамандықтың оқу жоспарына «Жалпы Қытай тілі», «Көп ұлтты Қытай», «Қытайдың сыртқы экономикалық қатынасы» сияқты элективті курстарының» [2, 5] болғанын пайымдай отырып, атал-

ған соңғы екі сабақ бойынша қытай өзінің дәстүрлі саясаты мен мәдениетін Қазақстанға кеңінен насихаттау мақсатының алағашқы қадамдарын басты деп айтуға негіз бар.

Қазіргі таңда бүкіл әлемдік мәдени ықпалдастықта қытай мәдениетінің таралуы мен қабылдану дәрежесі батыс әлемін қоспағанда, Азиядағы Үндістан, Жапония, Корея қатарлы елдерге қарағанда әлдеқайда төмен деңгейде. Қытай өкіметі осы аталған жақтағы олқылықтарын Күңзы институтын ашу арқылы толтыруға тырысуда. Соңғы ақпараттарға сүйенсек «Күңзы Институты алғаш рет 2004 жылы 21 қарашада Кореяның астанасы Сеулде ашылған күннен бастап, 2010 жылдың 10 қазанына дейінгі аралықта бүкіл әлем бойынша 322 Күңзы институты мен 369 Күңзы дәрісханасы ашылған. Бәрін қосқанда жалпы саны 691-ге жетіп, 96 мемлекет пен өңірге таралған. Азияның 30 астам мемлекетінде 75 Күңзы институты ашылған» [10]. «Қытайдың білім министрлігі 2020 бүкіл әлемдегі Күңзы институттарының санын 1000 ға жеткізуді жоспарлауда» [11]. Қазақстан аумағында бұл институттың саны - қазірше үшеу. Олар жеке-жеке Астанада, Алматыда және Атөбеде құрылған. Ал бұл институттың басты міндеті болып мыналар саналады:

«Қытай тілі мен қытай мәдениеті курсын ұйымдастыру; Қытай елі туралы ғылыми конференциялар өткізу; Қытай тілі мен мәдениетін түрлі конкурстар мен іс-шаралар арқылы тарату; Қытай тілі бойынша біліктілік тестін жүргізу; Қытай тіліндегі ғылыми әдебиеттерді дайындау және баспадан шығару;

Студенттер мен оқытушыларды қытайда тілдік тәжірибеден өткізу, ҚХР ға барып оқуға түсуге кеңес беру» [12]. Жоғарыда келтірілген сандық мәліметтер мен негізгі міндеттерге қарай отырып, Қытай тарабы өз мәдениетін әлемнің түкпір-түкпіріне насихаттау мен тарату жолында қазіргі кездегі қытай тіліне деген сұранысты жақсы пайдаланып, белгілі мақсаттарына қол жекізіп үлгерді деуге толық негіз бар. Олай деуіміздің себебі Қытай үкіметінің 2009 жылы қытайлық сыртқы саясаттың басты мақсаты ретінде түрлі мәдени, әлеуметтік және экономикалық жобаларды жүзеге асыру арқылы ұлттық экономикалық мүддені қамтамасыз ету туралы заң қабылданғанын, бұл заң бойынша «ҚХР СІМ-нің барлық қытайлық шетелдік дипломатиялық өкілдіктеріндегі жұмыс уақытының 30-50%-н «жұмсақ күш» саясатының осы жақтарына көңіл бөлуін сұрайды» [13, 2] деуі осыны көрсетеді. Бұған қарап отырып, біз Қытай үкіметінің басты мәдени құндылықтарын насихаттауға баса назар аударып отырғанын көре аламыз. Күңзы идеясы қытай идеологиясының түп-тамыры екенін тарихтан жақсы білеміз, осыған орай қытай елі мәдени экспансиясының өзегі ретінде Күңзының атын қолдануы әрине тегін емес. «Күңзы жалпы Шығыс философиясында, Қытай халқының мәдениет тарихында айрықша орын алады.

Ол Қытай, Корея, Жапония және Вьетнам сияқты елдер кіретін қиыршығыс өркениетінің негізін құрады. Оның ілімі осы мемлекеттер халқының ұлттық мінез-құлықтарының, ойлау жүйесінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Бұл мемлекеттерді қазіргі таңда күншығыл мәдени аймақ мемлекеттері деп атаймыз» [14, 97]. Демек, біз бұған қарап отырып, қазірде аймақтық сипат алып отырған бұл ілімді, Қытай мемлекеті әлемдік деңгейге көтеруге талпынып отырғанның аңғара аламыз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Қытайдың білім беру саласындағы ынтымақтастығының жоғарыда аталған үш түрін сараптай келе, әлемде көптеген дамыған елдердің білім беруде өзара ынтымақтастыққа қол жеткізгенін, әрі, осы процестің арқасында әлемдік білім жүйесіне өздерінің ұлттық білім беру жүйесін интеграциялап үлгергенін ескерсек, Қазақстан мен Қытайдың білім беру саласындағы екіжақтылы немесе ШЫҰ шеңберіндегі көпжақтылы байланыстарын стихиялы түрде қалыптасқан заңды құбылыс деп деп айтуымызға әбден болады. Бұл барыста мемлекеттік қарым-қатынас тұрғысынан қарасақ, екі ел арасындағы келісімдер мен жүріп жатқан үдерістердің өзара теңдік пен тиімділік сипатында дамып отырғанын аңғару қиын емес. Бірақ, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарағанда Қазақстанның әлсіз тұстары көп-ақ. Атап айтқанда, екі ел арасындағы екі жақтылы ынтымақтастық туралы келісімге тоқталғанда жеке-леген баптарының орындалуы жағынан Қазақстан тарапының шарасыздық танытатыны (ол туралы мақаланың басында айттық). ШЫҰ аясындағы көпжақтылы ынтымақтастықта белгіленген мамандықтардың Қазақстанның жоғарғы оқу орындарындағы оқытылу деңгейі мен базасының Қытай мен Ресейге қарағанда төмен деңгейде болуы. Үшінші жағынан алып қарағанда, қытай тілінің мемлекетімізде оқытылу сапасы жағынан жоғарғы деңгейге жетіп, еліміз тұрғындарының меңгеруіне қолайлылықтар мен көптеген жеңілдіктердің (Күнзы институты құрылғанға дейін, Қазақстанда қытай тілін меңгергені жөніндегі арнайы халықаралық HSK анықтама сертификатын алу үшін емтихан қабылдайтын пункт болған емес. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Қытайға оқуға түсем дейтін талапкерлер мұндай анықтама сертификатты алу үшін Қытайға сапар шегетін) пайда болуы, сонымен қатар, Күнзы институтының екі ел арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықты бекемдеуге өзіндік тигізер зор ықпалы бар екенін білсек те, бұл институтта тіл үйрету мен қатар қытай мәдениетінің еркін насихатталып, оны білу ең басты міндеттердің бірі екенін ескерсек, болашақтағы ықпалының қандай боларын сезіну қиын емес. Өйткені қазіргі кезде әлемнің көптеген дамыған елдері Күнзы институтына шектеу қоюда. АҚШ, Жапония, Корея қатарлы елдер, егер ендігі құрылатын институттардың оқу бағдарламасында тіл үйретумен қоса мәдениет үйрету деген бап болса, онда біздің де мәдениетіміз бен тіліміз насихатталатын оқыту

орталықтары Қытайда ашылатын болсын деген қарсы пікірлерін айта бастады. Әрі осы уақытқа дейін, Қытай жерінде бірде-бір қазақстандық жоғарғы оқу орны немесе қазақ тілі мен мәдениетін дәріптейтін орталықтың жоқ екенін назарда ұстасақ, біздің де сондай қадамдарға барып, өзіміздің талаптарымызды қоюға құқымыздың бар екенін ұмытпауымыз, уақытша материалдық пайдаға бола, Қытай мәдени экспанциясының шылауына түсіп кетпедің алдын алғанымыз жөн болар еді деген пікірдеміз.

\*\*\*

1. [http://russian.xjts.cn/eco/content/2010-03/04/content\\_4824683.htm](http://russian.xjts.cn/eco/content/2010-03/04/content_4824683.htm)
2. <http://www.china.com.cn/chinese/zhuanti/feh/898700.htm>
3. <http://195.12.104.236/kk/doc/show/55811>
4. <http://kz.government.kz/docs/p061211.htm>
5. <http://i-news.kz/news/2011/09/28/6051873.html>
6. <http://usco.cnu.edu.cn>
7. <http://kazntu.kz/kk/about-university/institute/miop/usou>
8. <http://http://kaznu.kz/kz/3537>
9. <http://www.egemen.kz/?p=308314>
10. <http://baike.baidu.com/view/44373.htm>
11. [http://news.xinhuanet.com/english/2006-10/02/content\\_5521722.htm](http://news.xinhuanet.com/english/2006-10/02/content_5521722.htm)
12. <http://ru.wikipedia.org/wiki>
13. <http://gulnarakarimova.com/ru/pages/nauchnie-materialy-vozmognosti-primeneniya-strategii-myagkoy-sily/>
14. Әлемдік философиялық мұра. Философия тарихы. Т.14. – Астана: Аударма, 2006. – 488 б.

\*\*\*

В данной статье рассматривается вопрос сотрудничества между РК и КНР в области образования и политика КНР по распространению китайского языка и культуры в мире на сегодняшний день.

\*\*\*

This article discusses the issue of cooperation between the ROK and China in the field of education and policy of China to spread Chinese language and culture in the world today.

### **М. Жансеитова**

#### **ФИРДОУСИ «ШАҢНАМАСЫНЫҢ» ОРТА ҒАСЫРДА МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚТАР ТАРАПЫНАН ТҮРКІ ЖАЗБА ТІЛІНЕ ТӘРЖІМАЛАНУЫ**

Иран елінің әдеби өмірінде елеулі орын алатын Фирдоуси «Шаһнама-сы». Парсы шайыры шамамен 940 жылы Тус қаласындағы диқаншылар жанұясында дүниеге келген. 976 жылы Дакики бастаған 1000 жол жазып

үлгерген шығарманы аяқтауға кіріседі. Бірінші басылым 994 жылы, 1010 жылы 2-ші басылымнан кейін Махмұд Ғазневи сұлтанға ұсынылды. Бірақ сұлтан бұл шығарма үшін Фирдоусиді марапаттамақ түгіл, елден қуып жібереді, себебі бұл шығарма Махмұд Ғазневидің сол кездегі жүргізген саясатына қарсы жазылған болатын. Фирдоуси өз туған қаласында 1010 жылы немесе 1030 жылы дүниеден озды деген деректер бар. Осы деректердің тағы біреуіне сүйенсек, ұлы ақын бұл мұрасына 30 жылдай уақыт кетірген делінген [1, 1890-1907].

«Шаһнаманы» үш бөлікке бөліп қарауға болады: мифтік, ерлік немесе батылдық және тарихи. Бұл эпостың тілдік үлкен мағынасы бар. Хандар туралы кітап, толығымен парсы тілінде жазылған және парсы тілінің сол кездегі қайта жаңғыруына себеп болған, себебі сол кезде парсы тілі арабтану әсеріне сәл қалған кез еді. Сондықтан да бұл асыл мұраның қай жағынан болмасын маңызы зор болған [2, 1957]. Әбілқасым Фирдоусидің «Шаһнамасы» 60000 егіз жол өлеңнен тұрады. Бұл «Шаһнама» көлеміне қарай төрт томға бөлініп, бір кітап болып жарық көрген. I - том 16 -168 б., II – том 170-288 б., III – том 290-432 б., IV – том 434- 558 б. «Мұлхақат», яғни кітап соңындағы қосымша 558- 608 беттерді құрайды.

«Шаһнама» тез арада ең танымал шығарманың біріне айналады, себебі бұл шығарма бүкіл Иран тарихын, сонымен қатар Александр Македонский (Ескендір) жаулаушылығыда қамтылған хандар туралы кітап еді. Фирдоуси «Шаһнамасы» көптеген тілдерге аударылған; орыс, француз, әзірбайжан, грузин және т.б. Орыс тіліне бір бөлімі аударылып, ХІХ ғасырда В.А.Жуковский шығарды. Ал ХІІ ғ. француз және грузин тіліне тәржімаланған. Ә.Фирдоуси «Шаһнамасының» көптеген әлем тілдерімен қоса әзірбайжан тіліне аударылып, Әзірбайжан ақын – жазушыларының, суретшілері мен сазгерлерінің «Шаһнама» сарынындағы шығармашылықтары жайында талдаулар келтірілген [3, 342].

Классикалық парсы әдебиетінде жазылған шығармаларды түркі жазба тілінде қайта жырлау үрдісі Алтын Орда мен Египетте билік құрған мәмлүк қыпшақтары кезінде мықтап қолға алынды. Фирдоусидің “Шаһнамасын” мәмлүк қыпшақтарының соңғы билігі кезінде өмір сүрген Шәриф қыпшақ-оғыз тілінде алғаш рет еркін жырлап шықты [4, 320]. “Алғаш рет” деп ерекшелеп айтуымызға себеп – ХҮ ғасырға дейін “Шаһнамадағы” жекелеген образдар мен сюжеттер төңірегінде шығармалар жазылғанымен де, түркі тіліне Фирдоуси мұрасы толық аударылмап еді.

Фирдоуси «Шаһнамасы» Шәрифтің еркін аудармасынан кейін әрқайсысы өз алдарына жеке отау тіккен түрік халықтарының әдебиет тарихында бірнеше рет қайта жырланды. Мәмлүк қыпшақтары тұсында алғаш рет Фирдоуси «Шаһнамасы» Шәриф Әмиди тарапынан қыпшақ-оғыз диалектісіне тәржімаланды. Түркі жазба тіліндегі бұл шығарма туралы кезінде

М.Жаберт, Ю.Моль, А.Ромаскович, В. Гарбузова, Ч.Рье, Дж. Гибб, А. Зайончковский, Р. Исламов және т.б. түркітанушы ғалымдар өз пікірлерін білдірді.

Шәриф Әмиди мәмлүк қышақтар тұсында алғаш рет Фирдоуси мұрасын еркін аударып шыққан. Бұл мұраның көлемі 56000 бәйіт. Алғаш рет деп айтатынымыз, Шәриф Әмиди шығармадағы кіріспесінде өзінің алғашқылардың бірі болып қалам тартып отырғанын жазады. Шәриф Әмиди аудармасында «Шаһнаманы» тәржімалауға себеп болған – Египет мәмлүк қыпшақтарының соңғы сұлтаны әл-Ашраф әл-Ғаури екенін, оның өзі ұсынғанын мәлім етеді. Шығарманың бас аяғы аударылуына Шәриф Әмидидің 10 жылдай уақыты кеткен. Әл-Ғаури таққа 1501 ж. келгеннен, 1510 ж. ақын тәржімалауды аяқтаған [5, 167]. Осыншама жыл аударған ақын, бұл кітапты соншалықты байыппен аударғанын көреміз және кітап соңына Аллаға шүкіршілік етеді. Бұл шығарманың мәмлүк қыпшақ тіліне аударылуы сол кездегі күйреп бара жатқан билікке күш беретін, демеу бола алатын мұра іспетті болған. Себебі Әл-Ғауридін билігінің аяқталуымен мәмлүк қыпшақтар билігі де күйрейді. Осы кезде әлем картасы да қайтадан сызылады, себебі Осман империясымен сол кездегі геосаяси жағдай өзгере бастайды. Бұл шығарманың жазылуының саяси жағыда осында болуы керек.

Бұл мұра саяси жағынан ғана емес, түркі жазба әдебиетіндегі алатын орны зор екендігін, түрік халықтарының ортақ рухани мұрасы екендігін дәлелдейді. Ш.Әмидидің бұл шығармасы өзінің жазылуы тарихының тереңдігі жағынан ғана емес, сонымен бірге Ә. Фирдоуси туындысын түрік халықтарына кең көлемде жеткізе білгендігімен де ерекшеленеді. Фирдоуси «Шаһнамасын» бүкіл әлем қызыққандықтан, дүниежүзі ақындары бұл асыл мұраны өз тілдеріне тәржімалауға кіріскен. Осындай қызықты да, кең көлемді, қай жағынан қарасаң мағынасы зор, тарихи маңызы бар дастанды қазақ халқының майталман ақындары да айналып өтпеген. Солардың бірі қазақ прозасында өзіндік орны бар ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов болатын. Ақынның ең маңызды әрі ірі шығармаларының бірі «Рүстем-Дастан» болып табылады. 1936 ж. Фирдоусидің «Шаһнамасын» тиек етіп және 10 айлық қысқа мерзімде жазылып шыққан. Бұл шығарманың аз уақытта шығуына себеп болған дүниежүзілік Фирдоусидің 1000 жылдығын Қазақстан мемлекеті де атап өтуі болатын. Ол кезде Шығыс тілін, әдебиетін білетін, «Шаһнаманың» қазақша нұсқасын шығара алатын ақын керек болатын. Осындай мақсатта сол кезде елге танымал Т. Ізтілеуовке Садриддин Айни деген кісінің ұсынысы келіп түседі. Бұл ұсынысты ақын, әрине, қабыл алады, себебі өзі де осы шығарма туралы Бұхар медресесінде көп оқыған. Сол кездің өзінде ақ ол 1906-1908 жылдары «Симүрк» және «Дарап-наме» деген шығармалар жазып шығарған болатын. Ізтілеуовтың

қолында «Шаһнаманың» араб, парсы, өзбек, әзірбайжан тіліндегі нұсқасы болғандықтан, ол бұл ұсынысты оңай қабылдаумен қоса, қазақша нұсқасын жазып шығуға бел буады. Батыр Рүстемнің аты – қазақ халқының ортасына көп заманнан жайылған ауызша аңыз әңгімелер, ертегілерден мәлім болған аса даңқты ат. Оның жайын жалғыз қазақ халқы ғана емес, қазақпен туыстас, тілдері жақын өзбек, түркмен, қырғыз, татар, қарақалпақ елдерінің бәрі де көбінше қара сөзбен айтылатын ертегі, аңыз, әңгіме ретінде баяндайтын.

Сол бар тілдегі Рүстем жайындағы әңгімелердің түп негізінің бірі атақты Шығыс классигі Әбілқасым Фирдоуси жазып шығарған «Шаһнама» болады. Т.Ізтілеуовтың «Рүстем-Дастан» жыры Фирдоусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес, ол - көптеген хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен, Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдоусидің «Шаһнамасында» болғанмен, Т. Ізтілеуовтың еңбегін тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша нұсқасы дейміз. Сонымен, ол 1936 жылы Фирдоуси «Шаһнамасының» қазақша нұсқасын, яғни 40 мың жолдан тұратын «Рүстем-Дастанды» жазып аяқтайды. I-бөлім «Жамшид-наме» 12 мың жолдан, II-бөлім «Рүстем-Дастан» 24 мың жолдан, III-бөлім «Дарап-наме» 4 мың жолдан тұрады.

Ойымызды түйіндей келе айтарымыз, Фирдоуси «Шаһнамасы» - әлем әдебиетінің асыл қазынасы. Сондықтан да Фирдоуси мұрасына деген қызығушылық орта ғасырлардан, анығы мәмлүк сұлтандарының Мысырды билеп тұрған кезінен басталған. Қолда бар деректерге қарағанда, алғаш рет XI ғ. соңында ескі қазақша аударылған «Шаһнама» XX ғасырда қазақтың бірнеше кітаби шайырлары арқылы қайта тәржімаланды. Ең бастысы, мәмлүктер тұсында Шәрифидің тәржімасының ерекшелігі, Фирдоуси «Шаһнамасы» 60 000 бәйіт, яғни 120 000 жол болса, Шәрифидің оған және 4000 жол қосып, 124 000 жолға жеткізгендігі [6, 168]. Бұл көлемі жағынан алғанда, басқа аудармалардан оқ бойы озық тұрғандығы аңғарылады. Өкінішке орай, орта ғасырда қыпшақ-оғыз жазба тілінде дүниеге келген асыл мұра әлі күнге толық ғылыми айналымға енбей отыр. Тіпті, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында да бұл әдеби жәдігер оқырман назарына ұсынылған жоқ. Біздің айтарымыз, осы асыл мұраны зерттеп, зерделеу - кезек күттірмейтін мәселе. Себебі жәй оқырманы былай қойғанда, тіпті осы саланы зерттеген ғалымдардың өзі де Шәрифидің тәржімасын біле бермеуі сөзімізге айғақ болады.

\*\*\*

1. Фирдоуси// Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: В 86 томах (82 т. и 4 доп.). - СПб.: Наука. 1890-1907.
2. А. Стариков. Шахнаме. - Москва: Литературные памятники, 1957.
3. Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. – Алматы: эл- Фараби атындағы ҚазҰУ, 1995. - 342 б.
4. Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы: Ғылым, 1994. - 320 б.
5. Қыдыр Т. Шахнаманың түрік қыпшақ тіліне аударылуы. Ұлы Дала өркениеті және Шахнама халықаралық конференциясының матариалдар. – Алматы: Ұлттық кітапхана, 2010. – 162-167 б.
6. Бұл да, 166 б.

\*\*\*

В статье рассматривается проблема перевода «Шахнаме» Фирдоуси на тюрко-кипчакский письменный язык во время правления мамлюков в Египте.

\*\*\*

This article is devoted to the translation issues of Shahnama Firdausi into Turkish-kipshaq language during the mamluks ruling in Egypt.

## **А. Жасыбаева**

### **КОНФУЦИЙ И ЕГО УЧЕНИЕ**

Восток всегда таил для европейцев множество неожиданностей. Человеку, воспитанному в современной культуре, усвоившему определенные нормы поведения и склад мышления вряд ли удастся полностью понять, как и по каким законам живут люди востока. Что лежит в основе их миропонимания, мироощущения, определения места и роли человека в этой жизни? Каков он, восточный характер и темперамент? Почему они не такие, как мы? При ответе на все эти вопросы неизбежно обращение к восточной религии, имеющей вековые традиции.

Древний Китай – одна из колыбелей зарождения и причудливого переплетения учений о человеке, объединенных общей идеей. Великих Учителей Древнего Китая мало интересовали абстрактные, отвлеченные суждения о быстротечности и конечности земного бытия. В китайской религии невозможно обнаружить даже понятия Бога как такового. В начале и основе формирования национальных китайских религий – человек, его суть, его внутренняя природа, его место в этом мире. Как же определить это неведомое место, во что верить и на что опираться в исканиях истины о самом себе? На эти вопросы и пытались ответить себе и другим Учителя Древнего Китая. В древности, встречаясь с незнакомцем, китаец в первую очередь спрашивал не "Кто ты?", а "Чей ты?". Поэтому, в начале, следует уделить внимание предкам Конфуция и его биографии.



Конфуций, Кун-цзы (551-479 гг. до н.э.), выходец из луских ши. Судя по владению аристократическими искусствами, Конфуций был потомком знатного рода. Он был сыном 63-летнего чиновника Шу Лянхэ (叔梁紇 Shū Liáng-hé). С раннего детства Конфуций много работал и жил в бедности. Позже пришло сознание, что необходимо быть культурным человеком, поэтому он начал заниматься самообразованием. Сам мальчик унаследовал родовую фамилию - Кун. Мальчику не исполнилось и двух лет, как скончался любящий его отец и тут же подшатнулось и без того сложное материальное обеспечение. Конфуций сам говорил: "В детстве я был беден, поэтому приходилось заниматься многими презрительными делами" (выращивать овощи, переносить тяжести, убирать дом и т. п.). Только благодаря трудолюбию и скромности матери и сына они смогли кое-как обеспечить себе бедное существование.

В молодости Конфуции служил мелким чиновником в царстве Лу (Восточный Китай, современная провинция Шаньдун). Это было время заката империи Чжоу, когда власть императора стала номинальной, разрушалось патриархальное общество и на место родовой знати пришли правители отдельных царств, окружённые незнатными чиновниками.

Несмотря на тяготы, мальчик рос веселым и жизнерадостным, часто играл со сверстниками. Но уже тогда он отличался знанием траурных церемоний, обостренным восприятием несправедливости, особенно со стороны родственником, и чувством особой любви к родителям. В возрасте 26-27 лет начал служить Конфуций и сколь долго длилась эта служба, неизвестно.

В древних трактатах значительно большее внимание уделено одной из характерных черт молодого Конфуция - он не только не стеснялся спрашивать о том, чего не знал, но и домогался исчерпывающего ответа. Он также интересовался государственным устройством как Лу, так и других государств. Источники показывают, что он преуспел в изучение ли (правил поведения).

К тридцати годам у него уже была заложена всех будущих начинаний мудреца. "Этот фундамент сыграл ключевую, определяющую роль во всей дальнейшей жизни Конфуция - его общение с людьми". Конфуций освоил достижения древнекитайской письменной культуры, что позволило в будущем приступить к составлению "Книги истории" (Шу цзина), "Книги стихов" (Ши цзина), "Книги перемен" (И цзина), "Весны и осени" (Чунь-цу), "Книги о ритуалах" (Ли цзи), "Книги и музыке" (Юе цзи). Начиная с ханьского периода (2 в. до н.э.- 2 в. н.э.) эти памятники обрели статус канонической литературы, став в дальнейшем несущей конструкцией всей китайской культуры.

Зарождение великих китайских учений относится к концу 6-5 вв. до

н.э., когда на смену Чжоуской правящей династии, на смену золотого века в истории Китая приходят смута и хаос. В то время был нарушен один из главных принципов государства: "Кто богат – тот знатен". Используя появившееся несколькими веками ранее железо, люди, не обладавшие знатностью, богатели за счет обработки новых земель. Все это привело к нарушению гармонии общественных отношений и, соответственно, к новым междоусобицам.

В результате кровопролитных войн выделилось 7 "сильнейших царств": Чу, Ци, Чжао, Хань, Вей, Ян и Цинь. Многие государства оказались поглощены сильными соседями. Так, царство Лу, где родился Конфуций, попало под власть царства Чу.

Что-то разладилось в Поднебесье. Разрушился стержень взаимоотношений между людьми. Великую страну ожидал Хаос. На этой войне возникало множество духовных, философских и политических учений. Некоторые из них угасали за несколько столетий и даже десятилетий. Другие – легизм, даосизм, конфуцианство – настолько внедрились в культуру Китая, что китайская цивилизация сегодня просто немыслима без них. Оглядываясь на историю можно предположить, что учение Конфуция возникает не на пустом месте. В момент великого бедствия мудрый Учитель размышляет над способами, которые могли бы привести страну к порядку и процветанию и одним из первых предлагает способы регулирования государства, а главное, способы воспитания человека. Люди же в силу своих новых потребностей идут за Конфуцием, принимая предлагаемый им порядок.

Конфуций очень переживал из-за событий, происходящих у него в стране, и уже к тридцати годам созрели основные этико-философские концепции будущего учения Конфуция.

1. Концепция жэнь ("гуманность", "человеколюбие") и ли ("правила", "этикет"). Ли провозглашалось высшим проявлением жэнь. Эти два компонента отражали воззрения Конфуция на государственное устройство и социальную организацию общества. Следовать Жэнь значит руководствоваться сочувствием и любовью к людям. В XVII веке в Британии сформировался идеал совершенного человека как джентльмена, причём *gentle* тоже переводится как «мягкость». Это то, что отличает человека от животного, то есть то, что противостоит звериным качествам дикости, подлости и жестокости. Позже символом постоянства Жэнь стало Дерево.

2. Суть второй концепции - "быть преданным, (честным) сановником, почитать правителей". Она охватывала целый комплекс проблем, связанных с системой управления и прежде всего с нормами взаимоотношения главы государства и чиновничества.

3. Третья концепция известна как "следование среднему пути" (чжун

юн) или "учение о середине", которым Конфуций предостерегает от увлечения крайностями.

4. Рассуждая о проблеме власти, Конфуций считал, что все дела должны решаться на основе принципа справедливости, т.е., по существу соединил воедино такие отдаленные понятия, как "власть" и "справедливость".

5. Пятая концепция касается отношения человека к той вере, которую он исповедует: "Будь непреклонно верен нашему учению, старательно овладевай им; рискуя жизнью, оберегай его". По историческим данным, отмечается, что вся дальнейшая жизнь Конфуция явилась наглядным примером непреклонной приверженности этой доктрине.

К этому времени сформировались его начальные представления о Воле Неба, пока еще непоследовательно выразившие его критическое отношение к повсеместно распространенной тогда вере в духов. Так чему учил Конфуций своих учеников? Он выдвинул на передний план альтернативную категорию Дао, т.е. великого истинного пути, мудрого и справедливого порядка, нормы правильного поведения.

*«Кто утром познал дао, может вечером умереть без сожаления»;*

*«Если в Поднебесной царит дао — старайтесь быть на виду, если нет — скройтесь»*, - сказано в трактате Луньюй. Оставив за Небом лишь последнее слово и как бы отодвинув его так, чтобы оно не слишком мешало людским делам, именно дао он превратил в этический критерий всего должного. Следовательно, было изменено и содержание ранне чжоуского понятия дэ, которое, перестало быть исключительной прерогативой знати и лишился тесно связанного с Небом содержания, стал своего рода конкретным проявлением дао, символом существования этической нормы, добродетельного поведения благородного человека. Само понятие благородного человека (цзюнь-цзы, сын правителя, т.е. благородный) тоже было коренным образом изменено и стало употребляться Конфуцием уже не применительно к уходившей в прошлое аристократии, но по отношению к истинно порядочному, высокодобродетельному и потому именно благородному в современном звучании этого понятия человеку. Цзюнь-цзы у Конфуция стал неким недостижимым идеалом высших добродетелей, комплексом всего наидостойнейшего. Это рыцарь морали и добра, почти святой бессеребренник, думающий и заботящийся не о себе, но о других. Он преисполнен чувства гуманности (жэнь), долга и справедливости (и), высоко ценит ритуальный церемониал (ли), готов постоянно учиться и самоусовершенствоваться, дабы освоить все необходимые знания и применить их для пользы общества и создания государства высшей гармонии и разумного порядка.

Социальный порядок Учителю виделся в том, что в государстве, как и в семье, старшие должны управлять, младшие подчиняться и быть объек-

том заботы. Патернализм чжоуской клановой структуры у Конфуция плавно трансформировался в высоко значимый культ мудрых старших, древних предков, как в каждой семье, так и в стране в целом. *«Пусть государь будет государем, подданный подданным, отец отцом, а сын сыном»*. Иными словами, все должны знать свое место и выполнять положенные им функции — только тогда и будет достигнут высший порядок, а вместе с ним и желанная социальная гармония. Отличие государства от семьи вполне осознавалось, но это было отличие вторичного характера, количественное, а не качественное. Заключалось же оно в том, что один государь в отличие от отца в семье не в состоянии управлять, ему нужны хорошие помощники. Хорошими же помощниками могут стать лишь те, кто ориентируется на идеал и готов всего себя отдать великому делу преобразования Поднебесной, погрязшей в сварах и интригах, во лжи и обмане, в себялюбии и разврате. Едва ли не важнейшей целью жизни Конфуция было воспитание из своих учеников хороших чиновников, которых можно было бы использовать в управлении и которые при этом руководствовались бы изложенными им принципами жизни, поведения и мироустройства. В трактате Луньюй много говорится о том, как нужно управлять, в чем состоит искусство администрации. Следует всегда поступать правильно и справедливо, не спешить с решением сложных вопросов, уметь слушать других, вникать в суть дела, не разбрасываться на мелочи, избегать рискованных шагов и опасных поступков.

Процесс обучения составляет для Конфуция немаловажную часть Ритуала. Конфуций вновь и вновь подчеркивает необходимость учения, это становится важнейшим моментом его проповеди. Именно с учением он связывает совершенствование человека, а точнее, "выявление человеческого в человеке". Пустые раздумья без изучения канонов губительны. Внутри себя все равно не найдешь того, чем обладала "высокая древность", поэтому ей следует целенаправленно обучаться.

Конфуций одним из первых открывает бесплатные школы, подчеркивая благотворительно-возвышенный характер своего обучения. Интересно, что Учитель не передает информацию, в нашем понимании он, ничему, собственно не учит. Он не расскажет, как надо жить. Он существует в этом мире как нравственный ориентир, как указатель Пути. Сам указатель еще не гарантирует, что человек сумеет дойти до конца Пути, но это уже залог того, что дорога выбрана верно.

Метод обучения Конфуция заключается в беседах, а не в чтении лекций. Он заставляет ученика соучаствовать в работе своей мысли, требует от него живого сопереживания, добивается передачи знаний "от сердца к сердцу". Конфуций часто учит на примерах древности, рассказывает о

великих мудрецах прошлого. Своей целью Учитель ставит воспроизведение древних порядков в современной жизни.

Что примечательно, Конфуций отличался немалым терпением и даже снисходительностью к людям, в том числе и к своим ученикам. Он прекрасно знал, с кого можно требовать "великого действия", а кто не способен даже на малое. В 6-5 веках до н.э. образованным в Китае считался тот, кто в совершенстве владел "шестью искусствами" (лю и): выполнять ритуалы, понимать музыку, стрелять из лука, управлять колесницей, читать и считать. В царстве Лу, претендовавший на духовное верховенство в стране, этим "искусствам" придавалась особая значимость. Из более 3000 его учеников только 17 владели этими "шестью искусствами".

Прошли тысячелетия, реальный образ великого Учителя скрыли легенды и мифы. Современное конфуцианство значительно отличается от того учения, который проповедовал Конфуций, но, в тоже время, оно превратилось в особый стиль китайской жизни и во многом определяет поведение непонятной для европейцев восточной нации. Даже современные китайские чиновники – слой весьма многочисленный и влиятельный – старается вести себя по предписаниям Конфуция: они "не торопливы в словах и делах". Вряд ли большинство из них помнят это высказывание Учителя, но стиль делопроизводства именно такой – вполне традиционный. На высказывания Конфуция ссылаются философы, политики, ученые всего мира. Фразы его сегодня можно услышать даже от малограмотного китайского крестьянина.

По конфуцианским принципам в настоящее время живет не только Китай, но и некоторые страны Восточной и Юго-Восточной Азии: Япония, Корея, Вьетнам, Сингапур; причем принципы эти настолько органично вошли в плоть их национальной культуры, что люди часто сами не замечают, что говорят словами Конфуция.

Сегодня Конфуций превратился в живой символ нации, подаривший Китаю духовное долголетие. На народных картинках он чаще всего изображается в виде седого старца, окруженного десятками детей. Это символ того, что вся нация собирается вокруг Конфуция.

\*\*\*

1. Малявин В.В. "Конфуций", "Молодая Гвардия", -Москва, 1992.
2. Энциклопедия "Аванта+" "Религии мира", т.6, ч.2, -М., 1996 г.
3. "Феномен Востока", под ред. Семенниковой, -Брянск, 1995 г.
4. Интернет страница - Великий Китай. Главная [www.iclub-china.com](http://www.iclub-china.com)

\*\*\*

Мқалада Қытайдың Ұлы философы әрі ойшылы Конфуцийдің өмірі мен ілімінің тарихы туралы айтылған. Оның «Конфуций ілімі» деп аталатын философиялық жүйесіндегі өсиеттері мен ілімдері Шығыс Азия мен Қытай халқының өміріне үлкен әсерін тигізді. Автор Конфуций ілімінің негізі: қайырым-

дылық пен білімділіктің бір-біріне ықпалы; адамның жетілуі мен этикасы арқылы нағыз қоғамдық «ли»-тәртіпке қол жеткізу; қайырымды ер туралы ұғымдарды мақалада жан-жақты сараланған.

\*\*\*

The article is blogged about the biography and history of beginning early teachings of the great Chinese philosopher and thinker Confucius. His teachings had a profound impact on the lives of China and East Asia, becoming the basis of the philosophical system known as Confucianism. In this paper author analyses such basic teachings of Confucius as virtue and knowledge are mutually influencing each other; striving for the perfect social order, "a", achieved through the development of ethics and thanks of man; the concept of the noble husband.

**Г.С. Жүнісбекова, А.Н. Мұқанова**

## КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ДІН

Исламның елімізде қанат жайған уақытынан бастап дінге қатысты қаншама өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Ислам діні қазақ халқының тұрмысымен тікелей сабақтасып жатты. Қазақ халқы ислам дінінің суниттік бағытын ұстанды. Ислам діні Қазақстан территориясына енгенінен бастап көптеген саяси реформалардан өтті. Оған Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейінгі өзгерістерді айтып өтуімізге болады. XVIII ғасырда ислам дініне біршама қолдау көрсетілсе, XIX ғ. I-жартысында жаппай шоқындыру саясаты белсенді жүргізілді. Ал, XIX ғ. 50-60 жылдары қазақтардың еріксіз христиан дініне кіруі үдерісі байқалса, XX ғ. басында ислам дінінің ықпалына шек қою басталды. Патша үкіметінің дін саясатының елімізде қанат жаюына діни миссионерлердің көптеп келуі дәлел. XX ғ. қазақтың біртуар азаматтарының құрған «Алаш» партиясының бағдарламалық құжаттарында (1917) дін мәселесі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болғаны анық.

XX ғ. басы елдегі саяси өзгерістерге толы болды. Патша билігі құлап, елде большевиктердің үстемдігі орнады. Дінге қатысты большевиктер қатал антидіндік саясатты басты мақсат етті. Егер осыған дейін патшалық Ресей елімізде исламмен тікелей күресіп, шоқындыру саясатын жүргізсе, большевиктер қай дінді болмасын жоюды алға қойды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін елде жаппай дінге қарсы күрес белең алып, бұл үдеріс атеизация деген атпен тарихта қалды. Ғасырдың басында қадимшілер және джадидшілер арасындағы теке-тірес, пантүркизм мен панисламизмге бой алдырмау саясаты жүргізілді. Мешіттер мен шіркеулерді мемлекеттен бөлу туралы декрет (23.01.1918) барлық діни бірлестіктерді құқығынан айырып, оларды мемлекеттік ұйымдарға айналдырды.

Кеңестер билігінің алғашқы онжылдығында, азаматтық соғыс кезеңінде большевиктер ашық түрде діни қауыммен күрес жүргізе алмады. Елде жаппай кеңестер билігі үстем болды. Тіпті елде коммунизм мен исламның ұқсастығы туралы сөздер де шыға бастады.

1923-1927 ж. «уақытша күштердің теңесуі» кезеңі деп айтуға болады. Елде атеизм ықпалы күшейді. 1922-1923 ж. КСРО-да «Алласыз» ұйымдары құрылды. 1924 ж. Орталық Діни басқарманың қолдауымен «Ислам» журналы шыға бастады [1, 8].

1925 ж. уақытша кеңес мектебінен тыс діни мектептерде дәрістер оқытылды. 1925-1927 ж. мұсылман ағартушылығына шектеу қойылып, ұлттық мейрам Наурызды тойлауға да тыйым салынды (1926).

1928 ж. КСРО-да дінге белсенді шабуылдар басталды. Исламдық идеологияны түбімен құрту мақсатында жаппай колхоздар құрылып, елде таптық күрес белең алды. Әскери атеизм саясаты ХХ ғ. 30-жылдары өрши түсті. Кеңестер Қазақстан мұсылмандарын орталығы Уфада орналасқан Орталық Діни басқарманың құрамынан шығарды.

1928 ж. 17 қыркүйекте ВЦИК діни құрылыстарды кеңес мәдени – ағарту мекемелеріне беруді талап етті. Мешіт, медреселер кинотеатр, клуб, радиобекеттер, қоймалар, асханаларға, т.б. кеңестік идеологияны айқын насихаттайтын құрал ретінде берілді. Қасиетті жерлер мен Құранды өртеп, оларды жою, діни қызметкерлерге арақ ішкізіп, темекі тарту істері күштеп жүргізілді.

Антиисламдық саясаттың басты жеңісі қазақтарды төл әліпбиі - төте жазудан латын жазуына көшіру еді. Араб әліпбиін латынға ауыстыру халықты қасиетті Құран тілінен алыстату. Бұл әрекеттер қазақтардың ұлттық құндылықтарынан тікелей ажырату еді. Жоғарыда айтып кеткен Құранды өртеу жұмыстары кезінде, қазақ халқының өз дәстүрлі дініне деген сенімінің жоғары болғандығының дәлелі ретінде Құранды билік басылардан тығып, жерге көміп білдіртпей жасырғандығын айтуға болады.

1932 ж. атеистік саясатты насихаттайтын 10 газет, 23 журнал шыға бастады. Антидіндік саясат «Дінге қарсы күрес – социализм үшін күрес» атты ұранымен жүргізілді. Бұрынғы медреселердің ішінде ендігі танда музыка қойылып, ойын-сауықтар жүргізіле бастады. Осы кезде заңсыз қудалау әрекеттері іске асты. Діни қызметкерлер жаппай лагерьлерге жіберілді. 1940 ж. Карлагта 355 діни қызметкер жазықсыз түрмеге жабылған. Сонымен қатар олардың туыстарына да дискриминация әрекеттері жүргізілді. 1937-1938 ж. қазақ халқы үшін, жалпы мұсылман қауымы үшін қаралы жылдар атанды. Дінмен қандай да бір байланыс түрмеге қамау әрекеттерімен аяқталды [2,11].

Мұсылман дүниетанымының тамырлары, рухани байлық жоспарлы түрде жойыла бастады, шариғат заңдарын еркін орындауға тыйым салын-

ды. Діншілдіктің айқын көріністерімен күрес белең алды, оған мысал ретінде араб есімдерінің өзгеріске ұшырауы немесе кеңестік есімдер Карл, Мэлс, Советхан т.б. қою үдерісі байқалды.

Баланы сүндетке отырғызу салты жат деп танылып, оның бүкіл мұсылмандарға зияны туралы айтыла бастады.

Мұсылманның басты парызы намаз оқу бос уақыт өткізумен теңеліп, жоқ құдайға бас ию деп түсіндірілді. Ораза ұстау еңбекші халықтың денсаулығына зиян деп есептелді. Құрбан айт кезіндегі құрбандық шалу дәстүрі де сынға алынды. Қаза болған адамды жаназасыз жерлеу де кездесті. Исламдағы ай орнына енді қызыл жұлдыз ілініп, шариғат заңдарына қайшы келетін өлген адамның бейнесін салу көбейді.

30-жылдардың басында оңтүстік шекараның жабылуына байланысты КСРО территориясындағы мұсылмандарға қажылыққа бару мүмкін болмады. Адамның санасын қайтадан жаңғырту, дәстүрлі тәртіптен аластату әрекеттері жүзеге асты. Атеистік насихатты жүргізу театр, кино, көркем әдебиеттің басты міндеттері болды. Ислам тарихы «марксистік тұрғыдан» жазылды. Ұрпақ өз төл тарихын, ұлттық мәдениетін, сенімін білмей кеңестік идеологиямен тәрбиеленді. Республикада шығыстану, арабтану ғылымдары артта қалды, мұсылман елдерімен мәдени қатынастар үзілді.

Осы кезеңдегі діни қызметкерлер мен халқымыздың мейірімділігі мен қажырлығын ерекше айту орынды. Қанша қиыншылық көрсе де ата-баба дінінен алыстамаған қазақтардың бойындағы даналық - қазақ халқына тән ерекше қасиеттердің бірі. Діни қызметкерлер халықтық көтерілістердің басты қозғаушы күші болды. Өз өмірлеріне қауіп төнсе де ғасырлар бойы сақталып келген ауызша мұралар мен діни дастандардан жиналған бағалы діни кітаптар, Құран, тарихи мұралар мен рухани байлықты сақтай білген. Басына төнген нәубетке шыдап, еңбек етіп, түрмеге қамалса да намазды үзбей оқып, ораза ұстаған. Қазақ әйелінің шыдамдылығы осы ауыр кезеңде аса айқын байқалады. Кеңес өкіметі кезеңінде 70-80% қазақ әйелдері дәстүрлі дінін берік ұстаған. Көптеген жанұяларда мұсылман дінінің құпия сақтаушылары әйелдер болған. Өз балалары мен немерелерін мұсылман әдептері мен Алланы ұмытпауға үйреткен.

XX ғ. 40-жылдары Герман әскерінің КСРО-ға тұтқиылдан шабуыл жасауы кеңес өкіметінің дін идеологиясына бетбұрыс жасады. Ұлы Отан соғысы кезеңінде билік басындағылардың дінді мойындауына тура келді. Шіркеулер мен мешіттерде Отанды қорғау үшін үндеулер жүріп жатты. 1943 ж. мұсылмандардың Орталық Діни басқармасы Ташкент қаласында құрылып, 1944 ж. И.В. Полянский басқаруымен діни салттар ісі жөніндегі Кеңес құрылды. Жабылған мешіттер мен шіркеулердің бір бөлігі қайта ашылды. Алайда атеизм өз күшінде еді. Дін партияның қатаң бақылауында болды. Қазақстандағы Исламның дамуына мүмкіндіктер болмады.



Әкімшілік - бюрократиялық жүйе діни қызметкерлердің жұмысына кері әсерін тигізді [3, 10].

Соғыс аяқталғаннан кейін, халықаралық құқық нормаларын қабылдау, БҰҰ-ның құрылуы кеңестердің діни саясатына тікелей әсер етті. Соғыстан кейінгі территорияда әлемдік социализм мәселесі көтерілді. Шығыс Еуропа, Қытай, шығыс мемлекеттері КСРО-ны ең адамгершілікті жүйені ұстанатын мемлекет ретінде таныды.

50-жылдары Н.С. Хрущев билігі кезінде атеистік насихаттың жаңа толқыны басталды. 1960-1970 ж. тұрмыста дәстүрлі діни ғұрыптармен күресу ісі атеистік жұмыстардың басты бағытының бірі болды. Осы кезеңде кеңес мұсылман республикаларында социологиялық зерттеулер халықтың діни жағдайын айқындау мақсатында жүргізілді, алайда көбінесе бұл мәліметтер нақты берілмеді, себебі басқарма басындағылар атеистік жұмыстың сәтті жүргізілуін жоғарғы билік басындағыларға көрсетуі міндетті болды [4, 21].

1979 ж. санақ деректерінің мәліметтеріне жүгінсек Қазақстанда 556000 мұсылман қазақ тіркелген [5, 10]. 1977 ж. қабылданған жаңа Конституцияның 52-бабында: КСРО азаматтарына ар-ожданы мен діни бостандығы кепіл етіледі. КСРО шіркеуі мемлекеттен бөлініп, мектеп шіркеуден бөлінді делінген. 1985 ж. 1 қаңтарында республикада 45 мешіт жұмыс істеді [4, 22].

1988 ж. қайта құру кезеңінде М. Горбачев КСРО азаматтарының діни бостандығы жариялады. Діндарлардың кеңес азаматтары, еңбекшілер, патриоттар екенін айтып, олар өз сенімдерін ашық түрде білдіре алатындығын мәлімдеп, қайта құру, демократизация оларға да қатысты деп мәлімдеді.

1989 ж. қазақстандық мұсылмандық бірлестік діни басқарма ашуды талап етті. 1990 ж. 12 қаңтарда Алматыда Қазақстан мұсылмандарының бірінші съезі өтті. Оған өзге республикалардан 250 делегат қатысып, съезде Қазақстанда Діни басқарманы құру мәселесі талқыланды. Делегаттар оның бірінші басқарушысы ретінде Р. Нысанбаевты тағайындады, сонымен қатар басқарма президиумы тағайындалды.

Кеңес өкіметінің соңғы жылдарында Қазақстанда 20 шақты мешіттер ашылды. Кеңестік бұғауда өмір сүрсе де елім деп, жерім деп, халқым деп аузынан Алланы тастамай аянбай еңбек еткен азаматтарымызды атап өтуімізге болады. Биыл туғанына 100 жыл толып отырған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың адамгершілігі жоғары, діни сауатты басшы еді. Атасы Жұмабай дін мектебін бітіріп, елге дәріс берген [6, 81]. Дінмұхамед Ахметұлы да әкесінен үйренгенін айтып, «Йасин сүресін» оқып, кез келген ортада дін туралы ой бөлісе білген, «Дін - апын» саясаты кезіндегі шала молдалар осы кісіден дәріс алған. Желтоқсан оқиғасынан кейін Рэт-

бек қажымен бір дастарханда отырып: «12 қаңтар Қазақстан Діни басқармасының құрылған күні, менің туған күнім де осы күні», - дейді. Сонда Рәтбек қажы: «Бұл да Алланың қасиеттілігі, оның өзі осы күнді осылай орайластырып тұр ғой», - деген екен. Осы отырыста Дінмұхамед Ахметұлы Құранды қолына алып кейбір аяттарды арабша оқып, өз ойын білдіреді. Бұл ұлы тұлғаның Аллаға іштей сыйынып жүргенін білдіруі еді [7, 72]. Осы сияқты ұлы тұлғалардың да ойында бір Аллаға деген сенім өшкен емес.

Жетпіс жыл кеңестік бұғауда өскен азаматтардың қазіргі таңда сенімсіздік, бойында үрей барын айқын көреміз. Қоғам мүшелерінің бірін-бірі танымауы, біріне-бірі сенбеуі – олардың алшақтауына, ал бұл үрдіс асқынғанда сол елдің мемлекеттілігіне қауіп төнуіне апарып соқтырады.

Ислам діні мемлекеттік билікті нығайтушы, адамдарды жақындастырушы, бірлікті, ұйымшылдықты уағыздаушы дін. Осындай өтпелі дәуірдегі адамдардың діни сана-сезімін ояту, арттыру арқылы олардың қоғамның өтпелі кезеңінен шығуына мүмкіндік жасаймыз. Қазақ халқы аса даралығы мен даналығымен ерекше. Қанша қыспақта өмір сүрсе де өз дінінен безбеді. Осындай қасиеттер қазіргі еліміздің тірегі – жастарға керек.

Қаптап кеткен діни ағымдарға жол бермей, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртуымыз тиіс. Мемлекетіміз мықты болуы үшін қазақ халқының басы бірігуі тиіс, ұлт ретінде ғасырлар бойы ата – баба қанымен, жанымен келген дәстүрлі дінімізді сақтауымыз керек. Бұл өзін қазақ дейтін әр азаматтың өмірлік міндеті болуы керек те ұрпақтан ұрпаққа ол міндет қатаң сақталып, атқарылуы керек.

\*\*\*

1. Н. Нуртазина. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. Алматы: Қазақ университеті, 2008 – 36 с.
2. Садыкова Б. Советский ислам и внешний мир// Деловая неделя, 2005. – 21 окт. (№40). – С.10-11.
3. Что такое ислам в СССР?// Деловая неделя, 2006. – 13 янв. (№1) – С.10.
4. Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.). Автореферат. - Шымкент, 2007. – 29 с.
5. Ауезов А. Святыя места Узбекистана и Казахстана// Деловая неделя, 2006. - 7 апр. (№13) – С.10.
6. Елу жыл ел ағасы. Құраст. С. Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 2002. –464 б.
7. Қауғабай О. Таңғажайып Қонаев. Роман – эссе. – Алматы: Қазығұрт, 2008. – 232 б.

\*\*\*

В статье рассматривается политическое положение Советской власти в отношении ислама. А так же, автор попытается проследить исламские и доисламские традиции у казахов в Советский период в их повседневной жизни.

\*\*\*

Political position of the Soviet power in attitude to islam regarding in this article. Similarly, the author, will try to track, Islamic and pre-Islamic traditions of Kazakhs during the Soviet period in their life.

## Ж. Зейнолла

### ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНЕ ТҮСКЕН ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ

Ұлы Қытай - елі әлемге әйгілі ежелгі мәдениет ошақтарының бірі. Ол өзінің бес мың жылдық жазба тарихы арқылы дүниеге мәлім. Соңғы 20 жылдан бері Қытай бір кездегі мәдени революцияның ауыр зардаптарын жойып, сыртқа есік ашу саясатын жүргізгеннен кейін Шығыстың осы бір алып елі дамуының даңғыл жолына түсті. Сол дамушылық Қытай мәдениетінің жан-жақты өркендеуіне үлкен мүмкіндік жаратты. Ол мүмкіндіктерінің бірі – Қытай өзінің және қытай елінде жасайтын басқа ұлттар мен ұлыстардың ежелгі мәдениетіне, олардың байырғы этностық тарихына мән беру, соларды айырықша зерттеу, тереңірек тектеу жұмыстарынан байқалады.

Сол тектеу, зерттеу жұмыстарының қазақ халқының мүддесіне пайдалы бір игілікті жұмыс «Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» атты көп томдық кітаптың алғашқы екі томы жарық көріп, үшінші томы жарық көру алдында тұрғандығы. Бұл жұмыстар онан ары жалғастырып, аударуды күтіп тұрған алдағы 3-4 томдық тарихи деректемелерді аударып баспадан шығару жұмысы аяқталар болса, онда ол Қытайдағы Маншың дәуірі қазақтағы Абылай хандығы дәуіріне дейін келіп жетуі мүмкін. Қытай тарихына ең көп түскен тарихи оқиғалар Абылай хан дәуіріне тура келеді. Осы дәуірдегі Қытайдың кедендік естелігінің тізімдігіне қарап отырсаңыз, қазақ халқының 100 жылдық сауда тарихының жүлгесі мен мұндалап шыға келеді. Осы нақты тарихи деректерді Қытай ғалымдарының соңғы жылдары тереңірек зерттеп ірі жетістіктерге қол жеткізген Ұлы Жібек Жолы жөніндегі нәтижелі еңбектермен ұштастыра қарайтын болсақ, осы Жібек Жолы мәдениетін ашу және оны дамыту, жалғастыру жолындағы біздің ата-бабаларымыздың тарихи еңбектері де өз іздерін байқатып отырады.

Екінші, біздің әл-Фараби, Бейбарыс сияқты бабаларымыздың Батыста – Араб дүниесінде білім алып, сол елдерге билік жүргізіп, сол өңірде әлемге әйгілі ғалым атанып, даңқы дүниеге мәшһүр болғаны жұртқа мәлім. Сол сияқты ежелгі сақтар, үйсіндер, керей, найман хандықтары жасаған өңірде дүниеге келіп, Шығыстағы Қытай елінде билік жүргізген мемлекет қайраткерлері, ақын, ғалым, композитор, хаткер атанып, Шығыс өңірде даңқы жер жарған әйгілі ата-бабаларымыздың болғандығын да айрықша атауға

тура келеді. Бұлардың арасынан Шығыс дәуірінде бүкіл Қытайдың Шығыс-Солтүстігін билеген жалайыр Мұқалы, бүкіл Орталық Қытайды билеген найман ханы Күшілік баласы Сауыс, керей ханы Тұғырылдың ұрпағы Тай Бұқа және әрі математик Керей Әрін, әйгілі найман ақыны Төре Юйчуан, қаңлы ақындары Потодың, Бұқым, қыпшақ ақыны Сағидолла, дулат ақыны Хятяң, қарлұқ ақыны Найжан т.б. атауға болады. Бұлардың бір бөлігі туралы «Ежелгі Қытай жазбаларындағы Түркі (қазақ) қаламгері» деген мақалада айтылған. Осы дәуірдегі 70-тен артық ақын Қытайда «Батыс өңір ақындары» еді деп есімі аталды. Олардың еңбектері қытай тілінде жарияланған. Егер тереңірек зерттеп қазақша аударар болсақ, біздің атадан қалған асыл мұраларымыздың қазірге дейін беймәлім тұстарының үлкен бір саласы өз ұрпақтарымен жүздескен болар еді.

Үшінші, ежелгі Қытай жазбаларында Хуанхы мен Ұлы Қорғанның Батыс жағы «Батыс өңір» деп аталған. Бүгінгі Гансу-Цзиньдзян өңірі аталып жүрген сол өңірде ежелгі көшпенділердің – атап айтқанда, ежелгі сақ, қаңлы, үйсін, найман хандықтарының ата-жұрты болған. Соңғы кездері Қытай ғалымдары осы өңірдің жерүсті және жерасты қатпарларында жатқан байырғы жұрттарға көптеген тексерулер мен зерттеулер жүргізіп, біздің ата-мұрамызға қатысты мол деректерді тауып отыр. Бір қуанарлық жайт, қытай ғалымдарының басым көпшілігі бұларды қазақ халқының ата-бабалары есептелетін ежелгі сақтардың, ғұндардың көне жұрты және солардан қалған тарихи мұрағаттары деп біледі. Айталық, Үрімжіде шығатын «Таң» газетінің 2006 жылғы 23 тамыз күнгі санына Цзиньдзянның Шығыс жағындағы Баркөл қазақ автономиялы ауданының Қарасай деп аталатын жеріндегі бір көне қабырыстаннан біздің жыл санауымыздан бұрынғы дәуірдің, яғни, бұдан 2200 жыл бұрынғы осы өңірдегі көшпенділердің тыныс-тіршілігіне қатысты бір қыдыру көне мұрағаттар мәлім болған. Онан шыққан фарфордан, темірден, сүйектен жасалған ыдыстар мен ондағы көлемі зор тәуіпханаға жүргізілген зерттеулер бұл халықтардың сол кезде күнге және басқа аспан денелеріне тәуіп еткендігі байқалған. Ғалым бұл көшпенді халықтардың кім екендігін анықтай алмай қалайда сол кезде сол өңірде жасаған сақтардың немесе ғұндардың бірі болуы мүмкін деп қарап, тарихта өткен сол бір ірі этностар жөнінде қысқаша таныстыру берген. Бұдан сырт Құтыби ауданынан табылған Қанжя тас суреттері де қайран қаларлық дүние. Ер адамның жыныс мүшелері ерекше көрнектілендіре сызылған бұл алып жартас суреттер галлерейасы сияқты суреттер Тарбағатай тауларынан да табылды. Міне, бұлар зейін қойып зерттеуді күтіп тұрған атазаман құпиялары.

Тағы бір қайран қаларлық жартас жазуы – «Умани Бәдіма Ахұн» деген жазу. Бұл жазу Алтай, Тарбағатай, Іле тауларының бәрінен де табылды, естуге қарағанда Қазақстанның Талдықорған өңірінде де бар екен. Бұл

жазудың сырын білмей көп адамдардан сұрадым. Ең соңында Мұңғылдың бір ламасы білетін болып шықты. Ежелгі Таңғұт, яғни Тибет жазуы екен. Олардың айтуынша ежелгі Цзиньдзян өңірі кезінде будда мәдениетінің орталығы болған. Қазіргі Корла жерінде бір жолда 3 мың адам тәуіп жасайтын қаңлы елінің үлкен тәуіпханасы болыпты. Үнді халқының будда мәдениеті осы Корла арқылы ішкі Қытайға тараған. Оны таратқандар қаңлы елінің Комараши бастаған атақты ғұламалары деген сөз бар. Кезінде ішкі Қытайдан батысқа –Цзиньдзянга ном кітабын іздеп шыққан саяхатшылар өте көп болған.

«Сізге», - деді әлгі Мыңғұл ламасы, - «Умани Бәдіма Ахұн сөзінің құдыретін қалай түсіндірсем болар. Дүниеге әйгілі «Батысқа саяхат» кинофильміндегі басты кейіпкердің бірі Сұнуқұнды үш жүз жыл тау басып жатады ғой, сонымен оның мінәжат үні аспандағы жаратушының құлағына жетіп, сосын аспаннан қағазға жазылған бір жазу ту басына таяп келгенде, әлгі тау көтеріліп Сұнуқұн еркіндікке шығады. Сол тауды орнынан қозғаған киелі Умани Бәдіма Ахұн дұғасы. Содан барып ол тау-таудағы жартастарға жазылатын, ел соған сыйынатын болған. Бұл дұғаны онан әрі түсіндіруге менің дәрменім жетпейді...».

Бұл дұғаның Қазақстан жартастарынан табылуы сол кездегі Орта Азия өңірінің ілгерінді-кейінді шаманизмнің, буддизмнің, кейін исламизмнің, яғни көп түрлі діннің, көп түрлі тілдің, көптеген этностық мәдениеттің тоғысқан түйіні болғандығын дәлелдейді. Таяу жылдардан бері Қытайдың әлем елдерімен болған қатынасы күшейген сайын Циньдзян өңіріне келіп саяхаттайтындар, оның ежелгі мәдениетін зерттеуге қызығатындар барған сайын көбейіп келеді. Әсіресе, бұл өңірден көп түрлі діни мәдениеттің іздерін зерттеушілер, соның жерасты және жерүсті белгілерін көріп – білуге ынтығушылар, ежелгі дала мәдениетін, Жібек Жолы мәдениетін, көшпенділер мәдениетін Қытай халқына, әлем халықтарына таныстырушылардың даңқы артып, олар Батыс өңір мәдениетінің пірі атанып жұртты өзіне тәнті етіп барады. Егер осы науқанға Қазақстан ғалымдары да барып ат салысатын болса, ол халқымыздың арғы тегін анықтауға қатысты аса бағалы дүниелерге кезігер еді.

Төртінші, ежелгі тіршілік дүниесінің алтын ошағы да осы Циньдзян өңірі екендігі айқындалып келеді. Үрімжі іргесіндегі Боғда шоқысының Солтүстік жағына тура келетін Шонжы ауданының көлемінен Азия бойынша ең үлкен динозаврдың тасқа айналған сүйегі қазып алынып, ол жерден археологиялық бақша құру жұмысы басталып кетті. 1987 ж. бері Канада археологтарымен бірлесіп жүргізілген бұл зерттеу жұмысының нәтижелері 2006 ж. тамыздың 5 күні жарияланды. Бұл динозаврдың ұзындығы 33 метр, биіктігі 10 неше метр, салмағы 60 тонна келеді екен. Үлңгір көлінен басталып Шонжы аңғарына дейінгі 200 мың шаршы метрлік

байтақ алқапты алып жатқан бұл өңірден әлі де бір қыдыру ежелгі тіршіліктің елге беймәлім іздері табылатындай тұрады. Осы Шонжы ауданына іргелес жатқан Жемсары (ежелгі Бесбалық) көлемінен таяу жылдары тасқа айналған жерасты орманы белдеуі табылды. Сол бір алып орман белдеуі осы археологиялық бақшаның көлеміне енгізіліп, таяу болашақта бұл өңірден әлемдік ірі археологиялық бақ дүниеге келмек. Осыған орай, Цзиньдзянның Оңтүстік және Солтүстік өңірінен әлденеше ғасырлық алып ағаштар, ғажайып көріністерімен жұртты таң қалдыратын «Шайтан шаһары» деп аталатын әсем керішті табиғи бақшалар табылды. Олар да маңызды саяхат орындарына айналып, көз сүріндірерлік көркем көрінісімен еліміздің іші-сыртын бірдей тамсандырып тәнті етіп келеді.

Бесінші, 2006 ж. бүкіл Қытайда мәдени мұрағаттар жылы болып аталып өтті. Бұл жылы Ұлы Қытай философы Күнзы дүниеге келгендігінің 2557 жылдығы салтанатпен аталып, оның даналығы мен ірі еңбектері және суреті қайта жарияланды. Әлемнің көптеген елдерінде құрылып, өз жұмысын бастап отырған Күнзы мектептері мен Күнзы тағылымын зерттеу орындары үшін мұның маңызы айрықша болды. Екінші бір үлкен жұмыс – бүкіл Қытай халқының ата-бабасы есептелетін – бізше айтқанда солардың «Адам ата, Хауа анасы» есептелетін Янхуан мен Хуандиге орнатылатын алып мүсін 1987 жылы басталған. 106 метрлік биіктікте яғни 12 қабатты алып ғимараттай етіліп салынып жатқан бұл мүсін әлемдегі ең биік мүсіндер Американың тәуелсіздік мүсінінен 8 метр биік, Ресейдің ана мүсінінен 2 метр биік мүсін болып шықпақ. Сөйтіп, жер шарындағы ең биік, ең сәулетті мүсін Қытайда дүниеге келмек.

2006 жылы Қытайдағы аз ұлттардың мәдени мұрағаттары үшін де үлкен қуаныш әкелген құтты жыл болып есептеледі. Айталық, Қытайдағы Изулардың «Дагы әуені», ұйғырлардың «он екі мұқамы» Біріккен Ұлттар Ұйымына жолданып, ол «Адамзаттың ауызекі айтылатын бейзаттық мәдени мұрағаты» дейтін биік мәртебеге ие болды. Сонымен бірге қырғыздың «Манасы», таңғұттардың «Гиссары», мұңғылдардың «Жәңгірі» сияқты әлемдік алып дастандар да сол қатарға ілінетін дәрежеге жетті. 2006 жылы бүкіл Қытай бойынша мәдени мұрағат жылы, мәдени мұрағат күндері өткізіліп жалпы халықтық түс алған ұлы – дүбірлі салтанатты тойлар біріне-бірі жалғасып жатты.

Осы қатарда қазақ халқының «Айтыс өнері» бүкіл Қытай бойынша «Адамзаттың ауызекі айтылатын бейзаттық мәдени мұрағаты» дейтін биік мәртебеге ие болып, соның демеуімен Циньдзян қазақтары шоғырланған Іле, Тарбағатай, Алтай өңірлерінде арты-артынан аймақтық ақындар айтысы өткізіліп, көп жылдан бері халқымыздың осы бір қасиетті өнеріне көрнекті үлес қосқан ақындарға «Халық ақыны» деген құрметті атақтар берілді. Есімі елге мәлім болып, Қытайда бұл заманның Біржаны мен

Сарасы атанған жыр дүлділдері Құрманбек Зейтінғазыұлы мен Жамалхан Қарабатырқызының мерей тойлары өткізіліп, оларға темір тұлпар мінгізіліп, үлкен сый-сиапат көрсетілді. Сол қатарда жазба ақындарымыз Задақан Мыңбаев, Қасымхан Уатқанұлы, күйші Дәулет Қалықұлы сияқты өнер иелерінің де мерей тойлары өткізіліп, бүкіл қазақ даласында той-тойға ұласып жатқандай болды.

Сол мәдени мұрағаттар жылының құрамдас бөлігі ретінде мұражайлар мен музейлер құрылысы да шұғыл қолға алынды. Қазақ халқына қатысты мұражайлар мен музейлерден бұрын Кеңес ауданында Таңжарық ақынның мұражайы, Іле облысында облыстың тарихи-этнографиялық мұражайы ашылған болатын. Биылғы жылы Шығыстағы Баркөл ауданында қазақтың тарих-этнографиялық мұражайы, Тарбағатайдың Шағантоғай ауданында Қытай қазақтарының Атымтай жомарты атанып, кезінде Кореяға бір соғыс аэропланын көмекке атаған Ұлы Отаншыл қайраткер Басбай Шолақұлының мұражайы ашылып, жұмысқа кірісті. Алдағы күндегі 1908 ж. салынған Шәуешектегі Рамазан Шаншиевтің Қызыл үйінің төңірегін кеңейтіп, сол жерден Тарбағатай аймағының тарихи-этнографиялық музейін ашу жұмысы қолға алынды. Сонымен бірге Күнес ауданының Сорбұлақ деген жерінен, яғни Қытайдағы әйгілі «Сорбұлақ шарабы» шығатын жерден «Батыс өңір шарап мәдениетінің мұражайы» ашылмақ. Шарап зерттеуші ғалымдардың жазуынша бұл өңірде өткен көшпенділердің шарап мәдениетінің тарихына 1500 жылдан астам уақыт болған екен. Алдағы күндері Шығыстағы қазақ күйлерінің бәйтерегі есептелетін «Алпыс екі қоңыр», дала мәдениетінің символы есептелетін жартас суреттері, жартас жазулары және тас мүсіндер мен балбалдар, қазақтың киіз үй мәдениеті халқымыздың бейзаттық мәдени мұрағаттары ретінде жоғарыға жолданып, қазақ өнерінің бұл дәуірге жеткен осы бір асыл мұраларының мәртебесін көтеру жолында киіз үй салынып жатыр.

\*\*\*

1. Зейнолла С. Туғырыл батыр, Демежан батыр. - Үрімжі: Қазақпар баспасы, 2005.
2. Зейнолла С. Ежелгі Қытай жазбаларындағы Түркі (қазақ) қаламгері. - Үрімжі, 2007.
3. Батыс өңір ақындары. - Үрімжі, 2010.
4. «Таң» газеті. Қытай, Үрімжі, 2006, 23 тамыз

\*\*\*

В данной статье говорится о степени исследованности казахской древней культуры в Китае и ее сегодняшнем положении. Дается анализ мерам, проводимым в сфере исследования самобытной казахской культуры с древнейших времен. Статья представляет особый интерес для специалистов и студентов востоковедов.

\*\*\*

The article " Kazakh culture in the Chinese sources ", by Zeynolla Zhanat, refers to the degree of investigation of the ancient Kazakh culture in China and its current position. The article gives analysis to the measures carried out original research in the field of Kazakh culture since ancient times. The article is of particular interest to Orientalists.

### **А.Р. Ибраимова**

#### **АБАЙ МЕН КОНФУЦИЙ - ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ, РУХАНИ КӨСЕМІ**

Өз халқы көзін ашып, ояту үшін білімдерін қару еткен ұлт жанашыры Шығыстың ғұлама ойшылдары Абай (1845-1904) мен Конфуций (б.з.б. 551-479) әр кезеңде өмір сүрсе де, ұстанған бағыттары өте ұқсас. Жүректері халқы деп соққан кемеңгер философтардың адамзат баласына сонау заманда қалдырған даналық дәрістері, принциптері, терең ойлары, қара сөздері мен өсиет сөздері әлі күнге дейін орнын тауып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген болса, онда әрі қарай да жалғасын таба бермек...

Абай мен Конфуцийдің көздеген мақсаты - кісілік қасиетті сақтау: үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әділеттілікті, адалдықты сақтау, ақылдылықты, ізгілікті, мейірімділікті ұстана отырып, ұлттың өзіндік ерекшелігін, қасиетін сақтап қалу. Егеменді қазақ халқы үшін де, аспан асты елі - қытай халқы үшін де Абай мен Конфуцийдің ұлт жанашыры ретінде алатын орны орасан зор. Әділдікті меңзеген олар өз халқын әділ жолды ұстана отырып, нық қадаммен сенімді түрде алға ұмтылуға шақырды, халықтың көзін әділдікке жеткізу үшін аянбай тынымсыз еңбек етіп, тер төкті.

Қазақ халқы үшін Абай - өз халқының патриот ұлы, ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі, қазақ халқының жоғын жоқтап, мұңын зарлаған ғұлама тұлға, кемеңгер философ. Абайды біз - өз ұлтын көзі ашық, білімді, өнегелі елдің қатарында көруді аңсаған патриот ақын ретінде де білеміз. Ол елдің болашағы үшін, ұрпағы үшін қатты алаңдады. Елдегі болып жатқан келеңсіз оқиғалар Абайды алаңдатпай қоймады. Абай өзінің 38-ші қара сөзінде “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі - май, бірі - қан боп енді екі ұртың” деп күйзелді. “Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі - еріншектік, үшіншісі - залымдық” деп үйретті. Ол халықтың ауыр тағдырын, өмір-тұрмысын өз шығармаларында шеберлікпен көрсете отырып, оларды қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады, өз кезеңіндегі әлеуметтік қайшылықтарды, теңсіздіктерді көре білді. Сонымен қатар өмірдегі барлық өзгерістер адам өмірімен тығыз байланысты екенін айтып, адам мен қоғам бір-



бірінсіз күн көре алмайтынын дәлелдейді. Абай заман ағымын сезініп, халықтың, ұлттың келешегін болжады. Қазіргі таңда заман ағымы, уақыт өзгергенмен, Абай көзқарасы, өсиеттері еш өзгеріссіз, бірақ заман талабына сай.

Ал, Конфуций ілімі қытай халқы үшін - елдің рухани өмірінің негізі болып табылады. Еуропада Конфуций туралы XVII ғасырда алғаш рет білді, ол кезде иезуит – миссионерлер ұлы ойшылдың ілімімен танысу үшін Қытайға келді, латын тіліне сол кезде ең көп таралған құрметті қытай ойшылының есімі – Кон фу Цзы (құрметті ұстаз ) деп транскрипцияланды.

Осылайша, «孔子, Kǒng zǐ, Кун зы» миссионердің әрекетімен, аудармасының дәлдігі туралы мән бермей «Конфуций» деп танылды.

Конфуций үшін тәжірибе, ең алдымен, адамдар арасындағы қарым-қатынастар болып саналады. Дана адамның бойындағы ең басты қасиеттер - халықтан алшақтамауында, халық қалай өмір сүрсе, дәл солай тіршілік жасауында, қоғамдық салт- дәстүрлерді қатаң сақтай отырып, өмірдің моральдық жағынан қанағат алуды басты орынға қоюында. Қытай қоғамында салт- дәстүрлер, салт-жоралар өмір сүрудің басты шарттары болып саналады. Ол - «ұрлық пен тонауды есептемегенде кешірілмес 5 қылмыс бар: біріншісі –жүректегі зұлымдық, екіншісі – дөрекілік, тәртіпсіздік, үшіншісі – жалған, жылы сөз айту, төртіншісі - ақымақтық әрекеттерді еске алу және сол күнәларын мақтана айту, бесіншісі - қате екенін біле тұра соны қостау және өзін тамаша етіп көрсетуге ұмтылу. Кімде-кім осы бес қылмыстың бірін жасаса да, ол мейірімді адамдар тарапынан жазадан қашып құтыла алмайды» - деді. Демек, Конфуций үшін де салт-жоралар адам тіршілігінің, оның қоғамдық қызметінің негізі, адамгершілік қасиеттердің басты өлшемі, адамның белгілі бір ортада өзін-өзі ұстай білуі жөнінде «Әңгімелер мен ой толғаулары» атты еңбегінде мынандай ақыл-кеңестер береді: «Қай ортада отырсаң да өзіңді құрметті қонақтарды қабылдап отырғандай ұстауға дағдылан. Қызмет бабында да өзіңді салтанатты құрбандықтарға басшылық жасап отырған адамдай сезін. Өзің қаламаған нәрсені басқаларға жасаудан сақтан. Осы айтылған өмірлік қағидаларды мүлтіксіз орындағанда отбасына ғана емес, сонымен бірге мемлекет мүддесіне де ешқандай нұқсан келтірмейсің».

Қытай халқының ұлы ойшылы Конфуций ілімі бойынша, салт-жораларды қатаң сақтаушы адамдар өзін қоршаған барлық адамдармен де татулық қарым-қатынаста өмір сүреді. Салт-жораларды сақтауда, әсіресе адам бойындағы «ұстамдылық» қасиетке айрықша мән-мағына берілді. Өйткені, ұлы ойшылдың пайымдауынша, ұстамдылық - өмір сүрудің негізгі шарты болып саналады. Сонымен қатар адамгершілік қасиеттер аясында саналылық пен ақылдылық және парыз бен қарызға да ерекше мән берілді. Осы сияқты адамгершілік қасиеттерді аяққа таптаған адамдарды қытайша

«сөйлейтін жануар» деп атаған. Демек, Конфуций үшін адамгершілік - адамның мәдениеттілігінің ғана емес, сонымен бірге адам бойындағы бүкіл ізгілік қасиеттердің басты өлшемі болып саналады. Адамгершілік – адамның өз-өзіне жол табуы, ал ол жолды әрбір адам өзі таңдауы қажет. Ұлы данадан «Даналық дегеніміз не?» деп сұрағанда ол «даналық дегеніміз - халықтың болашағы мен игілігі үшін аянбай қызмет ету және рухтарды қастерлей білу» деп жауап берген екен. Ал «құдайлар мен ата-бабалар рухына қалай қызмет ету керек?» деген сұраққа «Сен адамға қалай қызмет етуді білмей тұрып, рухтарға қалай қызмет жасамақсың» деген жауап алынған екен. Рухтардың бар екендігін мойындай отырып, Конфуций салт-жоралардың тәрбиелік және адамгершілік жақтарына баса назар аударады. Кісілік қасиет – Конфуций өсиетіндегі ең басты тақырыптардың бірі.

Ол сан салалы, мән-мағыналы, көрінісі көп, бірақ, түптеп келгенде ізгілік, мейірбандық, әділдік, адалдық орайынан табылады, жалпы адамзаттық үлгіден бөтен емес. Конфуцийдің ең сүйікті шәкірті Хуэй (Иән Иуән) айтыпты:

Ұстаздың білігі  
ойлана қарасаң – биіктей береді;  
үңіле қарасаң – терендей береді;  
қол созсаң – қарсы алдында,  
айналсаң, - артында тұрғандай.  
Ұстаз бірден ашылмайды,  
қызықтыра баурап әкетеді...  
Тартынайын десем де тоқтай алмаймын.  
Міне, бар күшім сарқылған сияқты,  
ойдағы межеге тақаған сияқтымын,  
ұмсынам – тағы да жете алмаймын» (IX-11).

Мұхтар Мағауин: «Біздің бабаларымыздың да ұлттық, ұлыстық санасы, саяси-әлеуметтік танымы соншалық жоғары болған ғой. Үйлес құбылыс ұқсас көрініс береді және шын асыл ақиқат ешқашан ескірмейді. Осы тұрғыдан алғанда, Күнфудзы ғақлиялары да тұпа-тура қазаққа арналғандай, өткенге ғана емес, бүгінге де нұсқағандай көрінеді» - деп айтқандай /2/, әрбір ұлттың пайда болу, даму тарихы әр түрлі, бірақ, осы ұлттардың шындықты бетке айтудан қаймықпаған ұлы көсемдері Абай мен Конфуцийдің көздеген мақсаттары ұқсап қана қоймай, сонымен қатар, бірін-бірі толықтырып та отыратын секілді. Абай мен Конфуций – ұлт жанашыры. Өз халқын надандық шырмауынан, бодандық бұғауынан азат етуге ниет қылған олар - адаммен де, заманмен да арпалысып бақты, өз білімдерін негіз ете отырып, нық қадаммен алға басуға, барша халықты құрметшіл, адал болуға шақырды, сол үшін аянбай тер төкті, нәтижесінде армандары орындалды.

Абай - тек кемеңгер философ қана емес, сонымен қатар ақын, ойшыл, композитор, ағартушы. Абайдың кез келген сөзі - әрі өнеге, әрі өсиет. Абайдың әнін тыңдаған сайын жаныңа қуат аласың, Абайды оқыған сайын, қазақтың табиғатын аша түсесің, ой түбіне тереңдей түсесің, ел-жұртыңның тағдыры, келешегі туралы ойлана, толғана түсесің.

«Тәрбие - тал бесіктен басталады» - демекші, Абай шығармаларының тәрбиелік мәнін мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер көкейіне құйып, бойына сіңіріп өседі. Мысалы:

....Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ —  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой —  
Бес асыл іс, көнсеңіз... —

деген өлең шумақтарында үлкен тәрбиелік мән жатыр.

Қазақтың белгілі жазушысы Мұхтар Мағауин қытай ғұламасы жайлы: «Әлбетте, мемлекеттік тарихы – бес мың жыл, бүгінгі саны бір миллиард, мәңгілікке жалғас ханзу жұртының ұлттық ұлылығына ұйтқы болған Күң-фудзыны танып-білу – кез-келген ұлттық руханият үшін жаңа өріс, үстеметініс. Сонымен қатар аса күрделі құбылыс» - деген болса, Абай туралы - «... Қазақта мінсіз адам болса, ол – Абай. Ақындық тұлғасы. Ұлттық санасы. Қайраткерлігі. Кемеңгерлігі. Кісілігі. Мінез-құлқы, жүріс-тұрысы. Бәрі де. Әулиеге тән сипат дарыған, өзгеше қасиет қонған. Міне, осындай асқар Абай, ұлы да ұлағатты Абай туралы айту үлкен жауапкершілікті талап етеді. Абай туралы айту – адамның ақыл, танымын ғана емес, адамның адамдығын айғақтайтын көрсеткіш», – дейді. Салыстыра келе, біз кемеңгер философтардың ұлт болашағын тереңнен болжап, жорамалдағанын және соны дәлелдеу жолында үздіксіз еңбек етіп, сол еңбектің жемісін өздері көрмесе де, халқының игілігіне жарағанын толық көре аламыз. Олар өз кезеңіндегі әлеуметтік қайшылықтарды, теңсіздіктерді көре білді. Сонымен қатар Абай мен Конфуций – өмірдегі барлық өзгерістер адам өміріне тығыз байланысты екенін айтады, әрі адам мен қоғам іштей сабақтастықта болып, бір-біріңсіз күн көре алмайтынын дәлелдеген.

Ұлы қытай ойшылына келер болсақ, бүгінгі таңда уақыт өткен сайын Конфуцийдің беделі өсіп, оның ілімі қытай қоғамында ғана емес, адамдар санасында, олардың бүкіл тұрмыс-тіршілігінде де берік орныға түсті. Б.з.б. III ғасырда және б.з. III ғасырларында оның ілімі Хань әулетінің тұрақты идеологиясына айналды, тіпті жоғары мемлекеттік қызметке қабылданатын адамдарға Ұлы ұстаздың ілімін терең игеру талаптары қатаң қойыла бастады.

Конфуций идеялары қытай мәдениетінде кеңінен орын алып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Талай қоғамдық-саяси күйзелістерді бастары-

нан кешірген шығыс елдері (Қытай, Корея, Жапония) халықтары даосистік-конфуцийлік мәдениеттен рухани азық алуда. Жапонияның, Қытайдың, Тайваньның, Оңтүстік Кореяның қазіргі замандағы таңқаларлық мәдени жетістіктерінің сыры осында болса керек. Керек десе, Қытай елінде Конфуций ілімі тағы да елдің рухани өмірінің негізі деп жарияланып отыр. Олай болса, конфуцийлік-даосистік мәдениеттің тамыры тереңде жатыр, ол қоғамның шығармашылық мүмкіндіктерінің қозғаушы ұлы факторына айналып отыр.

Конфуций мен Абайдың ойынша, әрбір адамның бойынан - білім, еңбек, әділеттілік пен парасаттылық табылғанда ғана қоғамдағы, елдегі болып жатқан келеңсіз өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бұл қағида - көптеген елдің мәдени-тарихи дамуына ерекше ықпал жасады, ал қазақ қоғамында ХХ ғасыр басындағы қазақ саясаткерлері, ойшылдары мен жазушылары Абайдан үлгі алды, өйткені, сол кезеңдегі қоғам туралы ой-пікірлері бүгінгі өмірмен де тікелей байланысты.

\*\*\*

1. Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. - Алматы: Раритет, 2005
2. «Көрші» әмбебап-мәдени журналы. 2007, №2.
3. Абай Құнанбайұлы. Абайдың қара сөздері.
4. Әбдірашит Бәкірұлы «Абай-ақпарат».
5. Переломов Л.С. Конфуций «Луньюй». - Москва, 1998.

\*\*\*

В статье рассматриваются взгляды и мысли великих мыслителей Востока - Конфуция и Абая. Великие философы мечтали видеть свой народ просвещенным и образованным. Призывали народ к справедливости, образованности, воспитанию и гуманности. Два великих Учителя превратились в символы наций, подарившие своему народу духовное долголетие.

\*\*\*

The article discusses the views and thoughts of two great thinkers of the East – Confucius and Abay. The great philosopher have dreamed of seeing their nation enlightened and educated and encouraged people to justice, education, education, upbringing and humanity. Two great teachers have become symbols of nations, who presented their nation spiritual longevity.

**G. Kalykova**

## JAPAN'S SOVEREIGNTY WITHIN THE MUTUAL SECURITY ALLIANCE WITH THE U.S.

This article addresses the Japan's security policy in the context of the post World War II era and its implications on its sovereignty. Contrary to many

scholars lamenting for a setback in Japan's realism in the wake of the postwar, this paper argues that Japan's has not compromised its sovereignty, but the choice of its security alliance is a result of both a strategic analysis of the political and economical circumstances and, the influence of the Japanese public opinion. The constitution drafted and imposed by the US has been later used by Japan as a solid ground for negotiations with the U.S and also to engage into the promotion of its realist goals of world power through economic development.

The US-Japan Mutual Security Alliance has appeared in the view of many politics and scholars as an encroachment to the Japan's sovereignty. In fact, international relations scholars and Japanese foreign policy specialists alike seem to have accepted that Japan is a naturally "semisovereign" state (Ikenberry 2001, 1996; Hughes and Fukushima 2004, in Yumiko Mikanagi [2, 2]. As he tries to convene, Mikanagi interrogates why Japan has compromised his sovereignty by pegging its national security to other state's security strategies. For him, it is clear that Japan's sovereignty is infringed by the security alliance with the US and therefore accepts as many other scholars the "semisovereignty" of Japan. Put into Hinsley's considerations on sovereignty, it clearly appears that these scholars have missed the point on Japan's foreign policy and therefore misjudge its sovereignty. The agreements with the US under the Mutual Security Alliance is no more than a tool to accessing to global recognition by leaving the US the task of protecting Japan and concentrate on economic development. In this concern, Mikanagi recalls that:

*In 1953, even after Japan regained its sovereignty, Japan was still struggling to climb up the international ladder of status recognition. Foreign Minister Okazaki Katsuo stated clearly that the goal of Japan was to improve its international status. However, as early as 1958, Foreign Minister Fujiyama Aiichiro declared that Japan's international status was "consolidating it basis." By 1959, he confirmed that Japan's international status has already begun improving. In 1964, Foreign Minister Shiina Etsusaburo assumed that Japan has obtained improved status already and, based on such status, it is important to perform duties reflecting higher status [2,4].*

The search for recognition in the global arena, in the scope of international law and context can be traced back after the World War I, with the creation of the League of Nations and what is referred to as the Washington System. True to her realist tradition, Japan has shown ability or at least will to capture any opportunity created by international framework to rise herself as a global or at least a regional power. As Pyle notices, the Washington System offered sufficient opportunity to pursue Japan's interests within its framework. The accommodationists believed the system adequately protected Japanese security

while still giving them room to pursue Japan's national interest. They felt that the cooperation with the Western powers was compatible with the expansion of Japanese economic interest in China [3, 173-174].

### **Article 9 and public opinion to back Japanese security policy.**

The pursuit of Japan's security policy by its leadership can be understood under Hans Morgenthau's concept of security that encompasses protection of a state's people, territory, and economy from outside attack. In pursuit of this protection and in line with the search for global recognition, the leadership of Japan, in particular through Yoshida, has smartly levered the article 9 of their constitution to frame their defense and foreign policy.

While, the US aims in drafting this constitution for Japan when it was under occupation after World War II, ...to strip Japan of militarism and the capacity to wage war,...and, to erase all vestiges of nationalist doctrine [3, 219], the Article 9 entitled the "Renunciation of War"...was well fitted Japanese revulsion against militarism that had swept the land. The country forever renounced war and the maintenance of "land, sea, and air forces, as well as other war potential" [4,192]. Later, during the Cold War, the constitution has revealed to be the corner stone of the Japanese bargaining power with the US and therefore its main basis of security and foreign policy.

For the US, it was necessary to avoid the fall of Japan in the hands of the Soviet Union during the Cold War. This was highlighted by the shift in the occupation policy and the acceptance by the US National Security Council of George Kennan's proposals as regards occupation policy in Japan. Pyle recalls that, the entire emphasis of the occupation shifted from reform to recovery. Along with growing concern about the Japanese left wing's strength, the Occupation aimed to stabilize and stimulate the economy[3, 222]. This move was reflected by several measures that benefited Japanese economy. For example, Japan's military burdens were largely borne by the Americans. Even after the Self-Defense Forces had been established, they absorbed only 1 percent of Japan's GNP, as compared to more usual 3 to 5 percent for most other large countries[4, 225]... In February 1949, the Detroit banker Joseph Dodge was brought to Japan...for the purpose of reviving the Japanese economy...Later in the year, planners in Washington also began to devote attention to providing Japan with foreign markets and sources of raw materials[3, 222].

The outbreak of the Korean War in 1950, as analyzed by Pyle, prompted Washington for a rearmament policy of Japan. In spite of his refusal, clinging on the article 9 of Japan's constitution, Prime Minister Yoshida finally bent under the U.S pressure to enlarge the Japanese army, "in order to preserve a satisfactory relationship with the United States. Nonetheless, his finely honed sense of national purpose once again succeeded in limiting Japan's

obligation.”[3, 235]. Two other elements witness the Japanese management of their alliance with the U.S to the pursuit of the former’s goal.

First, as part of the US attempt to contain the Soviet Union’s expansion in the world, mainly its possible influence on Japan, Yoshida “reasoned that Japan could make minimal concessions of passive cooperation with the United States in return for an early end to the Occupation, a long-term guarantee of Japan’s national security, and an opportunity to concentrate on all-out economic recovery” [3, 229].

While accepting a minimum enlargement of the Japanese army upon pressure of the U.S, Yoshida also strived to the close of any further militarization that would lead to involvement in a war. In Pyle’s words:

*Facing the strong likelihood of continued U.S pressure to expand in military and contribute to the Cold War struggle, Yoshida proceeded to erect new barriers against such demand. Article 9 had to be interpreted in such a way as to preempt U.S pressure...Yoshida personally supervised the drafting of a new interpretation of Article 9 that would permit possession of a military with only “the minimum necessary” for self-defense in the event of invasion. Moreover, according to this interpretation, the Self-Defense Forces (SDF) could not be sent abroad or participate in any collective defense arrangements [3, 236].*

The second element was the renegotiation of the defense treaty with the U.S. According to Reischauer, the new treaty was due to the convergence of two factors “Japan’s economic recovery” and “anti-American sentiments that accompanied it” [4, 240].

In spite of the riots to contest the new treaty, it was signed in January 1960 and entered into effect on June 19. The new provisions in this treaty as highlighted by Reschauer, showed, if need be, the play of Japan’s sovereignty in the negotiation and the outcomes.

*This agreement, together with its supplementary documents, made clear that the United States would consult with the Japanese government before using its bases in Japan directly for combat elsewhere in Asia,..., or before introducing nuclear weapons into Japan. This meant in effect that the Japanese would have a veto over their use. There was also to be a limit of ten years on the treaty, after which either party could terminate it on one year’s notice [4,241].*

Concentrating on economic development and entrusting part of the security of Japan to the US has been the policy of Japan’s political leadership since Yoshida. However, this short-term strategy has been protracted by Yoshida’s successors under the term “Yoshida’s doctrine”. Although Japan has reached the global notoriety as wished by its politics, it did not attain the other powers’ respectability as lamented by Yoshida himself.

From the account of Pyle, Yoshida wrote in 1963, in his book *Sekai to Nippon* (Japan and the World):

*In my recent travels, I have met leaders from other countries who have recovered from war and are contributing to world peace and prosperity. I feel Japan should be contributing too. For an independent Japan, which is among the first rank of countries in economics, technology, and learning, to continue to be dependent on another country is a deformity (katawa) of the state...For Japan, a member of the United Nations and expecting its benefits, to avoid support of its peacekeeping mechanisms is selfish behavior. This is unacceptable in the international society. I myself cannot escape responsibility for the use of the Constitution as a pretext (tatemae) for this way of conducting national policy[3,239].*

In spite of Yoshida's mourns for "his successors settling comfortably into an indefinite dependence on the U.S guarantee"[3,240], this attitude, according to the understanding of sovereignty by Hinsley, rests on an adaptive strategy to achieve a country's goal that, in the case of Japan, is international recognition thru economic power. The additional, attention that should be paid to this behaviour is the development of culture of peace, forcibly or not, that was induced both by the Occupation strategy and the succeeding "Yoshida Doctrine". This is illustrated by the riots against any further rearmament before the revision of the MSA and increasing support for a pacific Japan by the public opinion. The notion of "semi-sovereignty" to explain the military attitude of Japan vis-à-vis the U.S is misleading in understanding the foundation of the Japanese defense policy. Far from abandoning its historic realism, Japan has proven adaptability to international political, military and economical environment. Even, under occupation, its leadership strived to pave the way to economic power as a tool for international recognition.

The US hegemony pursuit and its attempts to contain the growing influence of the Soviet Union that escalated during the Cold War had been an opportunity for Japan to expand its economic realism. Thru, smart use of the Japan's constitution, Prime Minister Yoshida managed to limit the U.S will to remilitarize Japan and for its own protection and foreign policies. This attitude and the succeeding economic rebirth of Japan have created a culture of peace among the Japanese public policy and the adoption of what was from the office of Yoshida later called the "Yoshida Doctrine". The so-called dependence on U.S security is more a reflective of the public desire, a new culture of peace than a mere passivism as posited by some scholars.

\*\*\*

1. Hinsley, F.A, Changing faces of sovereignty (in From Anarchy to Cosmopolis: Classical and Modern Thought on International Relations) 2005, Ed. Robert Jackson, Palgrave Mc Millan, History of International Thought.
2. Mikanagi Yumiko, Masculinities and the Reconstruction of Japan's National



Identity in the Postwar Period, <http://www.allacademic.com/meta/p42687index.html>, last accessed 11/19/2009.

3. Pyle Kenneth, Japan Rising, 2007, PublicAffairs.

4. Reschauer, Edwin O, Japan: the History of a Nation, 4<sup>th</sup> Edition, 1990. McGraw-Hill Publishing Company.

\*\*\*

Бұл мақала Азия-Тынық мұхиты аймағындағы Жапонияның екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ішкі қауіпсіздік, ел егемендігі туралы мәселелерге арналған, сонымен қатар, осы тақырып төңірегінде жазылған еңбектерге талдау жасалған.

\*\*\*

В данной статье рассматривается политика безопасности Японии в контексте пост второй мировой войны и ее последствий на свой суверенитет. В статье анализируются японские военные отношения в рамках взаимной безопасности Североатлантического союза с США.

### **З.К. Каримова**

## **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚМЕШІТ БЕКІНІСІ ТУРАЛЫ МҰСА САЙРАМИДЫҢ ДЕРЕКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының көп ұлтты мемлекет ретінде қалыптасуына байланысты халықтың даму тарихын зерттеу бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі. Бұл тұрғыда Қазақстан тарихын Орталық Азия аумағын мекендеуші өзге халықтардың тарихынан айырып қарай алмаймыз. Орталық Азиядағы халықтар ежелгі дәуірлерден бастап жоғары дәрежелі тарихи-мәдени құндылықтарды қалыптастырған және олардың тамыры негізінен ортақ екені белгілі. Сол себепті әр халықтың тарихы, мәдениеті және тілінің дамуындағы өзіне тән ерекшеліктеріне қарамастан, оларды бір-бірінен бөліп зерттеу мүмкін емес. Бұл туралы шығыстанушы ғалым М.Қ. Әбусейітованың пікірі өте орынды: «Объективное, разностороннее изучение взаимоотношений народов Казахстана и Центральной Азии с древности и по настоящее время требует новых методологических подходов. Анализ феномена культурного взаимодействия следует проводить с позиций равноправия культурных ценностей, созданных разными народами. История свидетельствует, что ни одна цивилизация не возникла отдельно, в отрыве от других культур, они всегда во все периоды развития, взаимно дополняли друг-друга. В основном процветали те, которые сумели взаимно обогатиться и прислушивались друг к другу» [1, 10].

XIX ғ. екінші жартысында Орталық Азияда қалыптасқан саяси-экономикалық ахуал араб жазуымен жазылған шығыс түркістандық тарихнама

өкілдерінің тарихи еңбектерінде кең түрде сипатталған. Олардың көпшілігі бүгінгі таңда әлемнің сирек қолжазба қорларында сақтаулы. Яғни кейбіреулері үстіртін зерттелген болса да («Рисала-йи Йа‘құб-бек», «Тарих-и Қашғар», «Тарих-и Хотан»), көпшілік («Бадаулет-наме», «Джам‘ ат-тауарих», «Тарих-и Йа‘құб-бек» ж.б.) дереккөздері бойынша мүлдем зерттеу жұмыстары жүргізілмеген.

Осындай тарихи дерек көздердің бірі – XIX ғ. екінші жартысында Шығыс Түркістанда, шағатай-түркі тілінде жазылған Молла Мұса Сайрамидің «Тарих-и амнийа» атты тарихи еңбегі [2]. Шығармада негізінен XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс Түркістанның саяси-әлеуметтік тарихы баяндалған. Сонымен қатар дереккөзде Ресей патшалығының Қазақстан мен Орта Азияны отарлауы, Хиуа және Қоқан хандықтарының оңтүстік Қазақстанда ұстаған саясаты, Оңтүстік Қазақстандағы кейбір қалалардың тарихына қатысты құнды мәліметтер де сақталған. Атап айтқанда, Мұса Сайрамидың осы өңірдегі Ақмешіт бекінісі туралы қалдырған мәліметтері өте қызықты. Ақмешіт бекінісін шамамен 1815-17 ж. аралығында Қоқан ханы Омархан салғызған. Қамал Сырдарияның оң жағалауына орналасқан. Қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған. Бекіністің қабырғасы 110 метр болып, саз балшықтан тұрғызылған. Іргелерінің қалыңдығы 10,5 метр, жоғарғы жағы 4,36 метр, биіктігі 12 метр. Қабырғаларының жоғарғы жағында оқ атуға өте ыңғайлы ойықтар жасалған. Бекініс сыртынан ені 10 метр ор қазылған. Ордың алдынан қорғаныс қабырғаларының 2-қатары тұрғызылған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған 50-ге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезден, 1853 ж. бастап «Перовск форты» болып аталған. Қазан төңкерісінен кейін «Ақмешіт» аты қайта берілді. Сырдария облысының уездік орталығына айналды. 1925 ж. оған «Қызылорда» деген ат беріліп, 1929 ж. дейін Қазақстанның астанасы болып тұрды [3, 189-190].

«Тарих-и амнийада» бұл тақырыпқа қатысты деректер шығарманың екінші бөлімінде кездеседі. Онда берілген деректер бойынша, XIX ғ. Қоқан хандығында өмір сүрген көрнекті қоғам қайраткері (кейінірек Қашғария билеушісі) – Мұхаммед Йақұб-бектің өмірбаяны туралы айтылады. 1852 ж. Нар-Мұхаммед-қыпшақ Ташкент қаласының әкімі болып тағайындалған кезде, Йақұб-бек оның қол астында қызмет атқарады. Кейінірек Ташкент қаласының әкімдігі Қанағат-Шах-ғазидың қолына тиеді. Йақұб-бек сол қызметінде қала береді. Басқа сарбаздардан қайсарлығымен, өжеттігімен, қызметке шын берілгендігімен көзге түскен Йақұб-бекті Қанағат-шах-ғазидің Ақмешіт бекінісіне әкім (бек) етіп тағайындайды. Ол кезде Ақмешіт Ташкент уәлаяты мен Дешті Қыпшақ аралығындағы маңызды да ірі бекіністердің бірі болған. XIX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстік

аудандары Бұхара, Хиуа және Қоқан хандықтарының жерлерімен шектеліп жатты. Шекаралас аудандарда көшіп-қонып өмір сүрген қазақ тайпаларын бақылауда ұстап, үстемдік жасауда Ақмешіт бекінісі маңызды рөл атқарды. Қоқан хандығының билеушілері Ақмешіт, Қош қорған, Күміс қорған, Шым қорған бекіністеріне орналастырған әскери күштерінің көмегімен қазақ халқын тонап, қанаушылық саясатын жүргізді. Қоқандықтардың қазақ ру-тайпаларына байланысты ұстанған осындай тонаушылық саясатын «Тарих-и амнийадан» келтірілген мына мысалдан да көруге болады: «Ақмешіттің төңірегінде тұратын қазақтар мен қырғыздар алым-салық төлеуден бас тартып, салық жинауға жіберген адамдарын ұрып-соғып, тонаған болатын. Йақұб-бек қол жинап, қазақтар мен қырғыздарды жазалау үшін жорыққа шығады. Қырғыздар мен қыпшақтарды ойсырата жеңген Йақұб-бек мол олжамен оралады. Құлдыққа көп адам, байлық пен мал жинап әкеледі. Сөйтіп, күннен-күнге жаңа табыстарға жетіп, жағдайы жақсара бастайды» [2, 242]. Йақұб-бек күннен-күнге шегінен шығып, халықты аяусыз қанап отырды. Орыс зерттеушісі А. Добросмысловтың айтуынша, 1850 жылы 16 ақпан күні Йақұб-бек қол астындағы қазақ тайпаларынан шыққан сыбайластарының көмегімен Арал теңізінің маңында көшіп-қонып жүрген 20 қазақ ауылын тонаған. Қарсыластарының алты адамын өлтіріп, 1 мың жылқы, 25 мың қой алып кеткен. Сол жылы 25 тамыз күні Йақұб-бектің жақтасы Бұхарбай батыр 400 сарбазымен шекті тайпасына шабуыл жасап, олардың он бір адамын өлтіріп, 1,5 мың ірі қара мал, 21 мың қойын алып кетеді. 1851 жылдың ақпан айында Ақмешіт бекінінің қазақ-қырғыз жақтастары Қарақұмда көшіп-қонып жүрген қазақ тайпаларының жалпы саны 75 мыңға жететін әртүрлі малын барымталап кетеді [4, 60].

Жоғарыда «Тарих-и амнийадан» келтірілген мысалдан Қоқан хандығы Сыр өңірін мекендеген халықтарға алым-салықтың бірнеше түрін төлеуді міндеттегені анық байқалады. Жерді өңдеп, егін еккен егіншілердің хандыққа төлейтін салығы «хераж» немесе «танап» деп аталған. Ал, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі халықтан қосымша өнім жинау зекет түрінде өндірілді. Хераж бойынша өнімнің оннан бір, бестен бір және үштен бір бөлігі алынатын. Зекет мал санының немесе оның құнының қырықтан бір мөлшерінде болды. Бұдан басқа ағаш кесуге, шөпшек жинауға рұқсат алу үшін де салық төлеген. Оның үстіне мешіт салығы, кәпірлерге қарсы күресте пайдаланылатын ғазуат салығы да болған [5, 14-15]. Сонымен қатар орыстардың аудармашылық қызметінде болған И. Батыршинның мәліметіне сүйенетін болсақ, Ақмешіт бектері Сыр бойын мекендеген қырғыздардан (қазақтардан) жиналған егін өнімінің оннан бір бөлігін, әрбір рудан 2–3 жылқы жинап тұрған. Салықтың бұл түрі «есаул хақы» деп аталған [6, 136].

Йақұб-бек Ақмешітте әкімдік қызметін атқарған жылдары өзін бұл өңірдің толық иесі ретінде сезінеді. Деректер Йақұб-бектің өңірдің табиғи байлықтарын да өз білгенінше пайдаланғандығы туралы мәліметтер береді. «Тарих-и амнийада»: «Ақмешітті билеген бірінші жылы бірнеше орыс бағыныштылары Йақұб-бекке мынадай өтінішпен келеді: «Сіздің мына өзендегі балықтарды бізге сатуыңызды сұраймыз. Біз оны кептіріп, ішкері қалаларға жібереміз» [2, 12]. Йақұб-бек Қанағат-шахқа болған жайды хабарлап, аталған өзендегі балықты 40 мың алтынға сатуға өз келісімін береді. Керекті келісім-шарт жасасып, құжаттарды дайындап, қолдарын қояды». Мұса Сайрамидың «мына өзен» дегені Сырдария екендігі шүбәсіз.

1847 ж. Ресей үкіметі алғаш рет Арал теңізіне «Николай» кемесі мен «Михаил» кемесін түсіреді. Мұрағат материалдарына сүйенген ғалым С. Сайфулмаликованың хабарлауынша, 1847 ж. бастап ресейлік балық аулаушы компаниялар алғашқы есептерін беруді бастайды. 1847 жылы Арал теңізі мен Сырдариядан 2036 пұт бекіре балығы. 1849 жылы 3919 пұт бекіре, 1376 пұт қызыл балық ауланып, ішкі аудандарға 29 пұт уылдырық, 16,2 пұт желім, 1603 пұт тұздалған балық, 234 пұт кепкен балық жөнелтіледі [7, 22]. Шығармада Йақұб-бектің шамамен 1849 жылы Ақмешіт әкімі етіп тағайындалғаны айтылады. Бұл және жоғарыда мұрағат материалдарынан келтірілген мысалдардан шынында да осы жылдары Сыр өзені бойында ресейліктердің балық аулау жұмысын жүргізгендігін білуге болады. Толығымен Қоқан хандығының тарихына арналған шығыс деректемелерінің («Тарих-и Шахрухи», «Мұнтахаб ат-тауарих», «Тауарих-и жадида-ий Ташканд») бірде-бірінде кездеспейтін бұл мәлімет тек қана Мұса Сайрамидың «Тарих-и амнийасында» берілген, бұл өз кезегінде шығарманың ғылыми құндылығын асыра түседі. Сонымен қатар «Тарих-и амнийада» Йақұб-бектің Қоқан және Бұхара хандықтары аралығында жасаған іс-әрекеттері терең баяндалады.

Қорыта келгенде айтарымыз, аталмыш тарихи еңбек еліміздің тарихын терең зерттеуге қомақты үлес қоса алатыны шүбәсіз. Сол себепті «Тарих-и амнийа» дерек көзінің Ресей Ғылымдар Академиясы Шығыстану институтының Қолжазбалар қорында С 335 шифрімен сақталған қолжазба нұсқасындағы Ақмешіт бекінісіне қатысты деректерін қазақ тіліне аударып жариялауды дұрыс деп таптық [2, 240-247 а. п.]:

*Екінші дастан [240↓] Йақұп бек Аталық газидің Моғолстан мен Жетішар өлкесін бағындырып, хан тағына Бұзрұк хан төренің көтерілуі туралы. Йақұп бек [↑240/241↓] құшбегінің кіндік қаны тамған жер – Пскент өлкесі. Ол бала кезінен соғыс өнерін жетік меңгерген... Осы уақытта қадірменді Нар Мұхаммед құшбегі қыпшақ Ташкент әкімі (билеушісі) болып, Йақұп бектің әпкесін әйелдікке алады. Осыған байланысты*

Йақұп бек Нар Мұхаммед құшбегіге қызметке кіреді. Одан кейін Ташкент әкімдігі Қанағат Шах газидің қолына тиді. Йақұп бек сол қызметінде қала береді. Басқа сарбаздардан қайсарлығымен, өжеттілігімен, қызметке шын берілгендігімен көзге түскен Йақұп бекті Қанағат шах газі Ақмешіт қаласына әкім етіп тағайындайды. Ол кезде Ақмешіт Ташкент уәлаяты мен Дешти Қыпшақ аралығындағы ірі қалалардың бірі болып саналатын. Ташкенттен Ақмешітке дейін 12 күндік жол болатын. Йақұп бек Ақмешітте қызмет жасаған кезінде үлкен жетістіктерге жетеді. Бұл шамамен хижра жыл санағы бойынша 1265 жыл (1849 ж.) болатын. Йақұп бек бұл кезде 22 жаста еді. Ақмешітті билеген бірінші жылы [↑241/242↓] бірнеше орыс бағыныштылары Йақұп бекке мынадай өтінішпен келеді: «Сіздің мына өзендегі балықтарды сатуыңызды сұраймыз. Біз оны кептіріп, ішкері қалаларға жібереміз». Йақұп бек Қанағат шахқа болған жайды хабарлап, аталған өзендегі балықты 40 мың алтынга сатуға өз келісімін береді. Керекті келісім-шарт жасасып, құжаттарды дайындап, қолдарын қояды.

Ақмешіттің төңірегінде тұратын қазақтар мен қырғыздар уақтылы алым-салық төлеуден бас тартып, салық жинауға жіберген жандайшаптарды ұрып-соғып, тонаған болатын. Йақұп бек қол жинап, қазақтар мен қырғыздарды жазалау үшін жорыққа шығады. Қырғыздар мен қыпшақтарды ойсырата жеңген Йақұп бек мол олжамен оралады. Құлдыққа көп адам, байлық пен мал жинап әкеледі. Сөйтіп, күннен-күнге жаңа табыстарға жетіп, жағдайы жақсара бастады.

Осындай күндердің бірінде Йақұп бек [↑242/243↓] Қоқан ханына мынадай хат жазады: «Мен Сіздің бағынышты құлыңыз, ұлы мәртебелі ханның жүзін көріп, босағасына тәуба етіп, топырағымен көзімді сүртіп, батасын алайын деп едім. Ең болмаса, аз уақыт Сізге қызмет етіп оралсам деп едім. Менің осы өтінішімді қанағаттандырарсыз деп үміттенемін». Мәртебелі хан Йақұп бекке келуге рұқсат беріп, ол сөзін жарлықпен бекітеді.

Мәртебелі ханның пәрмені қолына тиген Йақұп бек ханға ерекше сый әзірлеуге кіріседі. Ханға тарту ретінде сәнді де бағалы киім киіп, жарқыраған жақұтпен көмкерілген тоғыз қазақ пен қырғыз сұлуын, бес қаруы сай, бәйтеректей нар тұлғалы тоғыз жігітті, желмен жарысқан тоғыз қазақ сәйгүлігін, бағалы қалмақ ер-тұрман, әбзелдерді дайындады. Бұдан өзге Йақұп бек мәртебелі ханға түрлі маталар мен басқа да тарту-таралғылар әзірлейді. Йақұп бек сәтті уақыт, ұлы күндердің бірінде [↑243/244↓] жоғарыда келтірген сый-сыяпаттарын алып, Қоқан шаһарына, хан ордасына келді. Мұндай сый-сыяпатты көрген хан ризашылығын білдіріп, Йақұп бекті басқа мырзалардың алдында мадақтайды. Себебі, хан бұрын-соңды Дешти Қыпшақ әкімдері мен қызметшілерінен мұн-

дай жомарт сый алмаган болатын. Содан соң Ақмешітке оралуға рұқсат берді. Йақұп бек Ақмешіт әкімі болып тағайындалғаннан кейін басқа әкім, уәзір мен қолбасылардың арасында оған деген қызғаныш пен күншілдік арта түседі. Олар Йақұп бекке қастық ойластырып, орнынан тайдыруға тырысады.

Йақұп бектің соншалық жомарт сый-сыяпат апарғандағы мақсаты – Ташкент қаласының әкімдігіне қол жеткізу, содан соң Қоқан тағын қолға түсіруді де армандаған-тұғын, ұлы Тәңірі несіп етсе.

Сарай қызметкерлері мен қолбасылар мәртебелі ханға Йақұп бектің үстінен шағымданып: «Йақұп бектің хан сарайына жасаған сыйы – оның қолындағы мол олжаның оннан, тіпті жүзден бірі ғана. Ақмешітте қызмет жасағалы жиган байлығында есеп жоқ. Ол Ташкент қаласының әкімі болуға мүдделі. Мәртебелі хан оны Ташкент не басқа да ірі шаһарлардың біріне әкім етіп тағайындаса, [↑244/245↓] мемлекеттің тыныштығы бұзылары анық. Оның парақорлық жасайтыны тұрпатынан-ақ көрініп тұр», – деген мазмұндағы арыздарды бірінен соң бірін жазады. Мәртебелі хан қызметкерлерінің жала сөзіне сеніп, дереу Йақұп бекті ұстап, бар байлығымен қосып, хан сарайына жеткізуді бұйырып, Ақмешітке қырық атты жасауыл жібереді.

Йақұп бек бұған дейін «Адам – жақсылықтың құлы» деген хадиске сәйкес Қоқан хандығының ордасындағы мәртебелі ханның қызметкерлерінің арасынан Абдалла жүзбасы сияқты бірнеше адамдармен жақындасып, көп сый-сыяпат жасап, сарайда болған жайларды өзіне хабарлап тұруға келісімін алған болатын. Олар «Уәде етсең – орындау қажет» деген аят бойынша, айтқанында тұрып, Йақұп бекке хан жарлығын жеткізеді. Бұл жаманат хабарды естісімен Йақұп бек: «Бізге хан сарайынан меймандар келе жатыр, сендер барып, оларды сый-құрмет көрсетіп қарсы алыңдар да, маған хабар беріңдер. Сол кезде мен өзім де алдарыңнан шығармын», – деп өз адамдарын хан ордасынан келе жатқан жасауылдарды қарсы алуға жібереді.

Йақұп бектің қызметшілері [↑245/246↓] мәртебелі хан сарайынан келе жатқан жасауылдармен кездесіп, олардың құрметіне үлкен мереке ұйымдастырып, бұл туралы Йақұп бекке хабар береді. Йақұп бек қалған жақын қызметшілерін жиып: «Сендер де Қоқан қаласынан келген жасауылдарды қарсы алуға барыңдар. Ал мен түнделетіп жолға шығып, сендерді қуып жетемін», – дейді. Барлық қызметшілерін Қоқаннан келген меймандарды қарсы алуға жөнелтіп, өзі адал әрі сенімді ескі қызметшісі Алаш бимен бірге, көтергенінше алтын, ақшаларын алып, Бұхара қаласына қарай жолға шығады.

Йақұп бектің қандай себептермен артынан келмегеніне таңырқаған жасауылдар мен қызметшілер қалаға (Ақмешітке) жеткен кезде, Йақұп

бектің ізім -ғайым жоқ екенін көреді. Мәртебелі ханның кәрінен қорыққан жасауылдар қашқынды Сыр өзенінің жағалауына дейін қуып барады. Бәрін күн ілгері есептеген Йақұп бек бұлай боларын біліп, алдын ала бірнеше ешкіні тұлымша сойып, терісін сыпырып алған болатын. Суға келген кезде терілерді ауаға толтырып, үстіне отырып, жылқыларын суда жүздіріп, аман-есен өзеннің арғы жағасына өтіп кетеді. Жасауылдар буырқанған өзенге кіруге қорқып, артынан оқ жаудырса, тигізе алмай, құр қол кері қайтуға мәжбүр болады. Йақұп бек аман-есен Бұхараға жетеді.

Бұл кезде Малла хан Бұхара әмірінің қамқорлығында әмір сарайында тұрып жатты. Малля хан мен Йақұп бек екеуі қоғамда болған көптеген өзгеріс-төңкерістерді сау-саламат өткеріп барып, біраз уақыт өткен соң Қоқан ханының сарайына қайта оралады [↑246/247↓].

Бұл әділет орнаған заманда Хұда-йар хан тақтан түсіп, Қоқан хандығында билікке Малла хан келеді.

Бұл күндерде Йақұп бек Хожент қаласының әкімі етіп белгіленеді, біраз уақыт тыныш өмір сүреді. Алайда кейбір бақталастары мәртебелі ханға Йақұп бектің үстінен шағым жазады. Оларға сенген хан Йақұп бекті сұрақ астына алу үшін сарайға алдыртуға қызметшілерін жібереді. Бірақ жолы болғыш Йақұп бекке бұл хабар да жетіп үлгереді. Сөйтіп, хан қызметшілері қалаға кірген кезде, ол сарайдың сыртқы есігінен шығып, қашады. Өзеннен аман-сау өтіп, Бұхараға жетеді.

\*\*\*

1. Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII–XVIII вв.: (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-пресс, 2001. – 426 с.
2. М. Сайрами. Тарих-и амнийа// Рукопись Санкт-Петербургского филиала ИВ РАН. С. 335
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 1-т
4. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата, Чимкент. – Ташкент, 1912. – 804 с.
5. Бәкібаева Г.Б. Оңтүстік Қазақстанның әлеуметтік-саяси жағдайы (XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін): тарих. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. – 29 б.
6. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. – М., 1957. – 342 с.
7. Сайфулмаликова С.С. Царизмнің XIX ғ. 30-50 жж. Сыр бойымен іргелес өңірдегі әскери-саяси қимылдары және оның салдарлары: т. ғ. к. ... автореф. - Алматы, 1998. - 30 б.

\*\*\*

В статье автор делает источниковедческий анализ сведений исторического сочинения «Тарих-и амнийа» Мусы Сайрами (XIX в.), касающихся укрепления Акмечеть в Южном Казахстане, которое позже было переименовано в город Кызылорда. В «Тарих-и амнийа» Муса Сайрами подробно описывает события,

связанные с правлением Йакуб-бека в Акмечете. Автор статьи сравнивает сведения русских дореволюционных источников и архивных материалов со сведениями Сайрами и показывает достоверность сведений «Тарих-и амнийя».

\*\*\*

The article contains analysis of the accounts of historical work “Tarikh-i amniya” by Mussa Sairami (XIX c.) related to the fortification Akmechet in Southern Kazakhstan, which later was renamed in the city of Kyzylorda. In “Tarikh-i amniya” Mussa Sairami describes events connected with the Yakub-bek’s control over Akmechet. The author compares accounts of the pre-revolutionary Russian sources and archival materials with those of Mussa Sairami and shows reliability of the information available on this issue in “Tarih-i amniya”.

### Е.Ә. Керімбаев

#### ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ НЕГІЗГІ БІРЛІКТЕРІ

Қытай тілінің фразеологиялық жүйесі туралы даулы мәселелер әліде толастамай келеді. Қытай фразеологизмдерін жинақтау басқа тілдерге қарағанда біршама ертерек басталғанымен, фразеологизмдерді классификациялау мәселесі теориялық жағынан бір жүйеге келтірілген жоқ.

Қытай тілінің бай фразеологиялық қоры әрқайсының өзіндік құрылымдық-семантикалық және функционалды-семантикалық ерекшелігі бар түрлі фразеологиялық бірліктерден құралған. Ұзақ уақыт бойы қытай тілінің алуан түрлі тұрақты сөз тіркестерін «чэнь юй» (成语) терминімен жалпы атау дәстүрі үстемдік құрып келді. Көптеген қытайлық және шетелдік тіл мамандарының еңбектерінде «чэнь юй» мәселесі жиі көтеріліп отырды. Бұл терминнің ауқымына фразеологиялық бірлік ретінде тек қана чэнь юйдің өзі ғана емес, сонымен қатар барлық тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, афоризмдер де сыйып келді.

Қытай тіл мамандарының фразеологияның оқитын объектісін анықтаудың, фразеологизмдерді классификациялаудың және осыған қатысты терминдерді біркелкілеудің маңызды екенін айтып келе жатқанына біраз уақыт болды. Алайда әлі де бір ізге түспеген мәселелер жетерлік.

1950 жылдардан бастап, жалпы тіл білімі ғылымында, қытай тілі фразеологиялық жүйесінің теориялық негізін жасау ісі қолға алына бастады. «Тіл мен әдебиет», «Тіл білімі», «Қытай филологиясы» журналдарында қытай тілінің тұрақты тіркестер қорындағы чэнь юйлер, мақал-мәтелдер, афоризмдер, се хоу юй - астарлы тіркестер жайлы мақалалар жарық көрді. Осы кезден бастап қытай тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін бір-бірінен айыру және чэнь юйді басқа фразеологиялық бірліктердің түрлерінен бөліп қарастыру тенденциясы байқалды [3, 10-11].



Бүгінгі таңда қытай тілі фразеологиясында «шу юй» (熟语) терминінің ауқымына кіретін төрт-бес фразеологиялық бірлікті бөліп қарастыруға болады. Фразеологизмдер құрылымдық-семантикалық ерекшелігіне қарап емес, әсілі олардың шығуына және стилистикалық ерекшелігіне қарап классификацияланса керек. Осылайша қытай тілінің маманы Ма Гофан қытай тіліндегі фразеологиялық бірліктің бес түрін бөліп көрсетеді: 1) Чэнь юй (成语) - идиома; 2) Янь юй (谚语) - мақал; 3) Се хоу юй (歇后语) - астарлы сөздер; 4) Гуань юн юй (惯用语) - қалыптасқан сөздер; 5) Су юй (俗语) – мәтел.

Ма Гофанның ертеректегі еңбектерінде «янь юй» (谚语) термині мақал-мәтелдерге қатысты қолданылып, ал «су юй» (俗语) термині «халық сөздері» деген атаумен мақал-мәтелдерді, астарлы сөздерді, қалыптасқан тіркестерді қамтыған тұрақты сөз тіркестерінің үлкен бір бөлігіне, яғни әдеби тілге қатысы жоқ, халықтың ауызекі тілінде қалыптасқан тұрақты сөз тіркестеріне қатысты қолданылды.

Қытайдың тағы бір лингвист маманы Ван Дычун, қытай тілінің 5 түрлі фразеологиялық бірлігін атап көрсете отырып, оларға афоризмдер мен қанатты сөздерді (格言和警句) қосады, ал мәтел (俗语) мен қалыптасқан тіркестерді (惯用语) бір қатарға біріктіреді [2, 17]. Мақалада Ма Гофанның классификациясына сүйенеміз.

Чэнь юйлер - қытай тілі тұрақты сөз тіркестері жүйесінің шығу тегі жағынан ең көп, қолданылуы жағынан ең универсал түрі. Қытай тілінде чэнь юйлердің үш компоненттен бастап он алты компонентке дейінгі формалары кездеседі.

«Қазіргі қытай тілі сөздігінде» чэнь юйлерге мынандай түсіндірме беріледі: «чэнь юйлер - халық бұрыннан даяр қалпында қолданатын, формасы шағын, бейнелеу мәнерлігі терең, тұрақты формалы тіркес немесе қысқа сөйлем» [2, 18].

Чэнь юйлердің шығуы тарих қойнауына кетеді. Чэнь юйлердің негізгі қайнар көзі классикалық канондар, философиялық трактаттар, тарихнамалар, әдеби шығармаларды қамтитын қытайдың классикалық әдебиеті болып табылады. Қытай лингвист мамандары чэнь юйлердің қайнар көздеріне тарихи және философиялық эпсаналарды, аңыздар мен мифтерді, қанатты сөздер мен афоризмдерді, мақал-мәтелдерді және басқа тілдерден енген тұрақты сөз тіркестерін де жатқызады.

Мысалы, 图穷匕见 *tu qiong bi xian* «картаны ашқанда, қанжар шықты» чэнь юйінің дерек көзі ретінде Жан гуо (б.з.д. 453-221 ж.) «Соғысушы патшалықтар саясаты» (战国策) және Сы Мачиеннің «Тарихи жазбалар» (史记) атты жазба ескерткіштері аталады.

Сы Мачиен «Тарихи жазбаларында»: «秦王发图, 图穷而七首见» -

«Чин билеушісі оралған картаны жазған кезде ішінен қанжар шыға келді» деп жазған. Уақыт өте келе бұл фраза төрт сөзге дейін қысқарып, «ақиқат ерте ме, кеш пе белгілі болады, ақиқатты бұдан ары жасыру мүмкін емес» деген мағынаны беретін *чэнь юйге* айналған.

Көптеген *чэнь юйлердің* негізінде философиялық эпсаналар жатыр. Мысалы, *拔苗助长 ba miao zhu zhang* «енді шыққан балаусаны төбесінен тарту, қолдан өсуге көмектесу». Кейін келе *拔苗助长 ba miao zhu zhang* деген *чэнь юйге* айналған бұл тұрақты сөз тіркесі «артық қылам деп, тыртық қылу, бас алам деп, шаш алу» деген мағынада қолданылатын болған.

*Чэнь юйлердің* тағы бір қайнар көзі – аңыздар мен мифтер. Қытайдың әлемді жарату туралы, яғни Пангу туралы мифі *开天辟地 kai tian pi di* «жерді жарату, аспанды жарату» деген *чэнь юйдің* шығуына негіз болған. Қазір бұл *чэнь юй* «тарихта алғаш рет, бұған дейін болмаған» деген мағынаға ие.

Қытайдың канондық әдебиеті, оның ішінде жалпы қытай әдебиетінің бастауы болып есептелетін «Шицзин» (*诗经*) қытай *чэнь юйлерінің* маңызды қайнар көздерінің бірі. Мысалы: *巧言如簧 qiao yan ru huang* (тікелей аударсақ «хуаң аспабындай әдемі естілетін сөздер» дегенді білдіреді) мағынасы «тілі майда, сөздері майдай жағады, аузын ашса көмейінен бұлбұл сайрайды» деген мағынаны білдіретін және *明哲保身 ming zhe bao shen* (тікелей аударғанда «дана адам алдымен өзіне сақ болады» дегенді білдіреді) «сақтансаң сақтаймын, алдымен өзіңе сақ бол» дегенді білдіретін *чэнь юйлер* «Шицзиннің» өлең жолдарынан алынған.

Көптеген *чэнь юйлердің* шығуына будда ілімінің философиялық және діни тағылымдары ықпал еткен [2, 21]. Бұған *三生有幸 San sheng you xing* (тікелей аударғанда «үш өмірде бақытқа ие» дегенді білдіреді) - «кез-келген адам аңсайтын, бірақ қол жеткізу өте қиын» деген *чэнь юйді* мысалға келтіруге болады.

Будда ілімінде «үш өмір» деп адамзаттың өткен, осы және болашақ өмірін айтады. Егер де бір адам осы үш өмірінде де будда ілімін игеріп, соны өмірінің негізі етіп алса онда ол адам үш өмірінде де бақытты дегенді білдіреді. Алайда, бұл жол оңайлықпен жүріп өте салатын жол емес, өте ауыр жол, ақиқатқа жету үшін адам өз нәпсісімен орасан күреске түсуі керек дегенді білдіреді.

Көптеген *чэнь юйлер* әдеби шығармаларда кездесетін немесе ұрпақтан ұрпаққа ауызба-ауыз беріліп отырған ежелгі Қытайдың ауызекі тіл үлгісінен жеткен. Мысалы: (*井水不犯河水 jing shui bu fan he shui*) (тікелей аударғанда «құдықтағы су өзен суына зиян келтірмейді» дегенді білдіреді) «әркім өз жолымен, ешкім ешкімге кедергі келтірмейді, ешкім ешкімнің жолында тұрған жоқ» деген *чэнь юй* Қытайдың классикалық романы «Қы-

зыл сарай түсінен», (指手画脚) *zhi shou hua jiao* (тікелей аударғанда «қолымен көрсетіп, аяғымен жазу» дегенді білдіреді) «оңды-солды қол сермеп, оңды-солды бұйрық беру» деген *чэнь юй* «Су иірімдері» романынан алынған.

Кейбір *чэнь юйлердің* шығу тамыры мақалдарға барып тіреледі. Мысалы: (本性难移) *ben xing nan yi* «қанмен берілген мінез-құлықты өзгерту қиын» деген *чэнь юй*, (江山易改, 本性难移) *jiang shan yi gai, ben xing nan yi* «өзеннің арнасын өзгерту оңай, адамның мінезін өзгерту қиын» деген мақалдың қысқартылған түрі.

Қытай халқының материалдық тұрмысы мен рухани өмірінің кең аясын қамтыған фразеологизмдердің ерекше түрі – астарлы сөздер - 歇后语 - *се хоу юй*. Қытай тіліндегі фразеологизмдердің бұл түрі Қытайдың тарихы, мәдениеті, этикасы мен эстетикасы жайлы мол мағлұмат береді. *Се хоу юй* өзінің алғашқы қалпын және жарқын ұлттық бояуын қазіргі күнге дейін сақтап жеткізді.

*Се хоу юй* – қытай тіліне ғана тән тілдегі феномендік құбылыс. Қытай-тибет тілдер тобына кіретін бірқатар тілдердегі бұл тәріздес тіркестер негізінен қытай тілінен енген және семантикалық өңі жағынан айтарлықтай өзгеріске ұшырай қоймаған [2, 129]. *Се хоу юй* – мазмұны бай, тақырып таңдау аясы өте кең, кең мағынадағы тұрақты тіркестердің қысқарған түрі. Олар халықтың өмірін жан -жақты бейнелейді.

歇后语- «*се хоу юй*» терминін сөзбе-сөз қытай тілінен аударсақ, «дема-лыс, үзіліс жасап барып сөйлеу» дегенді білдіреді. «Қытайша – орысша сөздікте» бұл сөзге «недомолвка, намек, недосказанное выражение» деген аударма берілген.

*Се хоу юйдің* мағыналық, құрылымдық, әсіресе прагматикалық ерекшеліктерін ескере отырып тұрақты тіркестің бұл түріне қазақ тілінде «астарлы сөз» деп атау беруге болады. *Се хоу юйлерді* орыс қытайтанушылары ішінде ең алғаш зерттеген Михаил Григорьевич Прядохин болатын. Ғалым «Китайские недоговорки - иносказания» деген еңбегінде астарлы сөздерге семантикалық болмысы және грамматикалық құрылымы жағынан біршама толыққанды сипаттама берген.

*Се хоу юйдің* мынадай негізгі ерекшеліктерін атауға болады:

1) Қолданғанда, астарлы мағына сөздің артында тасалануы мүмкін. Мысалға, 围棋盘里下象棋 Сөзбе-сөз аудармасы: «Дойбы тактайында шахмат ойнау», яғни дұрыс емес жолды таңдау, қате тәсіл деген мағына береді.

«Қытай энциклопедиясының» тіл және жазу бөлімінде *се хоу юйге* төмендегідей анықтама берілген: «Сөйлеу барысында жиі қолданылатын

сөз тіркестерінің бір сөзі немесе жарты сөйлемі әдейі қысқару арқылы жасалған әзілдік сипаттағы сөздер». Әдетте екі түрге бөлінеді:

1) Әуелгі мағыналы *се хоу юй*. Ол *чэнь юйдің* соңындағы бір сөзді қысқартып айту арқылы жасалады, *缩脚语* (қысқартылған сөз) деп те аталады. Мысал ретінде *金瓶梅* шығармасындағы Ваң келіншектің сөзінен бір үзінді келтірсек: «Сенің үйіндегі бесінші балаңның *秋胡戏* – і». Мұнда *妻* (жұбай) сөзі қысқартылған, себебі *秋胡戏妻* деген күллі қытай халқы үшін ең танымал әңгіме, опера.

«Қазіргі заманғы қытай тілі сөздігінде» *се хоу юйге* мынадай түсіндірме берілген: «*Се хоу юй* екі бөліктен тұрады. Оның бірінші бөлігі мегзеу, яғни жұмбақ секілді, ал екінші бөлігі сол жұмбаққа түсіндірме, демек жұмбақтың шешуі секілді болып келеді. Мысалы, *寒天吃冷水 – 点点在心头*. Сөзбе-сөз: «Аязды күні суық су ішу - өз дерті өз ішінде». Қазақша баламасы: «Ақымақ жауынды күні суға түсер».

Стилист Чжан Гуи *«Се хоу юйдің* ғасырмен тілдесуі» деген еңбегінде астарлы тіркестің стильдік қолданысын айтып, көркем әдебиеттің құралы ретіндегі болмысына басты назар аударды. Чжан Гуи *се хоу юйді* екі бөліктен тұратын тұрақты тіркес деп, оның бірінші бөлігі образды түрде мегзеу, ал екінші бөлігі сол образды мегзеудің мәнін ашатын тұрақты тіркес деп мінездеме береді [13, 12].

*Се хоу юй* – халықтың тұрмыс салтының, әдет-ғұрпының, мінез-құлқының, өмір сүру ортасының, тұрмыс-тіршілігінің, экономикалық және саяси көзқарастары мен өзгерістерінің айнасы десек қателеспейміз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қытайлық лингвистердің арасында мақал-мәтелдерге қатысты ортақ пікір жоқ. Содан барып халық аузындағы даналық сөздерге қатысты тұрақты термин жоқ.

Қытай тіл мамандары халық аузындағы тұрақты сөз тіркестерін «*су юй*» (俗语) терминімен (тікелей аударғанда «қарапайым, күнделікті тілдегі сөздер, халық аузындағы сөздер» деген мағынаға саяды) жалпы атап жүр. Қытайдың атақты фразеологы Вэн Дуанчжен «*су юйға*» (俗语) «халық аузындағы тұрақты сөздер» деп фразеологизмдердің үш түрін жатқызады [2, 17], яғни, 1) 谚语 - *yan yu* – мақалдар - тәрбиелік мәні бар фразеологиялық бірлік; 2) 习惯用语 - *xi guan yong yu* - «калыптасқан тіркестер» - тілдік бейнелеу қасиетіне ие фразеологиялық бірлік; 3) 歇后语 - *xie hou yu* - «астарлы сөздер» - екі бөліктен тұратын, ойды астарлап жеткізетін фразеологиялық бірлік;

Тағы да «*су юй*» термині тек қана мәтелдерді білдіреді деген көзқарас

та бар. Алайда бұл жерде көп тілдерде мақал мен мәтелдің арасында белгілі бір айырмашылық жоқ екенін ескеру керек. Қытай тілінде де солай. Кейбір тұрақты сөз тіркестерін мақалға да, мәтелге де жатқызуға болады.

Біз де бұл мақалада мақал-мәтелдерді «янь юй» терминімен жалпы атап отырмыз. Өйткені олар құрылымы жағынан да, мағыналық мәні жағынан да басқа тұрақты сөз тіркестерінен айырмашылығы үлкен. Және де ең үлкен ерекшелігі оның тәлімдік, тәрбиелік мағынаға ие болуында.

Қытай мақал-мәтелдерінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Олар тіл пайда болып, адамдар бір-бірімен тілдің көмегімен қарым-қатынасқа түскенде, бірақ жазу-сызу әлі пайда болмаған кезде-ақ пайда бола бастаған. Жазудың шығуымен адамдар мақал-мәтелдерді жазып, қағаз бетіне түсіре бастады. Бүгінгі таңда біз «Ицзин», «Мыңзы», «Цзочжуан», «Гуоүй», «Чжан гуоцы», «Шицзин» сияқты ежелгі Қытайдың әдеби ескерткіштерінен көптеген мақал-мәтелдерді кездестіре аламыз. Суң дәуірі кезінде мақал-мәтелдердің алғашқы жинағы жарық көрген. Чин дәуірі кезінде Ду Вынлан құрастырған «Ежелгі халық әндері мен мақал-мәтелдері» деп аталатын жинақ бүгінгі күнге дейін ең үлкен мақал-мәтелдер сөздігі болып есептеледі. Бұл жинақта ескі әдеби деректерде кездесетін ежелгі дәуірден Мин патшалығына дейінгі кезеңде шыққан барлық мақал-мәтелдер қамтылған [2, 37].

Қытай мақал-мәтелдері басқа тілдердегі сияқты халықтың бүкіл өмірлік тәжірбиесін бойына жинақтаған даналықтың айнасы іспеттес. Мақал-мәтелдер тарихи оқиғаларды, ежелгі тұрмыс-тіршілікті, қоғамдық және от-басылық өмірді, діни наным-сенімдерін, адамдық қарым-қатынастарды, табиғат пен адамның арасындағы байланысты, өндірістік, шығармашылық құндылықтарды бойына жинаған керемет құбылыс болып табылады.

Қытай фразеологизмдерінің үлкен бөлігін құрайтын тағы бір категория - «қалыптасқан тіркестер» - 习惯用语 *Си гуань юн юй*. Тікелей аударсақ, «әдетке айналған сөздер» дегенді білдіреді.

Фразеологизмнің бұл түрі өзінің тұрақтылығымен, тұтас бір мағынаға иелігімен, эмоционалды-экспрессивті ойды барынша қысқа, барынша бейнелі жеткізуімен ерекшеленеді. Қытай тілінде қолдану жиілігімен тек қана *чэнь юйге* жол беретін, бұрыннан қолданылып келе жатқан *гуань юн юй* тіл мамандарының назарына кейінгі кезде ғана ілініп, қызығушылық туғызып отыр. 1949 жылға дейін Қытайда арнайы *гуань юн юйді* зерттеп жазған бірде-бір ғылыми-зерттеу еңбегі болмаған. Тіпті осы терминнің өзі кейін келе, XX ғасырдың алпысыншы жылдары ғана пайда болды. Онда да болса алғашқы кезде үш иероглифтен құралған фразеологизмдерді меңзеді [13, 42]. Мысалы: 炒冷饭 *chao leng fan* «Өткен ескі нәрсені мыжу» (тура аудармасы: «Суып қалған тамақты қайта қуыру»)

碰钉子 *peng ding zi* «Жолы болмау, шекесі тию» (тура аудармасы:

«Шегеге ұрыну, шегеге соқтығысу»)

交白卷 *jiao bai juan* «Емтиханнан құлау» (тура аудармасы: «Орама қағазды таза өткізу»).

Мұндай тұрақты сөз тіркестері қарапайым халықтың күнделікті ауызекі тіліндегі қарапайым тіркестер деп қабылданып, фразеологизмдердің бір түрі деп есептелмеді. Тек қана бертін келе тұрақты сөз тіркестерінің бұл түрі 谚语 *яньюй*, 歇后语 *се хоу юй*, 成语 *чэнь юйден* бөлек қарастырылып зерттеле бастады.

Фразеологизмдер – бұл бізді қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды, тарихи және мәдени оқиғаларды, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі жағдайларды, адамның мінезіне, сезімдеріне, эмоциясына, артықшылықтары мен кемшіліктеріне қатысты кез келген ойды барынша қысқа, барынша түсінікті, барынша әдемі жеткізуге болатын тамаша мүмкіндік.

Фразеологизмдер – бұл халық даналығы, халық тапқырлығы, халықтың риясыз, ұтымды әзілі. 2004 жылы ҚХР-ның Білім комитеті жоғарғы оқу орындарына түсу үшін тапсырылатын тестерге қытай тілінің барлық фразеологиялық бірліктері қамтылған сұрақтарды енгізу туралы арнайы шешім шығарды. Барлық баспа және электронды ақпарат құралдарында болашақ талапкерлерге көмек ретінде қытай тіліндегі фразеологизмдерге арналған мақалалар, көмекші құралдар, тестер мен тұрақты сөз тіркестерінің жинақтары жарық көре бастады [2, 15].

Тіл мәселесіне қатысты бұндай әрекет міндетті түрде тілге деген, атап айтсақ, қытай тіліндегі фразеологизмдерге деген қызығушылықты одан сайын арттырса керек.

\*\*\*

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. -Алматы; «Санат», 1993.-496 бет.
2. Войцехович И.В. Практическая фразеология современного китайского языка. –Москва: Восток-Запад, 2007. 509 с.
3. Дәулетова Ф.Н. Лингвомәдениеттану: қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы фразеологиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2000.-180 бет.
4. Даулетова Ф.Н. Китай: мифы и реальность.- Алматы: Жизнь, 2005.-260 с.
5. Малявин В.В. Китайская цивилизация. –Москва: Астрель. АСТ, 2001. 632 с.
6. И Биң Юн. Жемчужины китайского языка. 100 китайских идиом. -Санкт-Петербург: Карго, 2007. 208 с.
7. 徐宗才, 应俊玲. Chinese Idiomatic Phrases for Foreign Students, 外国人说熟语。 -北京语言大学出版社, 2001.
8. 陈建华. 汉语口语习惯用语教程。北京语言大学出版社, 2003.
9. 主编宋永培, 端木黎明. 汉语成语词典 (修订本) 四川辞书出版社, 1998.
10. 王世林, 谚语, 俗语, 歇后语, 名人名言辞典。吉林大学出版社, 2006.
11. Авакова Р., Дәулетова П. Қысқаша қытайша-қазақша фразеологиялық сөздік.- Алматы: Қағанат ҚС, 1998. -60 бет.

12. Кеңесбаев С.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1977.

13. Кожевников И.Р. Словарь привычных выражений современного китайского языка. –Москва: Восток-Запад, 2005. -333 с.

\*\*\*

В данной статье рассматривается классификация основных разрядов фразеологических единиц китайского языка с точки зрения лингвистической науки.

\*\*\*

This article discusses the classification of the main categories of Chinese idioms in terms of linguistic science.

**Д.М. Кокеева, Д. Ембергенова**

## ХИНДИ ТІЛІН РЕСМИ ТІЛ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

Үндістанда тіл мәселесі ондағы түрлі этникалық және мәдени ерекшеліктерге, географиялық және тарихи факторларға байланысты қашанда белгілі бір дәрежедегі күрделі әрі өзекті мәселе болып саналғандықтан әр түрлі тілдік ұжымдар өкілдері тіл мәселесін өз мүддесіне қарай шешуді көздейді. Үндістан тұрғындары нәсілдік және этникалық қатынастар бойынша сан алуандығымен ерекшеленеді. Сан ғасырлық тарихи дамулар барысында мәдениеті әр түрлі халықтар мен этностар бір мемлекет аясында шоғырланған. Сондықтан Үндістанның лингвистикалық картасы түрлі қанық бояудағы картина іспеттес. Әр түрлі тектегі тілдерге жататын (индоарий, дравид, аустроазиат, қытай-тибет т.б. тілдер) Үндістан территориясына таралған тілдер типологиялық және генетикалық тұрғыдан сан алуан. 1971 жылғы санақ бойынша бұл елде 281 тіл қолданылады. Олардың әрқайсысында шамамен 5000 адам сөйлейді. Айталық, төмендегі кестеге назар аударсақ:

Сөйлейтіндер саны	Тілдер саны
5000 нан 10000 ға дейін	60
10000 нан 100000 ға дейін	139
100000 нан аса адам	82

Үндістанның территориясында сандық жағынан көрсетілген ірі тілдерден басқа майда тілдер, тілдік диалектілер де көптеп кездесетіндіктен, тілдік диалектілерді қолданып сөйлейтін үлкен және кіші топты халық алыс шалғайдағы тауларды, жазықтарды мекендейді. Осы тілдердің барлығының жиынтығы бұл елдің тілінің көп түрлілігін көрсетеді. Үндістан

лингвистикалық қағидалар бойынша құрылған өзін-өзі басқаратын 28 штаттан және орталыққа бағынатын 7 одақтас аймақтан тұратын штаттар одағы, федерациялық мемлекет болып табылады. Дели мен Пондишеридің жеке заңнамалық ассамблеялары бар әрі штаттар үлкен өкілеттіктерге ие.

*Штаттар:* Андхра-Прадеш, Аруначал-Прадеш, Ассам, Бихар, Чхаттисгарх, Гоа, Гуджарат, Харьяна, Химачал-Прадеш, Джамму және Кашмир, Джаркханд, Карнатака, Керала, Мадхья-Прадеш, Махараштра, Манипур, Мегхалайя, Мизорам, Нагаланд, Орисса, Пенджаб, Раджастхан, Сикким, Тамилнад, Трипура, Уттаракханд, Уттар-Прадеш, батыс Бенгалия, Дели – ұлттық астана аймағы (ҰАА).

*Одақтас аймақтар:* Андаман және Никобар аралдары, Чандигарх, Дадра және Нагар, Хавели, Даман және Диу, Лакшадвип және Пондичерри. Аталмыш штаттар мен одақтас аймақтардың хинди тілінен ерекшеленіп, кей жағдайда оқшауланып тұратын өз диалектілері бар. Сондықтан үнді тілдерін туыстық жақтарын топтастыру барысында 1991 жылы санақ жүргізілді. Ол бойынша үнді елінде 4 туыстас тіл (индоарий, дравид, австрал-азиат және тибет-бирман) қатарына жататын 216 тіл бар екені анықталды (олардың әрқайсысымен 10 мыңнан аса адам сөйлейді және ол тұрғындардың 99% құрайды). Ең көп таралған тілдер қатарына хинди тілін халықтың 40%, бенгали – 8,2%, телугу – 7,8%, маратхи – 7,4 жатқызуға болады.

Кең таралған тілдер қатарына урду, телугу, тамиль, бихари, гуджарати, канари тілдері енеді. Хинди тілі қолданыс аясы өте кең тіл болып табылады. 450 млн адам хинди тілінде сөйлейді. Нақтырақ айтсақ, Үндістанның солтүстігіндегі 7 штаттың тұрғындары хинди тілін қолданады. Бұл осындай алпауыт мемлекеттің жалпы тұрғындарының 35% құрайды. Қазіргі таңда Үндістан БҰҰ-да хинди тіліне ресми тіл мәртебесін беру жөнінде мәселе көтеруде.

Қазір БҰҰ-ның ресми алты тілі бар: ағылшын, араб, қытай, испан, француз және орыс тілдері. Жетінші етіп хинди тілін енгізуді 1985 жылдан бері мәселе етіп қоюда. Бұл ұсыныс 2013 жылы өтетін БҰҰ конгресінде қаралмақ. Яғни, үнділер хиндиді тек өз шекарасында қолданумен ғана шектелгісі келмейді деген сөз.

Үндістандағы отаршылдардың тілі – ағылшын тілі. Ал Үндістанда тұрғылықты ұлттардың басымы – үнді өкілдері. Сондықтан да қазір бүкіл ел көлеміндегі негізгі мемлекеттік тіл – хинди тілі. Бірақ әр штаттың өз ресми тілі бар: Батыс Бенгалияда – бенгал, Махараштрада – маратхи, Андхра-Прадеште – телугу, Тамилнадта – тамил, Карнатакада – каннара, Кералада – малаялам, Ассамда – ассам тілі және т.с.с.

Хинди тілі елдегі осы 28 штаттың сан алуан халқын біріктіретін ортақ мемлекеттік тіл болып саналатындықтан, аталмыш тіл бүкіл ел көлемінде



оқытылып, үйретіледі. ХХ ғасырдың 60-70 жылдары үнді ұлтшылдары ағылшын тілінен мүлде бас тартып, тек бір ғана хинди тілін мемлекеттік етуді ұсынғанда, оған бенгал, маратхи, телугу және т.б. халықтар үзілді-кесілді қарсы шыққандықтан, ағылшын тілі Үндістандағы ресми тілдің бірі есебінде өз маңызын сақтап қалған. Ел Конституциясында оның (ағылшын тілінің) қызметі «көмекші ұлтаралық қатынас тілі» деп көрсетілгендіктен, экономика, банк, бизнес, білім салаларындағы іс қағаздары хинди тілімен қатар, ағылшын тілінде де жүргізіліп келеді.

Қазір Үндістанның мемлекеттік мектептерінде ағылшын тілі тек шет тілі ретінде ғана оқытылады. Ал жекеменшік білім ордаларында (елдегі бүкіл мектептердің жартысына жуығын құрайды) ағылшын тіліне айрықша басымдық беріледі. Демек, ағылшын тілінің Үндістандағы қазіргі орны, маңызы бөлек. Бірақ бұл үнділер өз тілдерін ұмытты, хиндиден және тағы басқа тілдерінен бас тартты деген ұғымды білдірмейді.

Біріншіден, үнділер – әлемдегі өз діліне, тіліне, салт-дәстүріне ең адал ұлттардың бірі. Екіншіден, олардың сан жағынан көптігінің өзі тілге төнер қауіптің жоқтығын аңғартады. Мәселен, бенгалдар Үндістанда 110 млн асады, бұған қоса, осы елден кейін бөлініп шыққан Бангладеште 152 млн. Телугулер 88 млн, маратхилер 80 млн, тамилдер 77 млн каннаралықтар 50 млн, гуджараттар 46 млн, малаяламдар 35 млн, пенжабтар 30 млн Әлем тілдерінің «Ethnologie» атты анықтамалығына жүгінсек, бұлардың бәрі – өз тілдерінде сөйлейтін ұлттар. Және бәрінің сан ғасырлардан бері келе жатқан төл әліпбилері сол күйі сақталған. Үнді елінде бір жылда шығарылатын 800-дей кинофильмнің 500 жуығы үнді елінің салт-дәстүрін, тілін әлемге танытқан төл өнері десек артық болмас.

Алайда Үндістан үкіметі хинди тілін алдыңғы қатардағы тіл етуге, ағылшын тілін екінші орынға ығыстыруға тырысады. Бұл әзірге нәтиже бермей келеді. Себебі хинди тілімен ортақтығы жоқ басқа тілдер көп. Ал ағылшын тілін тұрғылықты халықтың басым көпшілігі түсінеді, сондықтан ағылшын тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып отыр.

Хинди тілі үнді өкілдерінің арғы бабаларының тілі санскрит, үндіарий тілі негізінде пайда болған. Санскрит тілі - өте бай тіл. Санскрит тілінде бүгінгі күнге дейін жеткен ежелгі поэзия, сондай-ақ «Рамайна», «Махабхарата» сияқты әйгілі шығармалар жазылған.

Көптеген жылдар бойы шет елге тәуелді болған үнді халқы үшін 1947 жылдың 15 тамызы азаттықтың ақ таңы болды. Жаңа заман орнап, тәуелсіздікке қолдары жетті. Отаршылдықтан азат болған елдің алдында үміт-армандармен қатар, жаңа мәселелер бой көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда кезек күттірмейтін мәселелер күн тәртібінде тұрды. Үнді конституциясының авторлары аса маңызды мәселе – елдегі ортақ тіл мәселесін шешуге

тырысты. 1949 жылы 12-14 қыркүйекте өткен құрылтайшылар жиналысында ресми тіл жөніндегі сұрақ талқыланды. Бұл құрылтай отырысында ең көп талқыланған мәселе болды. Ресми тілді қалыптастыруға төмендегідей өлшем бірліктер қажет деп табылды:

- ✓ тіл тұрғылықты халықтың тілі болуы керек;
- ✓ тіл көпшіліктің қарым-қатынас тілі және саяси қолдау жасалатын тіл болуы шарт;
- ✓ тіл елдің мектептері мен оқу орындарында оқытылуы керек;
- ✓ тілдің бай әдеби қоры, сол тілде халықтың салт-дәстүрі мен ұлттық мұрасы болуы қажет;
- ✓ Ол тілдің жазуы мен баспаға лайықты мүмкіндігі болуы керек.

Ресми тілге қатысты 343-351 баптар Үнді конституциясының XVII бөліміне енгізілді. Олар 4 тарауға жіктелді:

1. Одақтың ресми тілі,
2. Жергілікті тіл,
3. Жоғарғы сотта қолданылатын тіл,
4. Арнайы директивтер.

Құрылтайда 343 бап аса қызу талқыға түсті. Жобалық комитет ұсынған редакциясында бұл бап төмендегі 4 ережеден құрылды:

1. Үнді одағының жалпы тілі деп хинди тілі жарияланды;
2. Хинди тілі деванагари графикасында қолданылуы керек.
3. ресми қолданыста сандарды халықаралық стандартта жазу керек;
4. Конституция күшіне енгізілгенге дейін ағылшын тілі ресми дәрежеде қалай қолданылса, одан кейін де 15 жылға дейін ағылшын тілі ресми мақсатта қолданыла береді делінген.

Жоғарыда көрсетілген 4 ереженің соңғы екеуі қатты сынға ұшырады. Ал ресми тіл мәртебесіне Үнді одағының 5 тілі үміткер болды: ағылшын, хинди, хиндустани, санскрит және бенгали тілдері.

Конституцияның жобасын әзірлеуге қатысқан Н.Гопаласками Аянгар ағылшын тілі жайлы: «ағылшын тілінде біз өз бостандығымыз үшін күрестік және оған қол жеткіздік» десе [1, 131] Назируддин Ахмад (батыс Бенгалия, мұсылман) ағылшын тілі ұлтаралық тіл деп оны сақтауға шақырды. Н.Ахмад Жапония ағылшын тілі арқылы Англия, Америка елінің ғылымы мен техникасы, мәдениетімен танысқанын өз ұстанымына дәлел ретінде келтірді. Оның ойынша, мұндай шаралар жағымсыз, алайда қажеттілік [2, 137].

Ағылшын тілі өркениет пен ғылымға жол ашатын, жаңалыққа жеткізетін тіл ретінде бағаланды. Үнді зиялы қауымы біздің өзіміздің төл тіліміз болуы қажет, ал ағылшын тілі қоғам үшін маңызды тілдердің бірі болып қала береді деген пікір айтты.

Үндістандағы жергілікті халықтың басым бөлігі сөйлейтін хинди тілі

жөнінде ориссалық Б.Дас Үндістанда ресми тіл рөліне ең лайық тіл хинди тілі болғандықтан, Конституцияда ресми тіл ретінде хинди тілі бірауыздан қабылдануын мақұлдады.

Ресми мәртебе беру хинди мен урду тілдерінің арасындағы айырмашылықты жоюға себін тигізген хиндустани тілі Үндістанның көптеген аумағында таралған. Елдің ресми тілі сол елді басқарудың тиімді құралы болуымен қатар таңдап алынған ресми тілдің заңнамалық құжаттарды, сот ісін жүргізу мен атқару салаларына қажетті терминологиясы болуы керек. Үндістан тәуелсіздігін алған соң, онда іс жүргізу саласы, әсіресе жоғары деңгейдегі іс-қағаздары ағылшын тілінде іске асырылды. Үндістанның басқару саласында хинди тіліне қарағанда, ағылшын тілі әлде қайда дамыған тіл ретінде артықшылығы болды. Есте сақтайтын жайт тіл кеңінен белсенді түрде пайдаланылып, жүзеге асса ғана дамиды. Үндістанның кейбір штаттарында іс қағаздарын жүргізу хинди тілінде жүзеге асырылып отырса да, үнді даласындағы мемлекеттік әрі ресми ретінде танылған хинди тілінің дамуы ағылшын тілінен төмен болуының себебі оның қолданылу аясының тар болуынан да көреміз. Соңғы уақыттарда Уттар Прадеш штатында заңнамалық актілердің алғашқы мәтіндері хинди тілінде әзірленген және ол конституция қабылданғалы бері ресми тіл болып бекітілген. Терминалогияны жасауға жалпы ұлттық даму барысында ерекше көңіл бөлінді.

Жалпы үнді тілдерінің заңнамалық, философия, психология, математика сияқты ілім салалары бойынша терминалогиялық қоры отаршылдыққа дейінгі кезеңде де мол болды. Ағылшын тілі және әлемнің басқа тілдеріндегі көптеген терминдер хинди тілінен енген. Бұған дәлел үлкен «Оксфорд» сөздігі. Онда ағылшын тілінің лексикалық қорында үнді кірме сөздерінің үлес салмағы едәуір. Сөздікте 900-ге жуық үнді тілінің төл сөздері және мыңдаған туынды сөздері бар [3, 59.] Қазіргі күнгі хинди тілінің жағдайы оның ресми тіл болуына кепіл бола алады. Себебі оның терминологиялық қоры дамыды. Хинди тілі әлемдегі кез-келген дамыған тіл қатарынан табылуы үшін төмендегі мәселелерге шек қоймауы қажет.

1. Тіл тазалығы доктринасын қабылдамау керек. Үнді тілі қоғамның барлық деңгейіндегі сөздерді шығу төркініне қарамастан қабылдау керек.
2. Термин жасамда тілдің ішкі сөз байлығын пайдалану мүмкіндігін зерттеу.
3. Хинди тіліне терминдер қабылдауға ұмтылу.

Ресми тіл мәселесі халықтың экономикалық өмірімен тығыз байланысты. 1947 жылға дейін хинди тілінің мемлекеттік мекемелерде экономикалық және әлеуметтік артықшылықтары болған жоқ. Қазіргі уақытта ғылым мен техникадағы кез келген жетістік тіл арқылы көрініс табады.

1. Shiva Rao B. Framing the India s Constitution. A Study. – New Delhi, 1968
2. Naziruddin A. Report of the Official language Commission 1955-1956. – New Delhi, 1957.
3. Shyam Chandra Kapoor. Hindi sahitya ka itihās. – New Delhi-2: «Granth Akademi», 1986
4. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті: Оқулық. – Алматы: «Зият Пресс», 2004.

\*\*\*

В статье рассматриваются меры по формированию языка хинди как официального языка в Индии, а также роль языка, и широко раскрывается процесс его развития. Из-за разных этнических и культурных особенностей, исторических и географических факторов вопрос языка в Индии всегда считался одним из сложнейших проблем. В соответствии с этим в данной статье рассматриваются вопросы о повышении статуса языка хинди в общественной жизни, обсуждаются меры по усилению формирования хинди как официального языка.

\*\*\*

The problem of improving Hindi as an official language is considered in this article. It also speaks about the status and growing importance of Hindi language in India. Language issue will always remain as one of the most difficult matters regarding to the different ethnics and cultural differences, geographical and historical factors in India. According to that upgrading the status of Hindi language in social life and number of efforts which was made to help language gain strength will be examined in the given work.

**Р.Е. Кудайбергенова**

## СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И ЮЖНОЙ КОРЕИ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ

Географическое положение и национальные интересы Республики Казахстан предполагают проведение многовекторной, или сбалансированной внешней политики. В практическом плане это означает взаимовыгодное сотрудничество со странами СНГ, ведущими странами Запада, Азии, Ближнего Востока. Причем, необходимо отметить возрастающую роль азиатского континента – экономическое развитие Азиатско-Тихоокеанского региона (АТР) идет самыми быстрыми в мире темпами. В связи с этим Республика Корея входит в число стран, отношения с которыми для Казахстана имеют характер стратегического партнерства [1].

Со дня обретения независимости и по настоящее время в отношениях Казахстана и Южной Кореи продолжается становление и развитие основных форм сотрудничества в области образования. В данном случае нормативно-правовой базой, определяющей формы, методы и содержание сот-

рудничества являются двусторонние соглашения, заключенные на уровне Правительств и министерств. Основным же документом, положившим начало формированию нормативно-правовой базы казахстанско-южнокорейских отношений, является «Декларация об основных принципах взаимоотношений и сотрудничества между Республикой Казахстан и Республикой Корея», подписанная в ходе визита Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в Сеул 15-18 мая 1995 г. В ходе этого важного дипломатического мероприятия были заключены Соглашения о культурном и научно-технологическом сотрудничестве.

В целях укрепления связей, установленных ранее в рамках Соглашения о культурном сотрудничестве, в ходе второго визита Президента Н.А. Назарбаева в Сеул в ноябре 2003 года была подписана «Программа между Министерством образования и науки Республики Казахстан и Министерством образования и развития человеческих ресурсов Республики Корея о сотрудничестве в области образования». Начиная с этого момента, двустороннее сотрудничество между Казахстаном и Южной Кореей осуществляется в рамках вышеназванной программы. Таким образом, на самом высшем уровне создана правовая база успешного взаимодействия двух стран в области образования.

Сотрудничество Казахстана и Южной Кореи носит многосторонний характер и охватывает субъекты всех уровней системы образования. Среди субъектов образовательной деятельности Казахстана основными факторами образовательного сотрудничества с Южной Кореей являются средние общеобразовательные и высшие учебные заведения. К основным формам сотрудничества вузов в области образования между двумя странами относятся:

- 1) участие в программах обмена студентами, аспирантами, докторантами, педагогическими и научными работниками;
- 2) проведение совместных научных конференций, симпозиумов, конгрессов и других мероприятий;
- 3) приглашение зарубежных преподавателей для прочтения тех или иных курсов, лекций (обмен лекционной деятельностью); работа корейских волонтеров;
- 4) участие в международных программах совершенствования высшего и послевузовского профессионального образования, в том числе по программе «Болашак»;
- 5) предоставление образовательных грантов и стипендий (в том числе, для материально-технического оснащения кафедр корейского языка).

К основным формам сотрудничества средних общеобразовательных учреждений Республики Казахстан в области образования с субъектами образовательной деятельности Республики Корея относятся:

- 1) материально-техническое оснащение классов корейского языка;
- 2) повышение квалификации учителей корейского языка;
- 3) предоставление стипендий школьникам, изучающим корейский язык (в том числе, по результатам проведения различных конкурсов на знание языка), и материальное поощрение учителей корейского языка;
- 4) работа корейских волонтеров;
- 5) взаимообмен учащимися.

Таким образом, казахстанско-корейское образовательное сотрудничество представлено как традиционными формами (проведение конференций, совместные исследования, публикации, языковые стажировки), так и относительно новыми, совсем недавно получившим признание в нашей стране (международные гранты, стипендии, спонсорская помощь).

По ряду причин, среди которых универсальность получаемых знаний, высокий уровень мобильности и др., сотрудничество в сфере высшего образования является наиболее развитым направлением двустороннего взаимодействия. Первые контакты между университетами были установлены еще в начале 1990-х годов, к этому времени относится открытие отделений корейского языка в ведущих казахстанских вузах. В конце 1990-х – начале 2000 годов сотрудничество выходит на новый этап развития, характеризующийся позитивными изменениями количественных и качественных показателей сотрудничества.

Знаменательным событием в истории взаимоотношений стало открытие в 2004 году в Корейском университете иностранных языков (Hanguk University of Foreign Studies, HUFSS) Кафедры языков Центральной Азии, где наряду с узбекским преподается казахский язык, а также история, культура, политика и экономика Казахстана [2].

Наиболее развитой формой взаимоотношений двух государств в сфере образования, как на начальном этапе, так и сегодня являются программы студенческого обмена. Именно с программ студенческой мобильности начиналось становление межвузовских связей Казахстана и Южной Кореи.

Традиционной формой обмена студентов казахстанских и южнокорейских вузов являются безвалютные программы одностороннего и двустороннего обмена. Программы двустороннего обмена осуществляются на основе безвалютного обмена студентами на условиях паритета (равного представительства сторон), главным образом, для включенного обучения на срок от одного триместра до года. Данные программы реализуются как на основе прямых университетских связей в основном вузами, где осуществляется подготовка специалистов со знанием корейского языка. Это КазНУ им. аль-Фараби, КазУМОиМЯ им. Абылайхана, КазНПУ им. Абая. Стоит отметить, что в КазНУ на базе факультета Востоковедения и в КазУМОиМЯ функционируют центры корееведения, в немалой степени

способствующие развитию корееведческой науки в Казахстане.

С переходом на кредитную систему обучения, которая предполагает активизацию академической мобильности, студенты получили возможность обучения за рубежом в рамках аккредитованных, валидированных, франчайзинговых программ, программ двойных и совместных дипломов. Так, сотрудничество КИМЭП и южнокорейских университетов осуществляется в рамках аккредитованных программ, согласно которым студенты КИМЭП могут на коммерческой основе (студент оплачивает самостоятельно) по своей специальности обучаться в любом корейском университете-партнере в течение определенного периода времени (обычно до 1 года), по их возвращении производится перезачет предметов, изучаемых в зарубежном вузе.

КазЭУ им. Т.Рыскулова и Университет Хосо осуществляют совместную подготовку магистрантов по Программе двойного диплома. Суть программы двойного диплома заключается в том, что студент, параллельно обучаясь по двум направлениям образовательных программ, получает не один, а два диплома. В то же время от всех участников процесса требуется полное согласование учебных планов и программ, одинаковые методы обучения, одинаковые оценки знаний студентов, взаимное признание результатов обучения, наличие общих структур управления программой и выдачи совместного диплома, высокая академическая мобильность студентов и преподавателей. Стоит отметить, что на пути реализации данных программ встречается немало сложностей, вызванных, в первую очередь необходимостью согласования учебных планов и программ. Существует, например, разница в количестве кредитов в цикле профилирующих дисциплин бакалавриата – в Южной Корее они составляют более 40% от общего числа, в ГОСО РК – 25%, то есть в структуре программ Южной Кореи большее внимание уделяется профессиональной подготовке [3]. Решению проблемы будет способствовать увеличение количества элективных дисциплин, что, например, было сделано в КазНУ им. аль-Фараби.

Продолжается сотрудничество по международной программе «Болашак». К сожалению, корейские университеты не пользуются такой популярностью как университеты США, Великобритании, России, стран ЕС, однако, тем не менее, очевидна тенденция увеличения спроса на получение образования со стороны казахстанских студентов. По нашему мнению, для развития данного направления сотрудничества в связи с его перспективностью, необходимо принять ряд мер. В первую очередь, по популяризации корейских университетов среди казахстанских студентов для обучения по таким актуальным для нашего государства специальностям, как машиностроение, приборостроение, информацион-

ные технологии, химическая промышленность, так как в данных отраслях Южная Корея общепризнано является одним из мировых лидеров. В связи с этим, предлагаем усилить совместную работу по популяризации Южной Кореи, корейского образования в Казахстане, и наоборот – Казахстана и образовательных возможностей, предоставляемых нашей страной в Республике Корея.

Говоря о сотрудничестве наших стран в области образования, нельзя не упомянуть о работе образовательных фондов Южной Кореи в Казахстане. Во всем мире гранты в той или иной форме поддерживают самые различные направления научной и образовательной деятельности. В Казахстане представлены такие фонды, как Кория Фаундейшн (Korea Foundation), Кория Ресерч Фаундейшн (Korea Research Foundation), Фонд зарубежных корейцев (Overseas Koreans Foundation), Академия корееведения. Данные фонды сотрудничают с казахстанскими учеными, а также научными и образовательными центрами по таким направлениям, как проведение научных конференций, публикация научных исследований, языковая стажировка преподавателей корейского языка, делегирование южнокорейских профессоров, материальная помощь кафедрам и отделениям корейского языка.

В Казахстане Корейский центр просвещения реализует следующие направления своей деятельности: преподавание корейского языка, серьезная материальная поддержка школ, вузов, в которых преподается корейский язык, оказание содействия учреждениям образования двух стран при обмене учащимися, проведение научно-образовательных и культурных мероприятий. В рамках Центра любой желающий совершенно бесплатно может выучить корейский язык, научиться играть на музыкальных инструментах, заняться тэквандо.

Большие заслуги в развитие казахстанско-южнокорейского сотрудничества принадлежат Корейскому Агентству Международного Сотрудничества (KOICA). KOICA было образовано в апреле 1991 года и является единственным правительственным агентством в Южной Корее, ответственным за субсидии и программы технического сотрудничества в развивающихся странах. В целях сотрудничества со странами-партнерами и развития возможностей для устойчивого развития KOICA делится опытом и навыками путем приглашения специалистов, исследователей и государственных служащих. Общее количество участников учебных программ к 2010 году составило более 600 человек (в среднем в год от 45 до 55 человек). Большую помощь в обучении корейскому языку на протяжении всего периода сотрудничества оказывали волонтеры KOICA, работавшие во многих наших городах. К сожалению, эта программа была завершена в 2011 г. в связи с сокращением финансирования со стороны Южной Кореи.



Безусловно, очень важно отметить тот факт, что Корейским агентством международного сотрудничества было реализовано несколько масштабных совместных проектов, в том числе и в сфере образования. Один из них -Корейско-казахстанский образовательный центр по информационно-коммуникационным технологиям на базе КазНТУ им. Сатпаева. Целью его является продвижение IT-индустрии в Казахстане. На строительство Центра и его оснащение корейской стороной было выделено 3 млн долларов [4].

Таким образом, на основе существующей положительной динамики развития взаимоотношений можно говорить о дальнейшем расширении и углублении образовательного сотрудничества. Новый импульс развитию двусторонних отношений придали визит Президента Ли Мен Бака в Казахстан в мае 2009 года и визит Президента Н.А. Назарбаева в Южную Корею в апреле прошлого года и провозглашение 2010 года – годом Казахстана в Корее и 2011 года – годом Кореи в Казахстане. В 2009 году главы наших государств объявили о начале новой стадии развития двустороннего сотрудничества – стратегического партнерства. Поэтому настало время реализации масштабных проектов, в том числе и в сфере образования. Так, к примеру, перспективным направлением сотрудничества является открытие совместного казахстанско-южнокорейского университета по примеру успешно функционирующих в республике Казахстанско-Британского и Казахстанско-Американского университетов, а также совместных средних школ по примеру казахско-турецких лицеев. Создание подобных учреждений положит начало реализации стратегии полиязычного образования, так как обучение может идти на четырех языках: казахском, корейском, английском и русском. Актуальным видится активизация взаимодействия в сфере подготовки кадров технического профиля в рамках высшего профессионального образования. Сотрудничество двух государств на данном этапе сконцентрировано в области энергетики, атомной промышленности, строительства, финансов. В связи с этим считаем актуальным утверждение государственного заказа в рамках той же программы «Болашак» на подготовку молодых специалистов в Южной Корее, к примеру, по вышеперечисленным направлениям с целью создания кадрового потенциала, участвующего в осуществлении совместных проектов. Эффективным для обеих сторон является сотрудничество в сфере профессионально-технического образования, на данный момент, к сожалению, не получившего должного развития.

Очевидно, что потенциал сотрудничества огромен. Важно на данном этапе не упустить время, а заняться составлением и реализацией совместных, стратегически важных как для Кореи, так и для Казахстана проектов в сфере образования и науки.

\*\*\*

- 1 Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. -Астана: Елорда, 2001. 552 с.
- 2 Сон Ён Хун. Корея білім беру жүйесіндегі Орта Азияны зерттеу материалдарына жалпы шолу// Известия корееведения в Центральной Азии. – 2007. - №6. – С.134-146
- 3 Ахметова Г.К., Паршина Г.Н. Стратегия образовательных инноваций: преемственность многоуровневого образования. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 186 с.
- 4 Текущий архив Корейского Агентства международного сотрудничества (KOICA)

\*\*\*

This article is devoted to principal methods and shapes of cooperation between the Republic of Kazakhstan and the Republic of Korea in the sphere of education. This sphere of relations is one of the most significant not only in development of Kazakhstan-Korea relations but in establishment of a new up-to-date education system in Kazakhstan as well. It says about main shapes of cooperation, such as signing of agreements on exchange of students, postgraduates and professors, holding of joint scientific conferences, awarding of educational grants by Korean educational funds, etc.

\*\*\*

Осы мақала негізгі әдістермен және ынтымақтастық пішіндерінің Қазақстан Республикасының және Корея Республикасының арасындағы шеңбер біліміне арналған. Аталған екі мемлекет арасындағы білім аумағы Қазақстан мен Корей мемлекеттерінің білім жүйелерінің дамуының ең маңызды бөлігі болып табылады. Мұнда Кореяның білім қорларымен ынтымақтастықтың басқа әдістерін қолдануға болады. Соның ішінде студенттермен алмасу, аспиранттармен оқытушылардың қатысуымен бірлескен ғылыми конференциялар өткізу.

**Э.Ж. Қансейітова, А. Тойгулиева**

## ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІНГІ ТУНИС ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Әр елдің халқы туралы болсын, әдебиеті туралы болсын сөз қозғағанда, ол елдің саяси жағдайы, тарихы туралы айтпаса болмайды. Әдебиет ел тарихының бір бөлігін құрайды да, ал әдебиетші сол қоғамның өсіп-қалыптасуына ықпал етуші, яғни мүшесі болып саналады. Қандай көзқараста болғанына қарамастан, әдебиетшіге елде болып жатқан оқиға үлкен ықпал етеді.

Араб әдебиеті, қай кезенді алып қарасақ та, сол уақыттағы оқиғамен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы: көне бәдәуи шайырларының

туындыларында сол уақыттағы қоғам құрылысы мен адам өмірі кеңінен орын алады, одан кейінгі орта ғасыр әдебиет өкілдерінің шығармаларында араб халифаты, жаулау, жорықтар т.б. суреттеледі. Одан кейінгі уақыттағы араб әдебиетіне де осындай жағдайлар тән.

Яғни, исламға дейін де, ислам тарағаннан кейін де, араб халифаты кезінде де, шейхтар басқарған уақытта да, біріккен араб мемлекеті құрылған соң да, Түркия билігі, ағылшындар мен француздар отаршылық еткен уақытта, яғни I дүниежүзілік соғыс кезінде де, араб халқына бостандық алып келген II дүниежүзілік соғыстан кейін де араб әдебиетінің осы оқиғалармен тығыз байланыста болуы жалғаса берді.

Қазіргі кездегі, жаңа араб әдебиеті - араб халқының II дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі қоғамдық, ұлт-азаттық күрестегі жеңістерінің көрінісі.

Африка елдері әдебиетін «аймақтық» тұрғыдан зерттеу Мағриб (Алжир, Тунис, Марокко) әдебиетін жеке бір топқа жатқызуға мүмкіндік береді. Бұл елдер әдебиетінің ерекшелігі олардың тарихи-мәдени дәстүрлерінің ортақтығы мен әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларының ұқсастығына байланысты, себебі осы жағдайлар аталған елдерде әдебиет пен өнердің бір уақытта (20 ғасырдың 40-жылдарының аяғы 50-жылдарының басы) дерлік өрлеуіне себепші болды және де қазіргі Мағриб жазушыларының шығармашылықтарына тән тақырыптар мен мәселелердің ортақтығын анықтады.

1956 жылғы француз протекторатының жойылуы, 1957 жылғы Тунистің республика болып жариялануы елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріндегі жаңа кезеңнің басталуына негіз болды. Хабиб Бургиб басқарған тәуелсіз Тунистің бірінші өкіметі қоғам өміріндегі барлық салаларды қайта жандандыруға бағытталған еді. Бұрын француздардың қол астында болған кейбір экономика салалары мемлекет иелігіне, жергілікті капиталдың жылдам өсуіне ықпал жасады.

Өз жоспарында социализм принципі бар басқарушы «Жаңа дәстүр» партиясы бастапқыда тунис коммунистерінің қызметін қолдады. Олар радикалды демократиялық реформа жасауды, еңбекші бұқараның мүддесін қорғауды талап етті. Тунисті егеменді мемлекет ретінде нығайту елдегі барлық саяси күштің міндеті еді, ол Франция-Тунис арасындағы қарымқатынастың шиеленісінен аман өтуіне көмектесті. Дүниежүзілік қоғамдасстықтың араласуының арқасында бұл шиеленіс шешілді де, 1963 жылдың 15 октябрінде, келісім шартқа байланысты, соңғы француз әскерлері Тунис жерін босатты. Бұл күн Тунисте ұлттық мереке ретінде аталып өтеді.

Бургиб өкіметінің әулеттік және экономикалық саясаты өңшыл ұлтшылдар мен исламистер тарапынан теріс көзқарас туғызды. Кейіннен олардың «мемлекет қайта құру» істері сәтсіздікке ұшырап, саясаттың құл-

дырауына әкеліп соқты. Сонымен қатар коммунистерді режимге қарсы үгіт жасаушы ретінде айыптап, тунис компартиясымен оның баспасөз органы - «Ат-Талия» газетінің шығуына тиым салынды, олардың басшылары мен мүшелері түрмеге жабылды. 1969 жылдың соңына қарай «الدستور» партиясының басшыларының арасында капиталистік жолмен дамуға бағытталған елдің кейінгі болашағы туралы мәселеде бір көзқарас туды.

70 жылдары елдің барлық, жерінде ереуілдермен көтерілістер тоқтады. тунис өкіметін еңбекші қозғалысы елдің әлеуметтік-экономикалық, жағдайын жақсартуға, мүдделерін орындауға шара қолдануына ықпал етті.

Тунис тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары елдің мәдени, соның ішінде әдебиетте, белгілі өзгерістер байқалды. Оқу жүйесі бір қалыпқа түсе бастады, діни бағыттағы аз-Зейтун университеті 1956 жылы «мәдени» жоғарғы оқу орнына айналды. Сол жылдары мектеп реформаларының негізгі ісі болып «тунистік» дәріс беру және білім берудің «унификациялануы» еді Мектептің жаңа жоспарында араб тілін, әдебиетін, Мағриб елдерінің мәдени мұраларын, және басқада гуманитарлық ғылым салаларын оқытуға көңіл бөлінді. Жаңа жоспарлар жаңа заманның оқыту әдестемелеріне сәйкес жасалды, ол жастарды жаңа заманға сай тәрбиелеуге жағдай жасады.

XIX ғасырдың соңынан бастап Мағриб әдебиеті еуропалық әдебиет сынының назарын аударды, себебі Мағрибте отарлық үстемдік құрған кезден, дәлірек айтсақ, өткен ғасырдың 80- жылдарынан бастап бұл елдердің білім жүйесінде де, әдебиетінде де француз тілі үстемдік етті. «Бірақ еуропалық әдебиет сыншылары мен әдебиетшілері Солтүстік Африка әдебиетін француз әдебиетінен «ерекшелеп», одан өз ойларынша еуропалық қоныстанушылар мен Мағрибтің байырғы тұрғындары қатар өмір сүрген колониялар мен протектораттар үстемдік еткен жерлерде пайда болған «жаңа ұлттың айнасы» еткісі келді (А.Каналь, Л.Шатлэн және т.б. еңбектерінде айтылған). Мароккода және Тунис пен Алжирде протекторат дәуірі мен колониалдық тәуелділік кезеңінде колониалдық жазушылармен жергілікті жазушылардың жасаған әдеби өнімін бұл әдебиеттердің ешқайсысының ерекшелігін іздеместен біртұтас деп қарады (Р.Лебель, Э.Дюпон осына алдыға тартқан)» [5, 30].

Мағриб елдерінде жаңа әдебиет XIX ғасырдың аяғында ғана пайда болғанмен, осы кезге дейін дамудың жоғары деңгейіне жеткендігі соншалық, өзінің жастығына қарамастан басқа әдебиеттермен салыстырғанда жергілікті ерекшеліктерді бойына сіңіріп, бір-бірінен ажырататын айырмашылықтарын сыртқа көрсетуде, олар сонымен қатар әлемдік әдебиетте өз алдына жеке бір үлкен топ құрайды. Қазіргі африкалық әдебиеттердің бәріне тән жалпы нәрсе ретінде олардың дамуының секірмелі түрге жататынын айтуға болады, біздің заманымыздағы дамыған әдебиеттердің алдыңғы қа-

тарлы идеялық және эстетикалық тәжірибесінен үлгі ала отырып, кемшілік тұстарын толықтыруға тырысты.

Жазушылар ұраны «өз шығармашылығын сатпау, әдеби стиліне және бағытына, жас мөлшеріне қарамастан әдебиетшілердің негізгі күші әдебиеттің өсіп, көркеюіне сену, соған бар күшін салу» еді. Журналдың негізгі мақсаты «ұрпақ мектебі болу еді «Әл-Фикр» журналы негізінен, жас жазушылардың шығармашылығына көңіл бөлді. Кейіннен белгілі новеллист болған Рашид әл-Хамзави, Рашид әл-Ғали, Хасан Наср аттарын тунис оқырмандарына бірінші болып таныстырды. Өз беттерінде Самир әл-Айад, ат-Тахир әл-Лябиб, Али аш-Шамали, Изз ад-Дин әл-Мадани және тағы басқалардың экспериментальды әңгімелерін жариялады.

Сонымен қатар «әл-Фикр» (الفكر) журналы жаңа тунис ақындары мен әдебиеттің барлық саласындағы жазушыларына шығармашылық өмірге жолдама берді. «әл-Фикрмен» қатар, Тунисте 1961-1963 ж. «әт-Таджид» (التجديد), «әл-Луғат» (اللغات), «әл-Масрах» (المسرح) журналдары жарық көрді. Журналдармен қатар, бірнеше ірі-ірі «ас-Сабах» (الصباح), «әл-Амал» (العمل), «ас-Сакафа» (الثقافة), «ар-Ра'й» (الرأى), «әл-Умма» (الامة) тағы басқа газеттер шықты.

Тунистің әдеби өміріндегі негізгі оқиғалардың бірі болып 1970 жылғы тунис жазушылар Одағының құрылуы саналады. Оның хатшысы Мұхаммед әл-Аруси әл-Матуи болды. Ұлттық сөз мұрасының даму барысында сапалы жаңа кезеңі басталды. Ол прозаның жанрларына, әдістеріне және идеясына, тақырыбына ерекше әсер етіп, оның әрі қарай пісіп жетілуіне, дамуына ықпал жасады. Жаңа проза бұрыннан қалыптасып, мұраға айналған поэзиямен қатарласып, одан басып оза бастады. Тунис жазушылары «шағын жанрларды» игеруде бірнеше жетістіктерге қол жеткізді.

Қазіргі заман тунис әдебиетінің даму жолы тез әрі жылдам жүрді. Басқа араб елдерін әдебиетшілері үшін тунис әдебиеті еуропалық дәстүрді таратушылардың бірі болды. Бұл әдебиеті қазіргі кезде араб елдері әдебиетінің ішінде әдеби стильдің түрлілігі, сөз байлығының молдығы және оның әдебиетте қолданысы жағынана біршама дамыған әдебиет қатарында есептеледі.

Тунис әдебиеті прозасының қалыптасу, даму тарихының өзіндік жолы мен белестері бар. Прозаның шағын түрі - әңгіме, новелла поэзиямен салыстырғанда кеш туып, кенже дамыған бұл күнде дәуір талабына сай жетілу, кемелдену үстінде. Ұлттық әдебиеттегі проза жанрының бастау арналарынан, тәуелсіздіктің алдындағы прозалық шығармаларды сол кездегі баспасөз беттерінен, араб, ағылшын, француз тағы басқа тілдерінде шыққан журнал, газеттерден көруге болады. Әдебиетінде жаңа бағытты ұстанған жазушылардың шығармалар жарық көрді. Әдебиетте жаңа кейіпкерлер мен жаңа тақырыптар пайда болды.

Алғашқы жанрлық формалары XX ғасырда туа бастаған тунис прозасының жедел дамып, тез өсіп, кәсіби биік деңгейге көтерілген, тармақтала жайылған шағы - XX ғасырдың 70-80 жылдары. Рас, тәуелсіздікке дейін ағартушылық-демократиялық бағыт ұстанған жазушылар очерк, әңгіме, повесть, роман жанрларын қалыптастыруға көп еңбек етіп, жаңа эстетикалық игіліктер жасаған болатын. Тәуелсіздіктен кейінгі өзгеріс, құбылыстар әдебиетке жаңа сипат, тың тақырыптар әкелді. Көркем әңгіменің шын мәнінде өріс алған тұсы тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең. Халық өмірі мен тұрмысын жетік білетін жазушылар қысқа әңгімелерімен психологиялық терең характерлер жасаудың үлгісін көрсетті.

Колониализм кезеңі шындығы, ұлт-азаттық қозғалыстың зардаптары, ұжымдық шаруашылық сипаты, жалпы өзгерген өмір, адам әлемі прозалық шығармалардан кең көлемде көрініс тапты. Мұстафа, Ражиб, Азиз, Хади, Хамид тағы басқа жазушының кейіпкерлері жарасымды жалғастықпен көш түзеді. Олар жаңа уақыттың ұланы, күрделі кезең куәсі болып, өткеннің сабақтарынан тағылым алды. Келелі келешекке батыл қадамдар жасады. Азаттыққа, бақыт пен бірлікке адал еңбекпен, татулықпен қол жеткізуге болатындығына кәміл сенді.

Бұл жылдары тунистік қаламгерлердің арасында Мұхаммад әл-Хамусий әл-Ханнаший көптеген реалистік сипаттағы туындыларымен көрінген. Жазушы араб тұрмысының алуан қырлы суреттерін тап басып, оны өмірдің көркем шежіресіне айналдырды. Қаламгер шығармалары тақырыбы жағынан сан-алуан болып келеді. Жазушы қаламы әйел теңсіздігін, араб кедейлері тұрмысының жақсарып, әлеуметтік іске қатысуын суреттейтін идеялық-көркемдік тұрғыдан сын көтерерлік шығармаларды өмірге алып келді. Мысалы, қоғам өмірінің көріністері мен жастар махаббаты, ондағы тартыс, тағдырлар сыры сияқты шындық суреттері шығармалардың басты нысанасы болады.

Жазушының ізденіс-арналарын, идеялық-көркемдік деңгейін, жанрлық стильдік құбылыстарын көрсететін: «Имандылықты ұстау», «Түрмеде», «Қиын тандау», «Куәлік», «Құрбан», «Мен оны сүйемін, бірақ... », «Махаббат қайта оралды», «Ол күрес жолында мерт болды» тағы басқа түрлі тақырыптағы: шығармаларынан ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінің шындығын, қоғам көріністері мен ондағы таптық тайталас, әлеуметтік қоғамдық руханият әлеміндегі өзгеріс, құбылыстар, қысқасы араб дүниетанымындағы мың сан иірімдер, адами-имандылық мәселелері, көркемдік-идеялық ізденістер кеңінен көрініс тапты.

Оның «Фи-л-зинзана» (1984) әңгімесінде бостандыққа ұмтылған, елінің азаттылығын аңсаған Қабдий есімді жігіттің ауыр өмір жолы, түрмедегі ауыр халі суреттеледі. Бостандық үшін күрескен араб азаматтары құпия ұйым құрып, оның жұмыстарын жасырын жүргізеді. Бірақ, олардың ара-

ларынан қу, өз қамын ойлайтын, сатқын әл-Бухалий секілді адамдардың жергілікті, басшылардың қаруы ретінде жүретін полиция қызметкерлерімен қарым-қатынасты болып, жасырын ұйымдағы адамдармен олардың істерін түгел баяндап отырды. Әңгіменің негізгі кейіпкері Қабдий есімді азамат 1-жақта баяндайды, осы ұйымның басшысы болды, және осындай жасырын ұйымдардың мүшелерімен қарым-қатынаста жүрді. Ол бас кезінде әл-Бухалийді сенімді дос ретінде қабылдап, оған өте құпия жұмыстарын тапсырады. Бірақ кейін оның сатқын екеніне көзі жетеді. Сонымен, ол ұйымдардың барлық мүшелері ұсталып, түрмеге қамалды. Оларды «саяси қылмыскерлер» деген жаламен ауыр жаза береді де, әрқайсысын жеке-жеке түрме камераларына жабады. Олармен бүкіл қатынасты үзіп, тек өз ойларымен ғана, яғни өз санасының бостандығымен қалдырады.

Шығарманың негізгі идеясы - адамды бостандық үшін күреске шақыру. Сонымен қатар адамның Отаны, бостандығы алдындағы үлкен патриоттық сезімін ояту. Автор адамзат өзінің бостандығы мен Отанының азаттығы үшін қиындыққа шыдап, көздеген мақсатына жету керек деген үндеу тастайды. «Түрмеде» - жазушы прозасының негізгі туындысы идеялық-көркемдік дәреже, талапқа сай, адам образдары ойдағыдай, табиғи тартысқа, психологиялық анализге құрылған сюжеті шымыр, композициясы жұп-жұмыр бұл шығармада қаламгерлік шеберлік жағынан өзінің тағы біртүрлі сатыға көтерілгенін аңғартып қана қойған жоқ, өзі ұстаған шығармашылық әдісінің жаңа сапаға көшкенін қоса танытты.

Әңгіменің негізгі тақырыбы - адам бостандығы, оның бостандыққа, азаттыққа ұмтылған күресі. Ол тек тура мағынадағы бостандықты ғана аңсамай, сонымен қатар ой-сана бостандығын да аңсады. Жазушының бұл әңгімесі тунис халқының отаршылдыққа қарсы күресі мен азаттық үшін күресіне арналады.

Әңгімеден, бірінші, жазушының рухани әлемі мен стилін қалыптастыратын көркемдік - эстетикалық мәселелерді, шығармашылық шеберханаға қатысты алуан ізденіс үлгілерін, ең негізгісі - өмірдің ақиқат деректері, басты кейіпкер мен оның айналасындағы келелі келешекке шексіз сүйіспеншіліктері, дүниетанымы, әрекеттері терең танылады. Екіншіден, талант - табиғат еншісі ғана емес, қоғамның, да басты байлығы дейтін болсақ, әңгімедегі басты кейіпкердің өмір жолы - тунис қоғамындағы белесті, дүбірлі кезең шындығын реалистікпен суреттеуімен мәнді. Үшіншіден, «көркем шығарма - нағыз суреткерлік әрекеттің нақты нәтижесі, әдеби еңбектің көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын затты дерегі. Сәтті шыққан көркем шығарма - бір жазушы келесісіндегі ғана емес, күші әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс» дейтін болсақ, кейіпкердің өмір-тағдыры - ғибраттық ғұмыр деуге әбден лайықты.

\*\*\*

1. Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын тану. -А., 1975.
2. Ализаде Ә.А., Асадуллин Ф.А., Прожогина С.В., Юнусов К.О. Литература Туниса. -М., 1993.
3. Прожогина С.В. Литература Марокко и Туниса. -М., 1968.
4. Крымский А.Е. История новой арабской литературы XIX-XX в. -М., 1971.
5. Прожогина С.В. Франкоязычные писатели Туниса 60-70 г. -М., 1980.
6. Литература стран зарубежного Востока 70-х годов. -М., 1982.
7. Мұхаммад әл-Хаммусий әл-Ханнаший. Фи-л-зинзана. -Тунис, 1987

\*\*\*

В статье рассматривается процесс развития литературы Туниса после приобретения независимости. Основные жанры и темы, которых касались писатели того периода.

\*\*\*

In this paper the development of literature rasmatrivaetsya Tunisia after independence. Major genres and themes, which are related to the writers of the period.

**Э.Ж. Қансейітова, Н. Досова**

### Н.МАХФУЗДЫҢ «БІЗДІҢ КӨШЕНІҢ БАЛАЛАРЫ» АТТЫ РОМАНЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Нагиб Махфуз араб әдебиетінде үлкен төңкеріс жасап, роман мәдениетінің негізін қалады. Жазушының таусылмас шығармашылық қуатының сыры - оның даралығымен, сирек кездесетін еңбекқорлығымен шектелмей, сонымен қатар әдебиет алдында жоғарғы борышын атқару жолындағы сенімінің бұлжымастығы. Нагиб Махфуз - табиғи дарынды, тәуелсіз және жарқын тұлға. Әдебиетке толық беріліп, тынымсыз еңбек етудің нәтижесінде ол 40 астам роман жазды.

Ол египеттік романды біржола жаңа сатыға көтеріп, оның Батыс әдебиетінен кем емес екендігін дәлелдеп қана қоймай, сонымен қатар көрнекті шығармалармен таласқа түсетіндей жағдай туғызды. Нагиб Махфузға дейін дүниежүзілік әдебиет аренасында араб әдебиетінің тек ортағасырлық әдеби ескерткіштері ғана әйгілі болатын. Тек Нагиб Махфуз секілді жазушы-романистің дарыны арқасында ғана, роман жанры араб әдебиетінің жоғарғы жетістігіне айналды. Ол араб әдебиетіндегі роман жанрының эстетикалық негізін қалау үшін қыруар күш жұмсады. Оның әдебиетте туындатқан еңбектері француз әдебиетіндегі О.Бальзак пен Эмиль Золяның дәрежесімен тепе-тең тұра алады [3].



XX ғасырдың ортасынан бастап, Мысырда аласапыран кезең болды. 1952 жылғы революциядан кейін Махфуз шығармашылығында жеті жыл тоқырау болды. Жазушы қолына қайтадан қалам алғанда, оқырман Махфуздың тақырыптарында өзгеріс пайда болғанын аңғарды. 1959 жылы «әл-Ахрам» газетінде «Ауләд харатина» романы біртіндеп жариялана бастайды. Бұл романда христиан, иудаизм, ислам дінінің ірі тұлғалары Адам, Ібіліс, Иса, Мұхаммед с.ғ.с. прототиптері арқылы қазіргі заманғы әлемдегі дін мен білімнің, ғылым мен танымның рөліне қатысты жалпы көзқарасты бейнелеген. Қаламгер осы туындысы үшін Мысыр қоғамындағы көпшіліктің көзіне шыққан сүйелдей болып, біраз даулы күй кешті [6, 68].

Махфуздың египет әдебиетінің дамуына үлкен серпіліс берген бірден – бір шығармасы - «Ауләд Харатина» (اولاد حارتتا)<sup>5</sup> - «Біздің көшенің балалары» туындысы. Бұл туындысы 1959 жылдың соңында «әл-Ахрам» газетінде жарияланады. Бұл роман жазушының бұрынғы шығармаларынан мүлде ерекшеленеді. Роман оқиғасы ел естімеген ескі уақыттан басталады да, оның аяқ жағы алыс болашаққа меңзейді. Романда ел көріністері, әлеуметтік күрес-тартыстар өріс алған. Нагиб Махфуздың романы – өмірдің өзінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстар өзіндік құнарлы да қарапайым тілімен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншыл туынды. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған романы адам өмір, табиғи тазалық, адамгершілік, қоғамдық өзгерістер шынайы суреттелген. Роман оқиғасы ел естімеген ескі уақыттан басталады да, оның аяқ жағы алыс болашақты меңзейді. Шығармадағы іс – әрекеттер «біздің көшемізде» өтіп жатқанымен, онда өзімізге таныс Каир махаллалары мен көшелері аталғанымен, іс жүзінде оның географиясы бүкіл Таяу Шығысты, үш монотеистік діндердің бесігі болған қасиетті жерлерді қамтып қана қоймайды, мұнда үлкен тағылымдық-тәрбиелік мән жатыр.

Композициялық тұрғыдан роман Көне Өсиет пен Жаңа Өсиеттегі, Құран мен Сирадағы – Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбардың өмірбаянындағы аңыз-әпсаналарды көшенің негізін салған Габалауи және оның атағы шыққан балалары мен ұрпақтарының тарихын, көше тұрғындарының сан ұрпағының ауыздан-ауызға айтылып келе жатқан оқиғаларына айналдырылып, халықтық хикая туралы аңыздар циклі ретінде құрастырылған. Бұл аңыздар ауыздан-ауызға, атадан-балаға беріліп, жазу-сызу білетін бірен-сараң адамдармен жазылып қалдырылған. Романның бес бөлімі басты кейіпкерлер – Адхам, Габаль, Рифаа, Қасым, Арафалардың өмір баяндары. Бұл бөлімдер *редупликация* принципімен, яғни ұқсас эпизодтар мен жағдаяттардың қайталануы әдісімен байланыстырылған. Баяндаудың ертегі

<sup>5</sup> Нагиб Махфуздың «Ауләд Харатина» (اولاد حارتتا) атты романы орыс тіліндегі шығыстану ғылымында екі түрлі атпен белгілі: «Дети нашего квартала» және «Предания нашей улицы»

әдісі, негізгі және екінші кезектегі образдардың композициялық және стилистикалық шешімдері халықтық роман - сираның формаларын қайтадан жаңғыртты. Сюжеттердің дамуы негізінде әділдіктің даму идеясы, әке мен бала арасындағы жеке текетірістен, әлеуметтік маңыздылығы бар әлеуметтік әділдік, материалдық байлықтың бөлінуі (Габалауидің өзінің ұрпақтарына үлестіріп берген байлығынан келетін кіріс) мәселелері жатыр.

Көшеде тұратын әрбір адам осынау аңыздарды өздері ақшам шағын өткізетін кофеханалардан, не әкесі мен атасы қалай естісе, дәл сол күйінде айтады. Осынау хикаяларды қайталап айтуға себеп болатын жәйттар әманда жетіп артылады. Әлде біреудің жаны жабырқап жүрсе, не әділетсіз өкпе араздықтан жәбір-жапа шегіп жабықса болғаны, ол, көше созылып барып бітетін, шөл - дала басталатын арғы бетте зіңкиіп тұрған Үлкен үйді қолымен меңзеп көрсетуді әсте ұмытпайды әрі «Бұл – біздің атамыздың үйі. Біз жан-тәнімізбен соның әулетіненбіз, ендеше оның мекен-жайына ие болуға хақымыз бар. Неліктен біз аш-жалаңаш, әлдекімдердің айтқанына бас шұлғып, айдағанына көніп жүрміз», - дейді. Содан кейін жұрт жатқа білетін көшенің әйгілі перзенттері Адхам мен Габальдың, Рифаа мен Қасимның бастан кешкендерін жыр етіп айта бастайды.

«Біздің көшенің балалары» романын философиялық мәні де бар аңыз-роман жанрына жатқызуға болады. Жазушы Махфуз бізге ғасырдан-ғасырға өзгеріп отыратын адамзат тарихы туралы өз түсінігінің басын ашып бергісі келгендей. Романда қоғам өміріндегі көптеген адамгершілік, моральдық проблемалардың, әділдік, бірлік, достық, адалдық, солармен озбырлыққа, жауыздыққа, екіжүзділікке төзбеушілік секілді сан түрлі мінез-құлық мәселелерін қарастырып, көркем тілмен жеткізген. Жазушы роман арқылы өз халқы үшін қазақтың «Жерұйықты» іздеген Асан Қайғысындай<sup>6</sup>, ол да әділетті қоғамды көздейді.

Жоғалған жұмаққа, әлеуметтік әділеттілікке, ақылмен қаланған қоғамдық құрылымға қол жеткізу туралы халықтың утопиялық арманы – романның басынан аяғына дейін өзекті болып қалады.

<sup>6</sup> Қазақтың жырауы Асан Қайғының желмаяға мініп, еліне шұрайлы, жайлы қоныс, шүйгін жер іздеумен өмір кешкен халық қамқоры екенін танимыз. Асан ел тыныштығын армандаған.

Мал баққан көшпелі елге керегі – бейбіт тіршілік. Бірақ, ол кезде жаугершілік, басқыншылық, соғыс, құнарлы жер үшін ұрыс-қақтығыс жиі болып тұрған. Олар ел берекесін кетіріп, күйзеліске ұшыратқан. Жырау халық басына төнген осы ауыртпалықты көре білген.

Асан Қайғы "Әй, хан, мен айтпасам білмейсің" деген Жәнібек ханға айтқан толғауында "шабылып жатқан халқың бар, аймағын көздеп көрмейсің" – деп күйзелген халқының қамын ойлау орнына "қымыз ішіп қызарып, масаттанып, қызып, өзінен басқа хан жоқтай елеуреп, бақ-дәрежесіне, мансабына масаттанған" ханға батыл үн қатады. Жырау бұл жерде ханның мақтаншақ, парықсыз, ұшқалақ мінезін тамаша бейнелеген. Елінің қамын, ертеңін ойламаған ханға жырау "Ойыл көздің жасы еді... Ойылдан елді көшірдің, Жемде кеңес қылмадың, Жемнен де елді көшірдің... Еділ деген қиянға, еңкейіп келдің тар жерге", – деп нали тіл қатады. Осы сияқты жазушы романда қарапайым халықтың басқарушыға наразылығы, оның қатігездігін, халықтың арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын, Асан секілді бейбітшілік заманды армандайтынын көрсеткен.

*Басты кейіпкер Габалауи өзінің шектен тыс қаталдығымен, билік тізгінін қолынан шығармайтын құдіретті күші тасыған жомарт жандылығымен ерекшеленеді. бірақ адам бейнесінің астарынан әлем Жаратушысының образын көруге болады. Ол балалары мен Үлкен үйді мекендеушілер тағдырын жалғыз өзі басқарып, ашса - алақанында, жұмса – жұдырағында ұстап отырады. Ал, Габалауидің ұлдары Адхам мен Идрис ше? Олардың бойынан алғашқы Адам мен шайтан жолын қуып кеткен Иблисті тануға болады. Иблис «Құран кәрімге» сәйкес, Алла жер бетіндегі өзінің көмекшісі етіп тағайындаған Адамға бағынбағаны үшін жазаланады. Өз әкесінің қалауына қарсы шыққан Идрис көптеген әлем әдебиеттерінде Жаратушыға қарсы шығуға, оның билігіне, құдіреттілігіне күмән келтіріп, бағынбауға итермелейтін жын-перінің бейнесі болып табылады.*

Габалауидің бейнесінің берер тәрбиесі мол. Өйткені оның өн бойындағы қаталдық пен әділеттіліктің өзінен аларымыз көп. Оның өз балаларына қатал тәрбие бергенін және ата-анаға қарсы шығу жат қылық екенін романның алғашқы бөліміндегі Габалауидың билікті Адхамға бергендегі көріністерінен байқауға болады. Кіші ұлына билікті беріп, одан үлкендері әкесінің шешіміне қарсылық білдірмей, оған қарсы пікір айтпағаны – Идрисінің қылығын ескермегенде - үлкен тәрбие.

*Махфуз Габалауи мен Рифааның образдарын ашу үшін Мұса мен Иса пайғамбарлар туралы Інжіл мен Құран кәрімнен алынған деректерге сүйенеді. Мұса пайғамбар алғаш рет Құдаймен тілдескен тау – Інжіл бойынша – Хорив тауы, Құран кәрім бойынша – Синай тауы. Осыған сәйкес жазушы Мұса пайғамбардың прототипіне – Габаль деген ат береді. Ал Рифааның аты – суфийлік рифалия сектасының мүшелері адам баласының жан-дүниесінің тазаруын уағыздап, «зар» дәстүрін жүргізумен айналысты («зар» дәстүрі – адамның бойын билеп алған «жаман рухты», «аурудың рухын» қудалау дәстүрі) [6, 91].*

Қасиетті кітаптардан алған дерек көздеріне сүйене отырып, романист – Махфуз адамзат тарихында болған діни кейіпкерлерді халық аңыздарының батырларына, яғни, «біздің көшенің балаларына» айналдырып жібереді.

Романда жазушы ғылым мен дін арасындағы арақатынас мәселесін шешуге тырысқан. Революциядан кейінгі кезеңде бұл проблеманы жаңа жақтарынан қарастыру мүмкіндігі туады. Махфуз дін мен ғылым арасындағы проблеманы ғылымды діннің жалғасы ретінде қарастыру ретінде шешпек болған. Иудаизмнің, христиандықтың, исламның пайда болуын Махфуз әділдік үшін күресіп адамдарға бақытты өмір сыйлауға талпынған ұлы тұлғалардың іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырған. Құранды пайғамбар деп танығандардың барлығын рухани құндылықтары өте

жоғары, махаббатқа, аяушылыққа жүрегінен орын берген қарапайым адамдар ретінде қарастыру арқылы, Махфуз Мұхаммед Абдомен «жанартушылардың» дәстүрін жалғастырған. Сондай-ақ Махфуз оларға халықтық батырлардың, фольклорлық кейіпкердің ерекше қасиеттерін қоса суреттеген.

Қайратты, кең пейілді, бірақ сонымен қатар аяушылықты білмейтін Жаратушы образындағы Габаль, Идристің, одан кейін Адхамның қуылуына байланысты оқиғалар, әкенің өз ұлдарынан бас тартуынан Махфуздың діни деизм көзқарасы байқалады. Ол өзінің жаратқанына жан беріп, ақыл-ой сыйлаған, дана, құдіретті бастауды мойындайды. Себебі Адхамның ақылдылығы, бейімділігі, әкесінің дәстүрді бұзып, басқаруды үлкен ұлы Идриске емес, кішісіне беруінің басты себебі болды. Осы жерде романның басынан аяғына дейін жалғасатын, яғни, ғылымды діннің ізбасары ретінде қарастыру, адамға сый-құрмет алып келетін нәрсе ғылым ғана деген ой тасталады. Бірақ адамды ақылды етіп жаратқаннан кейін, жаратушы оның өз ақылымен өмір сүруін талап етіп, оның істеріне араласудан, одан қалса көмектесуден бас тартып, оның қателіктері үшін толығымен өзінің жауапқа тартылғанын қалайды. Сол себепті, Идристің азғыруымен Адхам бұрыс іс жасағанда, Габалауи оны еш кідірместен үйден қуып, өзі Үлкен Үйде жекешеленіп, өз ұрпақтарымен араласудан мүлдем бас тартады.

Жаратушының әділдігіне қатысты күдіктер көптеген сұрақтардың тууына себеп болады. Бақытқа қалай жетуге болады? Барша адамдар бақытты өмір сүру үшін не істесе болады? Бақыт пен еңбектің қандай байланыстары бар? Әділдік жолындағы күресте, оның іске асуына кедергі жасайтын адамдарға күш көрсетуге болады ма? Осылардан тәрбие-тағлым алуға бола ма? Осы сұрақтарға бес кейіпкердің әрқайсысы өзінше жауап береді [8].

Халық батырдың ұранына еріп қана қозғалысқа, көтеріліске шығады да, кейіпкер қайтыс болғаннан кейін безбүйректік танытады. Бұл жерден қараңғы халықты жаман қасиеттерден арылтуды мақсат еткен кейіпкердің іс-әрекетін білуге болады. Батырлық, батылдыққа тәрбиелеп, қиындыққа мойымай, қажымай, табанды болуға үндесе, келесі циклде халықты соңынан ерте алатын батыр, жаңа кейіпкер келеді. Рифааның орнына, Исламның негізін салушы Мұхаммед с.ғ.с. бейнесінен алынған, Қасым келеді «жаңашылдардың» дәстүрін жалғастыра отырып Махфуз Қасымның бойындағы адами қасиеттерін, керек десеңіз осал тұтарын да ерекше атап өтеді:

*«Ол өз бойында күш пен жұмсақтықтың, даналық пен қарапайымдылықтың, ұлылық пен мейірімділік, көркемдік пен ұшқыр ойды біріктіре білді» [8].*

Романның соңғы бөлімі Арафаның оқиғасы дінді ғылыми ой-түйсікпен алмастыруды меңзейді. Бірақ Махфуздың түсінігіндегі ғылыми деген сөз атеистікпен тең емес. Шығармада ғылым Жаратушының адамдарға берген, материалдық әлемді игеріп, оның ресурстарын адамға қызмет еткізетін, адамның ой-санасының мүмкіндігі ретінде көрініс табады. Ғылым суық әрі қатыгез болмауы керек, ол міндетті түрде жақсылыққа, халыққа қызмет етуі керек, сондықтан Махфуз Арафаға (Габалауи ұрпағы) мейірімді әрі сұлу Ауатыфты (Махаббат) әйелдікке береді [9]. Арафа образында еңбек тақырыбына баулу өз шешімін тапқан. Арафа мен Ханаш адамдардың өмірін жақсарту үшін, өз шеберханаларында жаңа «ғажайыптарды» ойластырып, жасауда болады. Алайда Арафаның оқиғасының қайғылы аяқталуы – ғылым, техникалық прогресс, әлеуметтік құрылым проблемаларын шешіп, адамдарға бақыт пен әділдікті бере алмайтындығын дәлелдеді. Көңілді өмірге балқып, билеушінің өтірік достығына еріп, Арафа халық жайлы ұмытып, ешқандай атақ-даңқсыз дүние салады. Бұл финалдан Махфуздың әлеуметтік және адами құндылықтар философиясын көруге болады, яғни адамгершілік қасиеттерді іздеу мен әділеттілік идеяларының өмірде жүзеге асыру жолдары. Бұл екеуі де халық қалауымен тығыз байланыста болуы керек. Романның соңғы жолдарында ақыл-ой мен әділеттіліктің жеңісі, халықтың потенциалды күші жайлы айтылады.

Алайда кейбір көше тұрғындарының болашаққа сеніммен қарауы, бүгінгі күн кешегіден тәуір, ал ертеңгі күн бүгінгіден артық болады деп, өткен өмірдегі ізгілік пен әділеттіліктің оралатынына сенім білдіруі автор интонациясында айқын көрсетілген.

Иә, Нагиб Махфуздың шығармашылығын, еңбектерін парактай отырып, «Біздің көшенің балалары» атты романы басқаларынан құрылымы, мағынасы жағынан мүлде өзгешелігін ескеруіміз қажет. Өйткені бұл роман Египет тарихының өтпелі кезеңінде жазылған.

Жалпы, романның адамзатқа берер тәрбиесі мол. Роман әрбір адамның патриоттық сезімін оятып, өмірдегі әділетсіздік пен әділдікті, қанағат пен қанағатсыздықты, байлық пен кедейлікті, жалғыздық пен көпшілдікті қатар алып жүріп, саралай отырып өскелең ұрпақтың өзіне жақын жағын қарастырып таңдауға жол сілтейді.

\*\*\*

1. Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. Том III. М.-Л., 1956.
2. Кирпиченко В.Н. Современная египетская проза 60-70-е годы. – М: «Наука», 1986
3. Кирпиченко В.Н., Сафронов В.В. История Египетской литературы XIX-XX веков, - Москва, 2002.
4. Кирпиченко В.Н. Нагиб Махфуз эмир арабского романа. М., 1992.

5. Махфуз Н. Біздің көшенің аңыз-эпсаналары. –Астана: Аударма баспасы, 2003. 528 бет, 517-бет
6. «Нагиб Махфуз: Шығыс мәдениетінің зердесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. -Алматы, 2011.
7. Махфуз Н. Ауләд харатина. -Каир: Дар әл-Маариф, 1983 (араб тілінде)
8. n-t.ru/nl/lt/mahfouz.htm
9. [http://arz.wikipedia.org/wiki/نجيب\\_محموظ](http://arz.wikipedia.org/wiki/نجيب_محموظ)

\*\*\*

В статье рассматривается воспитательный ракурс романа, написанный Н. Махфузом в переломный момент египетской истории, в условиях политической борьбы.

\*\*\*

The article considers the educational perspective of the novel, written at a turning point N.Mahfouz Egyptian history, in terms of political struggle.

### **Е.Қ. Қасабекова**

#### **ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Иран Ислам Республикасының білім жүйесі: елде білім алу ақылы және тегін болып екіге бөлінеді. Мектеп пен жоғары орындарында білім тегін, ақысыз беріледі. Иран Ислам Республикасы ретінде мектепте, университетте ұл-қыздар жеке-жеке отырғызылады. Иранда 6 жастан жоғары адамдардың арасында сауатсыздық 20,5 % құрайды, яғни 9,9 млн адам оқи да жаза да алмайды. Университеттер мен мектептерде білім алу тегін. Сауатсыздық деңгейі бірқатар елдерге қарағанда төмен. Елдегі білім алушылардың саны орта есеппен 18,9 млн адамды құрайды. Білім жүйесінде 556 мың сынып бар әр сыныпта 20 адамнан дәріс алады.

Революциядан кейінгі 10 жылдықта білім алушылардың саны 60% өсті. 1979 жылдан кейінгі салынған мектептердің 15% Иранның алыс аймақтары мен ауылдарында орналасқан. Білім беру жүйесіндегі ерекшеліктердің бірі ол білім беру саласындағы исламдандыру бағдарламасы болып табылады.

Иранның әрбір 45 азаматы жоғары біліммен қамтамасыз етілген. Әр жыл сайын 161 мың студент жоғары оқу орындарын бітіреді. Елде 440 жоғары оқу орны, соның ішінде 87 университет, 23 институт, 6 жоғары оқу орталығы, 70 іштей оқу орны, 120 «Пейаме нур» аудармасында «Нұр сәуле» және 115 исламдық университеттер жұмыс істейді [1].

1963 жылдан бастап білім және ғылым министрліктерінің ұйымдасты-

руымен білім беру жүйесі бір арнаға көшіп, жүйелі, нәтижелі жұмыс істеуді бетке алды.

1979 жылғы Ислам Революциясынан кейін Иран Ислам Республикасындағы білім жүйесінде бірқатар өзгерістер болды. Нәтижесінде білім беру жүйесі төмендегідей өзгерістерге ие болды. Иран Ислам Республикасында білім беру жүйесі 2 бағанадан тұрады. Олар К-12 және жоғарғы білім болып табылады. Ирандағы орта білім беру «Білім Министрлігінің» қарамағына қарайды. Яғни мектептерді қаржыландыру және әкімшілік жұмыстарымен айналысады. Мектептерде, жоғары оқу орындарында білім беруде негізгі қолданылатын тіл парсы тілі болып саналады, алайда мектептерде әдетте ағылшын тілін міндетті түрде оқиды.

Иран Ислам Республикасында 5 жастан бастап баланың ой-өрісін, адамдармен қарым-қатынасын жақсарту мақсатында бала бақшаға береді. Десе де бұл міндетті болып табылмайды, ал 6 жастан бала бастауыш мектепке «Дабестан» барады. Бастауыш мектепте 5 жыл оқып, біріңғай ұлттық емтихан тапсырып, келесі оқу дәрежесіне өтуге құқық беретін сертификатқа ие болады. Бастауыш мектептің талаптары мен міндеттері бойынша баланың таланттарын, қабілеттерін ашып, сауат аштыру, есепке, жазуға, қоғамдағы діни көзқарастарға баулу болып табылады.

Орта білім яғни 8 жылдық білім дәрежесі 3 жыл беріледі, яғни 6 класс пен 8 класс аралығында оқушылар білім ала алады. «Рахнамаии» деп аталады. Бұл кезеңде оқушылар парсы тілі мен әдебиеті, математика, жағрапия, тарих пәндерін оқиды. 8 класстық білімді алған соң міндетті емтихан тапсырады. Аталған 8 класстық білім алуға кез келген ирандық міндетті болып табылады. Жоғары орта білім «Дабестан» соңғы К-12 үш бағытқа бөлінеді: теориялық, арнайы-техникалық, қосымша. Теориялық бағытты таңдаған оқушылардың алдында қандай да бір пәнді таңдау мүмкіндігі бар: физика мен математика, экспериментальды, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар болып табылады. 11 класстың соңында оқушылар орта білім алғаны жайындағы «Диплом-е мотавасет» диплом алады. Жоғары оқу орнына түсу үшін тағы бір жылдық дайындық курсынан өтуі керек. Оқуға дейінгі дайындық курсына жақсы үлгеріммен бітірген оқушы ұлттық мемлекеттік «Конкур» яғни конкурсқа қатыса алады. 1979 жылы Ислам Революциясы жеңгеннен кейін білім жүйесінде бірқатар өзгерістер болды.

Жоғарғы білім беру жүйесіне тоқталар болсақ, сонау сасандықтар кезеңінен 241 жылдан бастау алды. Ол кезеңдерде медицина, медициналық зерттеулерге сонымен қатар грек, үнді, ирандық ғылыми жетістіктерге ерекше көңіл бөлінетін. 1848 жылы Иранда каджарлар әулеті Амир Кабир басшылығының тұсында ең алғашқы университет болды.

Елдегі ең үлкен университеттер Тегеранда, Мешхедте, Газвинде, Шираз-

да орналасқан. Қазіргі таңда елде мәдениет министрлігіне тәуелді 50 университет, денсаулық министрлігіне қатысты 33 университет, басқа да министрліктерге қатысты 53 университет жұмыс істейді.

Иранда жоғарғы оқу орындары екіге бөлінеді: мемлекеттік және мемлекеттік емес болып екіге бөлінеді. Мемлекеттік және мемлекеттік емес студенттер бакалавр пен магистр, доктор PhD дәрежелері бойынша білім алады. «Бакалавр» - лисанс 4 жылдық білім, «Магистр» - фуғ-е лисанс 2 жылдық, доктор PhD бойынша университетте білім алу Иранда қазіргі таңда жүзеге асады. Академиялық оқу жылы 2 семестрге бөлінген [2].

Тағы бір айта кететін қызық жайттардың бірі мектеп және университет жүйесінде бағалаудың жоғары дәрежесі 20 балдық жүйемен айқындалады. Студенттердің тамақтануы университет тарапынан берілетін карточкалармен қамтамасыз етіледі. Бұл университет тарапынан берілетін көмек ретінде беріледі. Бағасы шамамен 500 теңге болса, университет оның 350 теңгесін төлеп береді. Жатаханада тұру тегін, жатаханада тұратын студентке университет тарапынан алдыңғы айтып отырған көрсеткішпен тамақ беріледі, яғни студент тамақтан төрттен бір бөлігін ғана төлейді.

Иран Ислам Республикасындағы оқытушылардың мансап, атақ дәрежесіне қарай бөлінуі:

«Морабби» - тәрбиеші – магистрлік құжаты бар, жаңадан жұмысқа орналасқан, өз ғылыми жұмысына қатысты бірнеше мақаласы бар жас маман. Қазіргі кездері Иран университеттерінде тәрбиешілердің саны аз, оларды жұмысқа алуға белгілі себептермен тыйым салынған. Тәрбиеші аптасына 16 сағат сабақ беруге міндетті.

«Астадиар» - профессордың ассистенті – докторлық құжаты бар, бірнеше жылдық жұмыс тәжірибесі бар маман. Профессордың ассистенті бірнеше диссертацияға жетекшілік еткен, ғылыми 7-8 мақаласы жарық көрген, 2 кітабы жарық көрген, бірнеше семинар мен конференцияда сөз сөйлеген – ұлағатты маман. Аптасына 12 сағат сабақ беру жүктелген.

«Данешиар» - доцент, профессордың ассистентігінен кейін кітаптары мен мақаласын арттыруға қажет. 5 кітап және 10 мақаласы болуы шарт. Бірнеше докторлық диссертацияға, магистрлік жұмысқа жетекшілік етуі қажет. Елдегі және шет елдегі конференцияларға қатысуы қажет. Аптасына 9 сағат сабақ жүргізеді.

«Астад-е тамам» - ұлағатты ұстаз – доценттіктен кейін кітаптары мен ғылыми зерттеулерін ұлғайта отырып, бірнеше ауқымды мақалаларымен, елдегі, шетелдегі зерттеу жұмыстарымен, докторлық диссертацияларға жетекшілік етуімен, конференциялардағы бірнеше ғылыми еңбектерімен негізгі пәніндегі ізденушілігімен «ұлағатты ұстаз» деген атақ алады. Ұлағатты ұстаздың қоржынында 10-нан аса кітабы, 20-дан астам мақалалары болуы қажет, өз ұжымының ортасында мәртебесі биік болуы шарт. Ұла-



ғатты ұстаз аптасына 7 сабақ жүргізеді [3, 107].

«Астад-е момтаз» - жоғарғы дәрежелі ұстаздық пен оқытушылықтың ғылыми соңғы шені – жоғарғы дәрежедегі ұстаздық. Бұл атаққа санаулы ғана ұстаздар лайықты. Бұл атаққа ие болу – ғылымдағы ізденушілік пен жұмыстың артықшылығымен және барлық ұстаздардың ұсынуын қажет етеді. Бұл ғылыми дәреженің берілуі, оқытушының жалақысының өсуімен, сағат санының азаюына және оқытушылар мен студенттер ортасындағы беделдің артуына, әсерін тигізеді. Бұл білім беру жүйесінің әлемдік стандартқа сәйкестігін көрсетеді. Ұстаздардың әлеуметтік жағдайының жақсы екенін көрсетіп тұр.

Иранда қалалардың 100%, ауылдардың 98% электр қуатымен қамтамасыз етілген. Бұл да әлеуметтік жағдайдың жоғарылығын көрсетеді.

Жастар. Кез келген елде саяси өзгерістер мен жаңалықтардың қозғаушы күші жастар екені мәлім. Иранда жастардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасалынған. Иран жоғары оқу орындарының 80% мемлекеттік оқу орындары, студенттерді ақысыз оқытады. Жоғарыда айтылғандай бұл елде жыл сайын 1 миллион, 300 мың студент жоғары оқу орындарынан білім алып шығады. Бұл мәлімет елдегі сауаттылық көрсеткішінің жоғары екенін дәлелдейді. Студенттермен қатар, жыл өткен сайын магистранттар мен докторанттардың да саны көбеюде. Иран жастарының математика, физика, химия, астрономияға қызығушылығы жоғарғы дәрежеде және осы пәндерден болатын мемлекет аралық олимпиадалардан жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп жүр. Жеңімпаз балаларға білім беретін ұстаздардың жалақылары көтеріліп, арнайы мемлекеттік гранттар алуларына және шетелге шығып тәжірибе алмасуларына мүмкіндік жасалған.

1. Морраби - жай оқытушы, аптасына 14 сағат дәріс өткізеді, қалған уақытында мақала жазу, ғылыми жұмысымен айналысады.

2. Астадиар- аға оқытушы аптасына 11-12 сағат дәріс жүргізеді.

3. Данеджшиар – доктор PhD аптасына 9 сағат дәріс жүргізеді.

4. Астад-е тамам - профессор аптасына 7-8 сағат дәріс жүргізеді.

Оқытушыларға мемлекет тарапынан 6-7 проценттік көрсеткішпен «Вам» кредит беріледі.

Моррабидің – жай оқытушының айлық жалақысы 1200-1500 долларды құрайды [4, 125]. Астадиардың – аға оқытушының айлық жалақысы 2000-2500 долларды құрайды. Данеджшиардың – доктор PhD айлық жалақысы 3000-3500 долларды құрайды. Астад-е тамамның – профессордың айлық жалақысы 4000-4500 долларды құрайды. Университетте әрбір екі оқытушыға жеке кабинет беріліп, бір ассистент қызмет көрсетеді. Оқытушы жылына 1 рет университет қаржысына шетел университеттерінде стажировкадан өтуге хұқылы.

Сонымен мақаланы қорытындылай келе, Иран Ислам Республикасын-

дағы білім беру дәрежесі өте жоғары дәрежеде екенін отырмыз, шығыстың бұл Ислами елінен үйренетін тұстарымыз көп секілді.

\*\*\*

1. <http://iran.ru/rus/sistemaobrazovaniya.php>
2. [http://dic.edu.ru/information/national\\_systems/1591/](http://dic.edu.ru/information/national_systems/1591/)
3. Ираншенахт. 107-108 беттер Тегеран, 1999 ж.
4. Ираншенахт. 125-128 беттер Тегеран, 1999 ж.

\*\*\*

В статье рассматриваются некоторые особенности в системе образования в Исламской Республике Иран. Большое внимание уделено на преимущества и привилегии преподавания в Иране.

\*\*\*

The article was written about advantages of teaching in Islamic Republic of Iran. The theme of the article is a «Some peculiarities of the system of education in Islamic Republic of Iran».

### **Г.К. Қатбаева**

## **ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ РЕСМИ ІС-ҚҰЖАТТАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОНСТРУКЦИЯЛАР**

Қытай тілі қазіргі кездегі ең ежелгі тілдердің біріне жатады. Сондай-ақ ол қазіргі таңда ең ежелгі жазуды қолданады. Қытай тілі аморфты тіл болғандықтан, оның грамматикасы басқа тілдердің грамматикасынан өзгеше.

Қытай тіліндегі синтаксис номинативті құрылыммен сипатталады. Соның ішінде сөйлемді байланыстырушы конструкциялар басты орын алады. Олар конструкцияның негізгі элементтері – бастауыш пен толықтауыштың типтік мағыналарын анықтап көрсетеді. Сөйлем активті және пассивті конструкциялар формасына ие бола алады. Қытай тілі шылау арқылы және шылаусыз құрылған бағыныңқы және басыңқы сөйлемдері бар дамыған құрмалас сөйлем жүйесіне ие. Қазіргі қытай тіліндегі конструкциялар семантикасы олардың өзара байланысқан компоненттерінің мағыналары негізінде құрылатын күрделі тілдік бірліктер. Қытай тілінде байланыстарушы жалғаулық шылаулар, сондай-ақ белгілі етістіктер арқылы байланысқан сөйлемдер жиі кездеседі. Қытай тілі синтаксисінде олардың орны ерекше.

Қытай тіліндегі конструкциялардың грамматикалық сипатын сараптай келе, оларды негізгі жеті топқа бөлуге болады: а) қарапайым синтаксистік конструкциялар; ә) құрмалас сөйлемдерде қолданылатын конструкциялар; б) ауызекі тілде кездесетін конструкциялар; в) публицистикалық стильдегі конструкциялар; г) вэньян (әдеби тіл) грамматикасы негізінде құрылған

конструкциялар; д) ресми құжаттар стиліндегі конструкциялар; е) шеңберлі конструкциялар.

Ресми іс-қағаздарды құжаттау немесе басқарманы құжатпен қамтамасыз ету – бұл құжатпен қамтамасыз ететін және ресми құжаттармен жұмысты ұйымдастыратын әрекеттің бір түрі болып табылады [1, 5].

Құжаттау – бұл кез-келген адамға немесе мекемеге белгілі бір ереже бойынша жазылған ақпарат. Іс-қағаздарды құжаттау іс-құжаттарды жүргізу жауапкершілігі жүктелген белгілі адам арқылы жүзеге асады. Іс қағазды жүргізу – бұл құжаттар дайындау және кеңсе құжаттарымен жұмыс жүргізуді қамтамасыз ететін қызмет саласы [2, 4]. Соңғы кездері басқаруды құжаттармен қамтамасыз ету (БҚК) деген термин жиі қолданыла бастады. Бұл термин іс жүргізудің ұйымдастыру-техникалық негізін жетілдіруге байланысты, құжаттармен жұмыс жасау саласына есептеуіш техника құралдарын, ақпарат жинау, өңдеу, сақтау және пайдаланудың қазіргі заманғы ақпараттың технологияларын енгізуге байланысты пайда болды.

Іс қағаздарды жүргізудің негізгі элементінің бірі – құжат жасау. Құжат жасау дегеніміз - ақпаратты қағазға немесе басқа тасымалдаушыға жазу (түсіру) болып табылады [5, 15]. Ол бекітілген нормативтік – құқықтық актілердің ережелері бойынша жүзеге асырылады және заңдық күші болады. Заңдық күш құжаттың қолданыстағы заңнамаға, оны шығарған органның құзыретіне, рәсімдеудің бекітілген тәртібіне байланысты болады. Басқару құжаттары мекеме құжаттарының негізін құрайды және іс қағаздарды жүргізудің нысаны болып табылады.

Іс қағаздары қоғам өмірінде үлкен қызмет атқарады. Іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Мемлекет, республика, қала, кәсіпорын, ұйым, мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттың табылмас қайнар көзі бола алады. Құжаттар фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметін де атқарады.

Іс қағаздары – басқару қызметіндегі бір сала. Ұйымдар мен мекемелердің, кәсіпорындардың қызмет етуі барысында шығарған түрлі шешімдері, басқару істері, атқарған қызметі іс қағаздарынан айқын көрінеді. Сондықтан халық шаруашылығын басқаруды жетілдіру, оны ұйымдастыру деңгейін көтеру онда құжаттармен жұмыс істеудің қаншалықты ғылыми негізделгеніне тікелей байланысты.

Құжаттау дегеніміз кез-келген мекеменің қызметін, әрекетін көрсететін құжаттарды жасау, толтыру. Бұған дайын құжаттармен жұмыс та, мекеме ішінде дайындалған құжаттармен жұмыс та, сондай-ақ оларды қабылдау, тіркеу, ол бойынша жұмыс істеу, орындалуын бақылау, құжаттарды қолдануға дайындау, архивке дайындау сияқты жұмыстар кіреді [1, 7].

Адам өмірі де құжаттармен тікелей байланысты. Адам дүниеге келгенде оған алғашқы құжат – туу туралы куәлік жазылады. 16 жасқа келгенде жеке басын растайтын құжат жеке куәлік алады. Мектеп бітіргендігі – орта білім туралы аттестатпен расталады. Жоғарға оқу орнына түсу үшін үлгідегі іс қағаздарын жазады. Жоғарға оқу орнын бітірген шақта диплом беріледі. Жұмысқа орналасу барысында да арыз, резюме, жеке іс парағы т.б. іс қағаздарын жазады. Ал еңбек жолын бастағандығы еңбек кітапшасына жазылады. Өмірдің түрлі жағдайында сенімхат, қолхат жазуға, еңбек келісімін жасауға, факс, жеделхат, телефонхат жіберуге, өмірбаян мен мінездеме жазуға тура келеді.

Осындай іскерлік хаттардың ішінде жиі қолданылатын, штампқа айналған конструкция түрі:

尊敬的…!	Құрметті ...!
尊敬的合作伙伴!	Құрметті серіктестер!
尊敬的张先生!	Құрметті Чжан мырза!
尊敬的经户者!	Құрметті жолдастар!

Тағы бір жиі қолданылатын конструкция түрі, алғыс білдіру мағынасындағы конструкция:

感谢您 (方) ...的... - ... үшін алғысымды білдіремін.

感谢您方最近来的我们订购的家具 - Біздің тапсырыс бойынша үй жиһазын жібергеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

感谢您发给我公司的新年祝信 - Біздің фирмаға жолдаған жаңа жылмен құттықтау хатын жібергеніңіз үшін алғысымды білдіремін.

我衷心地感谢…关于…的 - ... шын көңілден алғыс айтамын (-ыз)

我衷心的感谢您多提供给我的关于中国运输公司服务的信息 - Маған қытай көлік компаниясының қызмет көрсетуі туралы ақпарат жібергеніңіз үшін сізге шын көңілден алғысымды білдіремін.

非常感谢…的… - ... үшін көп рахмет.

非常感谢您邀请我参加贵公司新产品目录的发布会 - Сіздің компанияның жаңа каталогының презентациясына шақырғаныңыз үшін өлкен рахмет.

再一次感谢您对 (为) ...的... - ... үшін тағы да алғысымды білдіремін.

再一次感谢您对感功组织的旅游 - Жақсы ұйымдастырылған саяхат үшін тағы да алғысымды білдіремін.

对…提供的 - ...қамтамасыз еткен...

我们希望, 您对我们公司提供的运输服务质量还没异议 - Біздің компания жіберген көлік қызметінің сапасына сіздердің реніштеріңіз жоқ деген үміттеміз.

**Өтініш білдіру конструкциялары:**

请…V(预定) ... - ... тапсырыс біруіңізді сұраймыз.

请您预定2 张莫斯科-北京-上海-莫斯科的机票，舱位为经济舱 - *Мәскеу - Пекин - Шанхай - Мәскеу бағыты бойынша эконом классты екі билет брондап қоюыңызды сұраймын.*

请...为...办理 - .... - Сізден ...үшін ...жасауыңызды сұраймыз.  
请您为我公司即将参展的下列两个同事办理工作通行证及申请中国签证邀请函 - *Сізден көрмеде жұмыс істейтін біздің қызметкерлерге қызмет рұқсат қағазы мен ҚХР-на виза үшін шақыру қағазын жасауыңызды сұраймыз.*

请发给我... - *Маған ...жіберуіңізді сұраймын.*

请发给我批准通过此清单的正式文件 - *Маған осы тізімді растайтын ресми құжаттарды жіберуіңізді сұраймын.*

请...确认... - Сізден ...растауыңызды сұраймын.

请您确认已收到此项 - *Сізден осы хатты алғандығын растауыңызды сұраймын.*

如果...请... - Егер ....., онда ... сұраймыз.

如果您不能出席，请您在会议召开前 - *Егер жиналысқа қатыса алмасаңыз онда алдын – ала жиналысқа дейін бізге хабарлауыңызды сұраймыз.*

我们还想... - Біз тағы ....деп едік.

我们还想租用两个展览架和三张椅子 - *Біз қосымша бағаға тағы екі стеллаж бен үш орындыққа сұраныс берейін деп едік.*

我相信...能... - Мен ...деп сенемін (сенімдемін).

我相信在今几天内你能找到此资料并寄给我 - *Бірнеше күн ішінде сіз осы материалдарды тауып маған жібереді деген сенімдемін.*

希望... - ... деп сенеміз.

希望我们的缺席不会影响您的心情 - *Біздің бас тартуымыз сізді ренжітпейді деген сенімдеміз.*

在...上... конструкциясы.

在展览会上我公司将介绍涂料的最发展趋势 - *Көрмеде біздің компания бояу бөліміндегі жаңа жақтарды көрсетеді.*

...合作 - ... -мен бірлесіп қызмет істеу.

我们积极的同越南，泰国，印度和新里兰卡的旅游公司合作并同他们建立了稳定的合作关系 - *Біз тығыз байланыс орнатқан Вьетнам, Тайланд, Үндістан мен Шри-Ланканың туристік агенттіктерімен белсенді жұмыс істеудеміз.*

因为...所以...- өйткені....., сондықтан ...

我们想要确认文件上我们公司的地址和电话是否正确，因为我们在两个月前搬到新的办公室，所以只是第一个应该使用新地址和电话的货柜 - *Біздің компанияның мекен-жайы мен телефон нөмірінің дұрыстығына көз жеткізгіміз келеді, өйткені біз екі ай бұрын жаңа офиске көшкенбіз, сондықтан бұл жаңа мекен-жай мен телефон нөмірі көрсетілген бірінші контейнер.*

不是...而是...-...емес(орнына),

...

但是我得到的不是回复，而是不得不讨论总体上给买方的新折扣必须到什么程度 - Алайда, жауаптың орнына сатып алушылар үшін жеңілдіктердің қаншалықта қажет екендігін еріксіз талқылауға тура келді.

收到...的... конструкциясы.

今天我们收到了本应3周前2009年9月1日到达莫斯科的3247/0320货柜 - Бүгін біз үш апта бұрын 2009 ж. 1 қыркүйекте Мәскеуге жету керек болған №3247/0320 контейнерді алдық.

无论...还是... конструкциясы.

无论是我们公司，还是我们的客户对贵公厂提供给我们的糖果的质量和设计都非常满意 - Біздің компания да, клиенттер де сіздің фабрика жіберген кәмпиттердің сапасы мен дизайнына өте риза.

从...到... конструкциясы.

我们预定了今天的3同台大巴，每台40座，从北京到天津 - Біз бүгінге Пекиннен Тяңзинге дейін жүретін 40 орынды автобусты тапсырыс бердік.

当然...但是...因此 - Әрине,... бірақ, сондықтан ...

当然，每个公司在工作中都难免发生错误，但是旅游行业中我们是同人打交，因此我们不能让120个旅行者等一个小时待迟到的大巴到达 - Әрине, әр компанияның жұмысында қателіктер болуы мүмкін, бірақ туризмде біз адамдармен жұмыс істейміз, сондықтан, біз 120 туристерге кешіккен автобусты бір сағат күттіріп қоя алмаймыз.

只好...因此

-

...тура

келді,

сондықтан...

我们只好马上预定并支付另一个公司的大巴，因此我们取消了在贵公司的订单 - Біз 7:20-да келген басқа компанияның автобусына тапсырыс беріп, ақшасын төлеуге тура келді, сондықтан біз сіздің компанияға берген тапсырысты алып тастадық.

目的是... - ... мақсатында (үшін)...

我们发给您样品目的是请您确信我们索赔的根据 - Үлгілерді сізге жіберу мақсатымыз, сіз біздің презентациямыздың негізі бар екеніне көз жеткізу.

如果...可以...- Егер ..., ... болады.

如果按照确定的价格折让10%，我们可以接受此批货物 - Егер бекітілген бағадан 10 % көлемде жеңілдіктер жасалса, біз бүкіл партияны қабылдауға дайынбыз.

为...所... - конструкциясы.

再一次为所犯的的错误向您致歉 - Тағы да қателік үшін кешірім сұраймыз

为了...建议...而... конструкциясы.

为了挽救所造成的局面，建议您不要把所安装设备返回制工厂，而是更换导致车床无法使用的不合格配件 - Бұл жағдайды қалыпқа келтіру үшін, құрыл-

ған жабдықтарды қайтармай, керісінше станоктың жұмыс істеуіне кедерші келтіріп тұрған бүлінген бөлшектерді ауыстыруға ұсыныс білдіремін.

在...方面...конструкциясы.

您的部门在这方面多作的工作是非常高尚和十分必要的 - Осы бағыттағы сіздің бөлім жүргізіп жатқан жұмыс өте тиімді және тне Хэйлуңцзян провинциясының тұрғындары үшін гана емес, Ресейдің қиыр шығыс бөлігіндегі тұрғындар үшін де өте қажет.

在...基础上 - ... негізінде

在此清单基础上想听您的意见 - Осы хат негізінде сіздің көзқарасыңызды білгім келеді.

已经...了 конструкциясы.

新地址一周前已经发给您了 - Жаңа мекен – жай туралы ақпарат сізге бір апта бұрын жіберілген.

不仅...而且... – тек... қана емес, сондай-ақ

您不仅表现得体, 而且能够全面地解决了问题 - Сіз тек дұрыс істеп қана қоймай, сондай-ақ толығымен мәселені шешіңіз.

虽然...但是... - Алайда, ...бірақ.

双方虽然多次协商解决, 但均未成功 - Екі жақ туындаған мәселені келіссөз жүргізу арқылы шешуге талпынса да, бір шешімге келе алмады.

对...感兴趣, 所以...- ...қызығудамын, сондықтан ...

我对贵公司商务经理助理职感兴趣, 所以想请您看我的履历 - Мені сіздің фирмада коммерциялық директордың көмекшісі қызметі қызықтырады, сондықтан менің түйіндемемді қарап шығуыңызды сұраймын.

但是...因为...- Алайда, ...сондықтан ...

但是非常遗憾, 因为情况有变我们无法参加 - Алайда өкінішке орай, жағдай өзгерді, сондықтан біздің шақырудан бас тартуымызға тура келді.

如果...一定...- Егер ..., міндетті түрде...

如果我们能够改签并访问贵公司的工厂, 我们一定在展览会开幕之浅浅通知您 - Бірақ, егер біз әуе билетті ауыстырып, сіөзің компанияның зауытына келе алсақ, біз міндетті түрде бұл туралы көрменің ашылуына дейін хабарлаймыз.

Хат жазу өте күрделі. Сөйлегенге карағанда қиынырақ [4, 6]. Кейде адам әңгімеде еш қиындық көрмесе де, қолына қағаз алғанда қиындыққа тап болады. Ойды жазбаша жеткізуде әңгімелесушіні бақылау мүмкін емес. Ал хатты шет тілінде жазу одан да қиынырақ: адресат, яғни алушы еліндегі хат жазу ережесі мен талаптарын білмеу – іскерлік қатынаста қиындықтарға алып келеді [3, 5].

Ресми құжаттарда да арнайы конструкциялар қолданылады. Солардың ішінде жиі қолданып, штампқа айналып кеткендері де бар. Мысалы,

根据…给予 конструкциясы

本证书根据“哈萨克斯坦公布共和国国税和预算以及其他有关税务的缴纳”给予“Marsel-Su”责任有限公司 - *Осы куәлік “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Қазақстан Республикасы кодексіне сәйкес ЖШС “Marsel-Su” берілді.*

以及…有关… конструкциясы

哈萨克斯坦公布共和国国税和预算以及其他有关税务的缴纳 - *Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы*

所…为… конструкциясы

按所在地从2009年08月4日起确认最为国家登记纳税方并占有纳税人的登记号 - *2009 жылдың 4 тамызынан бастап салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркелгенін және тұрғылықты орны бойынша салық төлеушінің тіркеу нөмірі берілгенін растайды.*

从…起… конструкциясы

从2003年08月04日起. . . - *2003 жылдың 4.08 бастап...*

在…下 конструкциясы

本证书经核查批准，在有关证件被改情况下，才可换此正 - *Осы куәлік Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген барлық жағдайларда қолданылады және ондағы берілген мәліметтер өзгерген жағдайда , ауыстырылуға жатады.*

在…范围内…按照 конструкциясы.

本证有权在哈国法律范围内执行按照大会文件进行工作 - *Осы куәліктің Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген мекемелік құжаттарға сәйкес жұмыстарды жүзеге асыруға заңдық күші бар.*

为了… - үшін...

为了巩固合作伙伴关系… - *Стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастық қатынасын нығайту мақсатында...*

在…期间 конструкциясы.

在学术年会期间… - *Жылдық ғылыми-техникалық конференция негізінде...*

按照…合同 – келіссөз бойынша ...

兹经买卖双方同意按照下列条款签订本合同 - *Сатушы мен сатып алушы төмендегі бап бойынша келіссөз жүргізуге келісіп, төменде көрсетілген талаптар бойынша келіссөз жүргізді.*

在…基础上 – негізінде... конструкциясы

经协商买卖双方一致同意在平等护理的基础上… - *Теңдік пен өзара тиімділік негізінде, достық келіссөз арқылы...*

处…外 - ...басқа...

处由本合同地10条原因之外… - *Осы келісім шарттың 13 бабында көрсетілген жағдайлардан басқа....*



致...经理 - ....директорына :

致 Kazakhstan “Talgar auto” 股份有限公司经理: “Талғар авто” Қазақстан ЖШС акционерлік қоғамының директорына:

在...出生于 - .... туылған (дүниеге келген)

我, HOREMAS GERT A. L. 1968 年8月16日出生别里各亚 - Мен, Хоремас Герт А.Л., 16.08.1968 ж туылған...

委托与...为 - ...сенім білдіремін.

我委托于 LiGuiLan 我拿着个房子的手续和钥匙并替我签字, 还有为我办理其中的一切手续 - Мен Ли Гуй Лянның мен үшін қол қойып, осы жұмыстарға байланысты істердің бәрін істеуге сенім білдіремін [8, 98].

由...为...конструкциясы

我的法律权利由公证人为我说明 - Нотариус қызметкері менің құқықтарымды түсіндірді.

由...的...конструкциясы

2006年5月3日的委托书由我, Zhumahanova N.公证的 - 30 мамыр 2006 ж. бұл сенімхат нотариус Жумаханова Н. тарапынан бекітілді.

采用...方式 - ...форма бойынша

本合同采用先汇方式结算。

Осы келіссөз бойынша төлем қолма қол ақша формасында төленеді.

以...的规定 - конструкциясы

一哈萨克斯他们的规定... - Қазақстан Республикасының заңы бойынша ...[6,23].

Соңғы жылдары Қытай тез қарқынмен дамуда [7]. Қазіргі Қытайды жақсы танып-білу үшін қытай тілін оқитын студенттер Қытай жаңалықтарын жан-жақты оқып, сараптаулары қажет. Қытайша газет-журналдарды оқу осы мақсаттың негізі болып табылады. Неліктен көптеген қытай тілін оқып жатқан деңгейлері жақсы студенттер қытай әдебиетін оқи алғанымен, Қытай газетіндегі қарапайым жаңалық мақалалары мен күнделікті ақпараттарды түсіне алмайды. Қытай тілін үйренушілер үшін қытай газет-журналдарын оқу оңайға соқпайды. Өйткені, баспасөз, газет тілінде, мәдени контекстер, классикалық қытай тілі, дәстүрлі білім, қытай тіліндегі жаргондар, техника тілі, жаңа сөздер, ерекше айтылымдар, қытай тіліндегі идиомалар мен поэмалар қолданылады. Сондай-ақ жаңалықтар, ақпараттар өзгеше стильмен жазылады. Ал құрмалас сөйлемдер байланыстырушы конструкциялар арқылы жасалады. Сол үшін, студенттер құрмалас сөйлемдерді жақсы түсініп, дұрыс аудару үшін сөйлемде кездесетін конструкцияларға аса назар аударып, жақсы ажыратулары тиіс.

\*\*\*

1. Дүйсембекова Л. Ис қағаздарын қазақша жүргізу. - Алматы: Ана тілі, 2000. – 245 б.

2. Касымбеков М. И др. Словарь справочник общественно-политических терминов и наименований, введение делопроизводства и правильного заполнения документов на казахском языке. -Алма-ата, -1992. – 320 б.
3. Корец Г.Б. Китайский язык. Деловая переписка. -М., 2010 . – 224 б.
4. Лазуткина Е.М. Общая характеристика функционально-делового стиля -М., 1999. – 274 б.
5. Салагаев В., Шалабаев Б. Іс қағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг. Учебн. пособ. Алматы, 2000 . – 256б.
6. 李立, 刘月华等 实用现代汉语语法. 北京: 商务书馆, 2001. -212 页.
7. [www.en.wikipedia.org](http://www.en.wikipedia.org)
8. 陈用仪. 主述位切分与翻译的准确和流畅. 北京: 中国翻译, 1986. -186 页

\*\*\*

В данной статье автор рассматривает конструкции используемые в современном китайском языке. Делопроизводство является сферой обеспечивающей подготовку и работу с офисной документацией. Семантика таких конструкций - это сложные языковые единицы основанные на смысле тесно связанных между собой компонентами. Автор предлагает всевозможные варианты и образцы официальных писем, факсов и электронной почты на китайском и казахском языках. Наряду с бизнес-корреспонденцией, автор также рассматривает в статье образцы ведения личной документации.

\*\*\*

The problem of using and working with language constructions in modern Chinese are explored in this given article. Semantics of such constructions in modern Chinese language represent the linguistic units which are founded on the meaning of interrelated linguistic components. The author gives the all possible forms of writing of faxes, official letters, electronic mails which are exploited in modern Chinese as well as their equivalents in Kazakh language. Along with business correspondence, the article also provides examples of working with individual documentation.

### **Н.Н. Қонкабаева**

#### **ҚҰРАМЫНДА ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ БАР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОННОТАЦИЯСЫ (араб және қазақ тілдеріндегі материалдар негізінде)**

Қазіргі лингвистиканың маңызды мәселесі мәдени мәліметтерді сақтау тәсілдерін зерттеу болып табылады. Мәдени мәліметтер, Е.О.Опаринаның пайымдауы бойынша, тіл бірліктерінде төрт тәсіл арқылы көрініс табады: мәдени семалар, мәдени аялар, мәдени концептілер және мәдени коннотациялар. Мұндағы мәдени семалар мәдениеттің идиоэтникалық мәнді білдіретін лексемалар мен фразеологизмдерде бейнеленуін білдірсе, мәдени ая (фон) дегеніміз өмірдегі әлеуметтік көріністер мен тарихи оқиғаларды

білдіретін лексемалар мен фразеологизмдердің сипаттамасы. Ал мәдени концептілерге *сағыныш*, *ықтияр* секілді абстракт ұғымдардың атаулары жатады [1, 34]. Біз мәдени мәліметтерді сақтаудың негізгі тәсілі болып саналатын мәдени коннотацияға толығырақ тоқталмақпыз.

Тіл туралы ғылымға алғаш рет «коннотация» (лат. *con* - «бірге», *notatio* - «таңбалау» - қосалқы, қосымша, толықтыратын) терминін енгізген Л. Блумфилд болатын. Бұл термин негізінен психология ғылымының маманы Дж. Милл теориясынан алынған. Бастапқыда бұл терминмен О.Эрдман, Л. Блумфилд еңбектерінде эмотивті бояуы бар тілдік элементтер белгіленіп, қолданыла бастады. Л. Блумфилд, К. Кербрат-Оррекиони, А. Мартине, Ж. Молино секілді шетел, (Л.Г.Бабенко, Ю.А.Бельчиков, В.И. Говердовский, О.С. Сапожникова, В.Н. Телия, Г.В. Токарев, В.К. Харченко, В.И. Шаховский және т.б. орыс лингвистерінің бұл мәселеге үлкен көңіл бөлуіне қарамастан, әлі күнге дейін коннотацияға қатысты әртүрлі теориялар бар, оған берілген анықтамалар да әртүрлі.

Қазақ тіл білімінде коннотация құбылысы теориялық тұрғыдан арнайы қарастырылмағанмен, лексикалық мағына, екіншілік номинация, лингво-поэтика, лингвостилистика, фразеологизмдерге қатысты зерттеулерде қамтылып, М. Оразов, А. Салқынбай, Е. Абақан, Р. Авакова, Ғ. Хасанов, Г. Байгунисова, Д. Әлкебаева, Б. Жұбатова т.с.с ғалымдар тарапынан берілген анықтамалар негізінде айшықталады. Коннотацияға қатысты зерттеулерді қорыта келе, оған мынадай анықтама беруге болады: *коннотация* дегеніміз сөздің денотативтік мағынасына эмоционалдық, экспрессивтік, бағалауыштық реңк беретін қосымша мағынаны айтамыз. Мысалы, қоян сөзінің денотативтік мағынасы «жануар», ал қосымша не коннотациялық мағынасы «қорқақ» (адам) деп түсіндіріледі.

Лингвистикада В.Н.Телия мен Ю.Д.Апресяның коннотация бойынша теориялары негізінде мәдениетті ашып көрсетуде қолданылатын ұлттық-мәдени коннотация терминдік тіркесінің қолданысы кең таралған.

Умберто Эконның тұжырымдарына сүйене отырып, О.И. Быкова ұлттық-мәдени коннотацияға төмендегідей анықтама береді: ұлттық-мәдени коннотация «микрофрейм мен этноконнотаттардың ассоциативті және әлеуметтік-мәдени сипаттары жүйелі түрде берілген сипаттардың жиынтығы» [2, 34]. Ал В.Н. Телия бұл ұғымды шынымен де денотативті немесе образды уәждендірілген, яғни халықтың әлемді тану ерекшелігімен тығыз байланысты тіл бірліктері деп түсіндіреді [3, 214]. Жалпы, ұлттық-мәдени коннотация зерттеушілер тарапынан түрліше түсіндіріледі. Ол:

- ұлттық-мәдени компонент (Е.М.Верацагин, В.Костомаров);
- аялық білімдер жиынтығы (Ю.А.Сорокин);
- бейнелі-аялық негіздер (Ә.Қайдар, С.Сәтенова);
- культуремалар, мифологемалар (В.В.Воробьев, В.А.Маслова).

Терминдік тіркестің әртүрлі түсіндірілуінің өзі бұл мәселенің күрделілігін танытады. Халықтың ұлттық-мәдени таным-түсінігі оның тілінде, әсіресе, фразеологиздердің коннотациясында көрініс табады. Сондықтан оны ашып көрсету арқылы ұлттың болмысын тануға болатынын аңғарамыз. Мәселен, түр-түс туралы түсінік ерте кезден басталған. Ата-бабаларымыз әрбір ұғымды бір түске теңей отырып, әрбір түске қатысты белгілі бір коннотациялық мәнді қалыптастырған. Міне, осыдан барып құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдердің ұлттық-мәдени коннотациясын араб және қазақ халықтарының тілдік қорындағы материалдар негізінде қарастырып көрмекпіз.

Араб тіліндегі құрамында түр-түс атаулары бар фразеологизмдер кең таралмаған. Қолымызда бар материалдың негізінде айтар болсақ, олардың саны шамамен елуге жуық. Қазақ тілінде де түр-түске байланысты фразеологизмдер мол ұшырасады. Олар түрлі мағыналарға ие, символдық мәні бар. Түр-түске байланысты фразеологизмнің ішінде сан жағынан ең бірінші орында тұрған тұрақты тіркестер – кара түс ұйытқы болған фразеологизмдер. Кара деген сөздің сөздіктерде «аққа қарама-қарсы, көмірдің, күйенің түсіндей» деген тура мағынасы беріледі, сонымен қатар ол «адам», «сұлба» т.б. мәнде де жұмсалады екен. Фразеологизмнің құрамында да осы мағынаны білдіреді. Мысалы: *қара басты, қара басыңа көрінсін, қара басын күйттеді, хан болсын, қара болсын*. Кара сөзі ұйытқы болған фразеологизмдердің келесі бір мағынасы немесе білдіретін символы – жаман, яғни жағымсыз деген мағынада қолданылады. Мұндай фразеологизмдерге мынадай мысал келтіруге болады: *қара бауыр, қара бет, жүрегі қара, қара судан қаймақ алады, қара ниет, қара тізім, қара бұлт басу*.

Қара сөзі қазақ тілінде өлім, қаза, қасірет символын да білдіреді. Осыған байланысты тілімізде қалыптасқан этнографиялық мәнде де жұмсалады. Мысалы: *қара тігу* немесе *қара қағаз*.

Қара түсі ұйытқы болған фразеологизмдер осы жоғарыда келтірілген мағыналармен шектеліп қалады дей алмаймыз. Қара түсінің жеке сөз ретінде де мағынасы өте көп екені белгілі. Негізінде кара – жауыздықтың, зұлымдықтың белгісі. Бірақ келтірілген мысалдардан байқағанымыз, кара түсі фразеологизмдердің құрамында келгенде, үнемі олай бола бермейтінін байқадық.

Араб халықтарында *қара* сөзі шаштың, көздің түсін, қараңғылықты суреттеуге қолданылады. Негізінен, бұл сөздің жағымсыз коннотациясы басым: адамды суреттеген кезде, кара түсті қолданса, онда оның қорқақ, арам, кара ниетті екендігін байқаймыз. Кара түс, арабтарда да, басқа мәдениеттердегідей, өлімнің, қайғының символы болып табылады. Мәселен, кара түсті ту хашимидтердің діни көтерілісін білдірген [12, 59].

Арабтарда кара түс қаралы оқиғамен байланысты. Мысалы: *الثلاثاء الأسود*

(сөзбе-сөз аудармасы «қара сейсенбі») – 2001 жылғы 11 қыркүйектегі, яғни сейсенбі күнгі қаралы оқиғаны тура атамай, осылай береді. Себебі дәл сол күні Американы қорқытқан Нью-Йорк пен Вашингтон қалаларында үлкен қасіретті оқиғалармен байланысты аталған болатын: سيظل الثلاثاء – الأسود جرحاً لا يبرأ في قلوب الأميركيين – Қаралы сейсенбі күннің оқиғалары америкалықтардың жүрегінде жазылмайтын жара болып қалмақ [6, 157].

قلبه أسود (сөзбе-сөз аудармасы «(оның) жүрегі қара») – қара жүрек тіркесі қызғаншақ, көре алмайтын, жаман адамдарға қатысты қолданылады. Мысалы: الإنسان الحقود قلبه أسود – Қызғаншақ адамның жүрегі қара.

Қара түс араб халқының әлемді тануында басқа да мағынаға ие. Мәселен, الحصان الأسود (сөзбе-сөз аудармасы «қара жылқы») – дәрежесі жоғары, шеберлігі мол топты орта деңгейлі топтың ешкім күтпеген жеңісін суреттеу үшін қолданылады: كان فريق السنغال الحصان الأسود لكأس العالم عام 2002 – Сенегал тобы 2002 жылдың әлем жарысында ешкім күтпеген жеңіске жетеді.

Араб халқының дүние-танымында көп қолданылатын ақ түске тоқталып кетейік. Ақ түс, керісінше, жақсылық пен ізгі істердің символы болып табылады. Ақ түс – күн, ай, жұлдыздың эталоны. Мысалы: بيض مثل الشمس، ابيض كنجم. Негізінен, бұл сөз күміс, металды қаруларды, әсіресе қылыш, ақ шаш, тіс түстерін суреттеуге қолданылады. Егерде, ер адамға қатысты ақ түсті қолданса, онда ізгі, текті адам, ал әйел адамдарына қатысты қолданылса, ол әдемі, ізгі ниетті деген мағыналарды береді. Ақ түс сонымен қатар, Умайя әулетінің түсі болған. Әрі өлім мен қазаны білдіретін мән-мағыналары да бар.

Ақ түс - тазалық пен пәктіктің символы. الثورة البيضاء (сөзбе-сөз аудармасы «ақ төңкеріс») – қан төгілмейтін бейбіт мақсатында болатын шерулер: نحتاج إلى الثورة البيضاء للتخلص من البيروقراطية – Бюрократияны тоқтату үшін бейбіт мақсатында шеруге шығу керек.

قلبه أبيض (сөзбе-сөз аудармасы «оның жүрегі ақ») – жүрегі қызғаныш пен көре алмаушылықтан таза, ешкімге жамандық тілемейді адам: إنه إنسان طيب، قلبه أبيض – Ол жақсы адам, жүрегі ақ. Бұл фразеологизмдегі ақ түс тазалық пен игі әдеттерді білдіреді.

كذبة بيضاء (сөзбе-сөз аудармасы «ақ өтірік») – ешкімге зияны келмейтін өтірік сөз: أراد الولد أن ينجو من العقاب على الكذب، فقال: إنها كذبة بيضاء يا ابي – Өтірік айтқаны үшін жазадан қашқысы келген бала әкесіне: «Мен ақ өтірік айттым ғой», - деген. Осы фразеологиялық оралымда ақ түсі зияны, залалы жоқ нәрсені беруде қолданылған.

صفحة بيضاء (сөзбе-сөз аудармасы «ақ парақ») – тәжірибесі мен білімі жоқ адамды суреттеу үшін қолданылады: يولد الطفل صفحة بيضاء – Бала дүниеге ақ парақ түрінде келеді. Парақ ешбір жазусыз, бос болу себебінен, білімі жоқ адамды да ақ парақпен суреттейді. Негізінен, араб халқының

түр-түс бейнесінде ақ түс «أيادٍ بيضاء» - ақ қолдар, яғни қазақ тіліндегі *аялы алақан*, ал «أبيض اليد» - ақ қол, яғни жомарт адамды арабтар осылай атайды.

Қазақ тілінде де ақ түс - адалдық, пәктіктің символы. *Ақ* сөзі ұйытқы болған фразеологизмдер, ең біріншіден, «қасиетті, қадірлі» деген ұғымда жұмсалады. Мысалы, *ананың ақ сүті, ақ бата, ақ сақалды қарттар мен ақ шашты аналар, ақ босаға, ақ киізге көтерді, ақ отау.*

Ақ түске байланысты фразеологизмдер адалдықты, пәктікті, тазалықты білдіреді. Мысалы: *ақ адал, ақ көңіл, ақ жарқын, ақ жол* т.б.

Ақ түсі ұйытқы болған фразеологизмдердің қазақ тіліндегі символдық мәні – қадірлі, қасиетті, адал, пәк, таза ұғымдары. Ал біз көрсеткен үшінші түрі көбіне фразеологиялық тізбекке, яғни өзінің номинативті тура мағынасын толық жоғалтпаған мәнде жұмсаладыны байқалады.

Қызыл түске келетін болсақ, ол араб мәдениетінде қан мен өлімнің түсі ретінде қабылданады. Ер адамдарға қатысты, шарап пен еттің түсі, ал әйел адамдарға қатысты, әдемілік пен сұлулықтың белгісі ретінде суреттелінеді. Қызыл түс, негізінен, қорқыныш пен үрейді беру мақсатында қолданылады. Мәселен, *العين الحمراء* (сөзбе-сөз аудармасы «қызыл көз») - үрей туғызу, қорқыту (яғни, көз адам ызаланған кезде ғана қызарады): *بعض الناس لا يرتدعون عن الشر إلا بالعين الحمراء* – Кейбір адамдар өздерінің ашуын тек қызыл көзбен ғана көрсетеді. Қызыл түс арқылы адмның ашуы мен ызасын білдірген.

*جهنم الحمراء* (сөзбе-сөз аудармасы «қызыл тозақ») – қайғы-қасіреттегі қиындық кезеңдерін суреттеу мақсатында қолданылады: *المساكن العشوائية جهنم الحمراء بالنسبة لسكانها* – *Тұрмыс тауқыметтері халық үшін қайғы-қасіретпен бірдей.* Негізінен, бұл фразеологиялық бірліктің құрылуында прототиптік жағдаят бар. Яғни, Құранда тозақ отының түсі қызыл деп беріледі. Міне, осыдан барып, адам баласының қиын-қыстау кездерін тозақтың отымен ауыспалы мағынада суреттеу қолданысы пайдалынады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында келетін *қызыл* сөзі бірнеше мағынада жұмсалады. Қызыл қанның түсі болғандықтан, ең алдымен, бұл түс арқылы жасалған фразеологизмдер «қан» немесе «ет» мағынасында қолданылады. Мысалы, *қызыл ала қылу, қызыл көрген құзғындай, қызыл көрмеу.*

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы қызыл түс көбіне соматизмдермен тіркесіп, «құрыс, төбелес» мағынасын береді. Мысалы, *қызыл кеңірдек болу, қызыл көз, қызыл өңеш болу, қызыл танау болу, қызыл тер болу, қызыл шеке болу, қызыл жон ету.* Сондай-ақ «қызыл» түсі қызыл сөз фразеологизмінің құрамында келіп, жылтырақ, мәңсіз деген ұғымды білдіреді. Бұл ұғым осы бір ғана фразеологизмнің мағынасын ашады.

Сары түс араб халқының танымында негізінен жағымсыз коннотацияға ие: сүйіктісімен айрылысудағы қайғы, қызғаныш пен көре алмаушылықты

негізгі белгісі ретінде суреттеледі. Сары түс араб халқының танымында жауыздық пен жалғандықтың символы болып табылады. Мәселен, *ابتسامة صفراء* (сөзбе-сөз аудармасы «сары күлкі») – жалған, өтірік, жауыздық, зұлымдық мәніндегі метонимия: *فأدرکت ما يضمر لی من حقدٍ واستقبانی بابتسامة صفراء؛ وضغينة* – *Мені сары күлкімен қарсы алды, яғни оның жасырын арамдығы мен өшпенділігі маған күлкісінен түсінікті болды.*

*العین الصفراء* (сөзбе-сөз аудармасы «сары көз») – жеккөрушілік пен қызғаныш сезімі: *عَوَّدت المرأة طفلها من العين الصفراء* – Анасы баласын сары көзден сақтады. Араб тілінде сары, қара түстерінің жағымсыз коннотациялары бар. Қазақ халқында қызғаншақ және сараң адамды бір тіркеспен, яғни *işli tar* деген оралымымен бейнелейді.

Қазақ халқының пайымында фразеологизмдер құрамында кездесетін сары концептісі түсі кең, ұзақ, белгілі бір уақыттан кейін екінші түске айналу мағынасында ғана қолданылады. Мысалы, *сары дала, сары жілік, сары қарын, сары уайым.*

Жасыл түс араб мәдениетінде ерекше орын алатын жағымды бояу. Ол табиғаттың, тіршіліктің бейнесі. Мысалы, *الثورة الخضراء* (сөзбе-сөз аудармасы «жасыл төңкеріс») – шөлді аймақтарда егіншілік пен жасыл түсті өсімдіктерді көбейту: *أهم إنجاز إنسانی هو الثورة الخضراء* – Адамның ең маңызды жетістігі – ол жасыл төңкеріс.

Сонымен қатар, жасыл – ислам дінінің негізгі түсі, Мұхаммед пайғамбардың жалауының түсі мен Әли киген киімдерінің түсі болған. Негізінен, жағымды коннотацияларға ие: әдемілік пен қуаныштың, молшылық пен жомарттықтың символы болып табылады.

*Жасыл* түс ұйытқы болған фразеологизмді біз қазақ фразеологиялық қорында кездестіре алмадық. Мұның өзі қазақ халқының ежелден жасыл түсті қолданбағанын көрсетсе керек. Олар жасыл түстің орнына көк түсті пайдаланғанын, көк түстің шөп мағынасында жұмсалғанын да байқауға болады. Мұның өзі түр-түске байланысты фразеологизмдердің қайнар көзі ертеден бастау алатынын көрсетеді.

Қазақ халқының ұғымында тағы бір ерекше орын алатын фразеологизмдер – көк түсі ұйытқы болған тұрақты тіркестер. Қазақ халқы үшін қазіргі уақытта ең қадірлі түс – көк түс. Оған дәлел болатын, ұлттық туымыз, яғни көк байрағымыз. «Көк» сөзі ұйытқы болған фразеологизмдердің алдымен беретін ұғымы – *аспан*, яғни *көкке асты, көкке атылды, көкке жетті, көкке бақты, көкке көтерді, көк күмбез. Көк* түсінің бірінші, яғни *аспан* мағынасынан келіп, *алла, тәңірі, құдай* деген екінші мағына туындайды. Мұның себебі халық ұғымындағы *алла, құдай* аспанда болады дегеннен қалыптасқан. Осы ұғымның өзі көк тәңірі фразеологизмін қалыптастырған. Бұл мағынасында көк сөзі ұйытқы болған фразеологизмдер тек қарғыс мәнінде жұмсалады екен. Мысалы, көк соққан т.б. Көк түсімен

байланысты фразеологизмдер өсімдік, оның ішінде көк шөп мәнінде қолданылады да, фразеологиялық тіркестер құрайды. Мысалы, *көк майса, көк шалғын, аузы көкке тию*.

Көк түсіне қатысты фразеологизмдер жастықтың символын білдіреді. Мысалы, *көк өрім, көктей солу*.

Сонымен, көк түсі ұйытқы болған фразеологизмдер де түрлі мағынада жұмсалып, қазақ халқының көк түсті де бірнеше мәнде қабылдайтынын жоғарыда келтірілген мысалдардан байқадық.

Көк түс араб халқының таным-түсінгінде көк түсті көзді суреттеуге қолданылып, негізінен, жаттықтың, бөтендіктің символы болып табылады. Сонымен қатар қызыл және көк түстері бір мағынада қолданылған. Мысалы, (الازرق) لا يقوى الجن الاحمر, яғни қызыл не көк түсті сайтаннан мықты емес.

Қорытындылай келе, араб халқының түсінігінде ақ пен қара түстері бір-біріне қарама-қарсы мағынада қолданылғанын анықтадық. Яғни ақ түс – адалдық, пәктіктің символы болса, ал қара түс – жауыздық, зұлымдықтың символы. Ал, қызыл және көк түстері бір мағынада қолданылған.

Сонымен, қазақ тіліндегі түр-түс ұйытқы болған фразеологизмдер негізінен түр-реңк сипатын білдірмейді. Олар өздерінің тура мағынасын жоғалтып, негізінен ауыспалы мағынада жұмсалады да, халқымыздың ұлттық танымын, ұлттық психологиясын білдіретін ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, қазақ және араб халықтарының түсінігінде ақ және қара түстері бірдей мағынада жақсылық пен зұлымдықтың символы болып табылады. Қызыл түстің бос сөздікті, әрекетсіздікті беретін мағынасы екі халықтың түсінігінде бар. Араб халқының түсінігінде көк түсімен берілген фразеологизмдер өте аз ұшырасады. Ал, қазақ тілінде *көк* сөзінің қатысуымен бар фразеологизмдер кең таралған. Алайда, жасыл түс ұйытқы болған фразеологизмдер қазақ тілінде өте сирек кездеседі. Жасыл түстің орнына көк түсі алмастырылған. Ал араб мәдениетінде, керісінше, жасыл түс – ең жағымды, негізгі түс, ол азаттық пен тіршіліктің көзі ретінде танылады.

\*\*\*

1. Опарина Е.О. Лингвокультурология: методологические основания и базовые понятия// Язык и культура: сб. обзоров. М., 1999. Вып.2 – С.34-35.
2. Ракитина О.Н. Национально-культурная коннотация как семантическая категория. дисс. канд. фил.н. - Воронеж, 2005. - 229 с.
3. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – Москва, 1986. - 142 с.
4. Авакова Р.А. Фразеология теориясы. - Алматы, 2009. - 290 б.
5. Маслова В.А. Лингвокультурология. - Москва, 1998. - 194 с.
6. الدكتور محمد محمد داود. معجم التعبير الاصطلاحي في العربية المعاصرة. القاهرة، 2003.



7. 1993، ابن منظور. لسان العرب. بيروت – لبنان،
8. Ушаков.В.Д. Фразеология Корана. – Москва, 1996. - 167-196 с.
9. Кеңесбаев.І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы, 2007. – 799 б.
10. Фавзи А.М., Шкляров В.Т. Учебный русско-арабский фразеологический словарь. – Москва, 1989. – 13-500 с.
11. Қазақ тілінің сөздігі. - Алматы, 2007 - 84-402 б.
12. Булах М.С. Цветообозначение семитских языков в этимологическом аспекте. дисс.канд.фил.н. – Москва, 2005. – 288 с.
13. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы, 1992. – Б.59-73.

\*\*\*

В статье рассматриваются термины «коннотация» и виды коннотации в лингвистике. Объектом исследования является национально-культурная коннотация фразеологизмов с цветообозначением. Впервые автором проводится сопоставительный анализ коннотации цветообозначений в составе фразеологизмов казахского и арабского языков.

\*\*\*

The author considers the term "connotation". Gives a list of connotations, known in the art. Highlights the national and cultural connotations. Makes the first comparative analysis of the connotations of color terms in the phraseology of the Kazakh and Arabic.

## Х.В. Масимова

### ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ЕСІМ СӨЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(«Чингиз-наме» және «Тәварих-и мусикиун» ескерткіштері негізінде)

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері арасындағы жалғастық генеологиялық, типологиялық, ареалдық, функционалдық аспектерде, жекелеген тілдердің, тілдік топтардың материалдары негізінде ХІХ ғ. бастап зерттеліп келеді. Түпнұсқада сақталып бүгінгі күнге жеткен тарихи жазба мұраларымыз сирек те болса кездеседі. Солардың ішінде орта ғасыр жазба әдеби тілінің ескерткіштері – ХҮІ ғ. мұрасы «Шыңғыс-наме» және ХІХ ғ. мұрасы «Тәварих-и мусикиун» трактаты болып есептеледі.

«Шыңғыс-наме» ескерткішін зерттеуде Қазақстан ғалымдарынан шығыстанушы В.П. Юдиннің еңбегі ерекше. В.П. Юдиннің еткен еңбегі негізінде Ю.Г. Баранова және М.Х. Әбусейітова қолжазбаның факсимиле, аударма және транскрипциясын алғаш рет 1992-жылы жариялады [1].

2004-2006 ж. арналған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама аясында Шығыстану институты Ұйғыртану орталығының лингвист-мамандары тарапынан «Шыңғыс-наме» ескерткішінің алғаш рет көрсеткіш-сөздігі түзіліп баспадан шықты [2].

«Шыңғыс-наме» ескерткіші тарихшы-ғалымдар зерттеулерінде біраз зерттелген болса тілші мамандар тарапынан әлі зерттеу нысаны болмаған. Проза жанырында жазылған шығармалар мәтіні поэзия жанрында жазылған шығармалар мәтінінен тіл ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан «Шыңғыс-наме» ескерткіші ХҮІ ғасыр түркі тілінің, «Тәварих-и мусикиун» трактаты ХІХ ғасыр ұйғыр тілінің проза жанырында жазылған шығарма ретінде тіл білімінде жан-жақты зерттеуді талап етеді. Осы махсатқа орай төменде «Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» ескерткіштерінің тіліндегі есім сөздердің морфологиялық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Бұл ескерткіштер тілі орта ғасырлардағы жазба тіл мен қазіргі түркі тілдерін байланыстыратын маңызды саты болып табылады. Ескерткіштердің нақты морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу ескі түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің тарихи байланысын қалыптасу, даму барысын анықтауда маңызы зор.

«Шыңғыс-наме» ескерткіші тілінде зат есімдердің көптік категориясы -лар, -лар жалғауларының көмегімен жасалады: Мысалы, Йәнә он йеті оғул өзгә *зәйфәләріндін* болуб әрді. Сізіләрнің *аталарыңызгә* теләгән һәм салмады. Бір бөләк *марал-кейікләр* йолуқды.

Ескі түркі тілінде көптік тұлғасы -ан қосымшасы арқылы жасалатыны аталады. Бұл аффикс *оғул* және *әр* сөздеріне жалғанған: *оғул* – ұл, *оғлан* – балалар; *әр* – ер адам, *әрән* – ерлер. «Шыңғыс-наме» тілінде *оғул* және *оғлан* тұлғаларының екеуі де кездеседі. Бірақ мұнда -ан қосымшасы өзінің көптік мағынасын жоғалтып, сөзге әлеуметтік мән үстемелейтін сөзжасам жұрнақтары қатарына өтеді. *Оғлан* сөзі -лар жалғауының көмегімен көптік сипатқа ие болады: Мысалы, Әмма Йожы-хан барчә *оғланларындын* улуғрақ әрді. Үч йәрдә Шәйбан-хан *оғланлары* Тохтамыш-хан білә Темүр-Қутлы вә Урус-хан *оғланларыгә* фәхр қылыб мақтанурлар... .

*Оғул* және *оғлан* сөздерінің қолданысында да өзгешелік бар. *Оғул* сөзіне кейде -лар жалғауы жалғанбайды, оған көптік мағына сан есімдердің көмегі арқылы үстемеленеді. Мысалы: Бір анадан туған *екі оғул* вә өзгә анадан туған *он йеті оғул* барчасы қошулуб Улуғ-хан көрүнүшігә бардылар.

-лар аффиксы «ұлдар» мағынасындағы да, «жауынгерлер» мағынасындағы да *оғлан* сөзіне жалғанады: Ол кім Сайын-хан *оғланлары* Бердібек-хандә тәмам болды ерсә, Жанбек-ханның анасы Тай-Дуалы-бегім: Әмді йурыт тәқы ханлық Шәйбан-хан *оғланларыгә* тегәр... және т.б.

«Тәварих-и мусикиунда» зат есімдердің көптік категориясы морфологиялық синтаксистік, лексикалық сияқты үш түрлі тәсілмен жасалады және кейбір сөздер көптік мағынада қолданылады. «Тәварих-и мусикиун» ескерткішінің тілі зат есімнің көптелу категориясы жағынан қазіргі ұйғыр тілінен төмендегідей ерекшеленеді. Зат есімнің көптік жалғаулары -лар, -

ләр жалғанған тұлғалары тәуелдік тұлғасын алғанда жеке тұлғаның сыпайы түрі ретінде қолданылады. Мысалы: Мәликә, Аманнисахеним сұлтан Абдурешитхан падишаһнің *зәвжалари* ирди.

«Тәварих-и мусикиунда» кездесетін араб-парсы тілдерінен енген кейбір зат есімдер сол тілдерден өзінің негізгі көптік мағынасында қолданылады. Мысалы: *ақабир, тәварих, әшғар, күтүб, әсрар* т.б. Ескерткіште кейде арабша немесе парсыша көптік тұлғалардың үстіне қазіргі ұйғыр тіліне тән көптік жалғаулары (*-лар//-ләр*) үстемеленіп жалғанғаны көрініс береді. Мысалы: Хас алим мусики устазлиридин... әмир Низамиддин Әлишир Нәвайи муршидимнің бу фән һәкқидә путқан *күтүб-рәсайилларидин* бәһриманд болдум т.б.

«Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиунда» тәуелдік жалғаулары жеке және көптік тұлғада кездеседі. Бұл ескерткіштердегі тәуелдік жалғауларында палаталь-веляр гармония, еріндік үндестігінің әсері анық сезіліп тұрады. Жекеше және көптік тұлғалар сөз түбірінің сипатына немесе дауысты, дауыссыз дыбыстармен аяқталуына қатысты болып келеді:

«Шыңғыс-наме» тілінде тәуелдік мынадай жалғаулардың көмегімен жасалады:

I жақ (жекеше түрі) *-(i)м, -ым, -үм, -ум;* (көпше түрі) *-іміз, -мыз.*

II жақ (жекеше түрі) *-ің, -ың;* (көпше түрі) *-іңіз, -ыңыз, -үңіз.*

III жақ (жекеше түрі) *-і, -ы, -сі, -сы;* (көпше түрі) *-і, -ы, -лары, -ләрі*

*Атам* орунға ағам сән. Әмма *атамыз* сені бісйар сүйіп әрді. Сенің *ханлығыңға* мән чыдармән. Әмма *менің ханлығымға* сән чыдымассән. ... тәб *ағасыға* көп тәкліф қылды. Мән һәм *сөзүмні* әрз қылайын... сіз һәм *сөзүңізні* әрз қылыңыз. ...Улуғ-хан көрүнүшігә бардылар. ... *огланлары* дур, теб екі бағлығ әлні бізгә бәрді және т.б.

«Тәварих-и мусикиунда» тәуелдік жалғауларының төмендегі түрлері қолданылған. Жекеше және көптік тұлғалар сөз түбірінің сипатына немесе дауысты, дауыссыз дыбыстармен аяқталуына қатысты болып келеді:

I жақ (жекеше түрі) *-м, -им, -үм, -ум;* (көпше түрі) *-миз, -имиз.*

II жақ (жекеше түрі) *-иң, -уң;* (сыпайы түрі) *-иңиз;* (көпше түрі) кездеспейді.

III жақ (жекеше түрі) *-и, -си;* (көпше түрі) *-и, -лари, -ләри*

«Тәварих-и мусикиунда» зат есімдердің тәуелдік категориясында I жақ көптік жалғауы езулік *-миз, -имиз* тұлғасында ғана кездеседі. Ескі ұйғыр тілінде жазылған басқа ескерткіштерде көп қолданылатын I жақ көпше түрінің *-биз* тұлғасы «Тәварих-и мусикиун» тілінде мүлде қолданылмайды. II жақ жекеше тұлғасы қазіргі тіліміздегідей II жақ жекеше тұлға зат есімдерге *-иң, -уң, -уң* жалғауларының жалғануы арқылы, II жақтың сыпайы тұлғасы зат есімге *-иңиз* жалғауының қосылуы арқылы жасалады. Ескі ұйғыр тілінде зат есімдердің II жақ көпше түрі *-иңиз, -уңиз, -үңиз*

жалғаулары арқылы жасалған болса, қазіргі ұйғыр тілінде II жақ көпше *-иңлар* (варианттарымен) жалғауы арқылы өрнектеледі.

Ескерткіште ескі ұйғыр тіліндегідей тәуелдіктің III жақ *-и*, *-си* жекеше тұлғасы мен III жақтың *-лари*, *-ләри* көпше тұлғасы қолданылады. Қазіргі ұйғыр тілінде тәуелдіктің III жағы жекеше және көпше түрі үшін *-и*, *-си* жұмсалады. Түркілік септік жүйесі қазіргі кезде талас тудырып отырған өзекті мәселелер қатарына жатады, сондықтан да оған айрықша мән берілуде. Қазіргі түркі тілдерінде септеу парадигмасы біркелкі емес. Мысалы, қазақ тілінде 7, өзбек тілінде 6, татар тілінде 10 септік бар.

Жазба ескерткіштерде көрініс тапқан көне түркілік септеу жүйесінде зерттеушілер 9 септік бар екенін айтады. Шағатай тіліне қатысты ғылыми еңбектерде септіктер жөнінде түрлі пікірлер айтылды. Түркітанушы А.М. Щербак көне өзбек тілінде жеті септік бар десе [3, 100-110], Хәмит Төмүр мен Абдуруп Полаттар ескі ұйғыр тілінде 11 септік бар екенін айтады [4, 25-31]. Тюрколог Я. Екманн шағатай тілінде тоғыз септік бар деп есептейді [5].

Ескерткіштер тіліндегі септік категориялары басқа дәуірлерге тән жазба ескерткіштерден және қазіргі ұйғыр тіліндегі септік категорияларынан мағыналары, грамматикалық қызметі бойынша көп ерекшеленбейді. Ескерткіштер тілінде септік жалғаулары дыбыстар үндестігіне бағынып та, бағынбай да қолданылғаны байқалады. Сондай-ақ, ерін үндестігіне, қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстардың байланысына көңіл бөлінбейді. «Шыңғыс-наме» ескерткіші тілінде жалпы қабылданған алты септіктік парадигманың сыртында септіктің ұқсату тұлғалары, сонымен қатар орын және нышан-белгі септіктері бар. «Тәварих-и мусикиун» тілінде зат есімдердің 10 септігі бар.

**Атау септік.** Атау септігінің морфологиялық көрсеткіші болмайды. Басқа септік формаларын жасау үшін негіз қызметін атқарады. Ескерткіштердегі атау септік қазіргі ұйғыр тіліндегімен бірдей болып келеді. Мысалы: Сурнайни... *Әрдишиир* атлиғ бир киши кәшф қилди.

**Ілік септік.** «Шыңғыс-намеде» ілік септігі *-ның*, *-нің*, *-нуң* жалғаулары арқылы жасалады: Мамайның ләшкәрі, мунуң сөзігә кіріб, ләшкәрнің оңы-соңы йетүшді.

«Тәварих-и мусикиун» ескерткішінде қазіргі ұйғыр тіліндегі ілік септігінің *-ниң* жалғауы қолданылады. Ілік септік жалғауының *мән*, *сән* сияқты жіктеу есімдіктерге жалғанғанда қосымша құрамындағы [н] дыбысы түсіп қалады. Мысалы: Нәфиси мениң тәхәллусум. Әбятлар сениң һәмидиңда әшһарлар һәбибиң нәһитида язғаймән.

Ілік септігінің Орхон жазба ескерткіштері тілінде және ескі ұйғыр тілінде көп қолданылған *-ың*, *-иң* тұлғасы «Тәварих-и мусикиунда» және «Шыңғыс-намеде» кездеспейді.

**Табыс септік.** «Шыңғыс-намеде» табыс септігінің *-ны, -ні* жалғаулары орын алады: *сөзүмні* әрз қылмайын, *Хызыр-ханны* ... хан қылды.

«Тәварих-и мусикиун» тілінде табыс септігінің *-ни* жалғауы жиі қолданылады. Мысалы: Бу *ғазәлни* кәйәрдин өргүнүп ирдиңиз. Ескерткіште кейде табыс септік III жақ тәуелдік жалғауынан кейін *-н* қосымшасын қабылдайды. Табыс септігінің бұл формасы *-ни* қосымшасы сияқты поэзия тіліне де, проза тіліне де тән болып келеді. Мысалы: ... бағрим қара қанин сия қилип әзгаймән... «Тәварих-и мусикиун» тілінде орта ғасыр ескерткіштер тілінде өнімді жұмсалған табыс септігінің *-и* қосымшасы мүлдем кездеспейді.

Шағатай дәуіріндегі ескерткіштер тілінде табыс септігі жинақталып, бірізділікке түскені байқалады, оларда табыстың *-ны, -ні, -ни* жалғауынан басқа көрсеткіштері кездеспейді

Ескі ұйғыр тіліндегі ескерткіштерге тән ілік пен табыс септігіне ортақ *-ни* жалғауы «Тәварих-и мусикиун» тілінде функционалдық және грамматикалық сараланғандығы байқалады, яғни ілік септік үшін *-ниң*, табыс септік үшін *-ни* жалғауы қолданылады. Табыс септікте тәуелдіктің III жағынан кейін *-н* қосымшасы жалғанады.

**Барыс септік.** «Шыңғыс-намеде» бағытты білдіретін барыс септігі *-ға, -га* қосымшалары көмегімен жасалады: Қыйат Ысатайға ... бәрді. Қашанәсіге таш кірпіч қойғандә. Әлні бізге бәрді.

«Тәварих-и мусикиун» ескерткіші тілінде барыс септік *-ға, -га, -ға, -қа, -кә, -қә* жалғаулары арқылы беріледі. Барыс септігінің жалғауы «Тәварих-и мусикиунда» сөздің жуан және жіңішкелігі ескерілместен, буынды талғап та, талғамай да жалғанады. Мәселен: *-ға* варианты дауысты немесе ұяң дауыссыз дыбысқа аяқталған жуан сөздерге жалғанады (Мысалы, *йолға, абадига, дуняға*), *-қа* варианты қатаң дауыссызбен аяқталған жуан сөздерге жалғанады (Мысалы, *яшқа*) яғни негізінен фонетикалық заңдылықтарды сақтайды.

Ескерткіште барыс септігінің *-ға, -га, -қа, -кә* жалғауларының орнына ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған *-ғә* жалғауы ғана қолданылады. Мәселен, қатаң дауыссызбен аяқталған бірқатар сөздерге *-ғә* варианты жалғанады. Мысалы: *сандуқғә, Таримғә, шеиримғә* т.б.. Кейбір сөздерде *-қа* вариантының орнына *-қә* варианты қолданылады. Мысалы: *достлуққә, иқапқә, яшқә*. Қатаң дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздерге ұяң дауыссыз дыбыспен басталған жалғаулар жалғанғаны да орын алады. Мысалы: *фәзиләтгә, бекгә, хотәнликгә* т.б. Барыс септігінің мұндай қолданысы Орхон-Енисей ескерткіштеріне де тән. Енисей мәтіндері және ежелгі ұйғыр тілі ескерткіштерінде - «Қутадғу билик» және «Дивану луғәт-ат түрктә» жуан түбірлі сөздерге барыс септігінің *-қа* варианты жалғануы да, *-ға* вариантының жалғануы да кездеседі.

Орхон ескерткіштерінің мәтіндерінде осындай сөздерге тек *-қа* варианты жалғанғаны мәлім [6, 12-13; 7, 149-150].

«Тәварих-и мусикиун» тілінде сингармонизм заңына бағынған сөздер де баршылық. Мысалы: *мәлікәгә, мусибәткә, яшқа* т.б.

Орхон-Енисей, ежелгі ұйғыр тілі ескерткіштерінде «Қутағу билик», «Дивану лугәт-ит түрк», «Ғибәт-ул һәқайик», «Гүлистан», «Кисекбаш китабы» [8, 108] және ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған барыс септігінің *-а, -ә* қосымшалары «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді.

«Шыңғыс-намеде» және «Тәварих-и мусикиун» тілінде *-ға, -қа, -гә, -кә* барыс септік жалғауы *мән, сән, у* жіктеу есімдіктерінен кейін келсе, *маңа, саңа, аңа* тұлғасы пайда болады, сөз фонетикалық өзгеріске – диссимиляцияға ұшырайды. Мысалы: *Маңа* нә охшар. Сәнсән *мәңа* фәрядирәс.

**Шығыс септік.** Ескерткіштерде шығыс септігінің тек ұяң [д] дауыссыз дыбысымен басталған варианттары ғана қолданылады. «Шыңғыс-намеде» шығыс септігі *-дын, -дін* жалғауы қолданылған. Мысалы, *Мәсжіддін* йәнә өйгә бармады. *Біздің* бір мәғләт ... ішітді. ... тәб *тәнурдін* чықды. *Андын* соң йәнә сөһбәт дәркәрд болды. Бәрдібәг-ханның *падишаһлығыдын* үч йыл өтді. «Тәварих-и мусикиунда» шығыс септігінің *-дин* варианты ғана келеді. Мысалы, Бу әзиз шубу *Моғулстандин* ирдиләр. ... илим өрганишдин номус қилма *илимсизлиқдин* номус қил. Султан *Мәһмуддин* сордики, чәмбүр челип бәргәй. Мисирға берип *каһнлардин* илми каһанәт билан үч қисим хәт өрганди.

«Тәварих-и мусикиунда» шығыс септігінің қатаң дауыссыз дыбыспен басталатын *-тин* варианты қолданылмайды. Сондықтан қатаң дауыссыз дыбыстармен аяқталған сөздерге де *-дин* жалғанады. Негізінен ескерткіш тілінде шығыс септігі қосымшаларын қолдануда дыбыс үндестігі сақталмаған деуге болады. Мысалы: *Ирақдин, гунәһдин, тилсизлиқдин* т.б. «Тәварих-и мусикиунда» ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған шығыс септік жалғауы III жақ тәуелдік тұлғасындағы сөздерден кейін жалғанатын *-ндин* жалғауы мүлдем кездеспейді.

**Жатыс септік.** «Шыңғыс-намеде» жатыс септігінің *-дә* морфологиялық тұлғасы негізінен посесивті *-ындә, -індә* көрсеткіштері құрамында көрініс береді. ... күзнүң *башында* хан хәстә болды. Орда *ічіндә* кі өтәк күйін қобсай башласа... . Сарай *вілайәтіндә* хан қылды.

«Тәварих-и мусикиун» ескерткішінде жатыс септік сөз түбірінің жуанжіңішке қасиетіне қарай *-да, -дә, -тә* жалғауларымен беріледі. Мысалы: *барғаныда, динидә, шәриәттә* т.б. Дегенмен жатыс септікке қатысты ескерткіштің өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Жатыс септік жалғауларында, жалпы алғанда, дыбыс үндестігі сақталғанымен, септіктің қолданылуында дыбыс ассимиляциясына тән фонетикалық талаптарға сай келмейтін тұстар да орын алады. Мәселен, «Тәварих-и мусикиунда» қатаң

дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздерге ұяң *-да*, *-дә* варианты жалғанады. Мысалы: *алимликда, туғутда, балағәтдә* т.б. «Тәварих-и мусикиунда» қатаң дауыссыз дыбыспен аяқталған сөздерге жатыс септіктің қатаң дауыссыз дыбыстағы *-тә* варианты [т] дыбысымен аяқталған *һәйрәттә* және *шәриәттә* деген сөздерге ғана жалғанады. Кейде бір түбір үшін бұл септіктің жуан варианты да (*-да*), жіңішке варианты да (*-дә*) қолданылған: *ишқида//ишқидә, чәмәндә//чәмәнида, китабида//китаплардә* т. б.

**Орын-белгі септігі.** «Шыңғыс-наме» ескерткіші тілінде орын-белгі септігі *-дақы*, *-дәкі* жалғаулары арқылы жасалған. Мысалы, *Тәбә башындақы* бір кішідін. Ол тебәдәкі кіші. Қасындақы чөрәләрі. *Йақындақы* әлләр. Теңіз-Буганың *ишікіндәкі*. «Тәварих-и мусикиунда» орын-белгі септігі ескі ұйғыр тіліндегі *-дағы*, *-дақы*, *-дәки* тұлғасында өрнектелмей, қазіргі ұйғыр тіліндегідей *-дики* жалғауы арқылы беріледі. Бұл тұлға сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып, анықталушы сөздің орын жағынан белгісін білдіреді. Мысалы: һәр кичә кирип истиқамәт қилған *Ниймәти Абаддики* лүһәдларигә тарихнің сәккиз йүз тоқсан тоққузидә дәфн қилиндиляр.

**Ұқсату септігі.** Бұл септіктегі зат есімдер сөйлемде *-дәк*, *-тәк* аффикстері арқылы беріледі. Бұл жалғау теңеу жасауда жиі қолданылады. Мысалы: Бейік *тебәдәк*. Алимликда һәзрәти Әбу Нәсир *Фарабидек*, һәкимликда һәзрәти *Ибни Синадек*, шаирликта һәзрәти *Нәвайидек*, муғәнниликда тәхи *Қидирихандек* ирдиляр. Ескерткіште басқа септіктер сияқты ұқсату септігі де кей жағдайда түсіп қалады: ... ғәрип-йитимлар атаси, фуқиара мискинләр рәһнәмаси, *Жәмшид сәвләт*, *Суләйман дәвләт*, *йолбарс хәшм*, *Искәндәр һәшм...* шаһи Хотән Әлишир һәким бегим.

**Шектеу септігі.** Ескі ұйғыр тілінде шектеу септігі *-гәчә*, *-қәчә*, *-гәчә*, *-кәчә* аффикстері арқылы берілсе, «Тәварих-и мусикиунда» *-гәчә* варианты және қазіргі ұйғыр тіліндегі *-гичә* варианты қолданылады. Мысалы: Бу әзизни падишадин *ғудагәчә*, әвлиядин *тәрсагәчә* дост тутмайдурған киши йоқ ирди. Өзһал муқамики, әлһал барчә муғәнниларғә мәълумдур, биринжи, иккинжи, үчүнжи *мәргәләларигичә* кәшф қилған ирдиляр.

**Көмектес септігі.** Түркі тілдер дамуының кейінгі дәуірлерінде, әсіресе XV ғасырдан бастап көмектес септігі грамматикалық қасиетін жоғалтып, септік категориясы ретінде қолданыстан шыққан [9, 61]. Сондықтан *-н*, *-ын*, *-ун*, *-үн* жалғауларымен берілген көмектес септік тұлғасы «Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» тілінде байқалмайды. Ежелгі ұйғыр тілі дәуірінде жиі қолданылған бұл жалғау «Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» жазылған дәуірге келгенде аналитикалық формаларға ауысқан. «Шыңғыс-намеде» бұл септік «бірлә, бірлән, билән» сөздерімен, ал «Тәварих-и мусикиунда» бұл септік «билән» септеулігінің көмегімен жасалады. Мысалы: ... ханаданның ниймәті *бірлә* фәрфәрдә болуб тіләр әрдім кі... . . . Пәһливан Мүһәммәд Көштингир *билән* һәмсөһбәттә болдум.

Ескерткіште **сын есімдер** қазіргі ұйғыр тіліндегі сын есімдерге ұқсас. «Тәварих-и мусикиун» тілінде сын есімнің жай, салыстырмалы және күшейтпелі шырайлары кездеседі. Сын есімдер негізінен морфологиялық және синтаксистік тәсілмен жасалады. Мысалы, *қуввәтлик, түрлүк, али-жәнап, алван-алван* т.б.

«Шыңғыс-намеде» **сан есімдерінің** есептік, реттік, болжалдық түрлері орын алған. «Тәварих-и мусикиун» тілінде болса есептік сан есім, реттік сан есім, болжалдық сан есім, бөлшектік сан есім түрлері жұмсалған. Ескерткіштерде кездесетін реттік сан есімдер «Шыңғыс-намеде» есептік сан есімдерге *-нчі* аффиксінің көмегімен жасалады. М., *екінчі қәррәт, екінчі навбәт, төртінчі йыл* т.б. «Тәварих-и мусикиун» тілінде *-инжі, -инчи, -нжі* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: ... *биринжі, иккинжі, үчүнжі* т. б. Ескі ұйғыр тілінде кең қолданылған *-ләнчи* жұрнағы «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді. Болжалдық сан есімдер қазіргі тіліміздегі болжау мәнді сан есімдерден ерекшеленбейді. Мысалы: *екі-үч күн, бір-екі һекайәт, төрт-бәш оғлығә, Икки йүзчә* киши мусики фәнидә кәмалат, мәһарат көрсәттилар. *Йәттә-сәккиз* мәррә өзини тәнбүрғә атқандин кейин бұлбұл йәргә түшүп өлүп кәтти. Ескерткіште бөлшектік сан есімдер қолданылған. Мысалы: Аниң үчүн *миңдин бирини* илғап... шуларниң әһвалидин шиммәи изһар қилинди.

Кейбір есептік сан есімдер өздерінен кейін, яғни анықталушы зат есімнің алдынан арнайы есептік, мөлшерлік сөздердің келуін талап етеді, бұл «Тәварих-и мусикиунға» да тән. Мысалы: ... *йүз он төрт фарчә китаб* тәсниф қилипдурлар. Мұндай сан есімдер әдетте тіл білімінде нумеративтер деп аталып, сан есім немесе зат есім құрамында қаралады.

«Шыңғыс-наме» тілінде жіктеу, сілтеу, өздік, сұрау, жадпылау, белгісіздік **есімдіктері** орын алады. Жіктеу есімдігінің жекеше (*мән, сән, сіз, ол*) және көпше (*біз, сізләр, улар*) түрлері, сілдеу есімдігінен *бу, ол, андақ* деген тұлғалары, өз тұлғасында келген *өз* есімдігі, жалпылау есімдігінің *барча* тұлғасы, *бір* санының көмегімен жасалған белгісіздік есімдігі (*бір нәчә ай, бір күн, бір мусулман заыфә*) *кім, нә, нәчә, қачан, қайсы* тұлғаларында келген сұрау есімдіктері кездеседі. «Тәварих-и мусикиундағы» есімдіктер қазіргі ұйғыр тіліндегі есімдіктерден ерекшеленбейді. Ескерткіште есімдіктерде ескі ұйғыр тіліне тән ерекшеліктер аз. Ескерткіште жіктеу есімдіктерінің жекеше (*мән, сән, сиз, у, ул//ол*), көпше (*биз, улар*) түрі кездеседі. «Тәварих-и мусикиунда» *улар* есімдігі III жақ көпше түрде де, сонымен қатар III жақ жекешенің құрмет мағынасында да қолданылады. Мысалы: *Улар* (Лутфи) һәзрәти Нәвайини сән мениң устазим дер ирдилар вә мениң өмрүм ичидә пүтүган он миң мисраъ шеиримдин сениң икки мисраъ шеириң артуқ дер ирдилар.

«Тәварих-и мусикиунда» I жақ жекеше түрінің «сыпайылық үшін кіші-



реюді» білдіретін тұлғасын *фәқир*, *һәқир* сөздері береді. Мысалы: Жафи қулундурмән *һәқир*. *Фәқир* мәзкүр рисаләни тәмам қилип болуп, қуввә-тимнің баричә, вақитнің баричә Рисаләһи муғәнниун атлиғ китапни түркчә тилгә тәржимә қилмақни нийәт қилипдурмән.

*Сиз* есімдігі II жақ жекеше сыпайы түрде қолданылады. Ескі ұйғыр тілінде кең таралған бұл есімдіктің II жақ көпше түрі «Тәварих-и мусикиунда» кездеспейді. «Тәварих-и мусикиунда» *бу*, *ул/ол шу*, *ушбу/шубу* сілтеу есімдіктерінен басқа қазіргі ұйғыр тіліне тән *андағ*, *мундағ*, *шундағ*, *шу* есімдіктері сілтеу мәнде жұмсалады. «Тәварих-и мусикиунда» *ким*, *нә*, *нимә*, *қайәрдин*, *қандақ*, *нәчә* қатарлы сұрау есімдіктері, *барчә*, *һәммә*, жалпылау есімдіктері, өз өздік есімдігі кездеседі. Ескерткіште ежелгі ұйғыр тіліне тән өздіктің *кәнду* варианты және ескі ұйғыр тіліне тән парсы тілінен енген *худ* тұлғасы кездеспейді. Сондай-ақ ескерткіште *һәр* сөзі жеке тұрып, немесе *һәр* сөзіне *қанчә*, *ким*, *қачан* сурау есімдіктерінің тіркесуі арқылы жасалған жалпылау есімдіктері де орын алады. Мысалы: ... мусики фәннің устадлари *һәр* әсридә, *һәр* шәһәрдә йүз бәлки миң өтүпдур. *һәр ким* билән муамилә қилсә, ол гуман қилур ирдики. ... һәр кимләр *һәр қанчә* чарә-тәдбир қилишти, файда болмиди. ... султан һүсәйин Бәһадирханғиму *һәр қачан* тәйяр болған ашидин үч вәқт йәткүзүлур ирди.

Ескерткіште ескі ұйғыр тіліне тән (*түн һәссәдә*, *қәдим*, *ләһзә*, *дағи*, *вәқтики*, *бәс*, *бүрчәк*, *әһһал*, *әмрузи*, *һонуз*, *дигәр*, *һили*, *һала*, *фәрда*, *фиьәһһал*) **үстеулер** мен қазіргі ұйғыр тіліне тән (*бир күни*, *күндин-күнгә*, *кечә-күндүз*, *дәрһал*, *һазир*, *арасида*, *башқа*, *рәвишларичә*, *шаһанә*, *әрәбчә*, *көп*, *аз* т. б.) үстеулер кездеседі. «Тәварих-и мусикиунда» үстеулер морфологиялық жолмен жасалған. Туынды үстеулер септік жалғаулары мен үстеу тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады. Септік жалғауларының кей сөздерде «сінісуі» [10, 160] нәтижесінде пайда болған морфологиялық-синтаксистік тәсілмен жасалған үстеулер де кездеседі. Мысалы: *башқа*, *башта*, *күндин-күнгә* т.б. Бұл мысалдардан септік жалғауларының сөз түрлендіру қасиеттерін толық жоғалтып, үстеу жасауда белсенді қызмет атқарғанын көруге болады. «Тәварих-и мусикиунда» мезгіл (*бир күни*, *күндин-күнгә*, *һәр кичә* т. б.), мекен (*шу жайда*, *йоқирида*, *төбән* т. б.), сын-бейне (*түркчә*, *зерибанә*, *шаһанә* т. б.), мөлшер (*көп-аз*, *аз*, *көп* т. б.) үстеулері кездеседі. Ескерткіште ескі ұйғыр тіліне және қазіргі ұйғыр тіліне де ортақ үстеулер көп кездеседі. Сонымен қатар ескерткіш тілінде ғана кездесетін үстеулер де баршылық.

«Шыңғыс-наме» және «Тәварих-и мусикиун» ескерткіштерінің морфологиясын қазіргі ұйғыр тілімен сабақтастықта қарастырудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келуге болады:

– «Тәварих-и мусикиун» ескерткіші тіліндегі көптік, тәуелдік, септік категорияларының саралануына байланысты сапалық өзгерістер – ескі ұй-

ғыр жазба тілі мен қазіргі ұйғыр әдеби тілі аралық, өтпелі кезеңнің өзіндік ерекшеліктерінің көрсеткіштері.

Ескі ұйғыр жазба әдеби тіліне тән грамматикалық, көне (архаикалық) формалар Өтеміс қажының «Шыңғыс-наме» және Исматулла Мөжизидың «Тәварих-и мусиқиун» трактатында көп кездескенімен, ол негізінен жалпыхалықтық тілге негізделген. Жазба ескерткіштердің тілі, жалпы алғанда, шағатай дәуірінің және одан кейінгі классикалық жазба әдеби тілдің морфологиялық ерекшеліктерін сақтаған. Алайда бірқатар грамматикалық көрсеткіштер азын-аулақ өзгерістерге ұшыраса, енді бірқатары жаңа сапалық өзгерістерге түскен. Бұл ескерткіштер тілінде сондай-ақ, үндестік заңының сақталуында бірізділіктің жоқ екені байқалады.

Бұл жалпыхалықтық тіл XIX ғ. соңы және XX ғ. бас кезінде ескі ұйғыр әдеби мұралар тілінің дәстүрінен біртіндеп қол үзіп, қазіргі сөйлеу тіліне бет алғанын жазба ескерткіштер тілінен анық көруге болады.

\*\*\*

1. Утемиш-хаджи. Чингиз наме (Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Подготовила к изданию Ю.Г. Баранова. Комментарии и указатели М.Х. Абусеитовой. Алма-Ата, 1992.
2. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. III том. Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі» тілінің көрсеткіш-сөздігі. Алматы, «Дайк-Пресс», 2006. –304 б.
3. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М.–Л., 1962. – 276 с.
4. Хәмит Төмүр, Абдуруп Полат. Чағатай тили. – Қәшқәр уйғур нәшрияти, 1987. –430 б.
5. Janos Eckmann. Şağataıca el kitabı. – Istanbul, 1988. – 290 с.
6. Кондратьев В.Г. Очерки грамматики древнетюркского языка. – Ленинград, 1970. – 270 с.
7. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата, 1971.
8. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIY века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. Часть I. – Алма-Ата, 1975. – 210 с.
9. Абдурахмонов Ғ., Шукуров Ш. Узбек тилининг тарихий грамматикаси. – Тошкент, 1973. – 452 б.
10. Һазирки заман уйғур тили. II қисим. Морфология вә синтаксис. – Алмута, 1966. – 455 б.

\*\*\*

Язык письменных памятников стал связывающим звеном между языками средневековья и современным тюркским. Исследование конкретных морфологических особенностей памятников имеет большое значение в определении исторической взаимосвязи, формирования, процесса развития среднетюркского и современного тюркского языков. В статье рассматривается также грамматические категории имен существительных языка памятников «Чингиз-наме» (XVI в.) и «Таварих-и мусиқиун» (XIX в.). В языке памятника «Чингиз-наме»

большое место занимают особенности присущие к староуйгурскому языку.

\*\*\*

The language of written sources started linking medieval Turki and modern Turkic languages. Research of concrete morphological particularities of the monuments has great significance in determining historical interactions and formation of the development of medieval and modern Turkic languages. The article examines languages of the monuments «Chingiz-name» (XVI c.) and «Tawarikh-i mussiqiyun» (XIX c.). The language of «Chingiz-name» exposes particularities typical to Old Uyghur language. Research on grammatical categories of Nouns in «Tawarikh-i mussiqiyun» shows that starting from the second half of the XIX century transformation from literary traditions of Old Uyghur language to the norms of the modern Uyghur language occurs.

### А.Ж. Назарова

#### ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛДІК ЖӘНЕ ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ МЕН ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Түркітану ғылымында жіктеу есімдіктері мен тәуелдік жалғауларының арасындағы байланыс туралы ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер бар. Түркі тілдерінің, тіпті, алтай тілдерін зерттеушілер өте көне дәуірде екпін түскен буыннан кейін айтылған жіктеу есімдіктері бара-бара өзінен бұрын тұрған, негізгі екпін түскен сөздердің энклитикасына айналған дейтін пікірді бекерге шығармайды. Осы постопозиялық қолданыстың соңғы нәтижесінің бірі – тәуелдік жалғаулары болса керек. Тәуелдіктің жекеше I жағы – *м* «мен» жіктеу есімдігінің қысқарған түрі ретінде танылса, (сонда соңғы – *ен* түсіп қалған болады), жекеше II жағы – *ң* «сен» жіктеу есімдігінің қысқарған түрі есебінде (сонда алдыңғы *се-* буыны түсіп қалған болады) танылып жүр. Н.К. Дмитриев II жақтың қосымшасының – *ң* түрінде келуі якут тіліндегі II жақ жіктеу есімдігімен (*ен*) байланыстырады. Ал, I жақтық көптік тұлғасы – *мыз* жекелік тұлға мен көптік жалғаудың қолданыстан (*-м, -ыз*) қалыптасқандығы айқын. Айта кететін бір жай: қазіргі қазақ тілінде тәуелдіктің жекеше II жағы екі түрлі (*-ң* және *-ыңыз*) айтылатыны мәлім. Қазіргі норма оның біріншісін анайы тұлға (*ң*) есебінде түсінеді де, екіншісін (*-ыңыз*) сыпайы тұлға есебінде түсінеді. Ал, осы тұлға тарихи тұрғыдан II жақ жекеше тәуелдік жалғауы мен көптік жалғаудың қосындысы: *-ың, ыз*.

Тәуелдіктің III жағының түпкі төркінін В.В. Радлов сын (сипат мәніндегі) сөзі деп қараған. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік тәуелдіктің III жағы септік жалғауларында – *н* дыбысын қосып алады (*баласына, баласында*) т.б. В.В. Радлов бұл жалғауды о баста толық сөз болды

дегенде осыған сүйенеді. Н.К. Дмитриев тәуелдіктің III жағы о баста –*н* дыбысымен аяқталған, яғни, о баста –*ың*, –*сың* (түбірдің соңғы дыбысының ыңғайына қарай) түрінде болған деп қарайды. Соңғы –*ң* кейін түсіп қалуы мүмкін. Сөйтіп септік жалғаулары қосылған жағдайда ғана ескі –*н* пайда болады.

Септік категориясы мен тәуелдік категориясының өзара байланысында *н*-нің атқарар рөлі қандай? Ең алдымен, тәуелдік жалғауларының жіктеу есімдіктерімен тығыз байланыстылығын, екіншіден, *н*-нің III жақтағы тәуелденген есімдердің септелуінде барыс, табыс, жатыс септіктерінде қолданылуын, үшіншіден, осы септіктерде тұрған тәуелдік жалғауы сөздің жіктеу есімдігімен үнемі іліктестікте болатынын атап өткеніміз жөн.

Септік пен тәуелдік категорияларының байланысындағы *н* дыбысының қосымша дыбыс ретінде қолданылатыны есім сөздердің тәуелдік жалғауының III жағында тұрып септелуінде, атап айтқанда, барыс, табыс, жатыс септіктерінде байқалады. Бұл жөнінде Г.Ф. Влагов былай деп жазады: «Взаимодействие категорий принадлежности и падежа большой части тюркских языков имеет собственный стабильный морфологический показатель, не знающий ограничений по линии мн. числа. Это так называемый вставной –*н*-, который вычленяется при склонении имен с аффиксом принадлежности 3-го лица особенно четко в локальных (дат., мест., исх.) падежах». Тілші барыс септігінде *н* дыбысының қыстырма дыбыс ретінде жүруі өзбек тіліндегі мынадай жағдайлардан көретіндігін жазады: *ata-s-n-a* (его отцу), *ata-lar-n-a* (их отцам). Бұл жерде *н* дыбысының әсерінен, әдетте, тәуелдік жалғауындағы дыбыс ықшамдалып отырады. Мұндай жағдайда қарақалпақ тілінің Дөртгүл ауданының түрікмен говорында да байқалады: *a:ya-lar-n-a*. Мұнда тәуелдік жалғауының III жағында тұрған *ағалары* сөзінің соңындағы –*ы* тәуелдік жалғауы түсіп қалады да, –*а* барыс септігі жалғауы аралығында *н* дыбысы пайда болады. Ал, қазақ тілінде барыс септігінде III жақтағы тәуелденген есімге әдеттегі –*ға//ге*, –*қа//ге* орнына –*на//не* формасының жалғануы *н* дыбысының бұл жерде белгілі бір қызмет атқарып тұрғандығының белгісі тәрізді (I, II жақтарда барыс септігінің жалғауын *н* дыбысынсыз жалғағанда: *үй-ім-е*, *үй-ің-е*; *жол-ым-а*, *жол-ың-а*).

Шығыс септігінде *н*-нің қосылуы қазақ тілінде байқалмаса да (*ме-нен*, *се-нен*, *о-нан//о-дан*), басқа тілде көрініс беретінін өзбек тіліндегі *ata-s-nan*; *taktaf-lar-nan* сияқты сөздер қолданысынан аңғарамыз. Мұнда тәуелдік жалғауының түсіп қалуына әсер еткен *н* дыбысының болғандығы мынадай жүйеден көрінеді: *-nan < -n-nan < -n-dan* [1, 42-43].

Жоғарыдағы тілдермен салыстырғанда, қазақ тілінде *н* дыбысы тәуелдік жалғауының III жағында тұрған сөз бен жатыс септігі жалғауының аралығында пайда болады: *үй-і-н-де*, *жол-ы-н-да*, *іні-сі-н-ді*, *аға-сы-н-да*.

Көріп отырғанымыздай, мұнда тәуелдік жалғауындағы дауысты дыбыс (-ы//*-i*, -сы//*-ci*) ықшамдалмайды да, оның үстінен *n* дыбысы қосылып барып жатыс септігінің – *da//de* жалғаулары жалғанып отырады. Қыпшақ тобындағы кейбір тілдерде мұндай жағдай жатыс септігінде ғана емес, шығыс септігінен де көрінеді. Мысалы, қарақалпақ тілінде *ата-сы-н-да*, *ата-сы-н-нан*, қарашай-балқар тілінде: *жаши-ы-н-да* (баласында), *жаши-ы-н-дан* (баласынан) (Чеченов А.А. Ахматов И.Х. Карачаево-балкарский язык. Бишкек - Кыргызстан, 1997.); татар тілінде: *ат-ы-н-да*, *ат-ы-н-нан* (Закриев М.З. Татарский язык Бишкек-Кыргызстан, 1997. 306 б). Басқа да тілдерде: салар т. *su-sy-n-ta* (суында), *su-sy-n-tan* (суынан) (Тенишев Э.Р. Саларский язык Бишкек- Кыргызстан. 1997. -43б); сары ұйғ. *minigi-n-de* (ақшасында), *minigi-n-den* (ақшасынан) (Тенишев Э.Р. Сарыг-уйгурский язык Бишкек-Кыргызстан, 1997. 350-353).

Б. Сағындықұлы бұл құбылыстың И.И. Радловтан бастап түркологтардың бірнеше буынының назарын аударып келе жатқандығын, бұндағы *n* кездейсоқ пайда болған қыстырма дыбыс па, әлде тәуелдік жалғауы III жағының бір кездегі толық формасы ма деген сұрақтар бойынша пікір таласы бар екендігін, ғалымдардың бір тобының тәуелдік жалғауының III жағы әуелде –*ын*, –*сын* болған, кейіннен –*n* дыбысы элизияға ұшырап, түсіп қалған деп есептейтіндігін, сондай-ақ ғалымдар пікірінше, септік жалғауы жалғанғанда –*n* қалпына келетіндігін немесе септік жалғаулары соңғы дыбыстың түсірілмей айтылуына жағдай жасайтындығын жаза отырып, В.А.Богородицкий бұдан өзгеше: «... корневое *n* личных местоимении сохраняющейся перед оканчанием в мест. и исх. Распространялось путем аналогии на членное притяжательное склонение 3-го лица, получившее так же *n* перед оканчанием названных падежей» деген пікірін келтіреді [2].

Тәуелденген есім сөздердің (III жақ) септелуіндегі *n* дыбысының көнеден келе жатқан тілдік элемент екендігі жазба мұралар тіліндегі қолданысынан табылады. Мысалы, көне ұйғыр тілінде: *yilinda* – жылында, *yerinda* – жерінен, *yilindin* – жылынан, *yerindin* – жерінен, орнынан, көне қыпшақ тілінде: *aty-nda* – астында, *aty-ndan* – астынан [3, 133].

Бұл мысалдарға көне түркі дәуірінен бастап күні бүгінге дейін түркі тілдер грамматикасында ерекше құбылыстардың тууына себепкер болып жүрген *n* дыбысының қолданысы, оның тұрақтылығын аңғартса керек. Оның үстіне бұл дыбыстың бүгінде түрлі категориялардың байланысына дәнекер болып отырғаны анық. Басқаша айтсақ, «факт такой устойчивости на фоне леформирующей системы может свидетельствовать об очень большой и изначальной глубокой ускоренности – *n* – средства, выражающего ныне взаимодействие категорий принадлежности и падежа в посессивно-именной парадигме». Ал табыс септігінде тәуелденген сөз бен

септік жалғауы аралығында пайда болған *н* дыбысы емес, септік жалғауының жекеше – *н* қолданылуы сөз болады. Негізінен, зат есімге жалғанатын табыс септігінің жалғаулары –*ны// -ні*, –*ды// -ді*, –*ты// -ті*, –*н*. Бұл жалғаулардың ең соңғы тұрғанынан басқасының бәрі – бір қосымшаның әр түрлі варианттары болып саналады. Мұндағы –*н* тәуелдік жалғауы зат есімнің үшінші жағынан кейін жалғанады. Қазақ тілінде табыс септігі тек тура толықтауыш қызметінде жұмсалатын септік деп есептеледі, осы себептен табыс септіктегі сөз сөйлем ішінде әрқашан сабақты етістікпен, яки сабақты етістік түбірден жасалған есім сөздерден синтаксистік қатынасқа түсіп, қимылдың, істің, әрекеттің тура объектісін көрсетеді. Осы табыс септігінің – *н* жалғауының мағынасы басқа да септіктердегі (барыс, жатыс, шығыс) *н*-мен негіздес сияқты, яки табыс септігінің семантикалық қызметімен ұштасып жатқан тәрізді. Табыс септігінің негізгі мағынасы объектіні білдіру болса, осы табыс септігінде тұрған III жақтағы тәуелдік жалғауы сөз бен септік жалғауларының араларындағы *н* дыбысы – біреуге немесе бір нәрсеге тән объектіге қатысты болып жатқан бағытты, орынды, мекенді нақтылап тұратын дыбыс болуы керек деген ой туады. Мәселен, қазақ тілінде тәуелдік жалғаулы (III жақ) сөз табыс септігінде: *аға-сы-н*; барыс септігінде: *аға-сы-на*; жатыс септігінде: *аға-сы-н-да*. Сонда барыс септігінің –*а* жалғауы *ағасын* дегенге жалғанып, нақты бір үшінші адамға, яғни біреуге немесе бір нәрсеге меншікті болып табылатын объектіге қарата айтылатын бағытты білдірсе, жатыс септігінің –*да* жалғауы *ағасын* дегенге жалғанып, заттың нақты бір үшінші адамға, яғни, біреуге тән немесе бір нәрсенің меншігі болып табылатын объектіде екендігін білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды – тәуелдік категориясында, яғни, тәуелденген сөздің септелуінде, ең алдымен, меншіктілік мағынасы сақталып, оған септік жалғауларының беретін мағаналары үстемелеп отырады да, мұнда да *н* – жақты нақтылаушы дыбыс болуы мүмкін. Әрине, бұл құбылыс әлі де кең зерттеуді қажет етеді.

Тәуелдік жалғаулары жөнінде Б. Сағындықұлының мынадай ой-пікіріне назар аударайық: «... тәуелдік жалғауы түркі тілдерінде әуелден бар еді. Формасы - *-ун// -ын/-ин/-ін*. Ежелде мұның жақтық мағынасы да, жақтық формалары да болмаған. Тәуелдік жалғауының үшінші жағының көне формасы деп жүргеніміз де осы –*ун/-ын/-ин/-ін*. Жақтық нышандар, сөз жоқ, жіктеу есімдіктерінің тікелей әсерінен қалыптасқан. Екі грамматикалық мағынаның - 1) тәуелдік, 2) жақтық мағынанын бір-біріне сіңісуі осы екі құбылыстың үнемі тығыз байланыста болатындығынан. Жіктеу есімдіктерінің тәуелдеулі сөзден кейін тұруы – тарихи факт.

Ежелгі замандарда анықталған сөзден кейін тұрған (*ай жарық, кеш жарық, таң жарық, алтын сары, ай сұлу, күн сұлу* т.б.). Жіктеу есімдіктерінің баяндауыш бола алатын сөзден кейін тұруы да мұның айқын

мысалы. Біз өз тарапымыздан мынадай болжам ұсынамыз:

<i>Ежелгі дәуірде:</i>	<i>Орта дәуірде:</i>	<i>Қазіргі дәуірде:</i>
I қолын маның	қолын маным	менің қолым
II қолын саның	қолың саның	сенің қолың
III қолын аның	қолы аның	оның қолы [2, 329].

Қорыта айтқанда, тәуелдік жалғаулар құрамындағы *н* дыбысы мен жіктеу есімдіктерінің тұлғаларындағы *н* дыбысының қызметі ортақ деген ойға келеміз, яғни екі категорияда да жақты нақтылаушы ретінде қызмет етеді.

Есімдіктердің бір кездерде өзге категорияларға, яғни, қосымшалар мен грамматикалық көрсеткіштерге ауысу қабілеті өте күшті болғаны ерекше көзге түседі. Бұл жағдай негізінде жіктеу есімдіктерінде кездеседі. Мысалы, *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерінен –*мын, -мін, -сың, -сің* сияқты жіктік жалғаулары және –*м, -ң, -ы* сияқты тәуелдік жалғаулары; *біз, сіз* жіктеу есімдіктерінен –*мыз, -міз, -сыз, -сіз* сияқты көптік, сыпайылық мәніндегі жіктік және тәуелдік жалғаулары жасалған.

Жіктеу есімдіктерінен пайда болған жіктік жалғаулары «баяндауыш аффикстер (аффикс сказуемость)» деп аталады.

Тарихи жағынан алып қарағанда, баяндауыш аффикстердің I жақ жекеше –*мын, мін, -бын, -бін, -пын, -пын* және II жақ жекеше –*сың, -сің, -сыз, сіз* түрлерінің *мен, сен, сіз* жіктеу есімдіктерінен шыққанын, сондай-ақ көпше түріндегі –*мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз* жалғауларының *біз* есімдігінен шыққанын ескі ескерткіштер мен қолжазбаларда кездесетін фактілерден өте айқын көруге болады. Мысалы, ескі ескерткіштерде мына сияқты фактілерді кездестіреміз: *қырқыз оглы мән (Я киргиз); Үчин Күлгү Тіріг оглы бән. Күлүг бән Тоган бән (Я сын Учин-Кулюг-Турига. Я – Кулюг Тоган.); Абаң сән барсасан (Егер сен барсаң); Qaly qorqtasa san kucun qorqutur (Если ты боишься его, то тебя устрашает силой).*

Осындағы *оглы, мән, оглы бән, Тоган бән* деген тіркестердің *мән, бән* сөздері қазіргі қолданылу дағдысындағы –*мын, -бын* жіктік жалғауларының ол бастағы әлі де болса, дербестігін жоя қоймаған дәуірінің кепілі. Сол сияқты, *барсасан, тілмаса сән, qorqtasa san* дегендер де қазіргі кезде *барсаң, тілемесең, қорықпасаң* болып қолданылатын етістік сөздерге жалғанылатын – *ң* (II жақ) жіктік жалғауының алғашқы кездерде қолданылған дағдылардың көрінісі [4, 8-48].

Мұндай мысалдар қазіргі түркі тілдерінде де кездеседі. Мәселен, тофа тілінде: *Мен иштәніп туру мен (Я (сейчас) работаю.); Мен ол дайгада аңнавышааңға (туру) мен (Я все еще охочусь в той тайге); Мен алгай мен (Я (видимо) возьму.); Сен баргай сен (Тый пойдешь (вероятно))* [5, 200-201].

Жіктеу есімдіктерінің жіктік жалғауларына айналуы жөнінде М. Тома-нов: «Қазіргі түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де жіктік жалғаулары

баяндауыш қызметіндегі сөздердің грамматикалық көрсеткіші ретінде жұмсалатыны мәлім. Алайда баяндауыштың грамматикалық көрсеткіш ретінде жұмсалатын осы жалғаудың пайда болып, осы күнгі тұлғасына келуі – түркі тілдерінің дамуында жиі кездесетін дербес сөздің қолдану барысында қосымшаға айналу процесінің бір көрінісі», - дей отырып, түркологияда жіктік жалғаулары да тәуелдік жалғаулары сияқты жіктеу есімдіктерінен тарағандығы дау туғызбайтындығын, алайда жіктік жалғауларының қазіргі типі, белгілі мұралар тіліндегі түрі бұларды тарихи тұрғыдан тәуелдік жалғауларымен тұлғалас деп қарауға мүмкіндік бермейтіндігін атап өтеді [6, 674].

П.И. Кузнецов жіктеу есімдіктерінен жіктік жалғауларының пайда болуын төрт этапқа бөледі. Біріншіден, жіктеу есімдіктерінің баяндауыштан кейін тұруы арқылы жасалуы. Мұндай жасалу жолын көне түркі ескерткіштері тілінен кездестіреміз. Мысалы: *Naka tazar biz, ukuz tijin, naka korkur biz, az tijin*. Осындағы *tazar biz korkur biz* дегендер *biz tazar-biz, biz korkur biz* болуы керек еді [5, 200-201].

Екінші, үшінші этаптарда жіктеу есімдіктері баяндауыш сөзден кейін келіп, алдымен көмекші сөз ретінде қолданылып, одан соң қосымшаға айналады: I жақта –*ман, -мен, -мын, -мин*, II жақта –*сан, -сен, -сын, -син*.

Төртінші этапта жіктік жалғауының қысқа варианттарының пайда болуы. Осындай жолдармен жіктеу есімдіктерінің етістікке қосыла отырып жіктік жалғауларына айналуға жақтық мағынаны сақтап отыратыны мынадай жолдардан анық білінеді: «...присоединение личных местоимений к глаголам дает обозначение действующего лица: *Взял+а* обозначает «я взял», *пришел+ты* - «ты пришел»».

Бұл келтірілгендерден байқайтынымыз, жіктік жалғауларының қалыптасуы, яғни, жіктеу есімдіктерінің жақты білдіретін грамматикалық көрсеткіштерге айналуының басты тәсілі – постпозициялық қолданыс болғандығы көне, жаңа түркі тілдерінің материалдарымен дәлелденеді: *Үчин Күлүг Тіріг бен, Қырғыз оғлы мен (Я сын Учин-Кулюг-Тирига. Я – Кулюг Тоган.)*. Тува тілінде: *Мен ада мен. Сен ада сен (Мен атамьн. Сен атамьн)*. Орта ғасыр жазбаларында: *Мен санга ашық турур мен. Сен менин анам туру сен. Мен мухлис турур мен*.

Ежелгі ескерткіштерде бұл жалғаулар мына түрде кездеседі: ҮІІ – ҮІІІ ғ.: *Сүледіміз, сүңісдіміз, бұздумыз*. ХІ ғ.: *Мен барырман, мен бармасан – Мен барармын. Мен бармаймын*. ХҮІ ғ.: *Сенің йазықыңның алдында мен турурмен – Сенің күнәңнің алдында мен тұрамын*. Егер қазіргі қазақ тілінде жіктік жалғаулар мен ескерткіштер тіліндегі осындай қосымшаларды салыстырсақ, бар айырмашылық дауысты дыбыстардың алмасуларына ғана. Қазіргі кездегі жіктік жалғаулардың қысаң дауыстылармен –*мын, -мін, -сын, -сін* пішіндес келуін еске алсақ, ежелгі жазбалар тілінде бұлар



өздерінің түпкі төркінінен онша алыстай қоймағандарын байқауға болады. Сөйтіп, «...жіктік жалғаулары, тәуелдік жалғауларындай септелетін есімдіктердің энклитикасы емес, түбір түрінің энклитикасы, оның өзгерген, дербес мәнін жоғалтқан, сөйтіп, қосымшаға айналған түрі», - деп жазады Томанов М. өзінің «Тіл тарихы туралы зерттеулер» атты кітабында.

Сонымен жіктік жалғауларындағы *н* жіктік жалғауларының іс-әрекет, қимыл иесі – субъектісімен тікелей байланысатын, қимылдың қай жақтағы субъектіге тән екенін көрсете алатын қабілетіне орай қимыл-әрекет иесін, яғни, жақты нақтылаушы қызмет атқарады деген ойға келе отырып, жіктеу есімдіктері тұлғаларындағы *н* дыбысымен жақты нақтылауда ортақтықты танытады деп ұйғарамыз.

\*\*\*

1. Абдуллаев Ф.А. Фонетика хорезмских говоров: Опыт монографического описания огузского и кыпчакского наречий узбекского языка. -Ташкент, 1976.
2. Сағындықов Б. Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық заңдылықтары: Филол. ғ. д. ғыл.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Алматы, 1994
3. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков Москва Наука, 1988.
4. Ибатов А. Қазақ тілдеріндегі есімдіктер тарихынан. – Алматы. Ғылым, 1996.
5. Кузнецов П.И. О происхождении личных аффиксов в тюркских языках: спорные вопросы - Алматы: Ғылым, 1990.
6. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.

\*\*\*

Связь между личными местоимениями и притежательными окончанием в тюркских языках. Мы форма, которую сократился классифицировать притяжательное окончание мое сознание, говорит рассматриваем. Звук *н* в притяжательном составе окончаний классифицировать меня общий является деятельность звука *н* на мое сознание личностях.

\*\*\*

Connection between personal pronoun and possessive pronoun in Turkish languages. We a form that grew short to classify possessive completion my consciousness talks we examine. Sound of *н* in possessive composition of completions to classify me the general is activity of sound of *н* on my consciousness personalities.

### Ш.М. Садуова

#### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Фразеологизм деген термин негізінен екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншісі тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы болса, екіншісі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді біл-

діреді. Фразеология жеріне жеткізе зерттеліп біткен ғылым деп айтуға болмайды. Мұның шешілмеген даулары өте көп. Сондықтан да соңғы жылдарға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеушілер тым көп емес. Көбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексиканың көлемінде тексерумен шектеліп келгені мәлім [1, 186].

Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалу белгісі немесе қолдану тиянақтылығы. 2) мағына тұтастығы. 3) тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмдер мағынаны әсерлендіру, күшейту және көркемдеу қызметін атқарады. Олардың құрамындағы сөздер бүтін болса бір мағынаны береді. Мәселен, *ağıziyla kuş (arслан) tutmak-* (ауызымен құс (арыстан) ұстау) фразеологизмдерді құрап тұрған *ağız* (ауыз), *kuş* (құс), *arслан* (арыстан), *tutmak* (ұстау) сөздері арасында ешқандай байланыс жоқ. Бұл сөздер бір қалып ішінде, бүтіндей жұмсала келіп белгілі бір мағынаны (қолдан келмейтін істі орындау, өтірік мақтану) білдіріп тұр. Бұл ерекшелік қазақ тіліндегі фразеологизмдердің тұтастығы қасиетімен бірдей болып тұр. Түрік фразалық тіркестер де қазақ тіл біліміндегі тұрақты тіркестер сияқты, соның ішінде фразеологизмдердің синонимдік және антонимдік қасиеттері бар.

Түрік тілі дүниедегі ең әдемі тілдердің бірі. Бұл әдемілікті, көркемділікті, әсемдікті құрылымында дыбыс үндестіктерінің қамтамасыз ететін әуенділік, септеудегі жүйелілік, реттілік, сөз тіркестеріндегі ынтымақтас-тық сияқты элементтердің жанында фразеологизмдердің де маңызды қатысы ерекше. Мысалы: “*Kızım sana söylüyorum, gelinim sen dinle*” (Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда) (ойымды жақыныма айтып жатырмын, ал негізгі мақсатым басқаға жеткізу).

“*Baltayı taşa vurtmak*” – (балтаны тасқа ұру) (себепсіз кісіге бататын сөз айту).

Түрік тіл білімінде тартымды, қызықты, көңіл аударарлық әсерлі мағына ерекшелігіне ие және жиі шын мағынасынан алшақ басқа мағына тудыратын сөз тобын фразеологизм (*Deyimler*) деп атайды.

Фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктері: фразеологизмдер бітісіп кеткен сөздер.

а) Фразеологизмдердің сөз тізбегі бұзылмайды. Ал сөз тізбегі бұзылған тұрақты тіркестер фразеологизм ерекшелігінен айрылады. Мысалы, фразеологизм ретінде *ör babanın elini* (сүй әкеңнің қолынан) сөз тіркесі *babanın elini ör* (әкеңнің қолынан сүй) тізбегінде жұмсасақ, бұл сөз тіркесі фразеологизм ерекшелігінен айрылып, жай сөйлем болады.

б) Фразеологизмдердің құрамындағы сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырса, ол фразеологизм бола алмайды. Мысалы *kazı koz anlamak*

(koz-грек жаңғағы) сөзінің орнына мағыналас *seviz* (грек жаңғағы) сөзімен алмастырып, *kazı seviz anlamak* түрінде жұмсай алмаймыз.

Фразеологизмдерді құрайтын сөздердің арасына басқа сөздер де енуі мүмкін. Бұл жағдайда, фразеологизмнің қалып, тұлға ерекшелігі бұзылмайды. Мысалы: “*gözü tutmak*” фразеологизмін былай да қолдануға болады. *Bu adamı gözüm hiç tutmadı* (Бұл адамды еш ұнатпадым).

Фразеологизмдер екі немесе одан да көп сөздерден құралады.

а) Сөз тіркес тұлғасында фразеологизмдер. Мысалы, *kaşla göz arasında* (қас пен көз арасында), *kanı bozuk* (қаны бұзылған, таза емес), *tavşan yürekli* (қоян жүрек) тағы басқа.

б) Сөйлем түріндегі фразеологизмдер. “*İğne atsan yere düşmez*”(ине шаншар орын жоқ) [1, 57-61].

Қазақ тіл білімінде фразеологияның әр түрлі бағыттарына байланысты өзіндік дәстүрі қалыптасты, бірқатар ғылыми еңбектер жазылды. Фразеологизмдерді зерттеуші ғалымдардың аға буын өкілдері С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, орта буын өкілдері Р.Сәрсенбаев, Ә.Қайдаров, Х.Қожахметова, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлы, Ө.Айтбаев, С.Төлекова тағы басқалар. Түрік ғалымдары тарапынан фразеологизмдерді зерттеу аясы негізінен лексикография саласында жақсы дамыған. Бұл бағытта М.Аksakal, А.Н.Par, Ö.А. Aksoy, Е.К. Eyboğlu, Н. Yüzbaşıoğlu ve Н.Ünlü сияқты ғалымдардың еңбектерін айта кету жөн.

Фразеологизмдер тек сөз өнерінің ғана өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар барша рухани өміріміздің байлығын жан-жақты сипаттауда да ерекше қызмет атқарады. Фразеологизмдер табиғаты түрік тілдерінде 40 жыл бұрын басталған үдеріске байланысты қазақ тіл білімінде де біршама зерттелгені және оларда негізінен фразеологизмдердің жалпы мәселесімен жеке категориялары, көркем шығарма тіліндегі қолданысымен лексико-грамматикалық, мағыналық топтары, варианттылығы мен жасау жолдары мен тәсілдері тағы да басқа ерекшеліктері сөз болып келгені бізге белгілі.

Алайда қазақ фразеологизмдердің тың жатқан, арнайы зерттеуді қажет ететін үлкен бір арнасы – соматикалық фразеологизмдер болып табылады.

Лексикологтардың айтуына қарағанда қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің 30% жуығы соматикалық атаулардан тұрады.

*Buğdayı avucu ile aldı* (бидайды алақанымен алды)

*Bir avuç pirinç* (бір алақан күріш)

*Gözden kaybolmak* (көрінбей кету)

*Gözden düşmek* (қадір-қасиетінің түсуі)

*Göze girmek* (көзіне түсу, көріну)

*Elden çıkarmak* (қолдан шығару)

*Alın teri* (маңдай тері)

Түрік тілінде көбінесе біздің қазақ тіліндегі қол соматизмімен мағыналас *el* сөзі жиі қолданылады.

Қазақ тілінде аузына қақпақ болу – еркін сөйлетпеу, тыйым салу деген екі фразеологизмдер бір мағынаға ие. Ал түрік тілінде берілген фразеологизмдер - дін мағынасына жақын мынадай тұрақты тіркестерді мысал етіп келтіруге болады. *Ağız açtırmamak* деген тұрақты тіркесті алар болсақ (*ауыз аштырмау*) мағынасында қолданылады.

Қазақ тілінде *аяғын жерге тигізбеу* (көкке көтеру, мақтану, құрметтеу) деген тұрақты сөз тіркесі түрік тілінде *ayakları yer değtirmek* (қуанышында шек болмау). Мұнда, тұлғалық жағынан ерекшелігі, түрік тілінде соматикалық атау көпше түрінде және «тию» етістігі етіс формасы арқылы жасалып тұр. Ал мағыналық жағынан, қазақ тілінде бір адамды басқа адамдар мақтап немесе қолдан қолға ауыстыру іс-әрекетін көрсетіп жатса, түрік тіліндегі бұл тұрақты тіркес бір адамның ішкі сезімін бейнелеп тұр.

*Başı göğe değtirmek* (басы көкке тию)

*Başına devlet küşü konmak* (басына дәулет құсы қону)

*Baş kaldırmak* (басын көтеру)

Ана тілімізден және түрік тілінде бірдей дене мүше атауы арқылы жасалатын, құрылымы жағынан да ұқсайтын және синоним де болып келетін фразеологизмдердер бірталай.

Фразеологизмдер – тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі. Өзінің көлемі жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стиль жағынан да оларға тән ерекшелігі бар.

Тілімізде көкейге қонымды көркем, орамды, алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Фразеологизмдерді мақал-мәтелдермен барабар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Г. Смағұлова: «Тұрақты тіркестер қазақ лексикасының ең өнімді қабатын құрайды. Осындай ұлан-ғайыр тілдік қордың ішінде кездесетін фразеологиялық факторлар табиғи тіл дамуының ажырамас көрсеткіші болуы керек. Жалпы фразеологизмдердің пайда болуы, жасалуы туралы сөз қозғалғанда осындай образдылықтың адамның жан-дүниесіне әсері, одан шығатын эмоциялық қорытынды үнемі тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктерін айқындайтын талаптар екенін ескерсек, онда синоним фразеологизмдердің қатарларының өсуі мен кемуінің себептерін те іздеген жөн», – деп жазады [5, 93].

Фразеологизмдерді жалпы мағынасына қарай: 1) Адамды сипаттайтын фразеологизмдер; 2) Алғыс және қарғыс мәнді фразеологизмдер; 3) Қоғамдық-әлеуметтік факторға байланысты туындаған фразеологизмдер; 4) Діни наным-сенімге, салт-дәстүрге байланысты туындаған фразеологизмдер; 5) Өлшемдік ұғымдарды білдіретін фразеологизмдер; 6) Табиғат құбылыстарына байланысты фразеологизмдер деп бөле отырып, кейбір фра-

зеологизмдер мағынасы жағынан бірнеше топқа қатысты болатындықтан, оларды мұндай тақырыптық топтарға бөлудің шартты екендігін ескертеді. Дегенмен де белгілі бір топтағы сөздердің мағыналық жағынан іргелес екенін де жоққа шығаруға болмайды.

Қазақша-түрікше ең жақын тұрақты сөз тіркестері:

**Ayağını yorganına göre uzatmak:** *Gelirini giderine uydurmak, harcamalarında geliri aşmamak.* "Ayağını yorganına göre uzatmazsan ileride aç kalırsın." (Көрпеңе қарай көсіл). Адамның жағдайына байланысты сөз тіркесі. Түрікшеде берілген мағынасымен бір мағынаға келеді.

**Hem suçlu, hem güçlü** (Әрі кінәлі, әрі күшті). Өзінің кінәсін білмей қарсы шыққан адамдарға айтылады.

**Bağrına taş basmak** (Бауырыма тас бастым). Қамқорлығына алған адамның көрсеткен қиындықтары туралы айтылады.

**Kafası kazan (gibi) olmak, (veya kafası şişmek).** (Басы қазандай болу). Көп жұмыстан басы ауырып кету.

**Saçına ak düşmek** (Шашына ақ түсу). Қиындықты көп көрген адам үшін айтылады.

Ал, енді жеке-жеке қазақ және түрік тілдеріндегі адамның дене мүшелеріне байланысты туындаған соматикалық атауларға келейік.

**Алақан** 1 қолдың саусақ пен білезік аралығының ішкі жақ аясы. Екі алақаны ысып кетті. 2 Қамшының сабына орнатылған өрменің түбін бекіткен жердегі жалпақтау келген қайыс. Қамшының алақаны. 3 (биол.) Жапырақтың жалпақ жері. Жапырақ сабақ пен алақаннан тұрады. 4 **Ауыс**. Бет-қол сүртетін орамалдың екі жақ ұшына таяу жері. Шым кесте тұскиіз, сандық ап, қызыл мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттар тігіледі (С. Қасиманов, Қаз.Қол-өнері).

**Авиц** – 1 Elin iç tarafı. 2 Elin yarı yumulmuş durumu: *Buğdayı avucu ile aldı.* 3 Yarı yumulmuş elin alacağı miktar: *Bir avuç pirinç.*

Қорыта келгенде, адамның түрлі ситуацияларға байланысты туындап отыратын көңіл-күйі тілдегі фразеологиядан да өз көрінісін табады.

Адамдар өздеріне тән қимыл-әрекетін, ішкі психологиялық жай-күйін, бойындағы бар қасиетін айнала қоршаған ортаға, түрлі құбылыстарға ұқсастырып, салыстыра сөйлеуді әдет еткен. Мысалы, сөзге шебер, шешен кісі туралы «тілге жүйрік», «тілі майда», «тілі мен жағына сүйенген» тағы басқа тұрақты тіркестер, соматикалық атаулар арқылы жеткізген. Адамның дене мүшелері мен азалары дегеніміз не және олар қалай сипатталады деген сұраққа былай жауап беріп көрдік. «Дене мүшелері» мен «ағзалар» өзара мағыналас сөздер болып тұрса да, біз мүшені шартты түрде дененің көзге көрінетін сыртқы бөлшектері деп, ал ағзаны көзге көрінбейтін ішкі бөлшектері деп жіктедік.

Фразеология өз алдына бөлек лингвистикалық пән ретінде еліміздегі фразеологизмдерді құрылысына, мағыналық ерекшелігіне қарай жіктеп топтастырады және жасалу жолдарын, даму заңдылықтарын зерттейді. Тұрақты сөз тіркестерінің мәселелері қазіргі таңда тіл ғылымында өзекті проблемалардың бірі есебінде зерттеліп жүр. Өйткені фразеология - тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы. Сонымен қатар ол бір тілден екінші бір тілге аудару техникасын жетілдіреді, социалистік дәуірде жаңа фразеологизмдердің қалыптасуы мен баю жолын аңғартады. Лингвистикалық пәндер сөйлемді дұрыс құрып, қалай жазуды, тыныс белгілерін қоюды оқытып үйретеді. Ал тілдік тәсілдерді өткір, нақтылы, дәл және мәнерлі қолдану, жалпы тіл мәдениетін арттыру сияқты мәселелер стилистиканың үлесіне тиеді. Стилистика үшін фразеологизмдердің мәнерлеу тәсілі ретінде маңызы зор. Сондықтан стилистика тұрақты сөз тіркестерінің тіліміздегі атқаратын қызметіне, оның қолдану заңдылықтарына баса көңіл бөледі.

\*\*\*

1. Уызбаева Б.К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты. Филол.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайындалған дисс. автореф. -Алматы, 1994
2. Болғанбаев Ә, Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикалогиясы мен фразеологиясы. -Алматы: Санат, 1997 ж.
3. Ahmet Doğan. Deyimler sözlüğü. -Ankara, 1996.- 430 s.
4. “Atasözleri ve deyimleri sözlüğü” İstanbul, 2004.-488 s.
5. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары// Тіл тарихы және сөз табиғаты. - Алматы: Ғылым, 1997.

\*\*\*

В настоящей статье рассматрены фразеологизмы турецкого и казахского языков. Так же рассматриваются семантические фразеологизмы, связанные с органами человека.

\*\*\*

This article is devoted to the phraseological units in Turkish and Kazakh languages. And also the semantic phraseological units, connected with the human organs.

**К.Х.Таджикова, И.В. Давыдова**

## ИДЕЯ БОГА В ИСЛАМЕ, СУФИЗМЕ И ФИЛОСОФИИ

Идея бога, как важнейший элемент религиозного сознания, является своеобразным отражением общественного бытия людей. Человек, осознавая свое несовершенство и необеспеченность своего существования в мире, ища высшей для себя опоры, приходит к идее Всесовершенного

Существа, к идее, цель которой познать это Существо [1]. В исламской цивилизации идея бога наполнена разнопорядковым содержанием и рассматривается неодинаково. Официальный ислам, суфийское учение и арабо-мусульманская философия по-разному подходят к этой проблеме, сохраняя при этом некоторые общие черты, потому как находятся в едином русле монотеизма (ат-таухид), и связаны одной целью богопознания. Божественная идея в исламе решена в духе строжайшего монотеизма и представлена как единое, универсальное, вездесущее существо.

Согласно космологическим представлениям богословов суннитского ислама, бог существует от вечности, а природа и ее явления возникли лишь впоследствии как результат творческой деятельности божества. Созданный божественной силой материальный мир вполне реален, он существовал еще до появления первых людей. Картина мира дополнялась представлением о хаотическом скоплении явлений и предметов, не имеющих между собой никакой связи. Он властвует над созданным им миром и опекает свои творения. Ему все подчинено и повинует, ничего не происходит без его воли и его знания об этом. Он – Вседержитель миров, единственный достойный поклонения.

Мусульманская спекулятивная теология проблему таухида решает в плане объяснения соотношения творца и его творения. Действительно, ислам предполагает веру в реальную возможность человека установить, непосредственно или косвенным образом, «личный контакт», «связь», «отношение» с Аллахом, просить помощи для себя и близких, наказания для других. Ислам не только связывает человека с Аллахом, но также утанавливает, объясняет и регулирует «отношения» между ними на постоянной основе. Контакт бога-творца со своим творением-человеком осуществляется уже самим актом его творения и в этом усматривается некая близость творца со своим творением. Но бог, будучи предельно трансцендентным мог имманентно присутствовать в своем творении через веру человека в бога, его почитание, в загробное воздаяние. Человек, осознавая величие и могущество Аллаха должен полностью подчиниться ему и верить в божественное предопределение, где он неспособен повлиять на свою судьбу. Терпение и покорность – вот величайшие добродетели. Покорного и терпеливого ждет небесная награда, тогда как строптивым и непокорным уготована адская бездна [2, 148]. Даже желание в чем-либо изменить судьбу, по исламу, греховно и кощунственно. Человек не может ни изменить, ни предотвратить что-либо, так как его судьба и поведение уже предопределены Аллахом. Таким образом, с идеей бога в официальном исламе связано представление о диаметральных, но в то же время тесно связанных друг с другом, противоположностях: бога и человека. Человек как существо «сотворенное», заведомо слабое, греховное, смерт-

ное предполагает наличие вечного, сильного и святого, чем и объясняется разрыв между бесконечным богом и конечным продуктом его сотворения - человеком. Человек резко выделен из остального животного мира и рассматривался Кораном как пересечение двух абсолютно несовместимых начал – плоти, представляющей собой частичку материального мира, и души, лишенной каких-либо физических свойств и потому никогда не умирающей. Находясь в телесной оболочке как в темнице, душа непрерывно стремится освободиться и вернуться к своему творцу [3, 56-57]. Возвращение к творцу осуществляется через веру в него, единого бога, и полное ему подчинение. Именно посредством веры устанавливаются и регулируются отношения между человеком и богом через диалогическое общение.

В суннитском исламе бог наделен многочисленными атрибутами. И именно поэтому для исламского монотеизма сущность бога может быть обозначена через его атрибуты, а последние как полагают многие исследователи являясь качествами, принадлежащими людям, в конечном счете ими же были перенесены в разряд божественных. Например: “Он - первый и последний, явный и тайный, и Он о всякой вещи знающ” (57, 3); “Он - Аллах... знающий скрытое и созерцаемое... царь, святой, мирный, верный, охранитель, великий, могучий, превознесенный... творец, создатель, образователь. У Него самые прекрасные имена” (59, 22-24). По хадису от Абу Хурайры у Аллаха существует 99 доступных человеку имен. Он «живой и сущий» (2, 256), «великий, мудрый» (2, 123), «милостивый и милосердный» (1, 2), он «слышащий, знающий» (2, 121), «прощающий» (2, 188), «кроткий» (3, 149), он «прекрасный, доверенный, обладатель великой милости» (3, 167, 168) и в то же время «обладатель мщениия» (3, 3). Тем самым, Аллах обладает психическими свойствами, характерными для человека. Однако, исходя из Корана, он и еще имеет форму материализованной сущности, обладая зрением, слухом, осязанием и словом: Он “слышащий, видящий” (22, 60; 31, 27), “всезнающий, всевидящий” (17, 1); Ему достаточно сказать слово “будь!” — и оно получает бытие (2, 111; 6, 72); Он создает “своими руками” (36, 83); Он может “схватить за хохол” (55, 41; 96, 15). Эти примеры подтверждают «справедливость утверждения, что Аллаху приданы свойства самого человека, возведенные в превосходную степень» [4]. Таким образом, формирование идей Аллаха отразило представления о самых лучших человеческих качествах, которые обычно присоединялись божествам. Аллах был наделен высочайшими свойствами мудрости, знания, милостивости, заботливости, справедливости, то есть такими свойствами, которые можно считать наилучшим средством познания божественной сущности.

Суфии же, в отличие от суннитов, признававших за Аллахом ограни-



ченое число имен (99), считают, что Бог обладает бесчисленным количеством имен. Эти имена они используют в зикрах, рассматривая их как свод идеальных качеств божества и идеалов-ориентиров к совершенству. Совершенство осмысливается как «слияние» с божественной сущностью, где человек является носителем божественных атрибутов. Эти идеи последовательно изложены в концепции Ибн Араби «Вахдат аль-вуджуд», согласно которой «бог предстает как некое совершенное начало, как единственная сущностная реальность, как всеобъемлющий и самодавлеющий абсолют, в котором заключены все существующие реальности» [5, 131]. По мнению Ибн Араби, человек самым адекватным образом совмещает в себе атрибуты божественного совершенства, так как Бог по суфийской концепции создал человека по образу и подобию своему, сделал его духом вселенной и подчинил ему все в силу совершенства своего образа: «...все имена [Бога], находящиеся в Божественных формах, проявились в человеческом существе...» Значимость человека для бога очень важна, так как если бы не было человека, то бог не смог бы познать себя. Ведь каждый человек, наделенный элементами божественной природы и вынужденный жить в земном мире, – это духовное зеркало, в котором отражается Бог. «Он описал нам себя через нас: видя Его, мы видим себя, и, видя Себя, Он видит нас» [6, 92].

Однако, в силу того, что человек находится далеко от своего божественного источника, то его атрибуты божественного совершенства находятся в состоянии потенциальной возможности. Их раскрытие предполагает путь суфийского тариката. Суфий ведет аскетический образ жизни для самосовершенствования и «добровольного растворения в Боге и самоуничтожения в Божественной тайне» [7, 170] через любовь к Нему: «Он [Бог] любит их, и они любят Его» (5,59/54). Для суфия «любовь» – самая высшая категория добродетели, под ней подразумевается Абсолют и инструмент «познания» Абсолюта. Тема любви раскрывается символическим языком суфийской поэзии, где через образ женщины суфии описывали свое стремление к Божественному Возлюбленному, а сами считали себя страстно влюбленными, слияние же с богом представляли через эротическую любовь. Использование женского образа обосновывается тем, что никакой другой образ не может «свидетельствовать бога» так, как свидетельствует его женщина. И, хотя, она и создана богом из части мужчины по его подобию, но атрибут любви, истекаемый от бога, в большей степени связан с образом женщины. Отношения мужчины и женщины по мнению Ибн Араби – позитивная «сообразность» (мунасаба), которая сравнивается с «величайшей сообразностью» бога и созданной им формы, которая в виде «парности» сопровождает существование мужчины и женщины. Так через любовь мужчины к женщине Ибн Араби представ-

ляет божественную любовь к своему творению, а принципы нравственного самосовершенствования – основой приобщения человека к божественной сущности, что подтверждает глубокий смысл его концепции «единства бытия», когда трансцендентное становится имманентным благодаря высшему единству творца и творения, когда личная судьба и судьба мироздания совпадают, когда сливается грань между творящим и сотворенным, что приводит к идее сопричастности творения своему творцу [5, 131].

В отличие от традиционного ислама, с присущим ему фатализмом, который отводит человеку пассивную роль и делает его зависимым целиком и полностью от воли Аллаха, где малейшее нарушение религиозных предписаний может привести к жестокой каре, то принципы совершенствования в суфизме признавали свободу воли человека, наличие у него собственных намерений и возможностей. Однако с оговоркой на то, что человек обладает свободой воли для сознательного выбора между добром и злом с тем, чтобы обрести совершенство, ведь только совершенный человек (ал-инсан ал-камиль) может познать Истину. Достижение духовной степени «совершенного человека» – долгий путь исканий мистика-суфия, который стремится преодолеть раздвоенность духовного и материального, божественного и мирского через покаяние, благочестие, аскетизм, бедность, терпение, упование на бога, довольствие малым. В конце пути – мистическое единение с богом, или «высшее состояние», когда суфию кажется, что он слился с богом и сам стал таковым.

Однако не все суфии манифестировали о своем слиянии с богом, и некоторые из них отвергали идею о том, что в каждой сущности заключено божественное проявление. В частности, Ас-Симнани считал, что бог и сотворенное им материальное бытие имеют реальное и самостоятельное существование. И поэтому, человек, занимающийся духовной практикой, стремится не слиянию с Богом (как это у Ибн Араби), а к встрече с ним, ощущению его близости. При этом человек не растворяется в Боге, приобретая его атрибуты, а ощущает только его присутствие, свидетельствует о его единстве (концепция «вахдат аш-шухуд»). Ас-Симнани допускает единственную возможность общности человеческой природы и бога, как качество «внутренней чистоты» (сафа'), дарованной человеку богом. И цель человечества в целом, а не только «совершенного человека», используя это качество, стать зеркалом, отражающим абсолютное Бытие (ал-вуджуд ал-мутлак) [8, 50]. Эта доктрина не противоречила основным принципам и постулатам официального ислама, а придавала духовность многим его правовым положениям, в то же время, отвечая принципам тасаввуфа. Совершенно под другим углом зрения рассматривается идея бога в рациональной философии, или иначе ал-фалсафе,

которая основывается на античных моделях философствования Платона и Аристотеля. В познании божества она опирается на разум, рациональные доказательства необходимости его существования, а не на авторитет религиозной традиции в официальном исламе и на мистическое прозрение суфиев. Для философов Аллах – высшее и необходимое совершенство, высший Разум и высшая Любовь, являющийся предметом изучения метафизики или «божественной науки».

У аль-Фараби мы находим, что «Бог – это Начало, прежде которого не может быть начала. Это сущность, которая абсолютно не может черпать свое бытие из чего-либо. Это Единый, он же Первый, он же самый древний, абсолютно единственный. Все существующие предметы следуют за Ним в бытии. Он - Первый Сущий, который сообщает каждому, помимо себя, бытие» [9, 174]. В его философии, исходящей из теологического представления о боге как творце мира, бог предстает как Первопричина, и эта первая причина выступает как общий принцип всего сущего. Однако, необходимо отметить, что в интерпретации аль-Фараби само решение проблемы бога явно противоречит официальному исламу. По аль-Фараби, бог есть совершенство и некая самодостаточность, не нуждающаяся ни в чем другом, вне своей сущности.

Проблема бога и отношения к нему человека выступает в учении аль-Фараби как реальная проблема отношения общего и единичного, общества и личности, «сущностных сил» и способностей человека к нему самому, ибо бог есть совокупность этих сил и способностей, оторванных от человека и противопоставленных ему как «всемогущество», «мудрость», «разум» и «знание». При этом «знание», присущее человеку и его познавательные способности связываются не с познанием бога, а с проблемой познания основ бытия как такового и законов их развития.

Бог является необходимым бытием самим по себе. Множество богов отвергается, потому что бог един по своей природе. Его единство является следствием его сущности [3, 67]. Как и Аристотель, аль-Фараби признает монотеизм, и его представление о божестве как о перводвигателе не создает особого противоречия с кораническими постулатами о боге.

Таким образом, проблема бога в исламской цивилизации рассматривается в своем историческом и культурном аспекте с разных точек зрения, сохраняя при этом общее для них учение о таухиде: официальный ислам в рамках таухида ставит во главу угла учение об Аллахе на основе догмата о единственности и единстве бога, познание которого строится на вере в его единосущность в рамках проблемы соотношения творца и его творений; в суфизме проблема идеи бога рассматривается с позиций двух основных концепций вахдат аль-вуджуд и вахдат аш-шухуд, где реализация таухида происходит при достижении человеком совершенства; рациональная же

философия, познает бога с помощью разума и рациональных доказательств, при этом таухид для философов означает предельное единство сущего, трансцендентное миру и в то же время тождественное ему вневременных и внепространственных ограничений.

\*\*\*

1. Философский словарь. Статья Идея Бога.  
[http://mirslivarej.com/content\\_fil/ideja-boga-4799.html](http://mirslivarej.com/content_fil/ideja-boga-4799.html).
2. Саидбаев Т.С. Ислам и общество. -М, 1978.
3. Иванов А.С. Учение Аль-Фараби О познавательных способностях.. -Алма-Ата, 1977.
4. Петраш Ю.Г. Бог в исламе. <http://www.proza.ru/2001/09/14-145>.
5. Таджикова К.Х. Ибн Араби: концепция «единства бытия» как фактор нравственного миропорядка// Материалы международной конференции: Аида Иманкулиева – 70. Восток-Запад: общие духовные ценности, научно-культурные связи. -Баку, 2009.
6. Степаняц М.Т. Философские аспекты суфизма. -М.: «Наука», 1987.
7. Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм. -М- Спб: «Диля». 2004.
8. Ислам: Энциклопедический словарь. - М.: Наука. 1991.
9. Аль-Фараби, Философские трактаты. -Алма-Ата, Наука. 1970

\*\*\*

Мақалада суниттік исламдағы, сопылықтағы және рационалдық философиядағы мәселелерге салыстырмалы талдау жасау арқылы исламдық өркениеттегі құдайдың идеясы қарастырылады.

\*\*\*

The paper investigates the idea of god in Islamic civilization through the comparative research in Official Islam, Sufism and Sustainable Philosophy.

## Т. Хадалхан

### ТӘҢІРШІЛДІК ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР

Тәңіршілдік - дәстүрлі түркілік дүние танымның бастауындағы діни наным-сенім. Тәңіршілдік сенімнің Ұлы Тәңірісі жаратушысы – берік қандастық жүйеге негізделген. Ұлы Тәңірдің елі де, қағаны да, жері де киелі әрі қуатты деп танылған. Тәңіршілдік ұлттық психологияны, әлеуметтік қарым-қатынасты, қоғамдық құбылысты, сана-сезімді, яғни ұлттық ділдік сипатын анықтайтын танымдық өлшем [3]. Алдымен тәңіршілдік сөзінің шығу тарихына көз жүгіртсек Қытай жазбаларында түркілер көк тәңіріге сиынады «тянь» (аспан немесе аспан әлемі) деп келтірген, иероглиф жазуында 天 – айтылуы «тянь». Тәңіршілдік символына ұқсас келеді [4]. Сондай-ақ VIII ғасырға тән түркі билеушілері Күлтегін, Білге қаған

жауларында «тәңірі» сөзі кездеседі. Белгілі тарихшы-жазушы Мурад Аджи өзінің «Түркілер және әлем: қазыналық тарих» кітабында түркілер мәңгілік көк аспанды құдайлары ретінде табынады – деп нақтылай түседі [2]. Сонымен қатар белгілі дін танушы-ғалым Л.С.Васильев «Шығыс діндер тарихы» еңбегінде, Чжоу заманынан бастап Көк тәңірі жоғарғы құдірет иесінің негізгі қызметі барлық қытай құдайларын басқарушы және бақылаушы қызметін атқарды. Бұл құдайдың құзырына тексакрал-теистикалық әрекеттер ғана емес, адамгершілік-этикалық саланы да қамтыды. Көк тәңірі рақымшылық сый беретін және әдепсіздерді жазалайды деп саналды. Қытай императорларының ерекшеліктері жайлы ағылшындық философ Дж. Томсон дәлелдей түседі «...Чжоу билік еткен династия заманында патшаның классикалық тұжырымдамасы жасалды «тәңірі ұлы»; екі мыңнан артық жылдар бойы үздіксіз, өзгеріссіз келе жатқан жүйеге лайықталып жасалды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес патша лайықты басшылықпен қатар барлық материалдық қамсыздандыруды басқаруға жауапты болды» [5].

Біздің заманымыздың Х ғасырдың басында қазіргі Иран мен Ирак жерінде билік құрған Аббас халифатының елшісі Ибн Фадлан Оғыздар еліне жасаған сапарында «түркілердің қиын-қыстау кезде, болмаса бір істі бастар алдында **Бір Тәңірі** деп, қолдарын жайып, бастарын көкке қаратып мінәжәт етеді деп жазған» [2].

Тәңіршілдік сенім көшпелі түркі дүниесімен қатар, көшпелі маңғол жұртының, бір қатар қытай патшалықтарының да дәстүрлі наным-сенімі болды. Орта Азия мен Евразия құрлығында, Шыңғыс хан өзі бастап берген жаугершілік пен күшпен басып алған жерлердің дені түркілер мекені еді. Ұлы қағанның өлімінен соң төрт ұлының құрметіне төрт ұлысқа бөлінген шыңғыс хан империясының негізгі бөлігін құрайтын түркілік бөлігіне қарасақ, ортақ наным-сенім болуы заңды да еді. Шыңғыс хан империясының төртінші ханы, Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөртеден туған кенже ұлы Төленің үлкен ұлы Мөңке, әкесінің үлкен ағасы Алтын Орла хандығының негізін қалаушы Жошы, оның ұлы Батумен бірлесіп ата жолын қуып, моңғол елінің ары қарай өрлеуіне көп күш салғанын білеміз. Мөңке хан билік құрған 1251-1259 ж. аралығында жаулап алған елдер мен қарымағындағы қалалар тұрғындарының тұрақтылығы мен әлеуметтік-экономикалық, рухани құндылықтарына көп көңіл бөлген. Бірде әр түрлі діндер өкілдерін пікірталасқа шақырған Мөңке хан «...Біз тек қана Бір тәңірге құлшылық етеміз»-деген ұстанымын орта Азияда саяхатшылық жасаған еуропалық саяхатшылар Марко Поло, Плано Карпини, Рубрук мәлімдеген [5].

Тәңірі ұғымы – біздің заманымыздан бұрынғы 3 мыңжылдықта негізі қаланып біздің заманымызға жеткен Шумер сына жазуларында, түркілер

арғы атасы болып келетін Ғұндар жазуларында «Зингир» түрінде кездеседі.

Ұлы Тәңірдің «Көк, Ұлы, Нұр, Асқақ, Биік, Шексіз» тағы басқа сипаттарының бәрі аспанды білдіреді. Және оны құдіретті күш иесі деп қабылдайды. Сипаты жағынан Тәңірі ешкімге, ешнәрсеге ұқсамайды.

**Тәңіршілдік** сенімінде соғыста жеңіс сыйлайтын да, билік иесіне билікті ұсынатын да, халықтың ниетіне қарай билеушіні таңдайтын да – Тәңірі [4].

Дәстүрлі түркілік дүниетаным бойынша күйзеліске түсу халықтың рухани азғындағаны үшін Тәңірдің оларға жіберген жазасы болып саналады. Тәңірі ұғымы тәңіршілдік әлемінде әр түрлі аталды, қазақтар-тәңірі, татарлар-Тәнгри, алтайлықтар-тенгри, тенгери, түріктер-танри, сахалар-тангара, құмықтар-тэнгири, балқар-қарашайлар-тейри, моңғолдар-тэнгер, чуваштар-тура деп аталды. Бірақ барлығының бір ұғымды жоғарғы күш иесі жаратушы құдайды-әкені білдіргенін білеміз. Тәңірі-барлық әлемнің жаратушысы, құдіретті күш иесі, басқарушы және бақылаушы ұғымында болды. Ол - адамның, халықтың, мемлекеттің тағдырын үлестіруші, жолға қоюшы. Ол күллі әлемнің билеушісі, ол өзі әлем! Оған барлық әлем бағынды, адамдар, жындар, аруақтар, періштелер. Тәңірі ұғымында әлем үш қабаттан құралған; аспан әлемі, жер және жер асты. Әрқайсысы тылсым күштер мен құпияларға толы болды. Көзге көрінетіндер және көрінбейтіндері болды [5].

Аспан әлемі сан қатпарлы болып келеді. Олар үш және тоғыз, кейде одан да көп шеңберлі болады, олардың ең жоғарғысы Ұлы күш иесі Тәңірі болды. Аспан әлемі құдайы адамдарға жарық сыйлаушы, қайрымды болды. Олар атқа мініп жүреді деген ұғым бар, сондықтан оларға құрбандыққа жылқы шалатын. Жақын көрінетін аспан әлемінің жарты шарында күн мен ай, жұлдыздар мен кемпірқосақ орналасқан. Орта әлем жер әлемінде құпия әлем ретінде аруақтар мен табиғаттың тылсым күш иелері; таулар мен асулардың, ормандар мен сулардың, бұлақ-бастаулар мен қайнарлардың иелері болды. Олар көзге көрінетін әлемді басқарып адамдармен етене жақын болды. Тылсым күш иелері табиғат пен адамдар арасын байланыстырушы мен қорғаушысы ролін атқарды. Жер мен судан нәр алатын аталар кәсібін жалғастырушы шаруалар өз нәпақасын тауып жесе, оған ісіне көмек беретінетін, ризашылық көрсететін жер асты және үстінде табиғат иелері болған. Табиғат киесі табиғатқа сүйіспеншілікпен қарамаған, оны аялай білмегендерді жазалайтын болған. Адамдар мен табиғат иелерінің ортасында атадан балаға жалғасқан серіктестік қарым-қатынастар орнаған [5].

Осыған сәйкес орман-тау, жер-су иелеріне арнап түркілер құрбандық шалып отырған. Олардың ризашылығы мен мейірімінің арқасында та-

биғаттан нәр алып отырмыз деп есептеген. Түркілер түсінігінде орта әлемде тірі және өлі дүниелер болды. Адамдар үшін бұл әлем танымдық түсінік қалыптастыруға, әсіресе қайда туып қайда тұрғанын түсіну үшін қол жетімді әлем болды.

Төменгі әлем, яғни жер асты дүниесі көрінбейтін, Ерлік деген атпен белгілі теріс ниетті қара түнек күштермен толыққан. Төменгі әлем де сан түрлі қабаттардан тұрды, адамдар ортасында тұрағы болды, бірақ орта әлемде болу уақыты біткен. Жер асты әлемінің ерекшелігі- иісі мен айна-дан теріс көрініс беруі, жер бетіндегі істен айырмашылықта болуы. Жер асты әлемінде өз шекаралары бар көрнекті құрлымдар болды, кез келген бытқыл мен саңылау жер астына кіру жолы деп танылды. Жер бетіндегі барлық тірі тіршілік иелері, топырақтағы, судағы тіршілік төменгі әлемге тиесілі болды. Адам денесінің төменгі бөлігі төменгі әлемге тартылыста болды. Дәстүрлі түркілік дүниетанымда әлем тек қабаттар мен шеңберлерден тұрмады, символдар жиынтығы ғана емес қаншама эмоционалды күштерге, құбылыстар, өзгерістер, тұрақты динамикалардан тұрды. Әлемнің негізгі функциясы - үздіксіз өмір, оның әрқашан жаңаруы, адам әлемнің бір бөлшегі ретінде солай болуына құлшыныста болған. Өмірдің үздіксіз жалғасуына тікелей және жанама түрде барлық салт-дәстүрлер, еңбек бөлінісіне сай мерекелер (уақыт, жыл ауысуы немесе жер серіктерінің орналасуы), мал шаруашылығымен тікелей байланыс, аталар аруағы мен табиғат тылсымына бағыныштылық әсер еткен [5].

Көне түркілер әлемді Тенгри хан, яғни жоғарғы құдірет иесі басқарады деп санаған. Одан басқа құдайлар Йер-суб, Ұмай, Ерлік, Жер, Су, От, Күн, Ай, Жұлдыздар, Ауа, Бұлт, Жел, Құйын, Найзағай, Жаңбыр, Кемпірқосақ. Тенгри хан кейде басқа да құдайлармен бірлесіп жер бетіндегі тіршілікті реттеді, ең әуелі ғұмыр жастарын өлшеп берді, адамзат баласының өмірге келуі Ұмай ананың ғұзырында болды, ал олардың өмірден озуы жер асты құдайы Ерліктің еншісіне берілді. Жер мен Тенгри әр бастаманың екі жағы секілді болды, олар бір-біріне қарама-қарсы емес, керісінше ортақ мақсатта болды. Адам дүниеге келген соң жерде өмір сүрді. Жер оның тұрмыс ортасы, өлген соң жер қойнына тапсырылды [2]. Жер адамдарға уақытша берілген мекен, тәңірі тартуы болды. Тәңірі жерге басқалардан айырмашылықта болуы үшін болашақ әйел «кут» «сюр» ананы жіберді. Тыныс алу «тын» баланың өмірге келуіне себепкер болып, шуақты жерде өмірінің ақыр соңына дейін болуына қамқор болды. Көне түркілер өлім жоқ деп сенді, тек бұл әлемдегі адам өмірінің біртіндеп айналуы немесе бетбұрысы деп санады: туу және өлім өз қалауымен болмайды, адамдар жерге босқа немесе уақытша келмеген. Өлімнен физикалық дене қорықпаған, оның заңды жалғасы басқа әлемде болады деп сенген. Адамның басқа өмірдегі жалғасы оның артында қалған туыстары мен жақындары жерлеу



рәсімін қалай өткізді немесе құрбандарын қалай шалды соған байланысты болған. Егер көрсетілген, белгіленген тәртіптер бойынша жасалса аруақ өз ұрпағын қорғап-қолдап жүреді деген сенім болған. Көне түркілер ортасында өмірдегі өнегелі істерімен, материалдық-рухани құндылығымен түркілер атын шығарған белгілі тұлғалар мен соғыс алаңында өлген батырлар аруағы үлкен құрметке ие болған. Түркілер жан азығымен қатар рухани азық та қажет деп білген [4].

Басты энергия алу көзі ата-баба аруағы болды. Қай жерде белгілі тұлға өмірден өтсе, ел қорғаған батыр ерлікпен қаза тапса сол өңірді аруақтары қорғап ұрпағына қамқор болады деп саналған. Оларға арнап тас ескерткіштер орнатып оның бетіне ұрпаққа ұлағат болсын деп даңқты, ұранды сөздер жазып қалдырған. Ескерткіш аруақтар мен адамдар кездесетін орын болған [4].

Құрбандар шалу, дұға оқу дәстүрі кейде кен көлемде өткізілді, сол кезде аруақтар уақытша оралып ұрпақтары жанына келеді, басқа уақытта көкте мекендейді деп білген. Көне тас ескерткіштер Алтайдан Дунайға дейінгі жерде көп кездесті, өкініштісі түркілер ортасын әлемдік басқа діндер келуіне байланысты бұзылып, қирап саны азайды [2].

Аруақтарға құрмет көрсету салты түркілер ортасында жеті атасын білуді, олардың жеткен жетістігі мен даңқымен мақтануға, тарих тағлымынан үлгі алуға әсері мол болды. Әрбір еркек бүгінгі әрекетін жеті ұрпағы бағалайды деп нық сенген және ұрпаққа үлгі болар іспен айналысты. Тәңіршілдік сенімі түркілерді ерлікке сай әрекер етуге, құндылықты бағалауға, батырлық жасауға ұмтылдырды. Өтірік айту пен сатқындық, уәдеде тұрмау, өзгеге қиянат жасау табиғатқа тіл тигізгенмен бірдей, яғни тәңіріге қарсы келгенмен тең саналды. Жауапкершілік ру-тайпаға бірдей жүктелетін болғандықтан, әрбір адам ұрпақ алдында күнәһар болудан сақтанып, бойын келеңсіз әрекеттен аулақ салуға тырысқан [2].

Хан әрекеті Көк тәңірі атынан жүргізілді, өйткені хан тәңірінің ұлы саналды, хан сайланған күннен бастап елдің бас діндары қызметін атқарды. Ханның негізгі қызметі тек елді материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар ұлы түркінің ұлттық құндылығын нығайту болып табылды.

Тәңірі хандарды келеңсіз әрекеттері үшін өліммен, тұтқындықпен, басқа да азаптармен жазалады, бұл жазалар кейде барлық тайпаға да қолданылды. Тәңірі құзырында жақсылық та жамандықта болды, кейде сол сәтте қолданылса, кейде адам өмірінің алпыс жылы ішінде қолданылды. Адам өлімінен соң Тәңірінің адамға деген билігі тоқтатылды. Тәңіріге табынушылық шарттары барынша қатал болды, құлшылықтар мен жан тазарту дұғалары ұзаққа созылды [3]. Өмірдің қандай бір болмысында да Тәңіріге табынушылық болды, егер де басқа да аруақ пен құдайға сыйыну



